



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ



М. Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті


«Jastar jylуna» арналған
«ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ – 2019»
атты VI халықаралық студенттік
ғылыми-тәжірибелік конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ



МАТЕРИАЛЫ

VI международной студенческой
научно-практической конференции
«МОЛОДЕЖЬ И НАУКА-2019»,
посвященной «Jastar jylу»



Петропавл, 2019 ж.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**М. Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті**

**«Jastar jylyna» арналған
«ЖАСТАР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ – 2019»
атты VI халықаралық студенттік
ғылыми-тәжірибелік конференцияның**


М А Т Е Р И А Л Д А Р Ы

(12 сәуір)

М А Т Е Р И А Л Ы

**VI международной студенческой
научно-практической конференции
«МОЛОДЕЖЬ И НАУКА-2019»,
посвященной «Jastar jyly»**

(12 апреля)



Петропавл, 2019 ж.

УДК 378 (063)
ББК 74.58
М 75

*Издается по решению Научно-технического совета
Северо-Казахстанского государственного университета
им. М. Козыбаева (протокол №8 от 24.04.2019 г.)*

Редакция алқасы / Редакционная коллегия:

Омирбаев С.М., ректор СКГУ им. М.Козыбаева - председатель.
Ибраева А.Г., проректор по науке и инновациям - заместитель председателя.
Сабиева Е.В., к.ф.н., доцент, директор Института языка и литературы.
Иманов А.К., к.п.н, доцент, декан педагогического факультета.
Пашков С.В., к.г.н., доцент, декан факультета математики и естественных наук.
Валиева М.М., к.э.н., доцент, декан факультета истории, экономики и права.
Шаяхметова А.С., к.с/х.н., доцент, декан агротехнологического факультета.
Курмашев И.Г., к.т.н., доцент, декан факультета инженерии и цифровых технологий.
Добровольская Л.В., к.п.н., заместитель декана педагогического факультета по научной работе и менеджменту качества.
Гертнер Е.Г., м.п.н., заместитель директора Института языка и литературы по научной работе и менеджменту качества.
Мирошникова О.В., м.ю.н., заместитель декана факультета истории, экономики и права по научной работе и менеджменту качества.
Доскенова Б.Б., к.г.н., доцент, заместитель декана факультета математики и естественных наук по научной работе и менеджменту качества.
Савенкова И.В., к.с/х.н., доцент агротехнологического факультета по научной работе и менеджменту качества.
Хайруллин Б.М., к.т.н., заместитель декана факультета инженерии и цифровых технологий по научной работе и менеджменту качества.
Кадыров Ж.Т., к.ф.н., профессор, заведующий кафедрой «Казахский язык и литература».
Кошеков К.Т., д.т.н., профессор, заведующий кафедрой «Энергетика и радиоэлектроника».
Мисяченко С.В., к.ф.н., доцент, заведующая кафедрой «Русский язык и литература».
Шайкенова А.Ж., к.ф.н., доцент, заведующая кафедрой «Журналистика».

М 75 «Молодежь и наука - 2019»: Материалы VI международной студенческой научно-практической конференции «МОЛОДЕЖЬ И НАУКА-2019», посвященной «Jastar july»: в 4-х томах. - Т. 1. - Петропавловск: СКГУ им. М. Козыбаева, 2019. - 266 с.

ISBN 978-601-223-108-3

В сборнике опубликованы материалы докладов VI Международной студенческой научно-практической конференции «Молодежь и наука - 2019», посвященной «Jastar july».

В статьях отражены основные результаты исследований, приведен анализ аналогов литературы, раскрыты основные вопросы теоретического и практического характера, отмечены актуальность, элементы новизны и практической значимости.

Основные направления научных работ, представленных в 1-м томе: «Гуманитарные науки».

УДК 378 (063)
ББК 74.58

ISBN 978-601-223-109-0 т. 1
ISBN 978-601-223-108-3 общ.

© СКГУ им. М.Козыбаева, 2019

1 Секция. ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
Секция 1. ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ

УДК 81.255

ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА ПОЛИТКОРРЕКТНОЙ ЛЕКСИКИ

Абишева Ф.М.

(СКГУ им. М. Козыбаева)

Новое языковое явление, такое как политическая корректность, получило широкое распространение в Соединенных Штатах Америки в 60-х годах 20-го века. Политкорректность становится неотъемлемой частью как англоязычной, так и русскоязычной лингвистических культур.

Необходимо отметить, что перевод английского выражения «political correctness» в его исторически обусловленном значении на русский язык как «политическая корректность» неоднозначен и может ввести в заблуждение. Английское выражение подразумевает несоблюдение корректных форм ведения политических дискуссий, поэтому более удачным его эквивалентом в русском языке представляется известное выражение «политическая грамотность» [1]. Однако по причине того, что это название закрепилось за иным явлением общественного развития, оно практически не используется в этом значении.

Как предлагает С. Г. Тер-Минасова, более удачным переводом данного термина будет «языковой такт», поскольку то, что сегодня называется политической корректностью, относится в первую очередь к языку. Хотя это не только языковой феномен, под этим понимается «целый комплекс явлений политического и мировоззренческого характера: это точка зрения, способ мышления и образ мыслей; это позиция, определенный настрой, по сути, стиль жизни» [2, с. 264].

Словарь Merriam Webster Dictionary дает свое определение политической корректности: «... приверженность убеждению, что язык и действия, которые могут задеть чьи-либо чувства, должны быть исключены» [3, с.894].

Суть политической корректности сводится к попытке создания общества всеобщего равенства, независимо от цвета кожи, пола, возраста, состояния здоровья.

Важный этап на пути к такому обществу – реформа языка и исключение из употребления лексических средств, содержащих указание на пол, расу, возраст, состояние здоровья референта. Отсюда появление и закрепление в конце 80-х – начале 90-х годов в английском языке политически корректных единиц типа *person of color* вместо *black* или *colored*, *waitperson* вместо *waiter/waitress*.

На данный момент существуют различные классификации политически корректной лексики. Среди основных видов политически корректной лексики можно выделить следующие:

Слова и выражения, предотвращающие расовую и этническую дискриминацию. Этот вид дискриминации носит название *Racism* в английском языке. «В период с 80–90-х гг. прошлого века и по настоящее время этноним *black* более не считается корректным названием чернокожих американцев. Более корректным в настоящее время признается этноним *African-American*, потому что он подчеркивает связь черных американцев с родным континентом. Наряду с *African-American* используются и другие, не столь распространенные варианты, например, *member of the*

African Diaspora («член африканской диаспоры»), *person of black race* («человек черной расы»)» [4, с. 142].

Слова и выражения, которые предотвращают дискриминацию по половому признаку.

Популярность феминистического движения спровоцировала повышенное внимание к повседневной речи. Движение обвинило английский язык в сексизме. С английского *sexism* – дискриминация по половому признаку. Наличие в английском языке большего количества форм мужского рода стало темой многих дискуссий и споров.

В первую очередь, самые ярые защитники женских прав стали вести войну со словами, содержащие компоненты (-man). Наряду с *policeman, businessman* стали употреблять *policewoman* или *businesswoman*. Со временем начались активные поиски нейтральных выражений:

cameraman – *cameraperson, cameraoperator*;

businessman – *businessperson*;

fireman – *fire fighter*;

policeman – *police officer*.

Слова и выражения, которые предотвращают возрастную дискриминацию.

Возрастная дискриминация называется *Ageism*. Использование политически корректных единиц чаще всего касается уважения людей преклонного возраста. Так как слово «old» вызывает не самые приятные ассоциации, было решено использовать такие выражения как: *golden-ager, mature, middlescence, senior, thirdage*.

Слова и выражения, которые указывают на физические или умственные недостатки.

В английском языке политкорректные высказывания этой группы образуются с помощью приставки *challenged*. Использование данной приставки привело к созданию таких выражений как:

physicallychallenged – *thehandicapped*;

folically challenged – *bald*;

optically challenged – *nearsighted, farsighted*.

Слова и выражения, которые обозначают формы дискриминации или предубеждений.

К таким выражениям можно отнести:

animallookism – негативное отношение к неприятно выглядящим животным;

appearanceism – притеснения из-за внешности;

beardism – притеснение лиц мужского пола из-за растительности на лице;

bodyism, heightism, shapeism, sizeism – притеснение из-за размеров тела,

diseaseism – нетерпимое отношение к больным людям.

Перевод политкорректных выражений осуществляется подбором русских эвфемизмов эквивалентных английским, поиском соответствий в словарях, применением переводческих трансформаций.

При переводе английской политкорректной лексики на русский язык могут возникнуть определенные сложности из-за различий структур английского и русского языков. Например, при переводе слова *waitperson* (официант любого пола, вместо *waiter* – официант или *waitress* – официантка при переводе на русский язык переводчик должен передать оттенок политкорректности, поскольку в русском языке нет слова полностью эквивалентного английскому *person*, который относился бы к обозначению как мужчины, так и женщины. Но, не смотря на это, многие политкорректные лексические единицы имеют переводческие соответствия, находящиеся в словарях.

Различные переводческие трансформации применяются в том случае, если политкорректные лексические единицы не имеют соответствия в русском языке. В качестве основных способов перевода политкорректной лексики можно выделить следующие:

Переводческие соответствия. Некоторые политкорректные слова имеют эквиваленты в русском языке. Например, выражение *AfricanAmerican* (вместо *black*) имеет в русском языке эквивалент «афроамериканец, афроамериканка».

Способ **калькирования** заключается в передаче безэквивалентной лексики иностранного языка при помощи замены ее составных частей их прямыми лексическими соответствиями в языке перевода, например *emotionallyunstablepeople* – эмоционально неустойчивые люди; *reproductivefreedom* – репродуктивная свобода; *genderstereotypes* – гендерные стереотипы.

Модуляцией или смысловым развитием называется замена слова или словосочетания языка оригинала единицей языка перевода, значение которой логически выводится из значения исходной единицы.

Наиболее часто значения соотнесенных слов в оригинале и переводе оказываются при этом связанными причинно-следственными отношениями [5, с. 178].

«I walked door to door to find out how many children with disabilities couldn't go to school and to help build the case for a law guaranteeing them access to education» [6]. «Я ходил по разным инстанциям, чтобы выяснить, сколько детей с ограниченными возможностями не смогли пойти в школу, для того чтобы помочь построить законодательство, гарантирующее им доступ к образованию».

Использование комбинированных способов перевода: часто – это совмещение транскрипции (с элементами транслитерации) и описательного перевода: *ableism* – аблеизм, притеснение лиц с физическими недостатками. Таким способом обычно переводят научные термины, связанные с политкорректностью, т.е. в тех случаях, когда необходимо перевести термин. Когда это слово встречается в тексте в первый раз, транскрибирование сопровождается пояснением, а далее по тексту даётся только сам переведённый термин, поскольку нет необходимости разьяснять его каждый раз [7, с. 131].

При передаче слов, образованных при помощи суффикса *-ron*, обычно даются соответствия женского и мужского рода: *actron* – актёр/актриса, *waitron* – официант/официантка.

При переводе политкорректной лексики, контекст может обуславливать использование таких переводческих трансформаций, как перестановки, добавления, опущения и замены лексических единиц. Например, «*personswithDownsyndrome*» – «лица, страдающие синдромом Дауна» – перестановка слов *Downsyndrome* – синдром Дауна, добавление «страдающие»; *full-figured(полный)* – опущение одного слова (*figured*).

Немаловажную роль играет перевод такого компонента, как «*person*». Данный компонент употребляется, чтобы избежать указания на половую принадлежность обозначаемого человека. В идеале перевод лексики с компонентом «*person*» тоже должен быть гендерно-нейтральным. Однако грамматическое строение русского языка существенно отличается от английского и в этом заключается сложность сохранения нейтральной коннотации. Так как в русском языке все существительные имеют категорию рода, придумать нейтральный вариант с точки зрения рода не представляется возможным. Некоторые лингвисты считают, что компонент «*person*» следует переводить словом «лицо», имеющим средний род: например, переводить *milkperson* как лицо, продающее молоко, *fisherperson* – лицо, ловящее рыбу. Но такой перевод представляется неестественным для русской речи. Скорее всего, чтобы при

переводе подчеркнуть политкорректность слова с компонентом «*person*», лучше употребить слово «человек», которое формально мужского рода, но и в то же время является «более нейтральным» чем гендерно-окрашенные «*мужчина*» или «*женщина*».

Также к особенностям перевода политкорректной лексики можно отнести то, что чаще всего транслитерация используется при переводе терминов, обозначающих различные формы дискриминаций:

ableism– *аблеизм*;

alphabetism– *алфавитизм*;

heterosexism– *гетеросексизм*.

Можно также отметить, что термины данной группы могут быть переведены описательным переводом:

animallookism/ feelism – *негативное отношение к неприятно выглядящим животным*;

appearanceism– *притеснения из-за внешности, не соответствующей общепринятому эталону*;

beardism – *притеснение лиц мужского пола из-за растительности на лице*;

hate speech– *язык ненависти, язык вражды, ксенофобские высказывания*.

Описательному переводу подвергаются некоторые слова, указывающие на материальное положение и социальный статус людей:

the disadvantaged– *попавшие в менее благоприятные обстоятельства*;

the low-income– *с низким уровнем дохода, малоимущие*;

the underprivileged – *обладающие меньшими привилегиями*.

Слова и выражения, которые указывают на физические или умственные недостатки также были переведены описательным переводом:

differently abled, physically different– *с иными возможностями, обладающие иными физическими возможностями*;

hair disadvantaged, follicularly challenged – *страдающий недостатком волос*.

Можно отметить, что при калькировании стилистические и коннотативные значения политкорректной лексики передаются наиболее полно.

Калькирование очень часто используют при переводе слов и выражений, которые предотвращают расовую или этническую дискриминацию

African American– *афроамериканец /афроамериканка*;

Latino– *латиноамериканец*;

Native Alaskan – *представитель коренного населения Аляски*.

Слова и выражения, которые предотвращают дискриминацию по половому признаку, также переводятся с помощью калькирования:

actron– *актер, актриса*;

businessperson– *деловой человек, коммерсант, предприниматель*;

cameraperson, camera operator– *телеоператор, кинооператор, фотограф*.

Таким образом, в данной статье был изучен термин «политическая корректность» и возникновение данного понятия. Также были рассмотрены особенности перевода политически корректной лексики, основные способы их перевода и какие трудности могут возникнуть при переводе такой лексики.

Литература:

1. Лобанова П. Л. Новый стиль речи и культура поколения. Политическая корректность. [Электронный ресурс]. http://www.portalslovo.ru/philology/37421.php?ELEMENT_ID=37421&%3BSHOWALL_2=1&SHOWALL_2=1.
2. Тер-Минасова С. Г. Язык и межкультурная коммуникация: учеб.пос. М.: Слово/Slovo, 2000. 264 с.
3. The Merriam-Webster Dictionary. Springfield, Massachusetts, U.S.A., 1997. 894 p.

4. Палкин А. Ю. Языковой аспект политкорректности.
5. Комиссаров В. Н. Теория перевода (лингвистические аспекты): учеб. для ин-тов и фак. иностр. яз. М.: Высш. шк., 1990.
6. Barack Obama – Address to the Nation on Syria [Электронный ресурс]. URL: <https://genius.com/Barack-obamaaddress-to-the-nation-on-syria-annotated>.
7. Пузаков А. В., Слугина А. Ю. Перевод англоязычной политкорректной лексики на русский язык: основные способы и трудности.

ӘӨЖ 81.01

І. ЖАНСҮГІРОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ СӨЗ-СИМВОЛДАР

Айқын Г.

(«Тұран-Астана» университеті)

«Символ Ахмет Байтұрсынов тарапынан бернелеу, Қажым Жұмалиев тарапынан психологиялық егіздеу түрінде әдебиетімізде ежелден келе жатқан көне ұғым екендігі айтылғанмен, ағым ретінде Аймауытов көрсеткендей, қазақтың өз ішінен шықпайды. Мағжан мен Берниязға орыс символизмі арқылы «аударылады» және ол, бірқатар автор тұжырымдайтындай, кеңес тұсындағы тұрпайы социологияға наразылықтан тумаған. Схемалық түрде Мағжан поэзиясы ағартушы реализм, сыншыл реализм, романтизм, символизм жаңа заман әуеніне көшу сатыларын өткерген», - деп пайымдайды Ш.Елеуенов [1, 55 б.].

Символ – таңба. Алғашқыда бұл сөз құпиялы, шартты мағынаға ие кез-келген заттық белгіні білдірген. Сонау көне дәуірдегі символ «жеке куәлік» ретінде қолданылған. Қазақстан энциклопедиясында символға: «Символ – белгілі бір нәрсені өз қалпынан өзге жанама сипатында алып көрсетуден туатын эстетикалық категория. Символданған образ көбінесе айқындықтан айырылып, бұлдыр түсінік береді, символ жалпы адам санасының даму тарихына сай өрбіген көне категорияның бірі. Алғашқы қиялдау, болжау, ертедегі түсініктер, наным-сенімдер – символдың шығуына әсер еткен құбылыстар» [2, 157 б.] - деген анықтама беріледі.

Символдың шығу тәркіні тереңде жатыр. Дегенмен, бүгінгі таңда символдың қалыптасу тарихы арыда жатса да, «символ» ұғымының ауқымы кеңіп, лингвистика, философия, семиотика, психология, әдебиеттану, мифопоэтика, фольклористика, мәдениеттану т.б. ғылым салаларының негізгі зерттеу нысаны болып отыр. Мұның өзі символдың табиғатын ашуда бір ғана ғылым саласының жетістігіне сүйенудің жеткіліксіздігін танытады. Яғни символдың қай қырынан қарасақ та, өзге ғылым тұжырымдарымен де санасуымыз керек.

Осыған байланысты символды тануда түрлі көзқарастар бар.

- символ – таңбаға тепе-тең ұғым;
- өмірді өнермен образды түрде игеруді білдіретін жан-жақты категория;
- мағынасы шартты, басқа нысан мағынасына ұқсас белгілі бір мәдени нысана;
- символ - өзінің алғашқы мазмұнын мазмұнға форма беруде қолданатын таңба ретінде кездесетін символды кең түрде түсіну [3].

Символдық ұғым кең мағына сында белгілі бір мазмұнды басқаша (таңбалық) формада бейнелеу деп түсініледі. Бұл орайда кодтау үрдісімен сәйкес. Ал тар мағынасындағы символ дегеніміз жалпыланған мәнді, дерексіз мазмұнды көрнекті модель, сезімдік бейне арқылы беру. Сөйтіп, ол негізінен, танымның «ішкі тектерін», яғни қырларын сипаттайды.

А.В.Луначарский: «Өнердегі символика – кең ұғым. Суретші толассыз сезімдер мен сансыз идеяларды бейнелі, сезімдік түрде бергенде, абстрактілі ойлау арқылы емес, сіздің елестетуіңізбен жүрегіңізді образға әсер ете суреттейді» [4, 335], -дейді.

Символ – поэтикалық образ жасаудағы ақындар пайдаланған тәжірибеден өткен өнімді тәсілдердің бірі. Символ поэтикалық суреттеу құралы. Символ – сөзді қолдану шеберлігінің бір қыры. Символды қолдану ақынның айтпақ ойын дөп басып, шығарманың бейнелілігін арттыру үшін қажет. Қазақ халқының ауыз әдебиетінде де символ жиі қолданылғандығы белгілі. Қазақ әндерінде жусан деген шөп символ ретінде жұмсалады.

Абай өлеңдерінде қыз бейнесі – *шолпы символы* арқылы берілген.

Абай:

Білектей арқасында өрген бұрым,

Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын.

Кәмшат бөрік, ақ тамақ қара қасты.

Сұлу қызды көріп пе ең мұндай түрін? -деген өлең жолдары «Абай жолы» эпопеясында қара сөзбен өрнектеледі: «Сылдырлаған шолпысы алдеқандай былдырлаған тілмен Тоғжанның келері мен кетерін паш етеді. Шолпы әуелі жиі сылдырлап, аздан соң баяулай басып, тағы біраздан соң анда-санда ғана бір ғана шылдыр ете түсіп ұзап барады. Абай өз жүрегінің аттай тулап соққан дүрсілін естіді. Шолпы үнін сол басып барады. Өзгеше ыстық қымбат шолпы ең соңғы рет бір шылдыр етті де, білінбей кетті. Түн тыныштығы ұрлап кеткендей, жұтып кетті. Шолпы- махаббаттың символы ретінде танылған.

Мағжанның «Шолпы» өлеңіне назар аударайық,

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...

Қанымды қайнаттың құрғыр

Шық-шық жүрекке тиеді,

Күлпара талқан боп сынғыр!

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...

Өзекті өртеді құрғыр

Әдейі іргеден жүреді

Сұлу қыз санадан солғыр.

Қазақ қызының бейнесін сомдауда, сүйген жүректердің сезім иірімдерін ажарлауда үш қаламгер – Абай, Мағжан, Мұхтар – шолпы сөзін қазық етіп, соның айналасында әркім өз қаһарманының образын жасайды. Сонда Абай мен М.Әуезов шолпыны қыз бейнесін танытатын, толықтыратын деталь ретінде алса, Мағжан образдың өзі ретінде қолданған. Десек те, осы үш автор да шолпыны – сұлулықтың, сымбаттылықтың символы ретінде қолданған, ол сұлулық тек сыртқы тән сұлулығы еместігін ерекше сезімталдықпен тап басып көрсетіп, сүйіспеншілік сезіммен астастырған. Жүрегін жаралаған алғашқы махаббатты Тоғжанның бұрымына тағылған шолпы, шолпының сылдырына дейін Абай өз ынтықтығын білдіреді. Жүрек дүрсілі шолпының сылдырымен үндеседі. Мағжан шолпы арқылы терең сүйіспеншілігін, өзекті өртердей махаббат сезімін суреттейді. Асау сезім тек шолпының сылдырына ғана бағынып, табына түседі. Демек, символ образ ретінде танылады, сондықтан оған образдылық сипат тән. Бірақ кез келген сөз әрі символ, әрі образ ретінде танылу үшін, ол осы екеуіне тән сипатқа ие болуы тиіс.

І.Жансүгіров шығармаларында символ көрініс тапқан. Дала поэмасындағы дала – бостандықтың символы.

Желмаяның желіндей

Желе жортқан жер шала.

Асанқайғы күйіндей

Келді дала дабыры

Ал поэзияда құсты, аңды суреттеп отырып, адамның мінезін меңзейтін аллегорияның түрлері тұспалдау үлгісінде жасалған. Гималай өлеңіндегі Гималай тауы да бостандықтың, бейбіт өмір символы болып табылады. Ақын бұрынғы ақындардағы дәстүрлі көріктеуіш құралдарды, қолдана отырып, соны, өзіндік тың айшықтар қолданады. Ол ақынның дербес суреткерлігін танытады. Ақын символды жиі қолданады. Ақын шығармашылығында от, су, ауа, жас сөздері символдық мәнде жұмсалып отырылған. Тұспал өлеңдерінде ақын әдеттегі сөздерге символдық мән артады. Мысалы, соқыр, түн, толқын, қан, базар, махаббат т.б.

Ақын қоршаған ортадағы әлеуметтік жағдайды поэзиясында ауыспалы мағына арқылы бейнелеп береді.

*Арылған жапан дала жауған удан
Жарқырап қыр қуантып, нұр күн туған
Қамқорым қайраттының білегімен,
Жын бұғау быт-быт болған қырды буган*

Деген өлең жолдарындағы у- зұлымдықтың символы болса, нұр – жақсылықтың символы. Ақын қазақ даласына келген жаңалықты, бостандық таңы нұр ретінде көрсетсе, у – ескі дүниенің сипаты ретінде алынған. У- қазақ поэзиясында символ ретінде жиі қолданылады. Мысалы,

*Мағжан шебер қолданған символдардың бірі – у.
Лағнет деп мені жек көрсең,
Өлейін, тез өлейін,
Келсін ібіліс, у берсін!
Түсірме қысым жаныма,
Тұншықтым ғой қаныма!*

*Сауытты оң жақ қолыңа ал!
Сауытта жұмақ суы бар
Әйтеуір азап тоқталады,
Не тамұқтың уы бар!»*

*Азамат! Анау қазақ қаным десең,
Жұмақтың суын апар, жаным десең.
Болмаса, ібіліс бол да у алып бар,
Тоқтатам тұншықтырып зарын десең!..*

У- қайғыға тұншыққан жанның дертіне дауа дей отырып, шарасыздық халді бейнелеген. «Орамал» өлеңіндегі у- сағыныштың символы.

*Қайғы шығып жүзіне
Қасірет батты жаныма,
У-ға толды жас жүрек.
Орамалды жарыма
Бітірем қашан кестелеп?
«Ескендірдің екі мүйізі» өлеңінде у- арбаушы. Өлеңнен мысал келтірер болсақ,
Қамыс басын шайқады,
Жел өндірді у жырын
Жырлады, құшты, улады
Біліп алды бар сырын
Тағы сене бастаймын
Күнде алдағыш қуларға.
Есім шығып қашпаймын,*

Мен ішпеген у бар ма? (Абай, 172).

У – сөзі символ қызметінде. У – қиындықтың, азаптың символы ретінде алынған. Қиыншылықты у мен алмастыра отырып, ақын ауыртпашылықты образды түрде бейнелеп, әсірелілігін артырған. Бұл символдың образдылығын, әсерлеу қызметін көрсетеді.

Абайдың зарлы күйігін, қайғы қасіретін эпопеяда суреттегенде М.Әуезов те осы у сөзін символ ретінде қолданған.

«... Ей, сорлы заман, менен аяған қай қастығың қалды. Мен ішпеген у бар ма!..Жүрегімді көрші міне, жарадан сау жер қалды ма? Мұнша газап шеккендей не азап, не айыбым бар?» (Абай жолы, 596).

Әдебиет:

1. Елеукинов Ш. Мағжан Жұмабаев. –А.,-Жазушы, 1990, -361 б.
2. Қазақ совет энциклопедиясы. -Алматы, 1977, Т.10 , – 157 б.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. -Алматы, 1999, -581 б.

ӘӨЖ 811512.122

ҰЛТТЫҚ ТІЛ МЕН ТАНЫМДАҒЫ «ЖЫЛҚЫ» ТҮСІНІГІ

Ақмағамбетова Б.Е., Әйтөре Н.Ғ.

(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Жылқы - асын талғап жейтін, жайдақ суды ішпейтін, жүрісі нық, ұзақ сапарларға аса шыдамды, қауіп пен қатерден иесін алдын ала сақтандырып жүретін өте ақылды жануар. Тіпті, ол өзіне қожайынды таңдайтын қасиетке ие. Адам бойындағы жақсы энергияны сезе білетін, иесіне өмір бойы адал келетін әрі таяқ пен тәртіпті ұната бермейтін жануар. Жылқы адамнан бұйрықтан гөрі, мейлінше, шынайы ықылас күтеді. Жолдас болуға деген ықылас. Адамнан осыны сезген соң ғана, оған бағынады.

Қазақ халқы ғасырлар бойы жылқы шаруашылығын ата кәсіп ретінде жалғастырып келеді. Оған жасына, жынысына, түрі мен түсіне, шабысына сай ат беруі, оның күтіміне ерекше көңіл бөліп қарауы осыған дәлел. Адамзат тарихында ең алғаш жылқыны қолға үйретіп, шаруашылыққа пайдаланған біздің халық екені белгілі. Сол себепті жылқы тұрмыстық қажеттіліктен гөрі тектілігі мен жолдастық қасиеті үшін бағалырақ. Жылқы қашаннан сән-салтанаттың, бақ-дәулеттің, тектілік пен күш-қайраттың символы ретінде есептеліп келеді. Аса қадір тұтқан жануардың кейбір қасиеттерін біздің халық өз мінез-құлқына ұқсатып жатады. Мәселен, жылқының жершілдік қасиеті ықылым заманнан адам баласын таңдай қақтырып келеді. Ол туған жеріне айлық жүріс болса да жетуге талпынады. Қазақта «ат айналып қазығын табар» деген мақалдың түп-төркіні де осында жатыр. Қазақта туған жерге деген махаббатын барлығынан жоғары қояды. Қайда барса да туған жерінің топырағын аңсап жүретіні бар. Тағы да жылқы туыстық қатынасқа адал келеді. Төрт түлік ішінде тек жылқы ғана жатырына шаппайды. Қазақтың да осы қасиеті басқа ұлттармен салыстырғанда жақсы сақталған. Қазақ жеті атадан аспай, қыз алысып, қыз беріспейді. Әулетке кішкентай ер жігіт дүниеге келсе, әкесі үнемі жиын-той, қонақасыда бірге ертіп жүреді. Ағайын-туыспен ес кіргеннен аралассын, бірге өссін деген ниетпен. Жылқы иесі жығылса, оны қорғауға тырысады. Иесі аяққа тұрғанша қасында тұрады. Қазақтың да жолдасқа деген антының беріктігі бар. Көрші өзбек ағайындарымыз ұзақ сапарға шықса, жолдасын

қазақ болсын деп бір-біріне тілек айтады. Себебі қазақ халқы ешқашан жолдасын қиындыққа қалдырмайтын халық дейді екен. Осы секілді көптеген мінез-құлықтағы ұқсастықтар қазақ пен жылқының ерте заманнан бір жерде, бір уақытта, бір тарихта бірге келе жатқандығы себепті болса керек. Сөзсіз, қазақ пен жылқы егіз ұғым, тіпті жылқы сөзі қазақ сөзінің синонимі ретінде алынса ешбір қазақ таңқалмас, сірә!

Бүгінгі күні ұлттық бетпердемізге айналып үлгерген жылқыға қатысты атаулар негізінде пайда болған фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер сөздік қорымызда молынан ұшырасады. Жылқыға қатысты пайда болған мұндай тілдік деректер жылқының түр-түсіне, мінезіне, басқа да ерекшеліктеріне байланысты туған. Солардың біразына тоқталмақпыз.

Алдымен, қазақ жерінде төрт түлікке қатысты тілдік зерттеулер қай уақытта қолға алына бастағаны туралы аз-кем ақпарат бере кетсек дұрыс болады. Төрт түлікке байланысты тілдік деректердің көпшілігін – салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардан аламыз. Ал олардың зерттелуі жайындағы мәліметтерді ХҮІІІ ғасырдың екінші жартысы мен ХІХ ғасырдың басында жазыла бастаған этнографиялық зерттеулерден көруге болады. Көшпенділерде төрт түлік күнкөріс көзімен қоса, мәдениет үрдісінде де ерекше орынға ие болды. Олай дейтін себебіміз, төрт түлік сол кезеңдегі адамдардың наным-сенімдерінде культтік мәнге ие болумен қатар, олардың идеологиялық танымында да бекемденген еді. Осы жөнінде қазақ ғалымдары ішінен Х. Арғынбаев, Ә.Төлеубаев, А.Тоқтабаев т.б. этнограф-ғалымдар біршама еңбектер жазған. Төрт түлік атауларының тілдік тұрғыдан зерттелуіне келсек болсақ, алғашқы деректер А.М. Щербак, Э.В. Севортян, Г.Н. Потанин, А.И. Левшин, Н.И. Ильминский, В.В. Радлов, А.И. Добромислов, А.Е. Алекторов сияқты ғалымдардың еңбектерінде кездеседі. Төрт түлік атаулары бүгінде түрлі зерттеу нысанына айналып, тың мәліметтер мен қызықты еңбектердің жарыққа шығуына түрткі болды. Соның ішінде жылқыға қатысты этнографиялық ғылыми-зерттеу жұмыстары қазақтың алғашқы зиялылары Ш. Уәлихановтың, Б. Алтынсариннің, Ә. Бөкейхановтың, С. Сейфуллиннің, С. Аспендияровтың ғылыми-зерттеу еңбектерінде көрініс табады. Сонымен қатар С. Қасимановтың, Б. Хинаятұлының еңбектерінде де жылқыға қатысты деректер кездеседі. Ж. Байтелиеваның “Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени уәждемесі” сияқты зерттеу еңбектерін атауға болады. Осыған қатысты тағы да М.Бейсенованың, Ұ. Қайырбаеваның, Қ. Шотаның, Р. Панзарбекованың жұмыстарында өзге түліктермен қатар жылқыға қатысты тілдік бірліктерге талдау жасалған. А. Жылқыбаеваның жұмысында жылқыдан алынатын тағам атаулары талданады [1,3]. Осыған ұқсас жылқыға қатысты біршама зерттеу жұмыстары бар. Біз сөз басында жылқы сөзінің сөздік қордағы маңызы жөнінде әңгіме қозғадық. Ендігі мәселе олардың қолданысы туралы болмақ. Нақтылай кетсек, жылқы сөзіне қатысты пайда болған тұрақты сөз тіркестері және қолдану жиілігі жайында. Тұрақты сөз тіркестері ойды көрікті жеткізудің ерекше түрі ғана емес, тілімізден көрінетін ұлттық ерекшеліктердің жиынтығы. Ендеше, жылқы сөзіне қатысты пайда болған фразеологизмдерді жиі активті және пассивті фразеологизмдер деп екіге бөліп қарастырамыз. Активті фразеологизмдер ауызекі сөйлеу кезінде жиі қолданыста болатын, пассивті фразеологизмдер біріншіге антоним. Активті фразеологизмдердің біршамасын біз білеміз, әрі беретін мағынасын да түсіндіруді талап етпейміз. Мысалы, *ат басын бұру, ат басындай алтын, ат жақты, ат жалын тартып міну, ат жарату, ат жарыс, ат қою, атқа қамшы басу, атқа қону, ат төбеліндей, ат-тонын ала қашу, ат тұяғы тимеу, ат құлағы көрінбеу, ат құлағында ойнау, атой салу, ат арылту, ат ізін салу (салмау), атшаптырым жер, тай-құлындай тебісу, т.б*[2, 72].

Пассивті фразеологизмдерді көбінесе, зерттеу еңбектері, көркем шығармалар мен арнайы құрастырылған сөздіктерден ғана кездестіруге болады. Олардың қатарына, *ат*

басына соқты- шегіншектеді, жүрексінді; *ат жаңбырлығын тапты-* семірген атты солай айтады; *ат кекілін кесісті-* кетісті, араздасты, мүлде безді; *ат көбең тартып қалды-* аттың кешеуілдеп, ұзақ мерзімді өткізіп семіруін айтады; *атқа жем түсті-* ақсап қалды; *атқосшылы болдың ба, қырық жылқылы болдың ба?*- не туды: қыз ба, ұл ма?; *ат құрғатпай қатысты-* ылғи, үнемі, жиі келіп тұруды айтады; *атмайын беру-* уақытша атын міну; *атмайы қайтты-* мал ақысы төленді; *ат маңдайы аумай-* қателеспей, адаспай, тұп-тура; *ат өтті қолқа сөз-* сөзара айтылған тілек; *ат сауырсын берді-* қиын шақта жәрдем берді; *аттай желді-* ерінбейтін еңбекшіл адамды айтады; *атұстарың өзіңе тартсын (тілек)-* ұлың өзіңе ұқсасын; *ат-шапан айып-* ескі дәстүр бойынша төленетін айыптың бір түрі. Байқауымызша, аталған тұрақты сөз тіркестері жиі қолданыста емес. Тіпті, көпшілігінің мағынасын бір реттен түсіне қоймаймыз. Десе де, бұл фразеологизмдер белгілі бір кезеңдерде активті түрде қолданылған. Мұнымен, оларды сөздік қорымыздан алып тастау керек деуден аулақпыз. Себеп дегенде, сөз – тілдік категория, бірқалыпта тұрмайды. Бір уақытта ол дамуы мүмкін, бір уақытта өшуі де мүмкін. Оның дамуы халықтың қолданысын қажет етеді.

Жылқыға қатысты тілдік деректердің тағы бір шоғыры- мақал-мәтелдерде жатыр. Қазақ халқының жылқыға деген махаббаты мен сүйіспеншілігі философиялық деңгейге дейін жеткен мақал-мәтелдерінен-ақ байқауға болады. Қазақ қашан да жақсыны жылқыға теңеп айтады.

«Жақсы ат, жақсы жігіт, жақсы жар,
Мұнда бір жанға жайлы жарасым бар»

Жақсы айғыр үйірін бөріге алдырмас,
Батыр жігіт ауылын ұрыға алдырмас.

Жақсы жігіт пен жақсы ат көптікі.

Жылқы- малдың патшасы,
Түйе- малдың қасқасы.

Жақсы аттан жал кетсе де, әл кетпейді.

Қазақтың жарынан кейін жақсы көрген серігі- жылқысы. Бұл дегеніміз ап-анық аксиома. Өйткені, қазақ жылқыны әніне де, жырына да, аңызына да қосып отырған. Ауыз әдебиетінің озық үлгісі- батырлар жыры болса, батырдан кейінгі оның жылқысы екінші негізгі кейіпкер болып есептелген. Жан баласынан артық жолдастығы үшін жылқы ер азаматтың екі қанатына баланған. Қазақтың жылқыға деген махаббаты қанында бар. Кішкентай сәби дүниеге келгенде, оны «құлыным, құлыншағым» деп ерекелеткен. Ер жеткенде мінеді деп, әулет үлкендері тай атап қоятын болған. Бала қажетке жараған жасында тайын баптап, мініске үйреткен. Әлі мойнына құрық түспеген атты бағындығып, ырқына көндірген сәттен бастап, оны ауыл адамдары «азамат» деп атаған. Ауыл-аймақтың барлық шаруасында атымен аттанатын болған. Тіпті, көрші ауылдағы сүйгеніне барғанда да астындағы атын серік қылатын. Мінекей, осындай кішкентайынан жанынан бір елі ажырамай, өмір бойы жолдастығына адал болып өтетұғын жылқыны қазақ жақсы көрмей не қылсын! [3, 185]. Адам мен жылқының достығы қазақ даласына аңыз боп айтылып келеді. Жылқыны ең алғаш қолға үйреткен Қамбар ата бір күндері атынан көз жазып, адасып қалса керек. Қамбар ата жылқысын айлар бойы іздеп таба алмай, адам баласымен сөйлеспей түңілген екен. Жалғыздықта отырып атының дауысын, жүрісін, тебініп-кісінегенін сағынады екен. Ауыл ішіндегі жақындары жағдайын білмекке үйіне барғанда Қамбар ата оның жүрісін салып билейтін көрінеді. Иә, бұл сол біз айтып жүрген «Қара жорға» биінің шығу

тарихы. Осындай махаббатқа бөленген, бір ұлттың біртұтас бөлінбес бөлшегіне айналып кеткен жылқы түлігі туралы айтылар сөздің де, жырдың да ұшы-қиыры жоқ. Қазақ пен жылқы қай заманда да бірге. Қазақ баласы ат үстінде ержетті, қолына қару алып жауға да шапты, атой салып көкпар тартты, бүгінгі күні көк аспан астында көк туды желбіретіп жүр. Бастысы, талай тартыста тартынбаған қазақ баласының тақымы таймай, туы құламай алдыңғы ұрпақ алдындағы ұлы міндетін абыроймен атқаруын нәсіп етпей!

Әдебиет:

1. Амангелді А.А. Автореферат/І.Есенберлиннің «Көшпенділер» романындағы жылқы атауларының этнолингвистикалық мәні. – Алматы, 2008.
2. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік.- Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.- 800 бет.
3. Озғанбай Ө., Бегеніш Б. Адай арғымақтары.- Алматы: «Астана Медиа Пресс», 2014- 392 бет .

ОӘЖ 811512.122

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ СИНТАКСИСТІК ҚҰРЫЛЫМДАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Ақмағамбетова Б.Е., Таутекенова А.К.
(*М. Қозыбаев атындағы СҚМУ*)

Мақал-мәтелдердегі әрбір сөз формасы сөйлемнің белгілі бір мүшесі ретінде келеді де, өз мағынасына сақтайтыны, контекске де, одан сырт та сол мағынада жұмсалатыны айтылады. Ондағы сөздер бір-бірімен байланысу тәсілі жағынан да басқаша емес, грамматикалық байланыстың қалыпты үлгісі бойынша байланысады. Мысалы: «Еңбексіз іс бітпейді, еріншектің қолы жетпейді» - дегенде, іс бітпейді - қиысу, еңбексіз бітпейді – жанасу, еріншектің қолы – матасу, егер де мақалдағы сөздерді де сөйлем мүшесі, грамматикалық байланысына қарай талдау дәстүрге айналған болса, осылай талдаған болар еді. Мақалда екі түрлі ой беріледі, соған орай екі түрлі мазмұнда болады. Біріншісі-ондағы сөздердің тура мағынасы,мәселен, «Темірді қызған кезде соқ» яғни, қарадай емес қызған кезде соқ деген мағынасы. Сөйлемдегі сөздер, әдетте, сөйлем мүшелері реті-яғни,қарадай емес, қызған кезде соқ деген мағынасы. Осы мағынасында мақал сөздердің қалыпты сөйлемдерден еш айырмашылығы жоқ деуге болады. Екіншісі, астарлы мағынасы істейтін істің сәті түсіп,уақыты келіп тұрғанда орында деген мағына. Бұл топшылаудан туған мағына. Бірінші мағына сөйлем мен мақалға ғана тән, бұл мақалды сөйлем сияқты тілдік құбылыстардан ерекшелейтін мән мағына болмақ. Сонымен, мақал-мәтелдегі, сөйлем, мүшелерінің орналасуына айтарлықтай өзгешеліктер жоқ, дегенмен, сөйлем мүшелерінің синтаксистік қызметтерінде біраз ерекшеліктері бар, енді соларға тоқталып өтейік. Сөйлемнің негізгі ұйытқысы болып келетін бастауыш пен баяндауыш мүшелері мақал-мәтелде қазіргі әдеби тіліміздегідей қызметте қолданылады. Бірақ тілімізде кездесетін бастауыштардың барлық түрі бірдей мақал сөзде кездеспейді. Жіктеу есімдіктерінен болған бастауыштар – сын есім мен есімшеден болған бастауыштар. Мысалы: «Өнерлі өрге жүзеді», «Қорқақ көлеңкесінен қорқады» т.б. Ал, есімшеден болған бастауыштар мақал –мәтел құрамында мынадай сипатта келеді .«Көп көрген–нұсқа, көп істеген ұста», «Көп жасаған білмейді» т.б. Әдеби тіліміздегі сияқты, мақал-мәтелде де негізінен бастауыш қызметін атқаратын зат есімдер. Мысалы: «Ақыл

- азбайтын тон, білім таусылмайтын кен», т.б. Кей жағдайда зат есім субстантивтеніп айтылады да, бастауыш қызметін сол түсіріліп қалдырылған зет есімнің анықтауышы болуға тиісті сын есім не есімше атқарады. Мысалы:

«Алғырды мақта, өткірді сақта», «Күшті алып та жығады, шалып та жығады» - сияқты мақал сөздердің толық түрі: «Күшті адам алып та жығады, шалып та жығады», «Берген адам алар, еккен адам оран» т.б. Бұл сияқты сөздер айтпаса да белгілі, оларды белгілі етіп тұрған «күшті», «берге», «еккен», «алғыр» сөздерінің түсірілуі тағы да мақал-мәтелдер табиғатына ықшамдылықтың тән екендігінде. Мақал-мәтелдерде қазіргі әдеби тілімізде қолданылатын баяндауыштардың барлық түрі бірдей кездеспейді. Баяндауыш қызметінде есім сөздер де, етістіктер де қолданылғанмен, олардың формалық құбылыс аясы өте тар. Екіншіден, тіліміздің қазіргі синтаксистік құрылысына баяндауыш функциясындағы сөздерге қосылмайтын кейбір қосымшалар мақал сөйлемдердің баяндауышына қосылып келе береді. Әдеби тіліміздің қазіргі әдеби тіліміздегі қолданылатын баяндауыштық қызмет атқаратын негізгі сөз табы етістік екендігі және оның бұл функцияда қолданылғанда барлық шақта да, әр түрлі рай формасында да кездесетіндігі белгілі. Ал мақал-мәтел синтаксисінде етістік екі-үші формалық құбылыстарла ғана қолданылады және негізінде, екінші, үшінші жақты келер шақта айтылады. Баяндауыш қызметінде қолданылатын етістік түрлері мыналар: 1) Етістіктен болған баяндауыш бұйрық райдың екінші жақ анайы түрінде өте жиі кездеседі. Мұндай сөйлемдердің барлығында дерлік бастауыш айтылмай жасырын тұрады да сөйлем толымсыз сөйлем болып келеді. Ал баяндауыштың бұйрық райдың сипаты я көпше түрінде айтылуы кездеспейді. Сол сияқты бұл райдағы баяндауыш онша жиі болмағанымен, үшінші жақта да айтылады, бірақ бірінші жақта тіпті кездеспейді. Туған жерге туың тік. Қайраңы жоқ көлден без. Қайырымы жоқ елден без. Есің барда еліңді тап. Есің барда етек жап. Қайратың барда мал тап. Тек жүргенше, тегін істе. Жүйесін тауып жұмыс қыл. Жерін тауып тыныс қыл. Шыдамды еңбек, алғыр ой – аңық досың біліп қой. Күшіңе сенбе, ісіңе сен. Еңбек ет те, елге жет. Кезі келсе, кетпен шап, майрылмаса, қайырсын. Сыртың сайлы болғанша, ішің майлы болсын. Ер өнерімен мақтансын. 2) Баяндауыш қызметінде етістік – ар-ер-р-с жұрнақты есімше формасында да өте кездеседі. Мұндай баяндауыш тек анда-санда ғана екінші жақтың анайы түрінде айтылғаны болмаса, негізінде, жіктелмеген күйінде қолданылады. Ал екінші жақтың сыпайы, көпше түрлері мен бірінші жақта тіпті кездеспейді деуге болады. Еңбек мұратқа жеткізер, жалқаулық абыройды кеткізер. Адал еңбек аздырмас, арамдық бойды жаздырмас. Жекен жерінде көгерер, ер елінде көгерер. Көрмеген қой көрсе, қуалап жүріп өлтірер, ұл көрмеген ұл көрсе, уалап жүріп өлтірер. Қойға қоңырау жараспас. Жақсылық суға батпас, бір шығар, тегін жатпас. Шетте жүріп жалығарсың, өз еліңді сағынарсың. Біз де кісі болармыз, атқа кісен салармыз. 3) Баяндауыш а-е-й жұрнақты көсемшенің екінші, әсіресе үшінші жақта айтылған түрінде өте жиі кездеседі. Баяндауыштың бұл түрі де жіктеудің сипаты немесе көпше түрлерінде, сол сияқты бірінші жақта кездеспейді. Сағынған елін аңсайды, сары ала қаз көлін аңсайды. Мал қонысын іздеді, ер туысын іздейді. Етікті нәл сақтайды, ерді әл сақтайды. Есі бүтін елден іздейді. Еңбексіз іс бітпейді, еріншектің қолы жетпейді. Издеген табады, Сұраған алады. 4) Есім сөздерден, әсіресе сын есім мен зат есімнен болған баяндауыштар өте жиі ұшырайды. Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық. Отан оттан да ыстық. Туған елдің жері де көрікті, елі де сүйікті. Бақа-көлінде патша, балық - суында пашта, жігіт – елінде патша. Бейнет, бейнет түбі – зейнет. Рақаттың түбі кейіс, бейнеттің түбі-кеңіс, кім еңбек етсе, сол-тоқ. Ерте тұрған жігіттің ырысы артық, наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті көп еңбегі көңілді. Кісі аты тершең, кісі киімі кіршең. Мақал, әсіресе мәтел сөйлемдерде баяндауыш болуға тиіс етістік айтылмай, түсіріліп қалдырады да, баяндауыштық қызметті септік жалғаулы зат есім атқарып тұратыны жиі кездеседі.

Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында. Қазы хан қасында, Қараша жар басында. Адамның күні адаммен. Жаман ұста жанынан, сабақты ине сәтімен. Күш бірлікте. Сүт сасыса, жиегінде, ер тасыса, еліне. Бас жарылса, бөрік ішінде, қол сынса, жең ішінде. Ерлік білекте емес, журеке. Бөрі мен ер азығы жолында. Тисе, -терекке, -тимесе бұтаққа. Жалаң аттың жанымен, жалаң қылыш жүзімен. Құс құйрығына, ер жарағына.

5) Баяндауыш қызметінде жиі қолданылатын сөздердің тағы бір түрі - «бар», «жоқ» сөздері. «Бар», «жоқ» сөздері баяндауыш қызметінде жұмсалғанда бастауыштағы заттық ұғымның барлығының сапа көрсеткіші ретінде баяндалады. Мысалы: «Кісі болар баланың кісіменен ісі бар, Кісі болмас баланың кісіменен несі бар» «Арамдықтан үлкен ат жоқ, наннан үлкен ас жоқ», «Тауық құсқа ұшу жоқ, там үйлерге көшу жоқ», «Өнерліге өлім жоқ». «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ», «Алмақтың да салмағы бар», «Ұлы сөзде ұят жоқ», «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні бар.

6) Есімшенің тәуелді формада тұрып сөйлемнің баяндауышы қызметін атқаруы – қазіргі әдеби тілімізге тән қасиет емес. Ал мақал-мәтел синтаксисінде ол да жиі кездеседі. Бірақ тәуелдіктің барлық түрінде емес, тек үшінші жақтың түрінде ғана кездеседі. Мысалы: «Ер жігіттің екі сөйлегені – өлгені, Еменнің екі иілгені-сынғаны», «партия айтса болғаны, женістің қолға қонғаны». «Ер – ырыстың қорғаны». Ендігі бір тоқталатын нәрсе - сөз болып отырған екі мүшенің орын тәртібіне байланысты. Құрылысы, құрамына енген сөздердің орналасу тәртібі жағынан алғанда, мақал мен мәтелді поэзия мен проза аралығындағы аралық категория деуге болар еді. Өйткені мақал – мәтелдердің құрылысына поэзияға тән кейбір қасиеттер де, прозаға ұқсас қасиеттер де бар. Бұлардың құрылысында поэзияға ұқсастық қасиеттер – екі я одан да артық жолдан құралатын түрлерінде әр жолдың буын саны, үйлесім, ырғағы бірыңғай, біртектес мәтелді поэзиядан бөлетін. оны прозаға жақындастыратын белгілері. Осыларға лайықты мақал-мәтел сөйлемдердегі бастауыш пен баяндауыштың орын тәртібінде екі жақтылық бар: оның бірі - поэзиядағы сияқты өз бастауышын өзі меңгеріп тұрған мүшелерден бұрын да айтылуы болар, Екінші – прозалық шығармалардағы сияқты баяндауыштың сөйлем соңында келуі. Бұл екеуінің алғашқысынан гөрі – әлдеқайда басым. Бастауыштың өз жетегіндегі сөзден немесе өз бастауышынан бұрын айттылуы үйлесім қуушылықтан, яғни болмаса баяндауыш болып тұрған сөздің мағынасына ерекше мән беру мақсатымен инверсиялаудан туып отырады. Шықсаң ұзақ сапарға, арымас ат – ит арба. Көп сөйлейді залым би, аз сойлейді әділ би. Кедейдің келді заманы, құрыды байдың амалы. Қазарсың арықты, көрерсің жарықты. Пышақ болмас жетесіз, өзі болған жігіттің, тегін сұрап не етесіз. Ер басында дау келсе, ерлігі кетер басынан, би басына дау келсе, билігі кетер басынан. Өлсем мейлі көріне, бір шығайын төріне. Қылышыңды жауға шаппасаң жүзі тиет өзіңе, ұшы тиер көзіңе.

Мақал-мәтелде тұраулы мүшелермен қатар тұрлаусыз мүшелер де кездеседі. Олардың ішінде ең жиі кездесетіні – толықтауыш. Қазіргі әдеби тіліміздегідей, мақал-мәтелде де толықтауыш толықтайтын мүшесімен табыс, барыс, шығыс, көмектес септіктерінің бірінде тұрып, онымен заттық ұғымда тұрады. Табыс септігінің толықтауыштары субъектінің іс-әрекетінің тікелей нысанасы болса, барыс септігіндегі толықтауыштар іс-әрекет арасында мағыналық қатынас өте тығыз болады. Іс-әрекет мағынасы нысаналық мағынамен ғана белгілі болады. Мақал – мәтелде толықтауыш екі түрі тура және жанама кездеседі. Бірақ тура толықтауыштан гөрі жанама толықтауыш жиі ұшырасады. Мысалы: «Жақсыда кек жоқ, кектіде тек жоқ», т.б. Мақал мәтелдегі барыс септігіндегі жанама толықтауыштар қимылдың кімге, неге арналғанын, бағытталғанын, іс-әрекеттің нысанаға қарым-қатынасын білдіреді. Мақал-мәтелде бірен – саран болса да, тура толықтауышта бар: Мысалы: «Бала жасындағыны ұмытпайды». «Тау мен тасты су бұзар, адамзатты сөз бұзар» т.б.

Сонымен мақал - мәтелде тура толықтауыш өзі қатысты сөзінен қашықтап, арасына сөз салып айтылатындықтан, көбіне жалғаулы түрі кездеседі. Бұл қалыпты сөйлемдердегі толықтауыштардан ерекшелігі болып табылады. Тұрлаусыз мүшенің келесі бір түрі пысықтауыш. Профессор Т. Қордабаев: мақал - мәтелде мезгіл, мекен, сын-қимыл пысықтауыштары кездеседі-десе, бұл топтастыруға амал пысықтауыштарды да қосуға болады. Бірақ амал пысықтауыштар тек санаулы мақалдарда ғана кездеседі. Мәселен: «Көре- көре көсем боларсың», «Сөйлей-сөйлей шешен боларсың» т.б. – деген мақалдағы амал көсемше пысықтауыш көсемше формалы етістіктен жасалып, қимылдық амал-тәсілін білдіріп тұр, тағы бір ескереер жайт, пысықтауыш қосарланып келіп, қарқындық жасайды. Сонымен бірге аз көп сөздері де амал пысықтауыш жасайды. Мысалы: «Қонақ аз отырады, көп сынайды», «Аз сөз алтын, көп сөз күміс», «Аз сөйлеп, көп тыңда». Мақал сөздерде мезгілдік мән зат есімдер пысықтауыш қызметінде жұмсалып, мезгіл пысықтауышын жасайды. Мысалы: Жаз жайыларсыз, қыс қысыларсыз т.б. Ал, мақал мәтелдегі анықтауыш мүшеге келер болсақ, олардың құрамындағы есім сөздермен анықтауыштық қатынаста тіркесіп, олардың контекстегі әр түрлі сынын, түр-түсін, сапалық сипаттарын білдіреді. Олар мақалда заттың әр түрлі сыны, белгісі болып келетіндіктен, мақал сөздерге көрік болып, оны әсерлі етіп тұрады. Мысалы: «Жақсы адам елдің тынысы, жақсы жер жанның тынысы» т.б. Демек, мақалдардағы анықтауыштардың тұлғалануында ешқандай өзгешелік жоқ. Бұнда да әдеби тіліміздегідей сипатта келеді. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерде үйірлі мүшелер де ұшырасады. Осындай сипатты үйірлі мүшелерді мақал сөздерден де кездестіруге болады. Мысалы: «Аузы күйген үрлеп ішеді» - мақалындағы «ауыз күйген» үйірлі бастауыш болса, «Сөзі ырайлының жүзі шырайлы» сияқты мақалда сөзі ырайлының деген үйірлі анықтауыш бар. Ал «Түсі игіден түңілме, келбеті келгеннен кеңес сұра» – дегендердегі түсі игіден, «келбеті келгеннен» үйірлі толықтауыштарға мысал бола алады. Мақал мәтелдерде үйірлі пысықтауыштардың келуі өте сирек, мұндай пысықтауыштар тек «Ит жоқта шошқа үреді» – сияқты мақалдар құрамында ұшырасады. Сонымен, түйіндей келгенде мақал мәтелдердің құрамындағы сөйлем мүшелерінің синтаксистік қатынасы да қазіргі тілімізде кездесетін амал-тәсілдердің барлығында бар және олардың орналасу тәртібінде де айтарлықтай өзгешелік жоқ. Мақал-мәтелдерде тұрлаулы мүшелер ойды жеткізу, сөйлемнің құрамдық негізі болса, тұрлаусыз мүшелер ойды толықтыру, пысықтау, анықтау сияқты қосымша қызмет атқарып, жалаң құрылысындағы мақал – мәтелдерді жайылмаға айналдырады.

Әдебиет:

1. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі (сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі), Алматы «Санат», 2003, 240 бет.
2. Шалғынбаев Қ., Абдримова Ф. Мақал-мәтелдердің тәрбиелік көрінісі. \ \ Қазақстан мектебі \ \ 2005, №5-6, 67 бет.

THE EFFECTIVENESS OF DIGITAL EDUCATIONAL RESOURCES IN THE FORMATION OF STUDENTS' LANGUAGE COMPETENCE

Amanzholova F.E.
(*M. Kozybayev NKSU*)

This article explores the term language competence, the concept and the classification of modern digital resources and how they can be used to support the process of forming of English language competence for students.

For today, the explosion of the technology revolution has not spared educational institutions that are now using innovative technology in the learning process. Nowadays the role of technology in the learning process can offer significant contributions to help meet the increasing needs of students. In the field of foreign language acquisition, new possibilities for instructional methods have emerged from the integration of such innovations.

The theme of our research is related to one of those innovations. The aim of this research is to develop students' language competence using modern digital technologies at the English lesson. First, we define what language competence is. The term linguistic (language) competence means the knowledge of the language system, the rules of functioning of language units in speech and the ability to use this system to understand other people's thoughts and express their own judgments in oral and written form [1].

In simple terms, linguistic competence refers to the unconscious knowledge of grammar that allows a speaker to use and understand a language. Also known as a language competence or I-language in contrast with language performance. "Language competence - knowledge of the language available to every normal native speaker" as well as knowledge of some ways of using the language in the process of its use by the speaker or listener." [2].

Осындай аты тарих пен аңызды жалғаған тұлға – Маңғыстау өңірінің даласының киелі есімі Бекет Ата. Бекет Ата тарихы мен ол туралы аңыздар – Маңғыстау өңірінің сырын қойнына тыққан қыраттары мен маң-маң басқан нар түйе мен текті жылқылардың табынымен көркемделген сары даласының негізгі шежіресі. Бекет Ата тарихы осы күнге дейін сол өңірдің тумалары болып танылатын небір дарынды ғалымдар мен қаламгерлердің еңбектерінде қаралып айтылып келді. Біздің магистрлік диссертация тақырыбына бірден бір негізгі нысанға алып отырған мақсатымыз – осы тарих құндылығын арнайы ғылыми айналысқа енгізуге еңбек қосу болып табылады.

Белгілі ғалым Қабидолла Сыдиықұлы 1885 жылы жарық көрген «Русский архив» еңбегінде: «Ақбор төбенің бетінде қасқыр үңгіріндей жер бар екенін, оның ішіне бір адам зорға сиып кіретінін, биіктігі тек кісі бойындай ғана киіз үй пішіндес» екенін еңбегінде тайға таңба басқандай жазады [2].

Бекет бабаның жер асты ғимараты да заманындағы кесенелерден өзіндік ерекшелігі басым болған. Кірер аузындағы шағын есіктен, кесене ішіне үңілген кісі үш қанатты киіз үйдей шағын дөңгелек бөлмені байқай алады. Сол дөңгелек бөлмеден тараған үш есік бар. Есіктердің құбыла бет түзегені таспен бекітілген. Ауыл адамдарының айтуы бойынша: «сол есік арқылы екінші қабатқа көтерілуге болады. Дәл сол есік Бекет ата әулиенің қызы жерленген жерге апарады» – деседі. Бұл есікке кесененің сыртынан назар салар болсақ, биігірек көрінеді. Екінші есік тағы бір бөлмеге беттetedі. Ай жүзіндей шағын бөлменің ішінде Бекет бабаның мүрдесі жатқандығы туралы да зерттеушілер деректерінен ұшырастырамыз. Бөлменің есігінде саны жоқ шымылдықтар ілінген екен. Зиярат етуге келгендер Пірдің мүрдесін көруге дәттері шыдамай, есік аузына шымылдық іліп, шымылдықтың бер жағынан дұға тілеп жолдарына аттанғаны туралы Қабидолла Сыдиықұлының «Бекет Ата туралы деректер мен аңыздар» еңбегінде нақты жазылған. Сондай-ақ, ауыл тұрғындары әлі күнге дейін кесене маңайына тазалық жұмыстарын жүргізіп отырады екен. Себебі, қыстың аязы мен жаздың желі бар, күз-көктемнің жауын-шашынынан соң міндетті түрде тазалап, зиярат етушілерге арнап қонақ бөлмесін де жасағанын соңғы деректер арқылы білуімізге болады. Есебі жоқ шымылдықтар ауыстырылып, Бекет бабаның мүрдесін таспен бекітіп, тақтатас орналастырған. Келушілерге арнайы жағдай жасап, көне кесенеге жөндеу жұмыстары да жасалған. Қараңғы бөлмеге жарық түсіп тұруы үшін жасалған, кесенененің сәуле түсіп тұратын тесігі бекітілген. Себебі, шаң-тозаң мен су құйылып кетпеуі үшін, кесене негізгі сәулеттік идеясын сақтап қалуы үшін жасалған. Әулие бабамыздың жатқан бөлмесіндегі қабырғаға арқар мүйіздер ілінген. Бекет бабаның кесенесінің маңайында жапырылған бейіттер орналасқан. Бұл бейіттердің барлығы да ақиретке бет бұрарында Бекет Ата қорымына жерлеуін өсиет еткендердің қалауы деседі.

Заманының заңғар жазушысы Ә.Кекілбаев туған жеріндегі тарих туралы былай сыр шертеді: « «360 әулие» сөзі сонау Мекке – Мәдинадан басталып, арғысы Синай түбегінен келе жатқан «әр күннің иесі бар» деген түсінікпен астарласып жатыр» деп ойлаймын деп пікір айтқан. Десек те, ел ішіндегі аңыздарға назар салар болсақ: « Ертеде бұл жерге Араб елдерінен білім іздеп 362 шәкірт келіп, қайтыс болып сол маңға жерленіпті». Содан бұл жер «362 әулиелі Маңқыстау» аталып кеткен деседі [3].

Бекет баба жайында зерттеу жұмыстарын жүргізіп, Пір Бекет Ата ғибратты ғұмыры жайында рухани құнды пікірлер білдірген Кенжебек Тұманбайұлы: «Еліміз тәуелсіздігін алғаннан бері өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілгендей күй кештік. Ұлтымыздың мәртебесін асырған тұлғаларға ас беріліп, есімін ұлықтау мақсатында қаншама іс шаралар ұйымдастырылды. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев та халыққа жолдауында: «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу» - деген болатын. Елбасымыз тарих пен ертеңімізді ұштастыра отырып, дамудың жаңа деңгейіне көтерілетінімізді үндейді.

Мақаламызды қорытындылай келе, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа жеткен әңгіме желісіне назар аударар болсақ, Бекет баба бойындағы тылсым қасиетін ізгілік пен даналыққа жолына жұмсауды мақсат еткен, елін сыртқы жаудан қорғаған батыр, қиындығы қат-қабат ғылым жолын қуып, ұрпағының ғұмырына азық болардай ұшан-теңіз ілім қалдырды. Сондай-ақ, Бекет бабаның Ислам дініне сіңірген еңбегі де мол. Берер азығы мешітке татыр медресе, жер асты ғимараттарын қашап салған қолөнер-сәулетші. Алдағыны болжап айтып, айтқаны дәл келген Бекет бабаның осы қасиеттері заманында ауыздан-ауызға тез тараған. Осы қасиеті үшін де, дәуірінде ерекше танылған. Айтылғандардың барлығы нақты тарихи дерек деуге келмейді. Бірақ, Бекет Ата жайлы аңыздарға өмірінің шындығы арқау болғаны сөзсіз. Бүгінде Бекет Ата жайындағы ақиқат пен аңыздың ұрпақ санасына ұя салып, ұғымына орныққаны күмәнсіз.

Әдебиет:

1. Мырзабекұлы И. Бекет Ата (Имандылық-тағылымы кітабы). – Ақтөбе: «Насихат», 2008. – 740 б.
2. Сыдықұлы Қ. Бекет Ата - 260. – Алматы: «Атамекен» баспасы, 2002. – 240 б.
3. Қосбармақ Р. Бекет Ата (тарихи-танымдық зерттеулер, аңыз-әңгімелер). – Алматы: «Информ-А», 2015. – 133 б.

УДК 81.255

НАЗВАНИЯ АНГЛОЯЗЫЧНЫХ ФИЛЬМОВ КАК ПЕРЕВОДЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМА

Головачев В.О

(СКГУ им. М. Козыбаева)

*Театр, как известно, начинается с вешалки, а фильм - с афиши.
(Станиславский К. С. Собр. соч. Т. 8. М., 1961)*

В современном мире киноиндустрия, которую мы знаем, играет большую роль в жизни человека, имеет огромный спрос и пользуется популярностью, как среди детей, молодежи, так и среди людей старшего возраста. Почему люди любят фильмы? Некоторым нравится смотреть на другие вселенные, которые существуют в совершенно другом мире, даже в другом измерении, другим нравится смотреть на любовные драмы и переживать те-же чувства, что и главный герой, другие же любят посмеяться и получить удовольствие от просмотра комедии с друзьями.

Ежегодно англоязычные фильмы набирают огромную популярность во всем мире. В различных уголках земного шара появляются целые клубы фанатов определённых фильмов, саг, многосерийных фильмов.

В восприятии основного посыла фильма, главным образом, играет роль само его название. Так, мы понимаем, что «Человек-паук» - это фантастический фильм, а «Операция Ы или другие приключения Шурика» - советская комедия. Мы часто слышим от знакомых, друзей популярные названия фильмов, которые в итоге хочется посмотреть и понять, почему фильм был назван именно так.

В лингвистике для обозначения названий фильмов используется термин – фильмоним. Учитывая выраженное функциональное сходство подходов к анализу названия фильма и заголовка текста, в целях различения заглавия художественного произведения и наименований фильмов, в своё время было предложено относить их к разряду идеонимов, т.е. наименований объектов духовной культуры, и дополнить перечень существующих онимов введением в научный оборот термина «фильмоним». Но данный термин «не прижился» ни в филологической, ни в переводческой практике [1, с. 5-6].

Фильмонимы представляют ту область, которую не следует считать предметной, так как имена кинолент отражают тему или идею произведения. В то же время фильмонимы – это имена собственные, принадлежащие индивидуальным предметам, составляющим область культуры. Это объект разносторонних лингвистических исследований. Фильмонимы можно изучать с точки зрения стилистики художественной речи, а также с позиций социолингвистики и лингвокультурологии.

При переводе названий фильмов переводчик выступает в роли «передатчика», а зритель в роли «приемника». В данном случае очень важна первая составляющая, то есть «передатчик», так как от него зависит правильная передача названия, привлечение зрителя («приемника»). Также следует учесть, что при создании фильмов, зачастую, существует некий отдельный мир, и именно фильмы служат главным источником создания образа «чужой культуры» [2, с. 65].

Для зрителя название фильма – это первый сигнал, то есть та самая первая информация о фильме, которая должна заинтересовать его. В связи с решением вопроса о механизмах воздействия фильмонимов на адресата ученые предложили использовать аббревиатуру ВИЖД, что означает «Внимание, Интерес, Желание, Действие».

Переводчик при переводе фильмонимов должен привлечь внимание зрителя, заинтересовать, удержать его. Стоит отметить, что прагматическая сила фильмонимов заключается в их лингвистических особенностях, которые воздействуют на зрителя. Наиболее важными свойствами фильмонимов с точки зрения воздействия являются образность, яркость, способность вызвать эмоции, ассоциации и остаться в памяти зрителя.

Но не всякое название фильмов можно без смысловых потерь перевести на русский язык. Например, фильм «Таинственный лес» (The village) [3]. В США этот фильм шел под названием «деревня» (дословно). Переводчик же сделал адаптацию и дал комментарий по этому поводу, в котором говорил о том, что деревня ассоциируется у русскоязычных людей с пьянством и несовременностью, нежели с мистикой.

Прежде всего нужно учитывать, что перевод фильмов осуществляется в двух направлениях: устный перевод (непосредственно озвучивание героев, закадровый голос, сноски) и письменный перевод (заголовок, титры, текст на экране). Нужно правильно соблюдать все стилистические особенности и приемы, используемые в тексте оригинала, в нашем случае это – заголовок фильма. Также нужно учитывать языковые различия в построении предложений, фраз, слов в английском и русском языках. Таким образом, перед переводчиком стоит непростая задача – необходимо сохранить смысл и передать его с учетом всех особенностей русского языка.

Ярким примером может служить картина “Some Likeit Hot” режиссёра Билли Уайлдера совместно с Изи Даймондом [4]. Оригинальное название связано с детской песенкой про овсянку с горохом: “Somelikeithot, somelikeitcold, somelikeitinthepotninedaysold”, что означает «Некоторые любят её погорячей, некоторые

похолодней, а некоторые в горшочке и девятидневной давности» [5]. Русскоязычный зритель эту песенку не знает, и это пример, когда юмор не всегда переводится буквально. Поэтому переводчик решил использовать адаптированный перевод и пришел к следующему переводческому решению «В джазе только девушки». Данный перевод очень хорошо передает жизнь людей в США и СССР того времени, и включает в себе иронию, так как в те года в СССР никто не любил джаз, поскольку он пришел «с запада», однако данное название сохранилось и стало классикой.

Среди выбора как переводить фильм всё чаще встречается жанровая адаптация, то есть адаптация, при которой используются единицы русского языка, которые соотносят эти слова с жанром фильма. Например, фильм “Gun Shy” [4] переведен как «Супершпион», что сразу придает фильму окраску экшна фильма, боевика с главным героем в роли того самого «супершпиона». Дословно же фильм переводится как «Стесняясь оружия» или «Боязнь оружия». В данном случае буквальный перевод неуместен, так как не несет в себе того притяжения к главному герою, не выставляет его «Супершпионом».

Каждый жанр фильма имеет свои собственные виды прагматической адаптации и трансформации при переводе, приведенные Комиссаровым В.Н, а именно: лексические, грамматические, комплексные [6].

Например, жанр фильмов – ужасы. В качестве одного из примеров можно привести перевод фильма «Шесть демонов Эмили Роуз» (The Exorcism of Emily Rose) [7]. В данном примере видно, что переводчик воспользовался приемом смысловой замены и изменил название на «изгнание нечистой силы» (The exorcism), назвав количество демонов. Данным переводом переводчик стремится обеспечить желаемое воздействие на зрителя путем изменения оригинала.

Следующий пример – перевод фильма «Музей восковых фигур» (House of wax) [8]. Переводчик прибег к приему замены, переведя слово дом на музей, а также слово «воск» на словосочетание «восковые фигуры», конкретизировав название для более лучшего восприятия зрителем.

Перевод названий фильмов часто сопровождается переводческим приемом замены, добавления. Особенностью перевода фильмов ужасов является то, что целью перевода является обеспечение желаемого воздействия на зрителя, использование оборотов, связанных с мистикой, чем-то потусторонним, демоническим. Примером служит фильм “Hush”, который в русском варианте переведен как «Шепот дороги ужасов». Здесь мы видим яркий пример приема добавления, в котором переводчик дополнил оригинальное название информацией, конкретизировав его [9].

Названия фильмов представляют собой клише, которые часто применяются в современной практике СМИ в качестве стилистических средств, которые создают красоту и выразительность текста. Например, заголовок газеты РБК от 09 октября 2016 года «Солдаты Карибского моря» о возвращении Российской армии на Кубу, что является аллюзией на фильм «Пираты карибского моря» [10].

Таким образом, фильмонимы выполняют различные функции, в том числе и рекламную, поэтому адекватный перевод названий фильмов является важным аспектом их перевода. Необходимо учитывать различие системы английского и русского языков, несовпадение их норм, расхождение в узусе и стилистике текста, а также различия культур.

Литература:

1. Кныш Е.В. Лингвистический анализ наименований кинофильмов в русском языке: автореф. Дис. – Одесса, 1992. – 5-6 с.
2. Милевич И.Г. Стратегии перевода названий фильмов // Русский язык за рубежом. – 2007. – 65 с.

3. <https://www.imdb.com/title/tt0368447/>
4. <https://www.imdb.com/title/tt0053291/>
5. <https://www.songsforteaching.com/nurseryrhymes/peasporridgehot.htm>
6. Комиссаров В.Н. Современное переводоведение. Учебное пособие. – М.: 2001.
7. <https://www.imdb.com/title/tt0404032/>
8. <https://www.imdb.com/title/tt0397065/>
9. <https://www.imdb.com/title/tt1093369/>
10. <https://www.rbc.ru/newspaper/2016/10/10/57f7ca279a7947ef644e9c46>

ӘОЖ 81.367

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖОЛМЕН ЖАСАЛҒАН ТЕРМИНДЕР

Есматова М.Т., Есембаева Б.А.
(*М.Қозыбаев атындағы СҚМУ*)

Терминдерді ұлт тілінің өз лексикалық қорынан алып, мағынасына қарай терминдік жүк артып пайдалануға болатындығына немесе өзге халықтардың тілдерінен дайын қалпында қабылдап қолдануға болады. Сонымен қатар, әр тілдің сөз жасау жолдары, тәсілдері бар. Өзге тілдерден дайын атауларды алмай, ұлт тілінде термин жасау кезінде осы тәсілдер пайдаланылады.

Ұлт тіліндегі термин шығармашылығының жандана бастауына байланысты бұрын бірен-саран терминдерді жасауға ғана қатысып, аса өнімділік таныта қоймаған жұрнақтарды пайдалану арқылы жаңа терминдерді жасау үрдісі де байқалады. Оған Ахаң ізімен жасалған мына төмендегі информатика және есептеуіш техника терминдерін мысалға келтіруге болады. Талдауы, жүктеуіш, жинақтауыш, өңдеуші, жөндеуіш, кодтауыш, т.б.


Қазақ тілінде термин мәселесінің күн санап күрделі, өзекті мәселеге айналып отырғандығы белгілі. Осыған байланысты аталған салада әртүрлі бағытта жұмыстар жүргізу қолға алынууда. Терминологиядағы сондай өзекті мәселелердің негізгілерінің бірі – терминжасам болып отыр. Қазақ тілінде термин жасап қалыптастырудағы өзіндік әдіс-тәсілдер бар, олар айқындалып, нақтылауды қажет ететіндігі белгілі. Бұлар жалпы қазақ терминологиясында бұрын-соңды қарастырылмады деп айта аламыз. Бірақ олар қазақ тілінің мүмкіндігі тұрғысынан термин жасай алатын көздері жан-жақты, көп деп айтып өтуге болады. Олар: сөз тіркестері негізінде қалыптасқан терминдер, термин жасаушы жұрнақ-қосымшалар.

Профессор М. Балақаевтың еңбегінде сөз тіркестері номинативті және номинативті емес деп жіктеліп көрсетіледі. Номинативті сөз тіркестері зат пен құбылыстың атауы ретінде жұмсалады. Күрделі сөздер жөнінде өзіндік ғылыми ой айтылып, олардың басқа сөздерден басты айырмашылығын көрсетіп берген ғалым – А. Ысқақов болды. Ғалым аталған еңбегінде бірінші рет қазақ тіліндегі лексикалану процесіне мән береді «Жай синтаксистік тіркестің тұрақты сөз тіркесіне тән қасиетіке ие болып, бір ұғымның атауы ретінде жұмсалуды лексикалану дейміз», - деп жазады [1, 94 б.]. Автордың пайымдауынша, еркін сөз тіркесінің лексикалануынан туындайтын сөздер көбінесе термин сөздер мен күрделі атау сөздер.

Біз кейінгі сөзжасам саласында жазылған Н. Оралбай, А. Салқынбай, Б.Қасым т.б. ғалымдар зерттеулерін негізге ала отырып, атау мен еркін сөз тіркесінің бір-бірінен айырмашылығын ономазиологиялық, номинациялық теориялар арқылы айқындауға болады. Профессор Н.Оралбай қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы туралы көптеген құнды ғылыми тұжырымдар айтқан. Тіркескен күрделі сөз деп екі не одан да көп мағыналы

сыңарлардан жасалып, біртұтас лексикалық мағына беретін сөздерді айтады. Тіркескен күрделі сөздердің сыңарлары бөлек жазылатындығын ескеріп, тіркескен күрделі сөздерге мыналарды жатқызамыз: бал қаймақ, бал қурай, ала ауыз, ауыз әдебиеті, ауыл шаруашылық, бел омыртқа, бұзау балық, жалаң аяқ, т.б. [3, 70 б.].

Күрделі сөздердің өзіндік белгілерін жинақтай айтатын болсақ, біріншіден, күрделі сөз кем дегенде екі, үш сөзден бірігіп, тіркесіп бір мағына беріп, бір ұғымның атауы ретінде жұмсалады. Екіншіден, күрделі сөздің құрамы тұрақты, сыңарларын өзгертуге болмайды, егер сыңарларының орны өзгерсе, не болмаса ауыстырылса, оның білдіретін мағынасы өзгереді. Үшіншіден, күрделі сөздің орны тұрақты, бір ұғым атауы ретінде жұмсалатындықтан, сол қалпында белгілі бір сөз табына кіреді. Төртіншіден, күрделі сөз құрамындағы сөздер тұтастай тек бір ғана сұраққа жауап береді, бір ғана сөйлем мүшесі болады. Бұл белгілер біз сөз етіп отырған тіркесті терм индерге де қатысты. Дегенмен де терминдердің күрделі сөздерден өзіндік айырма белгілері де жоқ емес. Тіркесті терминдердің сөзжасамдық қабілеті лексикалық бірлікте жұмсалатын күрделі сөздерге қарағанда, өнімді. Олай дейтініміз, тіркесті терминдердің бір сыңарын ғана өзгерту арқылы бірнеше жаңа термин жасауға болады. Мысалы:



Тіркесті терминдер әртүрлі байланысу тәсілдері арқылы кемінде екі-үш сөзден жасалып, сол тіркес күйінде тілде номинативтік қызметте жұмсалады. Олардың осындай лексикалық бірлік ретінде жұмсалуды күрделі сөздерге жақындататын болса, керісінше, еркін сөз тіркесінен негізгі айырмашылығы болып табылады. Бұдан кез келген екі немесе одан да көп сөзден келген сөздер тобының бәрі еркін тіркес ретінде жұмсалмай, атауыштық қызметте де жұмсалатындығы байқалады.

Тіркесті терминдер де, сөз тіркестері де жекелік мәнге ие сөздердің байланысуы арқылы жасалады. Солай бола тұрса да, тіркесті термин немесе сөз тіркесін жасау үшін кез келген сөздерді байланыстыра салуға болмайды. Тіркес жасауға қатысатын сөздер мағыналық жағынан үйлесімді болуы керек. Олай етпеген жағдайда сәтсіз жасалған термин немесе стильдік тұрғыдан дұрыс құрылмаған сөйлем пайда болады.

Екіншіден, тіркесті термин немесе сөз тіркесі құрамындағы сыңарлар толық мағыналы сөздер болады. Үшіншіден, тіркесті терминдер құрамындағы сыңарларының сөз тіркесі сыңарлары сияқты еркін болуы мүмкін. Бұл жағдайда тіркесті терминнің сыңарларының бірін өзгерту арқылы жаңа ұғым атауы жасалады. Төртіншіден, тіркесті терминдер мен сөз тіркесі сөйлем ішінде қолданылады. Яғни сөйлемдегі айтылатын ойды кеңейту үшін қолданылады.

Енді сөз тіркесі мен тіркесті терминдердің айырма белгілерін ашып көрсек, ең алдымен, сөз тіркесі тіл білімінің синтаксис саласының зерттеу объектісі болса, тіркесті терминдер тіл білімінің лексика саласының зерттеу объектісі болып табылады. Тіркесті терминдер арқылы белгілі бір ғылым саласында белгілі бір ұғымды білдіретін жаңа атау пайда болады. Тіркесті терминдердің құрамындағы сыңарлардың әрқайсысы жеке лексикалық мағынаға ие бола алмайды, олар сол тұтас тіркес күйінде бір лексикалық мағына білдіреді. Ал сөз тіркесінің әрбір сыңары жеке лексикалық мағыналы болады.

Тіркесті терминдер тұтас бір лексикалық мағына білдіретін болғандықтан, белгілі бір ұғым атауы ретінде жұмсалады. Сөйтіп тіліміздің жаңа сөздермен толығына үлес қосады. Тіркесті термин сыңарлары бір-бірімен сөз тіркесінің байланысу тәсілі ретінде байланысқанымен, олар сол тұтас күйінде қолданылады. Егер олар сөйлем ішінде басқа сөздермен байланысқа түсетін болса, сөз бен сөзді байланыстырушы қосымша тіркесті

терминнің соңғы сыңарына жалғанады. Қорыта айтқанда, күрделі сөздер сияқты лексикалық бірлік қалпында болады.

Ұлттық терминқорымызда аналитикалық жолмен жасалған терминдер өте мол. Соған қарамастан, қазақ тіл білімінде терминжасамның синтаксистік тәсілі, бұл тәсіл арқылы жасалған терминдердің тілдік табиғаты әлі арнайы зерттеле қоймаған. Сөзжасамдық тәсілдердің ішіндегі өнімді тәсіл – аналитикалық тәсіл. Демек, жаңа сөз жасаудың негізгі жолдарының бірі сөз тіркесі арқылы орындалады. Адам баласының таным дүниесі заман өткен сайын дамып, жетіліп отыратыны анық. Заттар мен құбылыстардың жалпы қасиеттері мен белгілері айқындала түсіп, олардың жеке қасиеттерін тану үрдісі кеңі береді. Осыған сәйкес жаңадан танылған ұғымды атау қажеттілігі келіп шығады. Барлық заттар мен құбылыстарды түбір немесе негіз тұлғадағы сөздермен атау мүмкін болмайды. Сондықтан күрделі сөздер арқылы атау туғызу - өмірдің, болмыстың өзі туғызған қажеттілікке айналады. Ал күрделі сөздердің көпшілігінің ішкі мағыналық құрылымы мен таңбалық сипаты олардың еркін сөз тіркесі ретінде қолданылып барып, бірте-бірте мағыналық дамудың негізінде жеке атау ретінде қалыптасқанын көрсетеді.

Сөз тіркесінен жаңа мағыналы атау сөздің пайда болуының өзіндік заңдылықтары болады. Алдымен жаңа ұғымды атау қажеттігі пайда болады. Соған сәйкес қолданылып жүрген сөз тіркесінің мағыналық құрылымы мен грамматикалық сипатында елеулі өзгерістер болады. Мағыналық құрылымындағы өзгерістер:

1. Бір атау ретінде жаңа ұғымды атауға бейімділік.
2. Жеке бір ғана мағына білдіру үшін жиі жұмсалуы.
3. Құрамындағы сөз мағыналары бір арнада тоғысып, ортақ мәнде қолданылуы.
4. Құрамындағы сөз мағыналарының фразалық мәнге ие бола бастауы.

Бұларды мынадай үлгімен көрсетіп беруге болады:

а) Термин + термин - екі сыңары да терминдік мәнде жұмсалады: синоним сөйлемдер, публицистикалық стиль, сөйлем модификациясы, модаль сөздер, классикалық әдебиет, жұмбақ айтыс, әдебиет пәні, т.б.

ә) Термин + термин емес сөз - бағыныңқы сыңары термин, ал басыңқы сыңары термин емес тұлға: термелі әуен, тарихи шындық, стильдік еліктеу, өлең өлшемі, кітап басу, шифр ашу, жасаңқы дем, тілдік қабілет, тілдің пайда болуы, т.б.


б) Термин емес сөз + термин – бағыныңқы сыңары термин емес, басыңқы сыңары термин: өлі түбір, өлі тілдер, оңашаланған айқындауыш, Қытай-Тибет тілдері, дүниежүзі тілдері, ым тілдері, т.б.

в) Термин емес сөз + термин емес сөз – екі сыңары да термин емес, бірақ қатар келгенде термин ыңғайында жұмсалады: Александрия мектебі, Женева мектебі, еліктеп келемеждеу, бүркеншік ат, азат жол, т.б.

Сонымен бірге, үш сыңар арқылы жасалған терминдер бар. Үш сыңары да қазақ сөзінен тұратын терминдер бар. Мысалы: сөз тіркестерінің түрлері, сөйлемнің тұрлаусыз мүшелері, дыбыстардың түсіп қалуы, құрамды зат есім, тіл дамуының заңы, қиял-ғажайып ертегілер, он бір буынды өлең, буынның түсіп қалуы, үйлену-салт өлеңдері, т.б. Бұлар да екі сыңарлы терминдер сияқты қазақтың төл сөзінен, кірме сөздерден құралады.

Қабыса байланысқан сөз тіркестері арқылы болған туынды сөздердің қалыптасуы да осы негізгі заңдылық арқылы орындалатыны күмін туғызбаса керек. Айталық, қазақ халқының дүниетанымында қонақ күту тағылымды дәстүр. «Қонақ» сөзінің негізделуі «қон, қонып шығу» сөздерімен түбірлес екені көрініп тұр. Яғни, қонақ сөзінің мотивациясы (негізделуі) қонып шығушы, қонып шығатын адам мағынасы арқылы жасалған. Әуелгі дүниетанымдық деңгейінде қонушы немесе қонып шығушының жалпы деректі негізгі семасы ғана болса, кейін бұл ұғым жіктеле түсіп, дами бастаған.

Қонақтың адам арқылы қабылдануының әр түрлі дәрежесіне сәйкес, оның атауы да дамыған. Бұл ең алдымен, жаңа сөз жасаудың негізі болады. Ал жаңа ұғымды таңбалайтын таңба ретінде сөз тіркесі арқылы қалыптасқан атаулар негізге алынады да, бірте-бірте қалыптасып кетеді. Қазақ тілінде қолданылатын төмендегі сөздердің өалыптасуын осылайша түсіндіруге болар еді.



Осы аталған атаулардың барлығы да туынды сөз ретінде таныла алады. Өйткені олар атап тұрған ұғым ерекше, өзіндік арнауы семасы әбден қалыптасқан.

«Құдайы қонақ» немесе «қонақ кәде», «қонақ асы» сөздерін біз сөз тіркесі ретінде талдай алмаймыз. Себебі олар бір ғана сұраққа жауап беріп, бір ғана сөйлем мүшесінің қызметін атқарады. Сөз тіркестерінің арасында болатын анықтауыштық қатынас болмайды.

Сондай-ақ, оң қол, сол қол, сұқ қол, сұқ саусақ, ортан қол сияқты туынды сөздердің де даму жолын осылайша түсіндіруге болар еді.

Қазіргі тілімізде әбден қалыптасып кеткен мынадай атаулар бар: Қазақстанның халық әртісі, Еңбек Ері, ұзартылған күн режимі, үйлестіру кеңесі, магнит таспаты, сөз орамы, еңбек нормасы, тіл білімі, экономика факультеті, дыбыс жүйесі, т.б.

Ілік септігі мен тәуелдік жалғауының толық сипатта келуі арқылы пайда болған туынды сөздер:

1. Терминдік сипаттағы туынды мағыналы атаулар: шарттың күші, өнімнің ассортименті, әдебиеттің тәрбиелік мәні, т.б.
2. Мекен атауы: кітапхананың балалар бөлімшесі.
3. Атақ-шен атауы: Қазақстанның халық әртісі, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Қазақстанның халық жазушысы Кеңес Одағының Батыры, т.б.
4. Қызмет атауы: өрт сөндірудің кезекші қызметі, газ-түтіннен қорғау қызметінің өрт сөндірушісі, т.б.

Матаса байланысқан туынды сөздердің мағыналық құрылымында сондай-ақ, сигнификаттық та мағына болады. Бұл сыңардың денотаттық бөліктен біршама ащырмашылықтары бар. Туынды сөз құрамында бұл бөлік негізінен түсінік пен ұғымның қызметі арқылы көрініс табады. Ал денотаттық бөлік мағынада заттық белгілерден тұратыны анықталды.

Бір компонентті төл сөзден, екіншісі кірме сөзден тұратын тіркесті терминдер: *бензин буы, газ қондырғылары, цемент ертіндісі, герметикалық құрылғы, бұрғылау мастері, нақтылы диаметр, бұрғы станогі, құбыр муфтасы, бұрғылау технологиясы* т.б. Енді осы терминдердің тағы бір ерекшелігі көп жағдайда екінші компонентіне тәуелдік жалғауының үшінші жағында келетін терминдер: *таль жүйесі, газ қысымы, жуу секторы, шарошка тістері, мотор майлары, бұрғылау рейсі, ротор ішпектері, газ торабы* т.б. Кез келген сөздің бойында сигнификаттық мағынаның үлесі болады екен. Осы ғылыми тұжырымға сүйене отырып, матаса байланысқан тіркестер негізінде қалыптасып, атау сөз ретінде танылған сөздердің құрамында сигнификаттық мағынаның болатындығын байқаймыз.

Мысалы, өнімнің ассортименті, құжаттың кіріс нөмірі, халықтың ұдайы өсуі сияқты атаулардың мағынасын айқындайтын болсақ, осы сөздердің ішкі мағыналық құрылымында денотаттық та, сигнификаттық та мағына бар екенін анықтауға болар еді.

Бір жағынан, өнімнің ассортиментін қолға ұстап, көзбен көруге болады. Ол – денотат. Екінші жағынан, өнімнің ассортименті атауы адамның санасында қабылданған жалпыланған ұғым. Біздің атауымыз дәл сол денотаттың ұғымдық желісімен, заттың барлық қасиеттерімен толық сәйкес келеді деуге болмайды. Ол ұғымда жалағнып, тек кейбір негізгі қасиеттерін негізге алып қана жеке атау болады. Жалпы негізгі денотат – когнитив - өнім. Сол өнімнің сансыз қасиеттері мен белгілері бар. өнімнің ассортименті деген атау соның бір ғана мағыналық желісін таңбалайды. Ассортимент сөзіннің нақты таңбалық көрінісі төл тілімізде болмағандықтан, ұғымды қолданушыларға, айтушыларға түсінікті етіп таңбалау үшін жеке атау кірме сөз ретінде алынған.

Матаса байланыса келіп атаулық тіркестерге айналған туынды атауларда да осындай сөзжасамдық мағына бар. Грамматиклық мағына грамматикалық көрсеткіштерге қандай ортақ болса, сөзжасамдық мағына да барлық туынды сөздерге ортақ болып табылады.

Қазіргі кезде изафеттің екінші түрі бойынша жасалған, алдымен матаса байланыса келіп, кейін жеке атау ретінде қалыптасқан атау сөздер саны өте көп саналады. Кез келген сөзжасамдық процесс сияқты матаса байланысқан сөз тіркестері негізінде жасалған жаңа туынды мағына да тарихи процесс.

Зерттеудің жүйелі болуы үшін, олардың тақырыптық топтарын анықтау керек. Матаса байланысқан сөз тіркестерінен пайда болған терминдерді былайша жүйелейміз:

1. Кісінің тегін білдіретін атаулар: Бабас руы, Шапырашты руы, Сәкен немересі, әскер басы, милиция майоры т.б.

2. Туыстық қатынастар атауы: немере інісі, ата баласы, ата бабасы, ағайын інісі.

3. Қызмет атауы: аудан әкімі, үкімет мүшесі, ауыл шаруашылығы министрі, оқу министрі, т.б.

4. Газет-журнал атауы: Алматы ақшамы, Қазақ әдебиеті, Сыр өңірі, Қызылжар нұры, Солтүстік қазақстан, т.б.

5. Меншіктік мағынаны білдіретін атаулар: ұғымдар дүниесі, әңгіме әдісі, сайлау жүйесі, өндіріс шығындары, т.б.

Зерттеушілердің пікірінше, изафеттің бұл түрі арқылы жаңа атау жасау процесі көнеден келе жатқан тілдік құбылыс. Мысалы, халық ұлы, отын ұлы, халық қалаулысы, полк баласы.

Сөз тіркесінің изафеттік түрі бойынша жасалған термин сөздер мол ұшырасады. Қоғамдағы өзгерістерге сәйкес тілдің лексикалық құрамында әр түрлі өзгерістер болып жатады. Қоғамдағы, ғылымдағы немесе күнделікті тіршіліктегі болып жататын әр түрлі жаңалықтар мен өзгерістерге ат қою қажеттілігі болады. Осымен байланысты кейде кірме сөздердің де енетіні, олардың сөз тіркесі құрамында кездесетіні белгілі. Бұндай тілдік деректер, әрине, матаса байланыса келіп, кейін даму барысында жаңа атауға айналып кетеді. Мысалы: дыбыс операторы, жерге орналастыру процесі, таңба теориясы, Ом заңы, кеңсе стилі, эксперименттік оқыту әдісі, сыншыл реализм әдісі, штамптар жинағы, терім машинасы, т.б.

Әдебиет:

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1991. - 356 бет.
2. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамдық жүйесі. – Алматы: Қазақ университеті, 1989. - 381 бет.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999. – 581 бет.

АЙЫРТАУ АУДАНЫНЫҢ ОЙКОНИМДЕРІ

Есмадова М.Т., Кенжебулатова Г.Б.

(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі жер-су атауларын былайша топтастыруға болады: 1. Қайтадан қолданысқа енген бұрынғы атаулар. 2. Бұрынғы атаулары белгісіз жерлерге қазақша атау берген топонимдер. 3. Транскрипциясы өзгертілген атауларды қалпына келтіру.

Бұрынғы атаулары белгісіз елді-мекендерге берілген қазақи, жаңа жер-су атауларының өмірге келуі ұлттық топонимияны жоғары сатыға көтерді. Солтүстік Қазақстан облысының аудандарына атау беру Ресей жерінен көшіп келген халықтың қоныстанған жерлеріне атау берулерінен басталды. Соның нәтижесінде бұрынғы тарихи атаулар жойылып кетті. Соның нәтижесінде бұрынғы атаулары белгісіз жерлерге, елді-мекендерге қазақша атаулар беру үрдісі басталып кетті.

Айыр+тау – аудан атауы. Ежелгі атауы Володарское. 30 сәуір 1997 жылы Айыртау ауданының орталығын Володар поселкесінің атауын Саумалкөл деп өзгерту туралы заң қабылданды [1, 169б.]. Арайлы Айыртау Солтүстік өңірдің көгілдір таулары мен әсем көлдері аясына қоныстанған көрікті аудан. Оның сұлу табиғатын ақиық ақын, «қазақ поэзиясының Құлагері» атанған Ілияс Жансүгіров «Құлагер» поэмасында:

«Қазақтың әсем жері Арқасында,
Арқаға жетер Арал, Балқашың ба?
Сырымбет, Зеренді, Иман, Айыртаулар,
Арқаның тізілгендей алқасына», деп сұлу сөзбен сүйсіне жырлаған.

Өмірге Қазақ тарихында «аққан жұлдыздай» жарқ еткен ғұлама-ғалым Шоқанды, елді асқақтаған әнімен, өнерімен сүйсінткен, күнделікті тірлікті сұлу етіп сүре білген Ақан серіні, аспандағы аққудың сұңқылына әнін қосқан Үкілі Ыбырайды, от ауызды, орақ тілді дүлдүл, айтыс ақыны Орынбайды дүниеге әкелген киелі өңір [2, 5б.]. Айыртау деп аталу себебі аудан аспанмен таласқан айыр-айыр таулардың бойында орналасқан.

Бірлес+тік – ауыл атауы. Қамсақты ауылдық округіне қарайды. Ауыл тұрғыны Шаяхметов Жақсылық атаның айтуы бойынша, ертеде Қарауыл-Қантай руының ұрпақтары Көрпәлі, Сапақ, Жанболаттың өз жұрттары болған. Олар ауыл маңындағы Жанай-Жабай көлі, Жел ағаш, Мешіт қора сияқты жерлерде қоныстанған екен. Кейіннен Жазы би атамыз осы үш жұртты біріктіріп, ауыл болып, елдің аты «Бірлестік» аталған. Ұақыт өте келе, 1929 жылы колхоздандыру кезінде көп жұрттың басы бір жерде болғандықтан, «Бірлестік» ауылы атауы құжат негізінде бекітіледі [3,125-126 бб.]. Осы ауылдың жергілікті ақыны Таласбек Қайыржанов: «Туған жерім алтын бесігім, Қандай жақсы-ең, Бірлестігім. Бірлестік – бабалардың қойған аты, Ұйымшыл болғаннан соң, барлық халқы!» деп жырлаған екен. Ауыл атауы құжат түрінде «Бірлестік» аталғанымен, аудан, жергілікті ауыл тұрғындары ру атауымен Қантай-Бірлестік атайды. Ауыл ақыны Бекболат Махметов «Ұялы-Бірлестік» атты өлеңін арнаған:

Ұялы елді мекенім,
Жырыма арқау етерім.
Алыстасам өзіңнен,
Сағынышпен жетемін.
Отаным өзің Ұялы,

Ата-бабам тұрағы.
Бірлестік-Қантай өзіңмен,
Үш тармақты құрады [4, 46б.].

Қантай-Бірлестік. Бұл елде би де, батыр да, балуан да, қажы да, әнші де, ақын да, саудагер де, молда да, емші де, бақсы-балгерлер де туып-өсіп, төңіректе аттары шыққан. Тарихи деректерге көз жүгіртсек, Қантай атамның есімі туралы мынадай аңыз ел аузында сақталған. Бірде Қантай атамның әкесі Қалмақшы жауға қарсы қолды бастайды. Ұрыс басталар алдында әйелі ұл туып, соған сүйіншілеп елден атқосшы шабады. Атқосшы алыстан «сүйінші, ұл туды, атын кім қоямыз деп?» шапса, жағдайды түсіну үшін Қалмақшының жіберген атқосшысы оған қарсы «Қандай, қандай сүйінші?» деп қарсы шабады. Дұрыс ести алмаған шабарман сәбидің есімін «Қантай» қойсын деп түсініп, елге «Қантайлап» шабады. Қалмақшыдан төрт ұл тарайды, олар: Көбей, Көшей, Қантай, Сәді. Қантайдың ұрпақтары сол өңірдегі Бірлестік ауылының тұрғындары. Сондықтан, осы елді «Қантай-Бірлестігі» деп атау заңдылық [3, 110-111 б.].

Айғаным ханша қонысы. Бұл қоныстың салынуы ХІХ ғасырдың басына тұспа-тұс келеді. Патшаның арнайы бұйрығы бойынша құрылыс жұмыстарына 5 мың сом бөлінеді. Патша бұйрығында құрылысты жедел жүргізу жағы көрсетілгенімен, оны салу 1824 жылдан 1834 жылға дейін созылған. Айғанымның өтініші бойынша үйдің жанынан мектеп, медресе, мешіт, монша, қонақүй, тұрмысқа қажетті диірмен, аткерме сияқты ғимараттар салынады. Ханшаның үлкен ауылы болған бұл мекен заманында бірнеше зұлматты басынан өткізеді. Халықтың аузында жүрген көп аңыздардың бірінде Сырымбет түгел отқа оранғандығы айтылады. Тілсіз жау төңіректі тегіс жалмап өткен екен. Тек осы Айғанымның қонысы ғана құдіреттің күшімен дін аман қалған дейді. Бұл жерде Айғаным ханшаның діндарлығы, Аллаға деген бек сенімі жайында айтуға болады. Қоныстағы ғимараттардың ішіндегі ең сәндісі де мінәжат жасайтын мешіт болған. 1993 жылы қайтадан ашылған Айғаным қонысы бүгінде аспан астындағы мұражай қызметін атқарып тұр [5, 2 б.].

Ботай қонысы. Ботай мәдениеті – энеолит дәуірінде Солтүстік Қазақстанды мекендеген тайпалар мәдениеті. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Никольское ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 1,5 шақырым жерде Ботай қоныстарына байланысты аталған [5, 3 б.]. Ботай қонысынан жылқы сүйектері табылған. Осы деректерге қарап археолог-ғалымдар жылқыны алғаш қолға үйреткен Қазақстандықтар екені анықталған. Ботай деп адам атына немесе ру атауына байланысты қойылған.

«Қарасай-Ағынтай» мемориалдық кешені. Айыртау ауданының аумағындағы ең бір еңселі әрі айбатты қазақтың Қарасай батыры мен Ағынтай батырларға орнатылған мемориалдық кесене ХVІІ ғасырда Есім ханның бастауымен қазақ жерін шапқыншылардан қорғаған атақты Қарасай мен Ағынтай батырлар жерленген Құлшынбай-төбесіне 1999 жылы Елбасының тікелей қамқорлығымен және қолдауымен салынған болатын.

1997 жылы Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің ата-бабасы осы жерде жатқанын естіп, өлкеге арнайы келген еді. Ол кезде мұнда ескі зират болған, ол қалыңдығы 2 метрге жететін 8 метрлік дуалмен қоршалған. Осы төбе жайлы 85 жасқа келіп марқұм болған Қыпшақ деген атамның біраз мағлұмат беріп кетті. Елбасымыз келген кезде ауыл тұрғындары Бәдиша апамыз Президентке аманаты бар екенін айтып, әңгімеге тартты. «Күйеуім Кәзен Рамазанұлы тың игеріле бастаған 1954 жылы осы даланы алғашқылардың бірі болып жыртқан еді. Сонда жердің етегіне келген кезде соқа шашылып қала берген екен. Бір емес, үш рет солай болады. Сүйектің үстіне түстім бе, әлде мына жерде бір әулие адам жатыр ма деп, қорқыңқырап келіп қараса, найзаның

ұшы шығып жатыр екен»,- дейді Бәдиша апа. Осылайша ол Президентке найзаны табыс етеді. Елбасы оны Петропавлдағы музейге тапсырамын деді. Дегенмен ол музейге тапсырылмады, себебі кейіннен найзадан шапырашты руының үшбұрышты таңбасы табылды. Кейіннен кешеннің шырақшысы Сәмеддин Омартегі сол Гүлжанат апаны көреді. Оның күйеуі кезінде найзаны тапқаннан кейін саймандарымен бірге тастай салыпты. Сонда апаның түсіне батыр кіріп, «тапқан нәрселеріңді үйге кіргізіп қойыңдар» деген екен. Осылай анық аян берген соң Гүлжанат апа күйеуінен найзаның ұшын тапқанын біліп, оны аққа орап, сандықтың түбіне салып қояды. Сонда құрсақ көтермей жүрген анамыз 14 құрсақ көтеріп, тұңғыш нәрестелерінің есімін Табылды деп қояды. Сонымен, Елбасы «бабам табылды» деп жария етіп, 1997 жылы сол жерге тас қойылады.

Қазақ даласын зерттеген орыстың тарихшы ғалымы Румянцев Қарасай мен Ағынтай батырлардың Көкшетау уезінің Айыртау өлкесінде жерленгендігін айтады.

Қарасай мен Ағынтай батырдың мемориалды кешені әскери дәлізге түріндегі қос мұнарадан және мешіттен тұрады. Басты белдігі бойынша кешен құрылысы Меккеге қарай бағытталып салынған. Кешеннің сыртқы қабырғалары күйдірілген қызыл кірпішпен қапталған. Мемориал ішінде қос батырдың ерліктері қабырғаға қашап жазылған залы бар. Батырлардың кесенесінің күмбезі металл тірекке орнатылған иілген әйнекпен жабылған. Әйнек пен қабырға арасында күмбезді желдетуге арналған саңылаулар орнатылған [6, 3 б.].

Саумал+көл – ауыл. Саумалкөл көлінің қасында орналасқандықтан солай аталған. Мағынасы көлдің суы аз ғана тұзды екенін аңғартады. Жергілікті ақын Махметов Бекболат «Саумалкөл» өлеңін арнаған.

Саумалкөл
Айналайын саумал керім,
Үп етіп тербеп өтті
Саумал желің.
Кекілін кер бестінің желпігендей,
Көл жақтан есіледі самал лебің [7, 86 б.].

Үкілі Ыбырай ауылы. Бұл ауылдың негізгі атауы Өскен деп аталып келген. Өскен негізінен адам есімі болуы мүмкін. Өс – етістік + кен – есімшенің өткен шақ формасындағы етістіктің жалғануынан жасалған. Осы ауылда атақты Үкілі Ыбырай дүниеге келгендіктен, осы адамның атымен «Үкілі Ыбырай» аулы деп аталып кеткен.

Дауқара ауылы. Ауыл тұрғыны Көкенесов Қаратайдың айтуы бойынша ауыл дәу ағаштың баурайында орналасқандықтан ауыл тұрғындары «Дауқара» деп атап кеткен. Ауыл «Дауқара» немесе «Орынбай» ауылы деп аталады. Себебі, бұл ауылда атақты ақын Орынбай Бертағыұлы дүниеге келген екен. Тағы бір деректерге сүйенетін болсақ, Дауқара адам есімі болуы мүмкін.

Лавровка ауылы. Аңызға сүйенсек, «1900 жылы поп Лавров өзінің 100 рубілін шілкеу салу мақсатында жаратады, тек ауыл атауына менің есім қойылған мақсатта»,- деп айтады. Көріп тұрғандай, поп өз есімінің кішкене жерлерде болсын әйгілі болғанын қалайды. Кейіннен Столыпин реформасынан кейін бұл ауылға орыс, украин ұлтының өкілдері келіп қоныстанған. Соған қарамастан қазіргі таңда ауыл тұрғындары тау-тәтті күн кешуде.

Құм+төк+кен ауылы. Ауыл тарихына тоқталатын болсақ, ол көне заманнан бабалар мекендеген жер ғой. Біздің заманымызда ауыл тарихы колхоздандыру науқанынан басталады. Құлмырза бабалары Жалғызтау маңайында әрқайсысы өзі жайлаған жерлерінен колхоз орталығы – қазіргі Құмтөккенге орналасқан. Алғашқы атауы «Үштармақ». Бірақ дала халқының дәстүрімен құмды жер болғасын «Құмтөккен» деп атап кеткен. Ұлы Отан соғысы басталғанда ауылдан бір күнде

алпыстан астам сарбаз майданға аттанды. Содан кейін ауылға «Қызыл әскер» аты берілген.

Антоновка ауылы. 1895 жылы Антоновка, Журавки, Кулышевка ауылдарынан және Перятинск уезі Полтавск губерниясынан ұзақ жолға Кислеко Крисан, Жук Трофим, Кириченко Павел т.б. шығады. Ауыл тұрғындары оларды асыға күтеді. Үезд басшысы оларды қонақжайлылықпен қарсы алып, оларға кез келген жерден Лавровка, Кирилловка, Воскресеновка, Каменный Брод сияқты жерлердің біреуін таңдауларын сұрайды. Бірақ оларға Кіші Қоскөл көлінің жері ұнайды. Себебі бұл жер Шалқар мен Көкшетауға жақын еді.

Осылайша 1896 жылдың көктемінде 100 отбасы малдарымен, киім-кешегімен таңдаған жерлеріне көшіп келеді. Жаздың басында жерлеріне атау бергілері келеді. Ауылда әр жерден келген адамдар тұрғандықтан, келіспеушілік туады. Біреулері «Антоновка» деп айқайласа, біреулері «Журавка» деп айқайлайды. Ауыл басшысы болмаса бұл даудың немен аяқталатыны белгісіз еді. Сол уақытта ауыл басшысы: «Тырналар қыста жылы жаққа кетіп, көшіп-қонып жүреді. Бізге бір жерге тұрақтану керек, сол себепті ауыл атын «Антоновка» деп қоямыз» деген екен. Осылайша ауыл атауы «Антоновка» аталған екен.

Арық-Балық ауылы. Ауыл атауы Арық-Балық көлінің атауымен аталған. Ауыл маңынан Арық-Балық көлі ағып жатқандықтан, ауыл атауы осылай аталған.

Златогорка ауылы. 1904 жылы патшалық Ресей Жапониямен соғысады. Соғыста жеңілген солдаттарға туған жерлеріне қайтуға қатаң талап қояды. Соғыстан жеңілген солдаттарды Сібір мен Қазақстанға жер аударады. Ұақыт өте келе оларға өз отбасыларын көшіріп әкелуге рұқсат етіледі. 1911 жылы бұл жерге екі солдат отбасымен көшіп келеді. Жердің атауы Маньчжурка деп аталады. Бұған дейін Маньчжуриядан келген солдаттар қоныстанғандықтан, осылай аталған. Ауыл атауының Маньчжуркадан Златогорка аталуы туралы ел аузында көптеген аңыздар бар. Бір аңызда былай айтылады. Ауыл тұрғындары көп темір тауып алады, ал бір жігіт алтын сияқты жарқыраған бағалы темір тауып алады. Бірақ таң атқан кезде, тауып алған алтындары жарқырамай қалады. Жігіт тауып алған жерді халық күні-түні қорғап, алтынды іздейді, бірақ таба алмайды. Сол кезден бастап сол төбешікке қарап жер атауын «Златогорка» деп атап кетеді. 2000 жылы 24 қаңтарда Златогорка ауылын Ағынтай ауылы деп атау туралы шешім қабылданады [1, 172 б.].

Новоукраинка ауылы. 1898 жылы украиндер Кривоозерный көлінің қасына қоныстанады. Ауылдарының атын Ворошиловка деп атайды. 1954 жылы «тыңайған жерлерді игеру» кезінде ауыл атауын «Новоукраинка» деп ауыстырған.

Казанка ауылы. 1893 жылы Самар губерниясы, Бульмен уезі, Федотовка ауылының тұрғындары жердің тарлығынан патшадан жайлы жер сұрайды. Николай I патшаға 15 жыл адал қызмет еткен шоқынған татарларға патша Көкшетау жақта сондай шұрайлы жердің бар екенін айтып, оларға рұқсат береді. Ең бірінші болып келгендіктен, оларға ауылға ат қоюға рұқсат етіледі. Олар Қазан қаласынан келгендіктен, ауылды атын «Казанка» қояды.

Имантау ауылы. XXVIII ғасырда жоңғарлардан төнген қауіптен қорғану үшін Кіші жүз ханы Әбілқайыр патшалық Ресейдің қол астына кіру үшін ант қабылдайды. 1740 жылы бұл келісімге Орта жүз ханы Абылай хан да қол қояды. 1822 жылы Патшалық Ресей жерімізге өзге ұлт өкілдерін қоныстандыра бастайды. «Сібір қазақтарының жарғысында»: «Жер атауы сол жердің басшысының атауымен жасылсын» деп жазылған болатын.

Имантау жерінде қазақтар қоныстанады. Олардың басшысының аты Иман болады. Әуелі бұл атау сол маңайдағы тауға, көлге беріледі. Кейіннің ауылдың аты да «Имантау» аталып кеткен.

Кең+ащы – елді мекен. Кең – сын есім + ащы – заттанған сын есім сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Ащы сөзі – шөбі жусанды, топырағынан ағарып, соры шығып жататын жерді білдіретін географиялық термин. Осы терминнің бір өзі ащылы шөп шығатын, жері сортаң болып келетін «ащылы жер» деген мағынаны білдіреді. Ендеше атаудың мағынасы көлемі аумақты ащылы, сортаңды жер деген ұғымға сай келеді [8, 57 б.].

Әдебиет:

1. Атамекен атаулары (Солтүстік Қазақстан облысының топонимикалық атаулары. Ғылыми басылым) Г. Ахметжанова, С. Мәлікова, К. Оспанов, З. Тайшыбай. Петропавл, «Северный Казахстан». 343 бет.
2. Айыртау/ Құраст.- шығармашылық топ. - 2009. - 138 бет.
3. Ақын Әміре Сұлтанмұратұлы және Қарауыл-Қантай елінің тарихы. / Құраст. А.Т. Қайыржанова. – Көкшетау: Келешек-2030, 2009. – 192 бет.
4. Махметов Б. Жанымның үзік жырлары. Көкшетау, 2002. – 164 бет.
5. Айғаным ханша қонысы // Айыртау таңы. 2018. – 12 шілде. №29 саны.
6. Достық пен бірлік символы // Айыртау таңы. 2018. – 31 мамыр. №23 саны.
7. Махметов Б.М. Алпыстың Бөкені. Көкшетау, 2007 – 184 бет.
8. А. Әбдірахманов, О.А. Сұлтаньяв «Көкшетау өңірінің жер-су атаулар сөздігі», Көкшетау, 2015.

ӘОЖ 81.367

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДА ҚОЛДАНЫЛҒАН ҮЙІРЛІ БАСТАУЫШ ПЕН ҮЙІРЛІ БАЯНДАУЫШТАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Есматова М.Т., Керимбекова М.Х.

(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

«Үйірлі мүше» деген термин қазақ тіл білімінде де, түркі тіл білімінде де таңсық емес. Үйірлі мүше жайлы өз көзқарасын білдіріп, құнды пікір айтқан - С.Жиенбаев. Алайда С.Жиенбаев оларды құрмалас сөйлем компоненті ретінде таниды. Қ.Шаукенов те «Үйірлі мүшелер, оларды оқыту методикасы» деген еңбегінде үйірлі мүше туралы былай дейді: «Мұндай мүше өзара субъект- предикаттық ыңғайда келеді. Тіпті оның құрамында бұлардан да басқа сөздердің болуы мүмкін» [1, 41 б.]. Ал С.Аманжолов, М.Балақаев, Т.Қордабаевтар сөйлем мүшесі деп таниды. С.Аманжолов: «Сөйлемде күрделі мүше тәрізді бір сөзге катысты болып, бір сұраққа жауап беретін, бірақ өз ішінде сөйлемдік қасиеті бар сөздердің синтаксистік тобы үйірлі мүше деп аталады», - деп нақты, дұрыс анықтамасын береді [2, 136 б.]. Жалпы үйірлі мүше жасауда жиі қолданылатын қатар тұрған, бір мағынаға ие сөздер тізбегінің өзара субъект- предикаттық ыңғайда жұмсалуды болса, екінші ерекшелігі үйірлі синтаксистік топ құрамында барлық сөз таптары кездеседі.

С.Аманжолов үйірлі мүшенің төрт түрлі жасалу жолын көрсетеді.

1. Түрлі сөздер есімшеге үйіріледі. Мысалы: Ақылы толған жасты жігіт. Мұндағы «ақылы толған» деген екі сөз – үйірлі анықтауыш. Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды. Бұл сөйлемдегі «қимылдағанның» деген ілік жалғауы сөз өзінің алдындағы қолы деген сөзді үйіріп, үйірлі мүше жасап тұр.

Мысалы. Білек сүріндірмегенді, білім сүріндіреді. Осы сөйлемде «сүріндірмегенді» деген табыс жалғау есімше өзінен бұрынғы білек деген сөзді өзіне үйіріп, толықтауыш қызметін атқарып тұр.

1. Есімшенің осы тәрізді өткен шақта тұрған түрлерімен бірге, оның -атын, -етін, -ар, -ер жұрнақтарында тұрған түрлері де үйірлі мүше жасайды. Мысалы: Ат болатын құлынның бауыры жазық келер, адам болар баланың маңдайы жазық келер. Осы мысалдарға сүйене отырып, есімшенің барлық түрлері де үйірлі мүше жасай алады дейміз.

2. Үйірлі мүше жасайтын есім сөздер де, олар көбінесе сын есімдер. Сын есімнен өзінен бұрын тұрған сөздерді өзіне үйіріп, үйірлі мүше жасайды. Мысалы: Білімі толық мыңды жығады. Мұндағы білімі деген бастауыш тұлғасында, толық сөзі баяндауыш тұлғасында тұр. Толық сөзі білімі деген сөзді өзіне үйіріп тұр.

3. Үйірлі мүше жасайтын тағы бір қатар сөздер бар. Олар – бар, жоқ, аз, көп деген сөздер. Олар әр тарапты сөздер деп аталады. Бұл сөздер де өзіне басқа сөздерді үйіріп, үйірлі мүше жасайтын категория болып саналады. Мысалы: Талабы жоқтан табандылық күтпе, талабы бардан түңілме.

4. Сын қасиеті бар кейбір зат есімдерде өзіне басқа сөздерді үйіреді. Оған күміс, алтын деген сөздер жатады. Мысалы: Ақылы алтын адам деген сөйлемдегі алтын сын есімнің орнындағы зат есім. Бұл атау өзінен бұрынғы сөздерді өзіне үйіріп тұр. Бұл айтылған үйірлі мүше жасайтын есім сөздер септіктің барлық түрінің жалғауында (табыс, шығыс, ілік, барыс) тұра береді.

Үйірлі мүшені құрайтын сөздер өз алдына предикатты бірлік болатын бастауыш-баяндауышқа бөлінетін жай сөйлем құрамдас болып келеді. Бұндай «жай сөйлемнің» баяндауышы есім сөз таптары, есімдік және есімше болады. Бұл өз алдына предикатты бірлік болып саналатын құрылым (конструкция) екінші негізгі сөйлемнің кез-келген мүшесі болып синтаксистік қызмет атқарып тұра алады. Бұл тектес құрылымдар, ең бірінші, бастауыш қызметін атқарады. Мысалы: Білегі жуан бірді жығар, білімі жуан мыңды жығар (мақал). Алыпқа өмірі қала көрмеген, үсті-бастарын бит басқандар келді (С.Ерубаев). Ерлі-зайыпты бар, есі кеткен бар (А.Сүлейменов). Осы тәріздес құрылымдарда баяндауыш орнына қойып қолдануға да болады. Алайда ондай құрылым ықшамдалған күйде ғана баяндауыш бола алады. Ал шындығында, ол тектес үйірлі мүше ықшамдалған есім баяндауыштың анықтауышы болып табылады. Мысалы: Ол білегі жуан (кісі) – Білегі жуан бірді жығады дегенде кім? деген сұраққа жауап беріп, үйірлі мүше қызметін атқарады.

Үйірлі бастауыш әртүрлі жолмен жасалады. Зат есім, сын есім, сан есім және көп, аз, бар, жоқ сөздерінің тіркестерінен бола береді. Міне, осындай тәсілдер арқылы «грамматикалық жақтан сөйлемнің басқа мүшелеріне тәуелді болмайтын тіркестегі синтаксистік топты үйірлі бастауыш» деп танудың орны ерекше.

Профессор М.Балақаев үйірлі бастауышты ескере отырып, оны «потенциальное предложение» дегенді айтады [3, 86б.]. Мысалы: Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, аздырар адам баласын (Абай). Көлігі барлар дайындалсын (Ғ.Мұстафин). Аузы күйген үрлеп ішер (мәтел).

Бірінші сөйлемдегі үйірлі бастауышымыз – тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық. Осы бастауышымыздың дара, күрделі бастауыштан ерекшелігі бар. Бұл бастауыштың өзара субъект предикаттық ыңғайда түсуге болады. Осыған қарамастан, бұл бастауышымыз сөйлемдік дәрежеде емес, керісінше, осы жай сөйлемнің бірыңғай бір сұраққа жауап берген үйірлі бастауыш.

Үйірлі бастауыштың күрделі бастауышқа ұқсас жағы – олардың бір ғана сұраққа жауап беріп, сөйлемде кемі екі сөзден құралған сөз тіркесінің синтаксистік бір ғана қызмет атқару болса, айырмашылық жағы – үйірлі бастауыштардың құрамындағы сөздер өзара субъект-предикаттық ыңғайда айтылып тұрады. Бұл бір, екінші де үйірлі бастауыштың ыңғайында. Құрамындағы сөздер тобы өзара меңгере, қабыса, қиыса, матаса байланысып, өз ішіне тиісті синтаксистік талдау жасауға келетіндей мағынада

болады. Мысалы: Көкірегі ояу көзі ашық, тыңдасын бұл сөзімді... деген сөйлемдегі «Көкірегі ояу, көзі ашық» синтаксистік қызметі жағынан бір сұраққа жауап беріп тұрған үйірлі бастауыш болады. Мұндағы бастауыштың қызметін атқарып тұрған тіркестегі сөздер тобының бір сыңарын өз алдына алып, оны сол сөйлемге бастауыш етуге келмейді.

Мәселен, көкірегі, көзі тыңдасын бұл сөзімді десек, онда бұл сөйлемнің мағынасы өзгеріп, стильдік жағынан да қателікке ұрынар еді. Сондықтан да бұл сөйлемнің бастауышы көкірегі ояу, көзі ашық болады. Ал сөйлем тұтас алғанда жай сөйлем. Бұл сөйлемнің ішкі мазмұнындағы ерекшелік – онда белгілі жақ орнына жұмсалған сөздің (адам) түсіп қалды. Бірақ сол сөздің орнына қолданылған «көкірегі ояу, көзі ашық» дегендер бір топ құрап – бастауыш болып тұр.

Тәуелдік жалғаудың үшінші жағында тұрған өздік есімдік те есімшемен тіркесіп, үйірлі бастауыш қызметінде жұмсалады. Мысалы: Өзі білетін өзгеден сұрамайды ғой, өзі болған өкінбес. Өзгеден сұрамайтын кім? өзі білетін бастауыш. Өзі білетін не қылмайды? сұрамайды баяндауыш. Егер осындағы «өзі білетін» деген үйірлі бастауышты «Жағдайды өзі білетін» деген жай сөйлеммен салыстырсақ, «өзі» - бастауыш, «білетін» баяндауыш болар еді. Бірақ үйірлі бастауыш қызметіндегі біз білетін өзі болған дегендер қазір грамматикалық жағынан тек қана бастауыштық рөл атқарып тұр. Сондықтан бұларды салыстыру үшін келірілген сөйлемдегі синтаксистік қызметі мен бірдейлестіруге болмайды.

Үйірлі бастауыштың күрделі бастауыштан айырмашылығы – егер күрделінің құрамы түйдекті тіркес болса, үйірлі бастауыштардың құрамында бастауыш-баяндауыш ыңғайындағы сөздер тобы болады. Мысалы: Жасы құрдас – құрдас емес, заманы бір құрдас (мақал). Тірінің өмірін құрбан ету – күнә (І.Есенберлин). Үйден жүгіре шыққандар біраз уақыттан кейін колдарын бұлғап, қалып қойды. Баласы жақсы оқитындар жиналысқа үнемі қатысады. Осы сөйлемдердегі «үйден жүгіре шыққандар» - кімдер? және «баласы жақсы оқитындар» - кімдер? деген сұраққа жауап беріп сөйлемнің үйірлі бастауышы қызметін атқарып тұр. Өз алдына олар предикаттық қатынас құрап тұр. Мысалы: Үйден жүгіре шықты. Баласы жақсы оқиды. Сөйлем құрылысында бұл тіркестер көптік жалғауын қабылдап, сөйлемге негіз мүше болып кетеді. Сонымен, үйірлі бастауыштың қалыпты жай бастауыштардан басты айырмашылығы өз ішінен мүшелік жіктерге сараланып бөлінетіндігінде. Олар бастауышың қызметі мен мағынасына бастауыш рөліндегі өз анықталушысының түсіп қалуы арқылы ие болған. Мысалы: Әлі жетпеген – құдайшыл (Ғ.Мұстафин). Бұл мысалда үйірлі бастауышқа анықталушылық қызмет атқаратын адам сөзі түсіп қалған. Сондықтан сөйлемдегі субъектілік мән оның үйірлі анықтауышына көшкен. Үйірлі анықтауыштардың осындай орынбасарлық қасиетінің арқасында ғана анықталушы түсіп қалады.

Үйірлі бастауышты аяқтап тұрған есімшелер не жалғаусыз, не көптік, не тәуелдік жалғауларының бірінде, кейде екеуінде де айтылады. Мысалы: Жиылып тұрғандардың арасында әлі де ашуы қайтпағандары нұқып кетіп жүр (Ғ.Мүсірепов). Үйірлі бастауышы – ашуы қайтпағандары – изафеттік формада қалыптасқан.

Түркі жүйелі тілдерінің грамматикалық құрылысында үйірлі баяндауыштар да бар. Бұлар үйірлі мүшенің басқа түрлеріне қарағанда көп емес. Қазақ тілі үшін үйірлі баяндауыш есім, етістікті тіркестерінен жасалады да, бастауыштың жай-күйін, кім? не? екенін көрсетіп тұрады.

Қ. Шәукенов: «Қазіргі қазақ тіліне үйірлі баяндауыштар күрделі мүшелердің қатарына жатқызылып жүр. Қазақ тіліндегі құрама баяндауыш дегендердің табиғатына жалпы үйірлі мүшеге қойылатын критерийлерге толық жауап беретін құрылыс бар», - деп, күрделі баяндауыш пен үйірлі баяндауыштың ұқсастық, айырмашылық жақтарын

көрсеткен [1, 82б.]. Күрделі баяндауыштар негізгі, көмекші етістіктердің құрамынан тұрады. Үйірлі баяндауыштар ылғи етістіктердің тобынан болмайды. Үйірлі баяндауыштың құрамындағы есім сөзі атау формалы болады да, одан кейін тетелес етістігі тұрады. Мысалы: Ол студент болған болар. Ғылыми еңбектерде күрделі баяндауыштар күрделі атаулар мен есімдерден, изафеттік тіркестегі есімдерден жасалатыны белгілі. Мұндай баяндауыштардың құрамынан бір компонентті алып тастауға болмайды. Ондай жағдайда ойдың ойды аяқтап, тиянақтап тұратын мүшенің мағынасы солғындап қалады. Сондықтан да бұл тіркестер топтанып, күрделеніп келгенде ғана баяндауыш бола алады. Бұл олардың бірінші ұқсастық жағы. Екіншіден, күрделі, үйірлі баяндауыштар бастауыштың жай-күйін кім? не? екенін көрсетіп, бір ғана сұраққа жауап беріп, сөйлемдегі ойды тиянақтап тұрады.

Үйірлі баяндауыштар атау формалы зат есім, есімдік, -ар, -ер жұрнақты есімшеге ілескен «еді» көмекші етістігінің құрамынан жасалады. Мысалы:

1. Осындай істі қолға алмай, көрмеген кісі болып сахараға қайтарып жіберу үлкен қателік болар еді.

2. Әйтпесе Сарымолла болар ма? (М.Әуезов)

3. Ал, ұзақ жолдан шаршап-шалдығып, жеті түнде келген қонаққа «бұнда апат» болып жатыр, «бұнда қонба» деген ол не болар еді?

Бірінші сөйлемді талдасақ, сабақтас құрмалас сөйлем. Бірінші екі жай сөйлем – жақсыз сөйлемдер де, соңғы басыңқы – жақты сөйлем. Осы құрмалас сөйлемнің үшінші компонентіндегі бастауыштың қызметін, жай-күйін білдіріп тұрған баяндауыштың құрамы «қателік болар еді» деген сөздердің тіркесі. Бастауыштың баяндауышпен тең дәрежеде екенін көрсетіп тұрған да қателік болар еді» деген сөздердің тобы. Ал қателік болар еді деген сөздердің тіркесі бастауыштың қызметін білдіреді дегенімізде, баяндауышты өз ішінен талдауға келетіндей дәрежеде түсінуге әбден болады. яғни қателік – бастауыш, болар еді – баяндауышы. Екінші мысалдан да осындай ерекшеліктерді байқаймыз. Бұл сөйлемнің бастауышы – ол, баяндауышы – Сарымолла деп түсінетін болсақ, онда бастауышқа қойылып жүрген критерий мен мағынаны бүзған болар еді. Өйткені бұл сөйлемде ойдың қазығы болатын сөз – ол Сарымолланы бастауыш болады десек, онда сөйлемдегі ой басқа мағынада қолданылған болар еді.

Есімше мен есім баяндауыштар атау формасында да, тәуелдеулі, септеулі түрде де және шылау сөз ертіп те келе алады. Көсемшелер өздерінің негізгі сипатына лайық ешбір жалғау да, шылау да ертпейді. Осы айтылғандарды нақтылау үшін, бірнеше мысал талдап өтейік: Қара жерге кірмей мен саған қатын болмаймын (І.Есенберлин). Басымыз бірігуге айналғанда іріткі салма. Шәйнектің бар қызылы таусылып самауырдағы қайнақсу сарқылғанда барып қана уһ деді (І.Есенерлин). Бұл сөйлемдерде қатын болмаймын – бастауыштық-баяндауыштық қатынаста қолданылған, екінші сөйлемде іріткі салма – идиомаланған тіркес, үшіншідегі – уһ деді деген құранды етістік, құранды етістіктің негізгі сыңары – есім сөз немесе еліктеу сөздерден құралады. Бұл да өз ішінде сөйлемде үйірлі мүшені құрайды.

Үйірлі баяндауыштың құрамында етістік пен есімдіктің болуы мүмкін. Мысалы: Жоқ, иесі өзіміз болдық. Бұл сөйлемнің баяндауышы – өзіміз болдық. Бұлар да объект-предикаттық қатынаста тұрған сияқты. Бірақ синтаксистік қызметіне байланысты олай қарай алмаймыз. Олар бір ғана сұраққа жауап берген үйірлі баяндауыштар.

Үйірлі баяндауыштар есім мен күрделі етістіктердің тобынан жасалады. Мысалы: Мен геолог – барлаушы боламын, Асқар мұғалім еді. Мұндағы бастауышымызы – мен, ал баяндауышымыз – геолог- барлаушы боламын. Барлаушы боламын – үйірлі баяндауыш қызметінде. Жеке алғанда «барлаушы боламын» деген жай сөйлем түрінде келгенде тұрлаулы мүшелерге талданатын еді, ал бұл жағдайда ол сөйлемдегі ойды аяқтап тұр. Осы баяндауыштағы негізгі мағына есім сөзде, өйткені ол атау формалы әрі

бастауышпен бірдей тұлғада тұр. Геолог - барлаушы боламын деген тіркесі өз ішінен талдауға келетіні көрініп тұр. Яғни, геолог-барлаушы – бастауыш, боламын – баяндауыш. Алайда сөйлем ыңғайында бұлай емес, олар тұтас оңашаланған мәнді үйірлі баяндауыш болады.

Үйірлі баяндауыштың құрамында етістік пен есімдіктің болуы мүмкін. Мысалы: Жоқ, иесі өзіміз болдық. Бұл сөйлемнің баяндауышы – өзіміз болдық. Бұлар да объект-предикаттық қатынаста тұрған сияқты. Бірақ синтаксистік қызметіне байланысты олай қарай алмаймыз. Олар бір ғана сұраққа жауап берген үйірлі баяндауыштар.

Профессор С.А.Аманжолов «Қызметі жағынан үйірлі мүшенің күрделі мүшеден аясы анағұрлым кең. Үйірлі мүшеде предикаттық қасиет бар» дегенді айтады [2, 56б.]. Бұл пікірді Қ.Шәукенов қостай отырып, «предикат қандайда болса субъектіні керек еуі мүмкін немесе меңгеріле байланысқан басқа сөзді талап етеді» деп толықтыра түседі. Қазақ тіліндегі кейбір үйірлі баяндауыштардың салыстырмалық мағынаны да білдіре алатынын мысалдар арқылы көрсеткен. Мысалы: Құрыш денелі күш, көліктер кең алқапты аңыздай қайтады, қаһарлы жел қалтырап, көк сілкінгендей (А.Тоқпанов). Бұл сөйлемде екі жай сөйлем бар. Біріншісі – құрыш денелі күші, көліктер кең алқапты аңыздай қайтады; екіншісі – қаһарлы жел қалтырап, көк сілкінгендей. Соңғы сөйлемде екі жай сөйлем бар сияқты. Бірақ қаһарлы жел қалтырап деген де, көк сілкінгендей деген де жеке-жеке алғанда, өз алдына құрмалас сөйлемді құрайтын компонент емес. Өйткені тұтас сөйлемдегі ойға «жел» сөзі де, «көк» сөзі де бастауыш бола алмайды. Құрмалас сөйлемнің соңғы компонентіндегі бастауыш – қаһарлы деген сөз. Бұл бастауыштың қызметін көрсетіп тұрған сөздердің тобы – жел қалтырап, көк сілкінгендей деген тіркестер. Сырт қарағанда осы тіркестің өзі құрмалас сөйлем сияқты. Алайда, сөйлемдегі ойға, түсінікке байланысты, мұны құрмалас сөйлем ретінде ұғынбаймыз, тек сөйлемнің үйірлі мүшелі баяндауышы ыңғайында қолданамыз.

Міне, жоғарыдағы баяндалған ерекшеліктерді ескергенімізде, үйірлі баяндауыштар есім, етістік құрылысты болады да, құрамындағы есім сөзі атау формада тұрып, етістікпен жақтасып, екеуі бірігіп, бір ғана бастауыштың қызметін көрсетеді, білдіреді.

Көркем шығармалар стиліндегі үйірлі баяндауыштар есім, етістікті тіркестерден жасалады да, бастауыштың жай-күйін, яғни кім, не екенін білдіреді. Мысалы: Ойнауға болмайды алыптарменен, Ұлы адамдар ұлы өзендер секілді. (М.Шаханов). Қайсар, тентек көктемгі өзен секілдімін кейде мен (сонда).

Бұнда іштей бастауыштың баяндауышпен тең дәрежеде екенін көрсетіп тұрған «ұлы өзендер секілді, көктемгі өзен секілдімін» сөздер тобы. Осы сияқты үйірлі баяндауыштар ақын шығармаларында көптеп кездеседі, тіпті үйірлі бастауыштар мен үйірлі баяндауыштардың бірге келуі сияқты құбылыс та бар. Мысалы: Байқаймысың

Мына ғажап тамашаны: Бір адамға байланысты, Бір адамның болашағы (М.Шаханов).

Үйірлі мүшелі баяндауыш -ғандай, -гендей жұрнақтары жалғанған етістіктің бастауышы жіктеу есімдігі болып келіп жасалатынын байқауға болады. Мысалы: Есіркеп тұратын үйдің іші сіз көргендей емес (С.Мұқанов). Сіз көргендей емес – үйірлі баяндауыш.

Есімдер мен етістіктерден құралған құрама баяндауыштармен қатар, тілімізде үйірлі баяндауыштар да кездеседі. Мысалы: Кәсібі – ағаш шабу. (Б.Майлин). Асқар сағатқа қараса, сағат түнгі тоғыз болып қалған екен (С.Мұқанов). Осы сөйлемдердегі ағаш шабу – ағашты шапты; тоғыз болып қалған екен – тоғыз болды дегендермен салыстырғанда өз ішінде предикаттық қатынаста тұрып, үйірлі мүше қызметін атқарады. Тағы бірнеше мысал талдап өтейік: Ол музыканы, ән-күйді жақсы көретін әйел еді. Амантай мен Тұяқ жас кезінде егіз қозыдай еді (С.Мұқанов). Әйел еді, егіз

қозыдай едік дегендер де предикаттық қатынаста, көмекші етістігі тіркесу арқылы өткен шақық мағына беріп, сөйлемде үйірлі баяндауыш қызметін атқарып тұр.

Көркем шығарма тілінде үйірлі баяндауыштардың қолданысы ерекше. Оны мына мысалдардан көреміз: Қара жерге кірмей мен саған қатын болмаймын. Басымыз бірігуге айналғанда іріткі салма (І.Есенберлин). Осы сөйлемде қатын болмаймын, іріткі салма деген сөздер тіркесіп, интонациялық жақтан бастауыш-баяндауыштық қатынаста үйірлі баяндауыш болып, іс-әрекетті ерекше көрсетіп тұр.

Әдебиет:

1. Шаукенов Қ. Үйірлі мүшелер, оларды оқыту методикасы. – Алматы: 1991. -128 бет.
2. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі ғылыми синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы: Санат, 1994. - 319 бет.
3. Балақаев М., Қордабаев Т. Қазіргі қазақ тілі грамматикасы. Синтаксис. - Алматы: Мектеп. 1971. - 350 бет.

УДК 81.255

ОСОБЕННОСТИ КАНЦЕЛЯРИЗМОВ ПРИ ПЕРЕВОДЕ АНГЛОЯЗЫЧНОЙ КОММЕРЧЕСКОЙ ДОКУМЕНТАЦИИ

Жаркенова С.С.

(СКГУ им. М. Козыбаева)

Каждый, хоть немного разбирающийся в коммерческой документации, с легкостью заявит, что канцеляризм – составляющая ее часть. Актуальность данной темы обусловлена возрастанием роли деловой коммуникации на современном этапе развития общества в целом. Деловая коммуникация и корреспонденция как одна из ее форм обеспечивают разнообразные области человеческой деятельности. В данной статье рассмотрены особенности передачи канцеляризмов при переводе коммерческой документации. Прежде чем рассматривать канцеляризм, следует остановиться на изучении коммерческой документации, на характеристике ее стиля.

Следует выделить в нашем исследовании общие черты официально-деловой речи:

1) Для официальной речи характерно широкое использование тематически обусловленных специальных слов и терминов (юридических, дипломатических, военных, бухгалтерских, спортивных). Стремление к краткости обуславливает обращение к аббревиатурам, сложносокращенным наименованиям государственных органов, учреждений, организаций, обществ, партий (ВДВ, МЧС, ВВС, Минздрав), а также к сокращениям. Как видно из примеров, в числе их немало новых слов, эта часть лексики постоянно обновляется, пополняется.

2) Деловые тексты отличаются употреблением слов и выражений, не принятых в иных стилях (вышеуказанный, нижеследующий, вышеперечисленный, надлежащий, воспрещается, мера пресечения, содеянное, наказуемость). К ним (вносятся устойчивые словосочетания: кассационная жалоба, акт гражданского (состояния), акт неповиновения, подписка о невыезде. Регулярное употребление таких слов и выражений, не имеющих синонимов, способствует точности речи, исключает инотолкования.

3) Прилагательные и причастия в деловой речи часто употребляются в значении существительных (больной, отдыхающий, нижеподписавшиеся), продуктивны краткие

формы прилагательных (должен, обязан, обязателен, необходим, подотчетен, подсуден, ответствен). Обращение к ним диктуется предписывающим характером деловой речи.

4) Показателен отбор местоимений в деловой речи: здесь не употребляются личные местоимения я, ты, он, она, они (в силу полного отсутствия индивидуализации речи, конкретности, точности высказывания). Вместо указательных местоимений (этот, тот, такой) используются слова: данный, настоящий, соответствующий, известный, указанный, вышеуказанный, нижеследующий. Совсем не находят применения в деловой речи неопределенные местоимения (некто, какой-то, что-либо).

Не стоит забывать о том, что для каждого стиля характерен определенный язык речи. Для характеристики глаголов в официальной речи также важен именной ее строй: это определяет высокую частотность глаголов-связок (является, становится, осуществляется), замену глагольного сказуемого сочетанием вспомогательного глагола с существительным, называющим действие (оказывать помощь, проводить контроль, осуществлять заботу).

Естественные в деловой речи, вне ее канцеляризмов становятся чужеродными и нежелательными. Некоторые из неархаично торжественны: вышеназванный, поименованный, надлежит, взимать, возыметь действие, истребовать, препроводить, таковой, податель сего. Другие свойственны речи современных чиновников и деловито будничных: задействовать, проговорить (в значении «обсудить»), озадачить, заслушать, подвижки, наработки, конкретика. Строго мотивировано содержанием и сферой речи должно быть использование таких существительных, как заказчик, сторона, владелец, доверитель, клиент, лицо, а также прилагательных и причастий, в том числе субстантиватор докладная, вакантный, потерпевший, накладная, исходящий, суточные, наречий типа незамедлительно, безотлагательно, безвозмездно, глаголов-связок являться, быть, имеется. Придают и усиливают канцелярскую окраску речи отглагольные существительные с суффиксами -ени, -ани, -ат, -ут, например, устранение, начинание, нахождение, взятие, изъятие, исполнение, несуффиксальные типа угон, отгул, прием, наем, пошив, надзор, а также слова с приставками не-, недо-: невыполнение, обнаружение, неимение, недопоставить, недопущение, невыявление.

Яркой официально-деловой окрашенностью отличаются и особые служебные слова – сложные отыменные предлоги – за счет, в адрес, в части, по линии, на основании. Например, в связи с истечением срока действия договора, согласно распоряжению, в случае несвоевременной оплаты, в результате изучения, а также союзы: в силу того, что; несмотря на то, что; благодаря тому, что; а именно; равно как; а равно.

Как говорилось выше, употребление канцеляризмов связано с так называемым «расщеплением сказуемого», то есть заменой простого глагольного сказуемого сочетанием отглагольного существительного со вспомогательным глаголом: вместо растет – происходит рост, вместо усложняет – приводит к усложнению. Это приводит к усложнению, запутыванию учета и увеличению издержек, а лучше написать: Это усложняет и запутывает учет, увеличивает издержки. Употребление глагольно-именных сочетаний иногда усиливает выразительность речи. Например, сочетание «принять горячее участие» лучше, чем глагол участвовать.

Однако при стилистической оценке этого явления нельзя впадать в крайность, отвергая любые случаи употребления глагольно-именных сочетаний вместо глаголов. В официально-деловом стиле закрепились глагольно-именные сочетания: объявить благодарность, принять к исполнению, наложить взыскание (в этих случаях глаголы поблагодарить, исполнить, взыскать неуместны).

Коммерческая документация представляет большой интерес с лексикологической точки зрения. Официально-деловой стиль характеризуется высоким регламентом речи, официальностью и безличностью [1]. Словарный запас документации имеет собственные специфические особенности. Прежде всего, лексика довольно устойчива. Как правило, слова имеют единственное точное значение. Нет слов с эмоциональной окраской. Ввиду этого можно перечислить слова, которые фактически присутствуют в каждой документации.

Whereas (принимая во внимание) выражает любую мысль человека относительно того, как контракт начинается. Нужно быть осторожным в использовании “whereas” и не путать с “whereas”. Еще одно составное слово с наречием “where” (где-то) означает в тексте контракта “**whereby**” (посредством чего), подразумевает “by which” (который) и относится к существующему контракту. Можно привести такой пример, We have concluded the present contract whereby it is agreed as follows. (Мы заключили существующий контракт, посредством чего это согласовано следующим образом.) **It is understood and agreed** (это понято и согласовано). С одной стороны, это обычно ничего не добавляет, потому что каждый пункт в коммерческой документации – обоснованный, понятый и согласованный. С другой стороны, фраза показывает, что другие пункты не поддержаны этой фразой. Включая одно, приходится исключать другое. Например, The prices in this contract are understood and agreed upon. (Цены в этом контракте поняты и согласованы.) **Solely on condition that** (Исключительно при условии, что) – это одна из тех фраз, которые можно использовать чаще, чем ее короткие копии. Кто-то может спросить: «Почему бы не использовать if вместо этой фразы?» If само по себе реализует только возможность открытых непредвиденных обстоятельств. Стиль исключает, как правило, сложные конструкции. Каждую новую мысль следует начинать с абзаца. Все слова пишутся полностью, за исключением общепринятых сокращений [2, с. 187]. Также в словаре коммерческой документации используется много иностранных слов, прежде всего, латинских, таких как **prorata** (пропорционально) и **paripassu** (наравне).

Перевод договоров и контрактов имеет свои особенности, к которым относятся особые построения предложений, специфическая лексика, наличие лексических шаблонов, которые должен знать переводчик для осуществления качественного и правильного перевода. Переводчику юридических документов необходимо знать сроки выполнения заказа, предпочитаемый заказчиком перевод названий сторон, вступающих в договорные отношения, имен собственных, формат и назначение перевода. При переводе договоров и других юридических документов необходимо учитывать особенности составления юридических текстов и придерживаться установленных правил их написания. Основная цель деловой речи – определить условия, которые обеспечат нормальное сотрудничество двух сторон, то есть цель деловой речи – достигнуть договоренности между двумя заинтересованными сторонами. Это относится и к деловой переписке между представителями различных фирм, и к обмену нотами между государствами, и к установлению прав и обязанностей солдата, записанных в военном уставе английской армии, и к процедуре совещаний. Все эти отношения находят то или иное выражение в форме официального документа – письма, ноты, договора, пакта, закона, устава и так далее. Даже те документы, в которых не выясняются условия договоренности, а выражается протест против нарушения этих условий, связаны с основной задачей деловой речи – достижение договоренности между двумя и более заинтересованными лицами или организациями.

Большая часть предложений коммерческой документации написана в страдательном залоге. Приведем несколько примеров: 1. All the Cylinders **shall be delivered** in one batch. (Все цилиндры **должны быть доставлены** одной партией.)

2. The total price of the 16 Cylinders **hereunder to be paid** by the Buyer to Seller shall be US\$ 152,000.00. (Общая сумма 16 цилиндров, **которая должна быть оплачена** Покупателем, составит 152 000 долларов США.) 3. Hard drive or flash drive copy of the Cylinders Quality Assurance Documentation for the Cylinders that **were delivered**. (Копии документов гарантии качества цилиндров на жёстком диске или на флэш-накопителе, которые **были доставлены**.)

Из исследований мы можем дать точное определение понятию «канцеляризм». Канцеляризм – слова и словосочетания, употребление которых характерно для юридических документов и которые закреплены в административно-канцелярской речи; канцеляризмы – устойчивые многокомпонентные структуры. Как вы, вероятнее всего, уже поняли, они придают выражению официально-деловой характер. Что именно относится к канцеляризмам? К канцеляризмам относятся как отдельные слова с окраской разобранного выше официально-делового стиля (уведомление, ходатайствовать, именуемый, надлежит), так и синтаксические конструкции, построенные по определенным моделям («цепочка» форм родительного падежа существительных, например: деятельностью, не преследующей цели получения прибыли; выяснение условий совершения преступления; сочетание существительного с делексикализованными глаголами, например: оказывать помощь, вместо помогать, проводить контроль, вместо контролировать).

Употребление канцелизмов в несвойственном им стилевом контексте (не в официально-деловых текстах) без стилистического задания является речевым недочетом, получившим название «канцелярит» [3, с. 119]. Сегодня канцелизмы как спутники командно-бюрократической системы, как наследие предшествующей эпохи сдают свои позиции в публичных выступлениях, в текстах СМИ из-за общей «боязни громких слов», благодаря отказу от подчеркнута книжных конструкций, в частности от глагольно-именных оборотов, служивших неотъемлемой принадлежностью официально-делового, научного и вообще официального языка [4, с. 160].

Перевод канцелизмов также дается не просто, как и само их употребление. Например, слово «данный». Это слово очень часто встречается в различных описаниях и обзорах. «Данный телефон...», «Данная программа...» иной раз так начинается каждый второй (а то и первый) абзац обзора. Почему бы просто не написать: «Этот телефон», «эта программа»? Русский глагол «является» - аналог английского to be. Его употребление в русском выглядит как плохой перевод с английского. И хотя это слово в русском языке практически не нужно, у него достаточно много поклонников. Достаточно сравнить: «Этот город является лучшим в мире» и «Этот город – лучший в мире». При переводе на английский язык, это будет выглядеть так: This town is the best in the world [5, с. 407].

Исходя из результатов данного исследования, можно сделать вывод, что в текстах официально-делового стиля используются следующие языковые средства для достижения точности и объективности: отказ от использования личного местоимения «я»; использование главным образом нейтрального порядка слов, отказ от экспрессивных моделей построения предложения. Отмечается повышенная частотность имен существительных, в том числе отглагольных, и в наличии сложных, состоящих из нескольких компонентов словосочетаний (многие из которых образуют устойчивые словосочетания, употребляются как штампы). Таким образом, это совокупность стандартов письменной речи, необходимых в официально-деловых отношениях, без которых этот стиль будет уже иным. Это равносильно тому, если художественные произведения лишить сравнений, олицетворений и вовсе рифмы. Или же в научном стиле убрать все гипотезы. Следовательно, канцелизмы являются необходимым структурным элементом любого делового текста.

Литература:

1. Гальперин И.Р. Стилистика английского языка. / И.Р. Гальперин - М., 2003. - 336 с.
2. Николай Владимирович Адамчик. Самый полный курс русского языка - Минск: Харвест, 2008. - 848 с.
3. Чуковский К.И. Живой как жизнь (О русском языке). - М., 1963. - 350 с.
4. Колтунова М.В. Язык и деловое общение. Нормы, риторика, этикет. - М., 2000. - 305 с.
5. Культура русской речи. Учебник для вузов / под редакцией Граудиной Л.К. и проф. Ширяева Е.Н. - М.: Издательство НОРМА, 2000. - 560 с.

ӘӨЖ 81.01

ҚАСЫМ АМАНЖОЛОВТЫҢ МАЙДАН ТАҚЫРЫБЫНА АРНАЛҒАН ОТТЫ ЖЫРЛАРЫ

Жумабаева А.Ж.

(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Қасымның поэзиясының сөз еткенде ең алдымен оның майдан тақырыбына арнап жазған отты жырлары ойымызға оралады. Дәл Қасым сияқты қанды қырғын соғыстың қасіретін, майдан даласының суретін, жау оғымен жағаласқан жауынгердің бейнесін, оның асыл арманы мен тәтті сағынышын, жүрегіннің кекті зілі мен сезім бұлқынысын таза да табиғи қалпында шынайы суреттеген ақындар қазақ әдебиетінде саусақпен санарлықтай. Соғыс туралы сөз болғанда қазақ оқырманының көз алдына ең алдымен Қасым жасаған образдар мен бейнелер елестейтіндігі де сондықтан.

Әсіресе, ақынның «Орал» атты лирикалық туындысын оқығанда ғажап музыка тыңдағандай күйге түсесіз, өлеңнің әр жолынан майданға кетіп бара жатқан жас жауынгердің жүрек дірілін жан-жүйкемен сезінгендей боласыз. Жауынгердің туған топырағымен қоштасатын сәті тұла бойыңызды еріксіз тітіркентіп, соғыстың қасіретін өз арқаңызбен сезінгендей күй кешесіз:

Оралым шықтың алдымнан,
Оралым менің Оралым,
Қол созып қызыл вагоннан,
Үстіңнен өтіп барамын.

Қимастық сезіммен басталған ақын өлеңдерінің әр жолы жүректегі сағыныштың нәзік пернелерін қалай-қалай дәл басады десеңізші. Өлең сиқыры жан-дүниенді баурап алып, ұлы сезімнің құдіреттей күшіне еріксіз елегзи бересің.

Оралым сенің қойыңда,
Ойнақтап өткен жылдарым.
Жарқылдап Жайық бойында,
Достармен сайран құрғамын.
Шағанның бойы көк шалғын
Шалқамнан жатқам шаңқай түс
Гүл болып менің құшағым,
Кеудеме қонған бұлбұл құс [1, 149 б.].

Міне, шеберлік! Ақын сезімімен астасып жатқан сурет қандай! Өлеңді әрі қарай оқығанда өртке тиген дауылдай сезім құйыны жаныңды балқытып, тұла бойыңды тебіrentіп, жүрегің атша тулап қоя береді. Құйылып түскен мөлдір де, таза лирикадан ақын жүрегіннің аяулы да, аянышты лүпілін естігендейсіз. Қаймағы бұзылмаған қазақ ауылының келбетін көзіңізбен көргендей әсер аласыз.

Құлақ салып көрсек:

Өмірдің алтын кесесін,
Тосқамын айдың нұрына.
Кешкенмін Совет көшесін,
Кеудемді ашып құрбыма.
Сонау бір шетте, сонау үй,
Кетер ме, сірә көңілден?
Алушы ед тартып мені ылғи,
Махаббат жастық лебімен.

Талантты ақындардың поэзиядағы қабілет-қарымын айқындайтын көрсеткіш шынайы сезім ғана емес, ерекше ойлау өнері. Ерекше ойлау қабілетінен айырылған поэзия қанша көркем, қанша шынайы болса да көп жағдайда оқушының жүрегін шын тебіренге алмай жатады. Поэзия сұлу сөздің сыңғыры ғана емес. Шынайы суреткер ерекше ойлау қабілеті арқылы өлеңдеріндегі әр жолға жан бітіріп, әр сөзді жүрек қалауымен ойната алады. Қасымды оқығанда ақын өлеңдерінің табиғатының ең алдымен осы ерекшелік көзге ұрып тұрады. Шынайы сезіммен суғарылған ақынның ерекше ойлау мәнерінің дамығаны сондай, өлеңді оқу барысында алған алғашқы әсеріңіз соңына шейін бір суымайды. Қайта керісінше күшейе түсіп, шарықтау нүктесіне жетеді. Тіпті, өлеңді оқу үстінде ақын жасаған бірнеше лирикалық шегіністі түк байқамай қаласыз. Өлеңді соңына шейін тұтас оқып көрсек:

Терезе алды – жас терек,
Тұр екен кімдер сүйеніп?
Жүр екен кімдер еркіндеп,
Жүрегін ұстап үйге еніп?
Сағындым сені, Оралым,
Күндер жоқ бейбіт бұрыңғы.
Келгенше қайта оралып,
Алып қал осы жырымды.

Құйылып қалған шыншыл да сұлу лирика емес пе? Тәтті арман, тамылжыған табиғат көрінісі, адал сертке қайралған махаббаттың беріктігі, жүрегінді елжірететін ақын сезімінің шынайылығы, ойының тереңдігі мен өмірлік ғазиз арманы осы шағын жырға шыны таза қалпында қалай сиып кеткен десеңізші.

«Қанқұйлы жау»(1943), «Ұлы отан соғысы туралы жыр» (1943), «Ғабдолға» (1943), «Подполковник Әлпинге» (1944), «Мартбек» (қарағанды шаһтеры, Совет Одағының батыры Мартбек Мамыраевтың жауынгерлік өмірінен үзінді.1944 –жылы жазған), «ұлы күтіс», «қапанға» (1944), «үстімде сұр шинелім» (1944), «Сен фашиссің, мен қазақпын» (1944), «Соғыстың, қыстың ызғары» (1944), «1945 жыл» (1945), «Қалмақанға» (1945), «Достар, қайда жүрсіндер» (1945), «Жылқыайдар»(1945), «Қызғалдақ» деген өлеңдер майдан тақырыбына арналған.

Қасым Аманжоловтың майдан тақырыбына арнап жазған жырларын әңгімемізге арқау еткеннен кейін, оның «Абдолла» поэмасына тоқталмай кете алмайтындығымыз ақиқат.

Әрине, бүгінгі күннің таразысына салғанда поэманың «әттеген-айларының» бар екендігін де жасырғымыз келмейді. Бірақ бұл поэма үшін үлкен мін емес. Қасым, жау оғының ортасында жүрген өжет ақынның образын қарама-қайшылықты, Өмір мен Өлім атты драмалық қақтығыстың үстінде керемет шеберлікпен ашқан. Бұл қырғын соғыстың, жолбарыстай жау отымен жағаласқан жауынгердің бейнесін ғана сомдаған поэма емес, бұл шын мәнісінде ақын Әбділдә Тәжібаев айтқандай «батырдың қанымен жазылған, әр сөзі оқ боп атылып, от боп шашылып тұрған оптимистік трагедия. Өлімді жеңіп өлген намысты жауынгердің өшпес образы, ерлік шені». Соғыс кезінде

жазылған, әлеуметтік мәні зор осы шындағанын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Ақынның «Абдолла» поэмасы өз кезеңі үшін әдебиеттегі үлкен құбылыс болды.

Поэма туралы алғаш пікір білдірген қазақ әдебиетінің классик жазушысы Ғабит Мүсірепов еді. Ол өзінің «Майданнан соққан жаңа леп» атты әйгілі мақаласында, поэманың басты ерекшеліктеріне тоқтала келіп, былай деп жазды:

«Қазақ әдебиетінде Қасымның ағасы да бар, інісі де бар, құрдасы да бар. Солардың ішінен Отан соғысының тақырыбына жазамын деушілердің бәріне де «Абдолла» жаңа бір қырқаны меңзейді. Жаңа тақырыпты жақсылап жазайық дейді. Қасымның ең бір жете ұғынатын жақсы ойы осында. Қасым поэмасын жете ұғынған келсе мұнда көп нәрсенің дұрыс бейнесі көрсетілген. Сонымен бірге, сол бейнелерді қалай көрсету керектігін де анықтап кетеді» [2].

Неміс-фашист басқыншыларына қарсы соғыста ерлікпен қаза тапқан қазақ ақыны Абдолла Жұмағалиевтің образын сомдау үстінде Қасым соғыс даласының суретін көз алдыңызға елестететін полотно жасаған. Поэмада бір артық деталь жоқ. Әр теңеу, әр бояу өз міндетін атқарып Абдолланың өжет болмысын, қайсар рухын көрсетуге, образын ашуға қызмет етіп тұр.

Өмір гүлін жаншып, таптап,
Шаштан сүйреп махаббатты,
Жерімізде жындай қаптап,
Найзаға іліп ар-ұятты, -
Келе жатты сұм жендеттер,
Жиіркеніп,
Жиырылды жер.
Жауға тамшы татырмастай
Буырқанып тасты өзендер.
Ашулы жел ащы даусы
Тұндырғандай жау құлағын [3, 226 б.].

Жындай қаптап, махаббаттың өзін шашынан сүйреп келе жатқан жендеттерді көз алдыңызға елестетіңізші. Жаныңыз тітіркеніп, тұла бойыңыз түршікпей ме... Ақын жендеттердің образын ашу үстінде керемет теңеулер таба біледі. Аз сөзге көп мағына сыйғызу үшін белгілі бір дерексіз ұғымды заттандыруға немесе заттандыра отырып жандандыруға жиі барады. Махаббат - дерексіз ұғым. Ақын оны заттандырады және жандандырады. Ақын суреттеуінде оның шашы бар екен адамдікі сияқты. Көзге нақты сурет елестейді.

Құдірет күші жер-жаһанның!
Қанатын бер қыран құстың,
Ашуын бер арыстанның,
Жүрегін бер жолбарыстың!
Күллі әлемнің ашу-кегі,
Орна менің кеудеме кеп!
Жау жолына атам сені,
Бомба бол да, жарыл, жүрек!
Бар арманым, асқар тауым,
Көтеріл, ел, намыс туы!-
Деп ер ұлан бақты жауын,
Жарқ-жұрқ етіп жан ашуы [4, 228 б.].

Ақын жауға қарсы намысын қайрайды. Өзін жаудан кек қайтаруға, қарсы тұруға жігерлендіреді. «Жүрегін бер жолбарыстың! Күллі әлемнің ашу-кегі, Орна менің кеудеме кеп»-дейді. Жауға қарсы жолбарыстай қайратты болуға ұмтылады.

Қанды пышақ-жау күлкісі

Қақ жарғандай түн жүрегін,
Шошып ұшты орман құсы,
Көл күрсініп алды демін.
Қызғыш болып қызғанышы,
Қимай көлге жау арнасын,
Жалын шарпып дем алысы,
Құшып жерін, сүйіп тасын,
Жүрегіндей сол аймақтың
Алас ұрды намысты ұлан.
Ащы зары махаббаттың
Естілгендей күйінді жан.
Кеуде кегі, жан ашуы
Кетті шығып от өзектен...[3, 228 б.].

Ақын жауға деген намыс пен ызасын өте бейнелі жеткізген. Нақтырақ айтсақ, сөзбен сурет салған. Жау күлкісі-қанды пышақ; Ол қанды пышақ түн жүрегін қақ жарғандай болады (Шындығында түнде жүрек бола ма?); Көл демін күрсініп алады (Шындығында адам ғана күрсінбей ме?); Дем алысынан жалын шарпыйды (Асыра әсерілеу бар. Жалын оттан ғана шақпай ма?); Сондай-ақ өзегі от болып өртеніп жатыр. Осы келтірілген өлең жолдарының барлығы да көркем бейнеге құрылған. Ақын сөзбен сурет салу арқылы жауға деген өшпенділігін жеткізген. Сол арқылы халықты жауға қарсы үндейді.

Поэма туралы кезінде көп әңгіме болып, ол туралы орыстың белгілі ақын-жазушылары Н.Тихонов пен Л.Соболев, сондай-ақ қазақ әдебиетінің үлкен ақындары мен жазушыларының көбісі өз пікірлерін білдірген.

Әдебиет:

1. Аманжолов Қ, Нұрлы дүние. – Алматы: 1991.
2. Мүсірепов Ғ. Майданнан соққан жылы леп. – Алматы: 1998.
3. Аманжолов Қ, Дариға, сол қыз. – Алматы: 2006. – 255 б.
4. Әбдірахманова Т.Қасым Аманжоловтың поэтикасы. – Алматы: 1976. – 298 б.

ӘӨЖ 81.01

МӘШҺҮР ЖҮСІП МҰРАСЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ДӘСТҮР

Қадыров Ж.Т., Шәріпбай Ә.С.
(*М. Қозыбаев атындағы СҚМУ*)

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларының фольклормен байланысы болуы – заңды құбылыс. Мәшһүрдің ауыз әдебиетіне жақындығы дастандарынан ғана емес, оның арнау өлеңдерінен, шешендік сөздерінен, мысал өлеңдерінен, фольклорлық жанрлар аясында шығарма тудыруынан да көзге түседі. Оның айтыс жанрына жататын өлеңдері де фольклормен сабақтасады. Сондай-ақ ақынның ел мүддесі, халық тұрмысы жайлы шығармалары да фольклормен ұштасады.

Қазақтың әдеби мұралары әуелден ауызша дүниеге келіп, ауызша тарағандықтан бүгінгі күнге дейін ұлттық әдебиетіміздің осы бір түрі өз құнын жоймай ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді.

Ертегі, жырмен терең сіңірілген халықтың бай ауыз әдебиетіне жете көңіл бөліп, мұраның ұмыт болып қалу қаупі бар екенін сезініп, ерінбей жинап, ұрпағына азық еткен ақынның өз шығармаларына халықтың баға жетпес, ғасырлар бойы кемелдену, жетілу үстіндегі ауыз әдебиеті ықпал етті.

Бұл жөнінде зерттеуші ғалымдардың: «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мысалдарына тән бір ерекшелік – олардың сюжеттерінің дені сонау фольклордан бастау алып, әлем халықтары әдебиетіне кеңінен тараған ежелгі танымал мотивтерден тамыр алуы. Ортақ сюжетке жазыла беретін мысал жанрының типологиялық дәстүрін сақтай отырып, қаламгер өзіндік ақындық қуатпен, стильдік ерекшелікпен көрінуге тырысқан. Мәселен «Қасқыр мен тырна» жайындағы мысал И.Крылов пен А.Байтұрсыновта да бар. Бірақ А.Байтұрсынов ортақ сюжет желісін шығармасына арқау етіп қана қоймай одан өзіндік пікір түйіп, оны ортаға салса Мәшһүр тырна мен қасқыр арасындағы болған жайды жалпылама баяндап қана қойған. Бұны – айтылмыш ақынның өзіне тән стиль ерекшелігі десек те болады. «Аңқау адам туралы», «Сәйгелді, сона, бөгелек туралы», «Жыл он екі ай» секілді мысалдары бұл пікірімізді растай түседі», - деген тұжырымдары дәлел.

Т.Тебегенов өзінің «Ақындық поэтикалық тіл және Нартай шығармаларының тілі» атты зерттеуінде: «Қазақтың халық поэзиясындағы өлең өрнектерінің көркем тіл ерекшеліктері жалпы дүниежүзілік поэзияға тән қасиеттерімен сабақтастырыла қарастырылады. Яғни, халық поэзиясының тілі (теңеу, метафора, кейіптеу, аллегория, символ), құрылыс жүйесі (ырғақ, тармақ, бунақ, буын, ұйқас), өлшем-өрнектер (өлеңнің буындық өлшем үлгілері, шумақтық ұйқастардың түрлері) жалпы қазақ поэзиясының байырғы фольклорлық, дәстүрлі жыраулық-ақындық түрлері дамуының бір-бірімен тығыз байланыстығы сипаттарымен танылады» [1], деп көрсетеді. Ғалым бұл ойын М.Әуезовтың «Фольклор и традиции» деген еңбегіндегі «..если в профессиональной литературе исторически выработались определенные художественные навыки, то тем более свои художественные навыки развилась и укрепились в многовековом устном поэтическом творчестве народа.

Ақын шығармаларында елеулі орын алған ауыз әдебиетінің көне саласының бірі – тұрмыс-салт тақырыбында жазған өлең-жырлар.

М.Ж.Көпейұлының шығармаларындағы фольклорлық дәстүр көрінісіне келер болсақ, алдымен арнау өлеңдеріне тоқталуға болады. Себебі ақынның арнау өлеңдерін ауыз әдебиеті жанрымен сабақтас екендігіне көз жеткізуге болады. Қазіргі әдебиеттану ғылымында арнау өлеңдерінің жанрлық табиғаты сараланып, оны басқа жанрлардан ажырату мәселесі шешімін тапқан, оның өзіндік ерекшеліктерін байыпталған. А.Байтұрсынов, Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов, З.Ахметов, Р.Бердібаев, Б.Кәрібозов, М.Мырзахмет еңбектерінде арнау өлеңдердің қазақ поэзиясы жанрларының бірі екені айтылады.

Қазақ халқының бай фольклорын бастап бүгінгі күнгі әдебиетіміздің мол саласы болып отырған арнау өлеңдері Мәшһүр мұрасында да кездеседі.

Қай халықтың болсын поэзиясында бір-біріне ұқсас жанрлық түрлердің тууы, қатар өмір сүруі - әдеби процестегі табиғи құбылыс. Сондықтан да болар қазақ поэзиясының жанрлық түрінің бірі – арнау өлеңдері толғау, терме, жоқтау және т.б. жанрларымен қатар, кейде синоним ретінде қолданыла береді.

Әдебиеттанушы ғалым Қ.Жұмалиев: «Арнаулар – біреуге немесе көпшілік қауымға бағыштай жырланады,» - [2, 238 б.] деп арнау өлеңдерінің жанрлық ерекшелігін айқындаса, М.Мырзахмет: «Арнау өлең – поэзия жанры. Әрбір заман тудырған арнау өлеңдерінің идеялық мазмұны сол өлеңді тудырушы ақынның өмір сүрген саяси-әлеуметтік ортасымен тікелей байланысты,» - [3, 91 б.]деп, ал З.Ахметов:

«Арнау өлең – белгілі бір адамның бейнесін, мінез-сипатын суреттеу мақсатымен жазылған дербес поэзиялық туынды,» - [4, 35 б.]деп анықтайды.

Арнау өлеңдерінің тарихы тереңде жатқанын, оның қазіргі әдебиетте де жалғасын тауып отырғандығы жайлы пікірді К.Сейдаханов еңбегінде кездестіреміз: «... өзге ұлттар поэзиясында жанрлық түр ретінде қалыптаспағаны байқалады. Ал, қазақ халық лирикасында арнау өлеңдер байырғы түрге жатады», - [5, 128 б.] деп тұжырымдайды.

Б.Кәрібозов: «Арнау лирикалық белгілі бір объектіге арнап шығарылады, оның адам, табиғат, не оның құбылысы, деректі зат күйінде келе беруі мүмкін. Өлең белгілі бір объектіге арнап шығарылғандықтан да арнау лирика үлгілері нақтылығымен, деректілігімен ерекшеленеді. Арнауда ақынның екінші жаққа қарап сөйлеуі, оның объектісіне сипаттама, суреттеме жасауы шешуші қызмет атқарады» [6, 5 б.],- деп арнау өлеңдерінің ерекшелігін анықтайды.

Арнау өлеңі көңіл-күй сазын шертетін түр емес, атын атап, түсін түстеп айтатын поэзиялық түр, сондықтан оған өз ойын жеткізетін арнайы өлең өрімі керек. Бұл арнау өлеңі өзіндік айтылу, мазмұнды беру формасын керек ететін қасиетке де ие екенін көрсетеді.

Арнау өлеңдері халық лирикасының көптеген жанрлық түрлерінен өзінің тұтас бір аяқталған ойды беретін формасымен ойды беретін формасымен, философиялық нақты ойымен, белгілі бір тарихи, деректі оқиғаға байланысты тууымен ерекшеленсе, толғау жырларынан тақырыптық айқындылығымен, айтпақ ойын тек толғау түрінде ғана емес, терме, қара өлең, жыр, яғни кез-келген өлең өлшемі, өлең ұйқасымен жеткізе алатындығымен де ерекшеленеді.

Мәшһүр-Жүсіптің поэзия әлемінде де біршама арнау өлеңдер кездеседі. Ақынның «Бір редакторге» арнау өлеңінде редакторге деген ренішін, өкпесін бүкпелемей, ашық күйде жазады.

Қойдан басқа кім кетпек адал боймен,
Бізді заман жау қылды айтпен, тоймен.
Жүрекке соғып жүрек тілдесе алмай,
Сонаң соң тіл қатынасты арам оймен.
Мен кіші де, сен үлкен тақсырым-ай,
Мекіре балық қайтпайды тасқа ұрынбай.
Әдетің алаңдаған қайда қалды,
Құдайқұл-Қарасордың қасқырындай.
Өлеңім толып жатыр кенде-кенде,
Кім иманын күтеді осы күнде?!
Қазан бір қайнайтуғын болғандықтан,
Сол кезде қазанға түспекпіз мен де, сен де

«Жүрек пен жүрек тілдесе алмай» дегенде ақын сөз ұғатын, адам жанын түсінер жан аз қалды, сол үшін «арам оймен қатынасты» сынды ой тастайды. «Сен үлкен», «тақсыр» деп, «мекіре тасқа ұрынады» сияқты мысқылы бар сөздермен өлең арналып отырған адамның астамшы, паң, тәкаппар адам екендігін де көрсетеді. Бірақ бәрібір адамдырдың баратын жері – бір, ол «қайнап жатқан қазан», яғни о дүние дейді. Ақын лирикалық бейне сипатын ашу үшін «қасқырындай», теңеуін де орынды қолданған. Мәшһүр-Жүсіп «Жақып сұлтанға» арнау өлеңінде, лирикалық қаһарманның, яғни ақынның атынан сөйлеушінің екінші лирикалық бейнеге, Жақып сұлтанға қаншалық баға бергенін бейнелеу үшін алдымен лирикалық бейненің арғы аталары еңбектерін бөліп көрсету жүзеге асқан. Шығарма соңында Жақып ізбасары Қоқышты мадақтауды алға шығарған:

Жолдасың хұп ұнайды, іздеп тапқан,
Тірлікте не бітірер ұйықтап жатқан?!

Болатай затың бөлек, құрыш едің,
Қамалға ата-бабаң қарсы шапқан.
Баһадүр, затың бөлек дастаным-ай,
Мехнатың түбі – рахат, көңілім жай.
Арасын екі елдің көпір қылған,
Естіген жұрт таң қалған арыстаным-ай!
Осылай даңқын барған Орта жүзге,
Тамаша кім іс қылды сізден өзге?!
Ғұмырыңа бір тілеулес дұғагөйің
Риза бол, Қоқыш жиен, енді бізге!

Міне, ұл үзінділерден көріп отырғанымыздай, Мәшһүр-Жүсіп бұл туындыларында, негізінен алғанда, белгілі бір адамды мадақтауды мақсат еткен де, со ойын әсерлі өрнектеу үшін, арнау үлгісін пайдаланып, оны бағыт берерлік тірек ретінде қолданған.

М.Ж.Көпейұлының жоқтау өлеңдері фольклор дәстүрінің бірі деп қарастырамыз. Себебі халық ауыз әдебиетінде жоқтау үлгілері молынан сақталған. Елдің тұрмыс-салт, дәстүрі жоқтау жырларынан көрінеді. Жоқтау өлеңдерінде қазақ халқы өмірден өткен азаматтың жақсы жақтарын, адамгершілік қасиеттерін еске ала отырып жырлайтын болған. М.Ж.Көпейұлының жоқтау өлеңінің өзіндік ерекшелігі бар. Ауыз әдебиетінде жоқтау өлеңдері анафораға, лексикалық қайталамаға құрылады. Мысалы, дыбыс үндестігі – ақын-жыраулар арнауларында кеңінен қолданылған көркемдік тәсілдердің бірі. Оның бір мысалы Асанқайғының:

Ойыл деген ойыңды,
Отын тапсаң тойыңды.
Ойыл деген көздің жасы еді
Ойылда кеңес қылмадың,
Ойылдан елді көшірдің, -

деп басталатын арнауы. Бұл өлең жолдарында «о» дыбысы және анафора құбылысы бір-бірімен ерекше үндестік тауып, жыраулық арнауға өршіл рух беріп тұр. Дыбыстардың үндесуі өлеңге музыкалық рең ғана емес белгілі стильдік айшық берген. Мұнда хан ісіне риза болмауды жеткізумен қатар Ойылдың бейнесін ерекшелеу де көрініс тапқан.

М.Ж.Көпейұлы жоқтауы дыбыстық, лексикалық қайталамаларға құрылмаған. Бірақ жоғарыда айтқанымыздай, арналған адамының өмір дерегіне шолу жасалады. Бұл ақынның фольклордағы жоқтау үлгісін сақтауы болса керек.

Бабасы Төлебайға бақ қараған
Туыпты Едіге, Еламан бір анадан
Тұрсынбай, онан Бәзіл, Боштай туып
Уақытыңда асып өткен хан қарадан.
Ол Боштай болып өткен дуанбасы
Хан болған өз тұсында қара басы
Күнінде дуанбасы ажал тапқан.
Дер кезі – отыз жеті –қыршын жасы!

Ауыз әдебиетіндегі жоқтаудағы дәстүр сақталғандығын аңғарамыз. Ақын Мұқышқа арнап шығарған жоқтауында оның арғы ата-бабасы туралы шежірені тарқатады. Әкесі Жұпардың да халыққа қызмет еткенін, өмірден ерте үзілгенін, Мұқыштың Павлодарда оқығандығын, құрбыларынан оза оқығандығын, Бұл да ауыз әдебиеті үлгісі болса керек.

Ауыз әдебиетіндегі жаназалау өлеңдерінің көп тараған түрі жоқтау ақын шығармаларында біршама. Ауыз әдебиетінде жоқтау көбіне жауда қаза болған қас

батырлардың ерлік істерін еске түсіруден туған болса, М.Ж.Көпейұлы бұл аталмыш жоқтау өлеңін өзі Мұқыштың аты жұрт есінде сақталсын деген оймен жазғандығын айтады. Жоқтауда Мұқыштың елге жасаған игі істері баяндалады.

Жоқтау семьялық шеңберде туып, көпшілік жыры болған. Жоқтау жан шеріне толы болады. Ақындар жоқтау өлең шығарып, қаралы жанға берген. Халықтың барлығы ақын емес. Ақындардың шығарған жоқтауын жатқа айтатын болған.

Жоқтау өлеңінің ескіліктен келе жатқандығының бір мысалын Шеге би өлгенде айтылған өлеңнен байқауға болады. Шеге бидің келіні дауыс қылып былай дейді:

Әуеде ұшқан лашын,
Лашын жаяр құлашын
Атамды алған құдайдың
Келіні мендей жыласын.

Жоқтаудың соңғы жолы оның ислам дінінен көп бұрын туғанын дәлелдейді.

Өлген адамның аруағына сиыну, жалбырыну, оны мақтап көтермелеу, аза тұтып шығарып салу, ас беру, бетін жырту, мжоқтау жыр айту, жерге, су мен күнге табыну т.б. ислам дінінен бұрын болған. адам өлсе де аруағы тірі, бізді естіп, көріп отырады, бәрін біледі деген ұғым болған. жоқтаудың мазмұнының бірыңғай мақтаудан құрылатынның бір себебі осы болса керек.

Қарлығаш хабар берген соң, лашынның айтқаны:

Мінгені патшаларның –қаражал сұр,
Дәм татқан бір тоғайдан мың қара құр.
Тұқымын түк қалдырмай, құрытайын,
Жалпылдап жаман қарға қай жақта жүр?

Жоғарыда айтқан ойымызды бұл жолдар нақтылай түседі. Бір ғана «жалпылдап» сөзінен біз қарғаға тән барлық жағымсыз қылықтарды байқаймыз. Демек бұл сөз - деталь. Лашын ашуланып, қаны қайнап қарлығаштың көрсетуімен қарғаны лезде тауып алады. Қарғаға бір-ақ бас салып, бір-ақ басады. Жаны қысылып мұрнының ұшына келген қарға енді екіжүзді адамның кейпіне енеді. Барқырап тез арада алдында айтқан сөздерінен танып кетеді. Лашын істің ақ-қарасын тексеру үшін оны балаларына алып келеді. Балаларынан: «Шешеңнің мақтанғаны рас па?»- деп сұрады.

Шешемнің айтқан сөзін жасырмаймын:

«Бәрінен құс біткеннің зор- мен!»- дейді.

Шыншыл, өтірікке жаны қас қарғаның балалары шешелерінің кінәларын мойнына қойып береді. Бұл бізге өсіп келе жатқан саналы ұрпақтың кейпін береді.

Білмейсің, жаман қарға, әлің!- дейді,
Ел-жұртқа сенің сырың мәлім!- дейді.
Қарғаны өтірік айтқан өлтірейін,
Балалар, асырайын бәрің!- дейді.
Бәйгеден шауып келген жүйрік ат-ты,
Жігіттер, өтірік сөз жанға қатты.
Лашын сенің берген балыңнан да,
Бір қалып анаң берген суы тәтті.

Шешелерін өлтірейін деп тұрған лашынның онымен қосып қарғаның балаларын асыраймын дегеніне қарсы уәж айтқан балалардың пікірлері қандай дәлелді шыққан. Біреудің баласы біреуге бала болып жарытпайды немесе өзінің бауырынан басып шығарған анасының берген қара суы әлдекімнің берген тәтті балынан жүз есе артық деген ой-пікіріне сүйенген тұжырымдар балаларының шешелерінің қандай болса да одан безіне алмайтынын жеткізуі біздің санамызға бір терең ой ұялатып, қарғаның балаларына аяныш тудырады.

Шешекем, бірер сөзін жасырайын,

Басынан жақсылықты асырайын!
Шешемді өлтірмесең, Лашын-еке,
Біз саған көрген сайын бас ұрайын.
Бұл жерде бәрімізді қылсаң ғайып,
Таусылып қалады сөз бір-ақ байып.
Өлтірмей бәрімізді қылсаң азат,
Шашамыз ерлігіңді жұртқа жайып.
Бастарына жан сауғалаған балапандардың тілегін лашын аяқасты етпейді.
Байладым бір қарғаны балаларға,
Сауысқан құстың қоры- ала қарға.
«Тапқан сөзге- қолқа жоқ» деген-осы.
Балалар, тауып айттың, шара бар ма?!

Кешірімді - әрі балалардың жан айқайына тоқтаған лашынның іс-әрекеті арқылы кең және мейірімді адамдардың бейнесі беріледі. Тапқырлықтарымен шешелерін ажал аузынан алып қалған балалардың қиын-қыстау кезеңде жол тапқыш қасиеттері сүйсіндіреді.

Кетіпті мекеніне лашын қайтып,
Балалар құтқарыпты зарын айтып.
Бұл ғибар кейінгіге қалсын бізден,
Өткенді кім тауысар бәрін айтып?!

Шығарма осылай деп түйінделеді. Қарға бейнесі арқылы өтірікші, екі жүзді, алаяқ адамдардың бейнесі берілсе, лашын бейнесі арқылы әділетті, шыншыл текті адамдардың бейнесі берілген. Шығарма қоғамдық өмірдегі келеңсіз құбылыстардың атап айтсақ, астамшылық пен даңғойлықтың, мақтаншақтық пен өтірікшінің қоғамға тигізер кері әсерін көрсетіп сол арқылы «Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам»- деген ғибратты ойға негізделген.

Әдебиет:

1. Тебегенов Т. Ақындық поэтикалық тіл және Нартай шығармаларының тілі. – Алматы: 2003.
2. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: 1983. – 326 б.
3. Мырзахмет М. Көркемдік дәстүр жалғастығы. – Астана: Елорда, 2000. – 288 б.
4. Ахметов З. Идеялылық. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Даму институты, 1999. – 750 б.
5. Сейдаханов К. Халық мұнарасы. – Алматы: Жазушы, 2002. – 304 б.
6. Кәрібозов Б. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.

ӘӨЖ 81.01

ҚАЗАҚ ПОЭМАСЫ ЖӘНЕ СҰЛТАНМАХМҰТ ПОЭМАЛАРЫНЫҢ ТАБИҒАТЫ

Қадыров Ж.Т., Тұрғанбаев Б.А.

(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

XX ғасыр басындағы қазақтың ақиық ақыны, ағартушы, публицист Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Кедей», «Қамар сұлу», «Адасқан өмір», «Қайғы», «Айтыс», «Таныстыру» атты поэмалары бар екені белгілі. «Қайғы» поэмасының көп бөлігі бүгінгі заманға жетпесе, «Айтыстың» соңғы бөліктерін ақиық ақын аяқтай алмағанына қатты өкініш білдірген.

Әдебиетке адамның екіұдай халдегі сезімі, ішкі менмен тартысы әсіресе ұлы М.Әуезовтің психологиялық әңгімелерінде кеңінен суреттелетін. М.Әуезов алып келген әдеби дәстүр қазіргі кезең әдебиетінде өз жалғасын табуда. Осы тұрғыдан келгенде Т.Әбдікұлының шығармаларын көптеген жазушылармен салыстыруға болады. Мәселен, жазушы О.Бөкейдің «Мұзтау» повесіндегі Ақтанның екіге жарылып, диалог түрінде тартысқа түсуі адам табиғатының ішкі тартысына құрылған. Ал Т.Әбдікұлының «Парасат майданы» повесінде бір адамның екіге жарылып, екіұдай тартысқа түсуін өзіндік жазушылық жолмен — хат түрінде жүзеге асырған. Тартыстың хат түрінде жүзеге асуы, ойдың толық әрі терең, көркем жеткізілуі — жазушы шеберлігінің өзіндік бір қыры. Хат дегеннен шығады, сол хаттарда француз жазушысы Шарль Бодлердің ойларынан мысалдар келтіреді. Бодлер поэзиясының ең әйгілісі — «Зұлымдық гүлі». Кейіпкер — ішкі дүниесінің үндестігінен айрылған, көңілсіз, жалғыз адам. «Зұлымдық гүлі» — сұрақтар мен толғаныстар кітабы. Жазушының «Парасат майданы» повесінің басты кейіпкері де — жалғыз, ішкі дүниесінің қарама-қайшылығы мол, ой арпалысына, ой азабына түскен жан. Ғалым Г.Пәріліева «Тағы бір тоқталар жай — Т.Әбдіковтің тілі. Оның қай туындысын алмаңыз, артық-ауыз әңгімеге, жалған сезім, жылтырауық теңеуге кездеспейсіз. Немесе ділмарсыған кейіпкер не автор жоқ. Мүмкіндігінше аз сөзге көп мағына сыйдыруға және әр сөзінің әйтеуір бір роль атқаруына аса жауапкершілікпен қарайтындығы — қаламгердің өзіндік қолтаңбасы, өзіндік әдістәсілі» [3,78 б.] - десе, қазақ романдарының стилі мен типологиясын зерттеген ғалым М.Хамзин: «Асылы, Т.Әбдіковтың барлық ірілі-ұсақты шығармаларында байқалатын жайт — автордың стильдік бедеріндегі салмақтылық, орнықтылық. Көп ретте өзге шығармаларындағы сияқты авторлық баяндау мен кейіпкер монологы жарасымды үйлесім тауып жатады» [4, 16 б.], — деген пікір ұсынады. Ендеше, ең әуелі, суреткерге тән негізгі қасиет кейіпкер психологиясын ашудағы сәтті ізденістері еді. Ол сомдаған кейіпкерлер шынайылығымен, ұлттық характерлерге тән мінез-құлықтарымен, даралануымен де, сондай-ақ 1960–1980

жылдары көбіне үстем болған социализм әдісінің әдебиет таптық, партиялық болуы керек деген қатаң қағидаларын бұзғандығымен де құнды.

Қандай халықтың, қандай ұлттың болмасын, рухани, мәдени, тәлтума игіліктерін сол халық немесе сол ұлттың өзгеге бодан кіріптар болып тұрғанда талдап, зерделеу бар да, өз еркі өзіне тиіп, өз тізгініне өзі ие болғанда саралап, зерттеу бар. Халықтың, ұлттың рухани игіліктерін жасаушы тұлға — ақын-жазушы өзі ғұмыр кешіп отырған қоғамынан, сол қоғамның талап-тілегінен тыс тұра алмайды. Оған ұсынып, талап еткен міндеттерге сөзсіз мойынсыну, сол тілектерді құлшына, еш сөзге келмей білдіру, шыңғырған шындықты тұспалдап, ишаралап жеткізу бар. Әрине, міндеттің де міндеті болатыны белгілі. Тәуелсіздікті, сол тәуелсіздіктің маңызды да қаталған талап-тілектер бар, сонымен бірге сананы улап, рухты жаныштауға, мәңгүрттендіруге шақыратын талап-міндеттер болғаны ешкімге де жасырын емес шығар. Қаламгер Т.Әбдікұлы өз шығармаларының шынайылығымен, тазалығымен, өміршендігімен ерекшелетіні хақ. Төлен Әбдіковтың прозалық шығармаларының жанрлық сипаты әр алуан болып келеді. Жазушының «Қайырсыз жұма», «Қонақтар», «Бас сүйек», «Оң қол», «Жат перзент», «Бір күндік ашу», «Көктерек», «Сәби туралы сыр», «Қарасын», «Қойшығұл», «Таласбай» және тағы да басқа әңгімелері, «Парасат майданы», «Әке», «Оралу», «Ақиқат», «Қыз Бәтіш пен Ерсейіт», «Тозақ оттары жымыңдайды» аударма-повестері, «Өліара» романы бар.

Әдебиет атаулы қай кезде де ашық та, сыншыл көзқараспен қарап, адамгершілікті, ізгілікті дәріптеп келеді. Осынау өмірдегі тек қана ізгі қасиеттер мен жақсылық, зұлымдық пен жамандықтың күресін ғана емес, сол әлемде, үлкен кеңістікте өмір сүретін және адам баласының санасы жетуі мүмкін емес нәрселер де болатындығы туралы ой толғап, ешкім ешқашан жауап бере алмайтын «Неге?» деген бір сұрақтың төңірегінде қалам тартқан бұл прозаның көтерген жүгі қашанда ауыр. Себебі адам баласы қашанда өмірден бақыт іздеп жүреді. Бірақ, ақиық ақын М.Мақатаев айтпақшы, сол бақытты іздеуді бастаған күннен бастап, немесе бақыт дегеннің болатынын білген күннен бастап адам бақытсыздыққа ұрынады. Сол сияқты ақылды, саналы адамдар санасыз, ақымақтарға аяп қарауын қоймайды, бірақ сол ақымақтан өзінің әлдеқайда бақытсыз екенін білмейді. Осындай сенгің келмесе де, шындық жағдайларды суреттеу қандай суреткерге де болса ауыр.

Осылайша, XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіндегі психологиялық романның мазмұны мен құрылымдық деңгейі елеулі өзгерістерге ұшырайды, яғни көп деңгейлі диалогтың айрықша ерекшеліктері, жазушылар шығармаларының позициясының едәуір күрделенуі көрінеді. Қазіргі қазақ прозашыларының романдарында тұлға психологиясын, оның ішкі әлемін, санасын білуге үлкен көңіл бөлінеді.

Әдебиет:

1. Османова З.Г. Художественная концепция личности в литературах Советского Востока. – М.: Наука, 1972. – 266 с.
2. Шарипов А. Традиции и новаторство в казахской литературе. – Алма-Ата: Мектеп, 1984. – 136 с.
3. Пірәлиева Г. Изденіс өрнектері. Әдеби сын. Зерттеу. Сұхбаттар. — Алматы: Жалын, 2001. — 492 бет.
4. Хамзин М. 1960–80-жылдардағы қазақ романының стилі мен типологиясы: Филол. ғыл. д-ры... дис. автореф. - Алматы, 1997. - 48 бет.

ӘОЖ 821.512.122

МАХАМБЕТ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КҮРЕСШІЛ РУХ ИДЕЯСЫ

Құлыбекова Ж.С., Бейсенбаева Г., Ақжігітова А.

(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Қазақ сөз өнерінің белгілі бір кезеңдегі беласқан биігі, «алынбас» көркемдік қамалы - Махамбет Өтемісұлының есімі әдебиет тарихында әріден аталып келе жатыр.

Махамбет Өтемісұлы – қазақ халқының ХІХ ғасырдағы ұлы әдеби мектебінің жаңашыл, аса көрнекті әрі ақын, әрі батыр тұлғасы. Ол өз заманындағы жыраулар дәстүрін терең біліп, заман тынысына қарай жаңа бағыт бастаған дара талант. Ақын шығармалары поэтикалық қасиеттерімен қатар, тарихи-әлеуметтік шежірелік сипатымен де бағалы.

Махамбет Өтемісұлының толғаулары баспа бетінде жарық көріп, зерттеліп, зерделене бастағалы бір ғасырға таяу кезең өтті. Осы уақыт ішінде біртуар талант, ұлы қайраткер жүрегінен жарып шыққан ақынның әр өлеңі, әр сөзі қазақ қауымының махаббатына бөленді [1,8 б.].

ХІХ ғасырдағы Исатай Тайманұлы - Махамбет Өтемісұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліс тарихы, көтеріліс тағдыры – Махамбет поэзиясының негізгі арқауы.

Исатай-Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтеріліс тарихы орыс тарихшылары тарапынан ХІХ ғасырдың орта тұсынан бері зерттеліп келеді. Ең әуелгі жан-жақты тарихи әділ баға – Халел Досмұхамедұлының көтеріліс сабақтарына қатысты тұжырымдары.

Халел Досмұхамедұлының қазақ тарихындағы Исатай - Махамбет көтерілісіне байланысты тұжырымының аса құндылығын Мұхтар Әуезов атап айтады, «Тарихтың дәл суреттерімен толығырақ танысамын деген кісі болса, қазақ тілінде шыққан Халел Досмұхамедұлының «Исатай –Махамбет» жырының басына жазған баяншысы мен Қошмұхамбет Кемеңгерұлының «Қазақ тарихынан» деген еңбектерін қарап өтсін дейміз» [1,6 б.].

Х.Досмұхамедұлы көтерілісті «ұлы қимыл» дейді.

«Он сегізінші, он тоғызыншы ғасырлардағы қазақтың қозғалысының ең күштілері - Сырымдікі, Исатайдікі, Кенесарынікі. Үш қозғалыстың да мақсаты - қазақты орыстың жәңгірлік құшағынан құтқару» [1,6 б.].

Х.Досмұхамедұлы көтерілістің саяси мәнін ұғындырып, ғылыми түсінік берді. «...Патшалар заманында өлгенінше көпті соңына ертіп кеткен жалғыз Исатай. Исатайдың көпті ертетін ұраны болған. Исатайдың көпке шашқан ұраны Махамбет батырдың Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзінен ап-анық көрініп тұр ...Махамбеттің Бәйекеге айтқан сөзіндей қазақ арасында еш уақытта ханға сөз айтылған емес» [1,6 б.].

Тарихтың ел әдебиетіне ықпалын да ажыратып айту, атап айту үрдісі А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезовтен басталды.

Х.Досмұхамедұлы Исатайдың көтерілісі қазаққа өзінің ел екенін білдірді, жұрттың ұлт сезімін қозғады, қазақтың бірігуіне себеп болды деп жоғары баға берді.

Махамбеттанудағы белгілі бір дәуірдегі қазақ тарихын айқындаудың үлгісі осылай туып, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, С.Мұқанов еңбектерінде жалғасын тауып, әдебиеттанудағы өміршең үрдіске айналды. Х.Досмұхамедұлы - Ресей патша үкіметінің қазақ еліндегі хандық билікті жою процедурасын алғаш дұрыс бағалап, ұғындырған зерттеуші.

Махамбет поэзиясының өнер символына айналар қасиеті оның толғауларындағы от-жалынды рухта жатыр. Әр толғауы қазақ деген халықтың күресшіл рухының құрыштай мұқалмас беріктігін танытып, атойлап тұрған асқақ жыр – бүкіл бір дәуірдің

ыза-кегін бойына жинап айбат шегіп тұрғандай. Махамбет қазақ поэзиясына алып келген өрлік пен ерлік астасқан ұлттық рух құдіреті өзіне дейінгі де, өзінен кейінгі әдебиетте де ерекшеленіп, өркештеніп тұрады. Махамбет азаттық күрестің ұраншысы ғана емес, тарихшысына да айналған. Көтеріліс тарихын зерттеушілер түрлі құжаттағы дерек көздерімен қатар, Махамбеттің өлеңдерінің өн бойынан өзіне керегін тауып отыруының себебі осында [2,71 б.].

Әдебиеттің тарихилығын терең зерттеген ғалым Ж.Тілепов: «Махамбеттің біраз толғауларының мазмұнына қарап, олардың қай жыл, қай айларда шығарылғанын айқындауға болады. Мұндағы біздің тірек етер уәжіміз – шаруалар көтерілісінің бүкіл рухын, тағылымды ізін қиналмай табуға болатындығы ғана емес, сол ұлы оқиғалардың мезгілі мен мекен жағынан олардың өзінен кейінгі оқиғалардан үзіле көрсетілетіндігі», - деп Махамбет толғауларының тарихилық табиғатын айқындап өтеді [2,72 б.].

Махамбетті зар заман ақындары қатарына қосқанмен, М.Әуезов оның жырындағы отты жалын мен өршіл рухтың өзгеше сипатта екендігін тап тани алды дейміз. Ғалымның төменгі сөздері осы ойымыздың дәлелі бола алады: «Жырау өсиет пен билік соңындағы адам болса, Махамбет – солардың үлгісімен жаңа заманда, тар заманда шыққандықтан, үгіт пен істің соңына түскен адам. Сондықтан қалың елді артынан ертіп жүріп, үкіметке қарай қайратымен қарсылық етеді. Көтеріліс жасайды, соғысады. Сөз сөйлесе, жалпы қазақтың қанын қыздырып, желіктіріп, осы жолға ертпек болады». Осы үзіндіде Махамбеттің азаматтық, ақындық тұлғасы толық та бірегей ашылған. Іс және сөз бірлігінің болмысы айқындалған. Махамбеттің ісін сөзі, сөзін ісі жалғап, жаңғыртып, олар бүтіндікке айналған. Махамбет ел тұтқасы хан қасында жүрген жырау, билік басындағы би де емес. Ол – ұлт азаттығы жолында қоңыраулы найза қолға алып, толғаулы жырмен толғанып атқа қонған, батырлығы мен ақындығы қанаттасқан қайраткер тұлға.

Махамбет, міне, осы қару ұстауға жарардың жанына өз өлеңімен дәру беріп, қазақ жұртының қамын ойлаған қайратты ерлерін ұлы күреске бастай алды. Күдер үзіп күңіренген елдің үмітін оятты. Ертеңгінің баянын өткеннен емес, бүгіннен іздеп табуға, болашақтағы бостандықтың іргетасын өз қолымен қалауға шақырды. Махамбет өлең-толғауларының мәңгілік құнын жоймас мән-мағынасының маңыздылығы да, ішкі иірімдерінің ширық атқан қуаты да – осында.

"Махамбет, ең алдымен, халқын, Отанын сүйген патриот ақын. Оның өлеңі – елін тереңнен сүюдің айқын үлгісі. Санасы оянып, ойы өсе бастаған күннен бастап-ақ ақын халық көпшілігін езіп отырған хан, сұлтан, би-төрелерге қарсы шықты. Найзасына асыл сөз, өткір тілін қоса жұмсады. Көпшілікті езушілерге қарсы қарулы күреске шақырды", - депті Махамбеттің ақындығы туралы Қ.Жұмалиев. Сөз орамында кеңестік кезеңдегі саясаттың салқыны жатқанымен, ақындық ерекшелікті тап басып таныған. Қалай дегенде де, ерекшелеп тұрған, біздіңше, нақтылық пен шыншылдық. Оның толғауларында өткенді қаузау, болашақты болжау да жоқ. Ақын өмірдің реалды шындығынан алынған шыншыл оқиғалардан ой өріп немесе шындықты оқиғаға қатысты сезім күйін, көңіл толқынысын білдіреді. Тіпті болмағанда, нәтижесі айқын іске шақырып, соған жетер жолды көрсетіп, ерлікті күреске ұран шақырады [2,36 б.].

Әрине, ақын толғаулары үнемі ұраншыл жыр дестесі емес, онда күдігі мол күмәндік, жүрекке жүк салған мұңайыс пен күйзеліс те, бір сөзбен айтқанда, элегиялық сарындар кездесіп отырады. Бірақ мұнда да қамығу, торығу – бәрі де нақты істен нәтиже шықпағандыққа өкінудің шындығы еді. Бірақ Махамбеттің қандай да бір толғауында болмасын, мою мен мойын ұсыну жоқ. Оның өлеңдері қандай жағдайға қатысты айтылғанына қарамастан, ішкі тегеуріннен ертеңге деген сенім білініп, қажырлы қайрат сезіліп тұрады. Міне, Махамбет поэзиясының бар қасиеті - осында. Ол

– ерліктің, сол ерліктен қуаттанған елдіктің жыршысы. Өйткені «ойлары мен іс-әрекетіндегі дәйектілік және батылдықты – күрескер ақынға тән сипаттар» [2,73 б.]

Махамбет – өзгелерден гөрі халыққа біртабан жақын ақын. Ол барлығын сырттай бақылаушы, кешегі естігенін, бүгінгі көргенін ғана жырлап, өзінің ой-түйгендерінен ертеңгі болады-мысты болжаушы емес, халқымен бірге жүрген, не көрсе де бірге көрген, көргеннен көңіл тұшынар жыр тудырған жампоз ақын. Профессор Ханғали Сүйіншәлиев: «Ол халық үшін бар өмірін сарп еткен, ел үшін туған ер ақын. Ол – ақындық мақсатын ел мүддесімен ұштастыра білген азамат ақын» [3,500 б.], - деп Махамбеттің нағыз халықтың ақыны екенін нақты айқындайды.

Отарлық езгіге қарсы күрес, ел болу, тәуелсіз жұрт болуды арман еткен халықтың көзі қарақты қауымының атынан жырлаған ауызша дәстүрдегі, сондай-ақ жазба дәстүрдегі қазақ ақындарының рухты шығармалары осы дәуірде өмірге келді.

Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтар бастаған халқымыздың жоғары санадағы жазба әдебиеті туып, қалыптасу кезеңдерін ұлт ретіндегі есею, іздену жолынан хабардар ететін қайсарлық дәуірінің әдебиеті болды.

Махамбет поэзиясында діңгекті үш тақырып бар десек, қателеспейміз. Олар: ел мен жер тағдыры, елі мен жерін қорғаған ер тағдыры. Осы ұштаған тақырыпты жырлау арқылы ақын отаршылдық тақсіретін тартқан елдің жай-күйін зарлай айтқан зар заман ақындарынан өзгеше сарынды әкеліп, ұлттық езгіге қарсылықты жырлаған күрескерлік поэзияны тудырады. Ұлт-азатшыл рух жырының негізін қалады. Сөйтіп, ол өзінің отты жырлары арқылы халық мұңының жоқтаушысы ғана болып қоймай, оның ерлікті рухын асқақтатты. Махамбет халықтың өзі куәгер болған өмір кезеңін жырлау арқылы тұтас ұлттың ой-сезімін, биік рухты болмысын, оның тіршілік-тынысының сипатын толық аша алады. Ендеше оның шығармаларындағы басты тұлға – халық, сонан соң сол халықты күреске бастаушы ұлы істердің ұйтқысы - елім деп еңіреген ерлер. Міне, осы екі бейне – Махамбет поэзиясының орталық діңгегі.

Халық Махамбет толғауларында хан-сұлтандар сатқындығынан отаршылдық қасіретін тартқан, сонда да өзінің тәуелсіздікке деген сенімін жоғалтпаған қаһармандық рух иесі ретінде көрінеді. Ол – ұлы күш, Халық қаһарына шыдас берер нәрсе жоқ. Сондықтан Махамбет өздері бастаған ұлы істегі сенері халық екенін, оның қайсар күресінің түбі жеңіске жеткізерін сеніммен айтып отырады. Мәселен, «Атадан туған ардақты ер» өлеңіндегі:

Атадан туған ардақты ер,
Жауды көрсе жапырар
Үдей соққан дауылдай.
Жамандарға қарасақ,
Малын көрер жанындай.
Жүйрік аттың белгісі
Тұрады құйрық жалында-ай
Айтып-айтпай немене,
Халық қозғалса,

Тұра алмайды хан тағында-ай! [2,74 б.], - деген өлең жолдары – осының көрінісі.

Халықтың құдірет-күшіне деген мұндай сенім ақынның ұлтына деген өлшеусіз сүйіспеншілігі мен құрметінен жаралған. Махамбет жеңісті, үмітті күндерде ғана емес, басына ауыр күндер туғанда да халқын естен шығарған емес, үнемі оған қайырылып отырады. Мәселен, ол «Өкініш» атты өлеңінде кешегі Орақ-Мамай заманын аңсай отырып, елінің қиын күндерге тап болғанына жаны күйзеле:

Олардай болып жүруге
Біздерге қуат толар ма-ай!
Қазақтан бір құнт кетті деп,

Біздерге нәубет жетті деп,

Бұзылды көңілім жыларға-ай! [4,247 б.] - деп назаланады. Ел қасіретін жанымен ұғып, оны қалайда жеңілдетуге, қалайда септігін тигізуге деген іштей дайындық танылады. «Жыларға бұзылған көңілдің» шын сыры осында болса керек-ті.

Махамбет халықты үнемі рухтандырып, жасық ойға бой алдырмауға, қам көңілдікке салынбауға үндеп, жауға күресте босаңсымауға шақырып отырады. Оның өлеңдеріндегі мұң астарында мұқалмас жігер, қайғы астарында қайралған кек жатады.

Тағы бір жаудан жеңіліс тауып, жат жұртқа кетуге мәжбүр болған сәтінде де оның қоштасу өлеңінен жеке бастың емес, елдің қамын ойлаған күй айқын байқалады.

Досты болып жүргендер

Жау болып келді көріне.

Беліне садақ байланып,

Бір келмеді-ай деңіме!

Қайырыла алмай барамын,

Қайран да қалған еліме [4,248 б.].

Махамбет өлеңдеріндегі ел мен жер тағдыры – елді бір тудың астына бірігуге шақырған, азаттыққа үндеген азатшыл рухтың түп қазығы. Оның толғаулары – артына ерген жұрт санасына ерлікті, елдікті, туған жерге деген сүйіспеншілікті ұялатуға мейлінше зор қызмет еткен рухани мұра.

«Исатай деген ағам бар», «Исатай сөзі», «Арғымаққа оқ тиді», «Тарланым», т.б. өлеңдерінде Исатай батырдың көркем тұлғасы, адамгершілік, қайсарлық, тапқырлық қасиеттері жан-жақты сипатталды.

Махамбеттің Исатай туралы толғау-жырлары кейінгі көтерілістер тұсындағы ел мен ерлер рухын көтеруге бағытталған. Ондағы Исатай бейнесі - ер мен жер үшін күрестегі қаһармандық үлгісі. Сондықтан да Махамбет толғауларында негізінен батырдың рухы елес беріп отырады. Ақынды күрес- күндеріндегі Исатай емес, оның бүгінге қуат берер рухы қатты қызықтырады. Батырға арналған ақын өлеңдерінің көпшілігі ол мерт болғаннан кейін жазылуының басты бір себебі де осында. Өйткені оның кешегі ерлігі – бүгінгінің айбыны, өзі өлгенмен де, рухы бүгінгі көтерілісшілер жебеушісі. Міне, Махамбетке Исатай бейнесі сол үшін де қажетті. Ол сондықтан да оны асқақтата жырлайды. Бір кезде қолбасшы қаза тапқан күнді «Мұнар күнге» балап:

Мұнар да мұнар, мұнар күн,

Бұлттан шыққан шұбар күн,

Буыршын мұзға тайған күн.

Бура атанға шөккен күн,

Бұрықсып жүрген ерлерден

Бұрынғы бақыт тайған күн...

Бұлаңдай ерді кескен күн.

Буулы теңді шешкен күн,

Сандық толы сары алтын

Сапырып судай шашқан күн -

Түс қыла көр, құдайым,

Біздей тақ мейманасы тасқанға

Біздің ер Исатай өлген күн! [5,58 б.] - деп күңіренген Махамбет ертеңінің қамын ойлаған сәтте, «Исатай басшы бейнесін күрестің шамшырағына айналдырады. Бұл көтерілістің кейінгі басшысы Махамбет серіктеріне жауынгерлік рух беріп, олардың психологиялық сезімдік кабылдауларына мейлінше әсер етіп; алға қойған мақсатқа жетуге айрықша жігер берді».

Махамбет шығармалары - бұқара өмірінің рухани-поэтикалық шежіресі, шаруалар қозғалысының шынайы бейнесі. Ол жыраулық поэзияның көркемдік әлемін байытып,

шығармаларында ұлт-азаттық идеяларын көтерді, елдікті сақтап қалуға шақырды. «Ұлы арман», «Жайықтың бойы көк шалғын», «Атадан туған ардақты ер» жырларында ақын алдағы күндеріне үмітпен, зор сеніммен қарады. «Біртіндеп садақ асынбай», «Арғымақтың баласы», «Қара нар керек біздің бұл іске», «Еменнің түбі - сары бал», «Жалған дүние», «Еріскедей ер болса», т.б. шығармаларында ұлт-азаттық қозғалыс рухы, ел тағдыры мен арман-мүддесі терең әрі шынайы суреттелген. «Халық қозғалса, хан тұрмайды тағында» дейді ол отты жырларында [6,19 б.].

Махамбет - өзінің әдеби бейнесін, өзіндік «менін» нақтылай беріп кеткен ақын екенін біраз сөз қылдық. Жалпы, ақынның бүкіл болмыс-бітімін айқын да дәл суреттеген өлең - «Мен едім». Өлеңнің өн бойында, батырлық мінез, ақындық өр, елдік тұлға, көсемдік бітім түгелдей көрініс тапқан. «Махамбет кім?»- деген нақты сұраққа осында нақты жауап та берілген.

Боз ағаштан биік едім –
Бұлтқа жетпей шарт сынбан.
Жандаспай ақыры бір тынбан.
Томағалы сұңқар мен едім -
Толғамалы найзамен
Толықсып жауға шапқанда,
Бір озғанмын жұртымнан.
Ер дұшпаны көп болар,
Қатын дұшпан, жігіттер,
Не демес дейсің сыртымнан [5, 93 б.]?!

Міне, бұл - өзін «ел құтқарар ер» деп білген, ешкімге бас имей өткен Махамбеттің толыққанды бейнесі. Өзінің дүниеге не үшін келіп, не үшін кететінін күні ілгері сезген жанның шын сөзі. Махамбет «мені» осы тұста жарқырай ашылады. Алла оны «ел құтқарар ер» қылып жаратқан. Жаратқан артқан міндетті ол ақтап өтті.

Қазақ әдебиетінің көрнекті зерттеушісі Ханғали Сүйіншәлиев: «Ақынның тұлға-тұрпаты, ісі, сөзі - бәрі ерліктің мәңгі символы боларлық» [3,500 б.], - десе, сол ұлық тұлғаны толыққанды сомдап кеткен ақынның өзі.

Сонымен, осы орайда баса айтарымыз, Махамбет поэзиясы - XIX ғасыр әдебиетінде ерекше тұрған, азаттық идеясын жыр тұғырына көтерген күресшіл жырдың асыл үлгісі. Оның қуаты мол жалынды жыры қазақ әдебиетінің кейінгі ұрпақтарының жыр жолдарына құнарлы негіз болды.

Әдебиет:

1. Өтемісұлы Махамбет. Шығармаларының төрт томдық академиялық жинағы. 1-том. Өлеңдері мен күйлері./Құрастырғандар: Ахметов З.А., Егеубаев А.Қ., Раев Қ.М. Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2003. - 448 бет.
2. Әбдиманұлы Ө. Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идея.– Алматы: Қазақ университеті, - 2007. – 323 бет.
3. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1997. – 925 бет.
4. Ай заман-ай, заман-ай (бес ғасыр жырлайды) – Алматы: Қазақ ССР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті бас редакциясы – РББ, 1991. – т. 1. – 384 бет.
5. Жұмалиев Қ. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1967. – 434 бет.
6. Мәдібай Қ. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті 2-кітап. – Алматы: Қазақ университеті, 2004.– 269 бет.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫ

Құлыбекова Ж.С., Жолдас Т., Аманкелдиева А.

(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

XIX ғасырдың 60-70 жылдарында орыс жазушылары мен ағартушыларының ауыз әдебиетін пайдалануда қалыптасқан салты болды. Олар фольклорды ағартушылық жұмыстар үшін кеңінен пайдалануды талап етті. Бұл тәрізді озық дәстүр Ресейдің шет аймақтарындағы ағартушыларға да үлгі болды. Олардың бірі – Ыбырай [1,154 б.]. Ол қазақ халқының фольклоры мен этнографиялық материалдарын жинап, соларды халық тәрбиесіне құрал еткен. Ыбырайдың орыс тілінде жарық көрген «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі», «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрінің очеркі» деген бағалы этнографиялық зерттеулері де елеулі. Ағартушының бұл еңбектері Н.И.Ильминский, В.В.Катаринский, Ф.Д.Соколов, А.А.Мозохин, В.В.Григорьев сияқты орыстың шығыстанушы ғалымдарының қазақ мәдениетіне қатысты зерттеулердің ізімен жазылған еді. Осы мәдени әрі ғылыми қарым-қатынас Ыбырайды күрт өсіріп, аса көрнекті қоғам және мәдениет қайраткері, үлкен ағартушы дәрежесіне жеткізеді [2,26 б.].

Әсіресе, қазақ халқының төл перзенті Ы.Алтынсарин еңбегінің мәні өте жоғары. Өз халқының тұрмыс-салтын жетік білетін, оның мән-мазмұнын, қадір-қасиетін терең танитын ғалым «Орынбор қазақтарының құда түсу және той өткізу салтының очеркі» және «Орынбор қазақтарының өлікті жерлеу және ас беру салтының очеркі» деп аталатын әйгілі екі мақаласында отбасы ғұрыптарының ұсақ-түйек детальдарына дейін тәптіштеп жазып, аса құнды жазба мағлұмат қалдырған [2]. Қазаны жалпақ жұртқа, бейтаныс жүргіншілерге әйгілеудің дәстүрлі тәсілі – қаралы ту көтеру. Ол жөнінде Ы.Алтынсарин былай деп жазады : «Үйдің сол жағына ұшы сыртқа шығарылған ұзын найза қойылады. Найзаның ұшына үлкен орамал байланады. Егер өлген адам жас болса, - қызыл, орта жастағы адам болса – қара, қарт болса – ақ орамал байланады. Мұның мәнісі – бұл үйде қандай жастағы адамның өлгенін осы белгі бойынша жүргіншілерге білдіру» [3,148 б.].

Адамның дүниеден қайтқаны білінісімен, жақын туыстары - әйелі, қыздары, туған апа-қарындастары, келіндері, жас болса, шешесі мен жеңгелері бастарына қара салып, шаштарын жайып, бүйірлерін таянып, беттерін жыртып, ойбайлап жылай бастайды. Бұл - өлікті аза тұтудың көне салты және ол табиғи түрде жүзеге асатын әрекеттер. Бұл әрекетте айғай, дауыс салу, өксу мен жылау басым болады. Мұндай әрекеттің өлікті үйден шығарарда қайталанатыны жөнінде Ы.Алтынсарин былай деп жазды: «Сүйекті үйден шығарарда өлген адамның әйелдері ойбай салып дауыс шығарады, оған ауылдағы басқа әйелдер де қосылады, беттерін тырнап қан қылады, бастарына түскен қайғы-қасіретін жұрт алдында қаншалықты күштірек көрсеткісі келсе, беттеріне де жара соншалықты көп түседі».[3,150 б.].

Бұл кезеңде өлеңге құрылған сөз болмайды, ішкі сезім негізінен ащы айқай, зарлы дауыспен, түрлі әрекеттермен, қара сөзбен шығады. Жоқтаулар негізінен өлік жерленіп болғаннан кейін жыл толғанға дейін айтылатын болған. Ол жөнінде «Өлген кісінің әйелі, қызы, апа-қарындастары және ауыл әйелдері күн сайын таңертең тұрады да, керегенің көзіне беттерін беріп отырады, содан кейін үш-төрт сағат бойы өлеңге қосып дауыс шығарады, бұл – жоқтау деп аталады. Жоқтау өлеңде марқұмның өзі, оның тірі кезінде істеген істері мадақталады. Оның қайтыс болғандығы, үй ішінің және туған-

туысқандарының бақытсыздыққа ұшырағаны еске түсіріледі» [3,151 б.], - деп жазады ежелгі қазақ өмірінің терең білімпазы Ы.Алтынсарин.

Ой-өрісі, дүниеге көзқарасы, эстетикалық принциптері орыстың классикалық әдебиетінің тікелей ықпалы негізінде қалыптасқан Ыбырай бұл әдебиеттің фольклорға қатынасын, берген бағасын көрмей кете алмады. Соның нәтижесінде ол халықтық идеяның негізгі көзін, асқан сөз шеберлігін, оптимистік ойларды тек қана халықтық шығармалардан табуға болатындығын айқын түсінді.

Ыбырайдың әдеби еңбектерінің жинағы - «Қазақ хрестоматиясы» (1879 ж.) ағартушылық мақсатта жазған әйгілі екі өлеңмен ашылды. Ақын бұл өлеңдерді өз кезінде «Сөз басы» деген атпен алған. Қазір бұл өлеңдер «Кел, балалар, оқылық» деген атаумен мәлім. Ол халық ағарту ісіне арнаған әдеби туындыларында оқу-білімді насихаттаудың ұтымды әдісінің қажеттігін көрсетті. Оқу-білімнен кенже тұрған халық үшін ғылым мен техниканың жетістіктерін насихаттай алатын қысқа көлемдегі поэтикалық шығармалардың айрықша ұтымды екенін, әсерін терең сезінді, сенді. Қазақ жастарын білім алуға, мәдениеттің жаңа дәстүрлерін игеруге, бойға сіңіруге шақырды. «Кел, балалар, оқылық» өлеңінде ақын қазақ ауыз әдебиетінің дәстүрлерін шебер пайдаланып, білім мен надандықты, жақсылық пен жамандықты қатар алып, салыстырып отырды.

1) Істің болар қайыры,
Бастасаңыз аллалап.
Оқымаған жүреді,
Қараңғыны қармалап.

2) Надандықтың белгісі-
Еш ақылға жарымас
Жөн білмеген адамға
Қыдыр ата дарымас

Бұл «өлеңнің айрықша құндылық қасиеттерінің бірі – оның халық дәстүрі, халықтың ұғым өлшемі негізінде жазылғандығында», - деп атап көрсетеді ғалым Ә.Дербісалин «Ы. Алтынсариннің әдеби мұралары» деген еңбегінде. Мысалы мал байлығын салыстыру, білімсіз, еңбексіз байлықтың баянсыздығы т.б. Яғни, ежелгі заманнан бері келе жатқан, өз құндылығын, маңыздылығын жоймайтын халықтық философиямен үндестігі.

Ыбырай Алтынсариннің қазақ фольклорына қатысты арнайы зерттеулері болмаса да, ол халық мұрасын аса жоғары бағалаған. Өзінің «Қазақ хрестоматиясы» атты оқу құралында ол қазақ фольклорының көптеген үлгілерін қамтыған. Соның қатарында Марабай жыраудан жазып алған «Қобыланды» жырынан үзінді («Қобыланды мен Тайбурыл»), қиял-ғажайып («Қара қылыш», «Алтын айдар»), шыншыл-реалистік ертегілер («Тазша бала», «Қара батыр», «Жиренше шешен»), көптеген мақал-мәтелдер де бар. Сонымен қатар Орынбай, Күдері ақындардың өлеңдерін де жинаққа енгізген [2,26-27 бб.].

Ыбырайдың ауыз әдебиетінен пайдаланған шығармалары, негізінен, халық аузындағы варианттарын сақтаған, өзгеріске түспеген. «Халықтық қиялдың негізінде сәтсіз әрекеттер жасау» (Белинский), басқаша айтқанда, халық шығармаларын «жөндеу», өңін айналдырып жіберу Ыбырай еңбектерінде кездеспейді. Хрестоматиядағы кез келген аңыз-әңгімелер мен мақал-мәтелдерден халықтық рухтың лебі сезіледі.

Хрестоматияда жарияланған аңыз-әңгімелердің мазмұнына, идеялық ұстамдылығына, белгілі бір мәселені тиянақты, дәл, көркем түрде жеткізуіне қарағанда, әрине, Ыбырайдың біраз қосымша еңбек еткенін де көреміз. Өйткені ұзақ жылдар бойы ауызша сақталып, алуан түрлі өзгеріске ұшырап келе жатқан кейбір шығармалардың

ішінде әлсіз көріністердің де, негізгі мәтінге қатысты шамалы мәселелердің де, қайшылықты пікірлердің де еніп кетуі болады. Ыбырай жинап бастырған ертегі, аңыздарда мұндай ерекшеліктер байқалмайды [1,201-202 бб.].

Ыбырай хрестоматиясында басылып шыққан халықтық аңыздың бірі – «Лұқпан хакім». Бұл аңыздың халық аузындағы «Мың жасаған Лұқпан» деген әңгіменің негізінде туғаны ешқандай күмән туғызбайды.

Халық арасында көп тараған аңыздардың бірі – Лұқпан туралы аңыз. Оның себебі де бар сияқты. Лұқпан халықтың өз бойындағы көп ерекшеліктерін білдіреді. Ол кедей адам, тек ел қыдырып ем жасап жүріп күн көреді. Екіншіден, ол ем жасауда молдалар сияқты бақсы құрмайды, тәжірибеге сүйенеді. Лұқпанның бұл әрекеті де оның шыққан ортасының өзгешелігін (соқыр сенімді дінге қарсылығын, еңбек сүйгіштігін) білдіре алады. Лұқпанның тіршілік, денсаулық үшін күресі халықтың арманынан туған. Аңыздың халықтық шығарма екендігін, Лұқпанның халық өкілі екендігін дәлелдейтін үшінші бір жағдай – Лұқпанның басындағы қайшылықты пікірлер. Олар халық түсінігінің көрінісі болып саналады. Лұқпан дін өкіліне қарсы тұрғанда, діннің мардымсыздығын әшкерелей отырғанымен, өзі жүргізіп жүрген тәжірибе жұмыстарын құдайдың «рахымынан тыс»деп қарамайды [4,33-34 бб.].

«Құдайтағала, – дейді Лұқпан – адамға әр түрлі дене берді: қол берді жұмыс қылмақ үшін, аяқ берді жүрмек үшін, құлақ берді естуге, ақыл берді ойланып, жаман-жақсыны аңғаруға. Сол берген денелерді тиісті орнына жұмсамасаң, құдайдың бұйрығына қарсылық болып табылса керек» [5,97 б.]. Бұл пікір Лұқпан атына айтылған халық пікірі екені даусыз.

«Лұқпан хакім» аңызының осы айтылған сияқты халықтық даналық және үлкен ой салатын ерекшеліктері ғана Ыбырайдың назарын аударған тәрізді.

Халықтың арманы мен тұрмыс ерекшелігін біркелкі дұрыс бейнелеген «Лұқпан хакім» әңгімесінің Ыбырай жариялаған варианты кейін орыс оқушыларына да жеткізіледі. Ол дәл және көркем аударылып, 1894 жылы Ысқақ Шүленбаев дегеннің аудармасымен «Дала уалаяты» (№3) газетінде жарияланған [1,32-33 бб.].

Хрестоматияда жарияланған халық аңызының бірі – «Жомарт» әңгімесі. Ол ел аузында көп тараған «Атымтай Жомарт» деген аңыздың негізінде шыққан. Бұл аңыздың да әр түрлі варианттарының бар екені мәлім, бірақ сол алуан саладағы варианттардың ішінен Ыбырай ең бір халықтық түрін таңдап ала білген. Мұны Жомарттың адамгершілік қасиеттері мен әрекеттерінен көруімізге болады.

Халық ұғымында да, халықтың ауыз әдебиетінде де ұнамсыз кейіпкер жауыздығымен, сараңдығымен, екіжүзділігімен көрінеді. Мұндай кейіпкерлер, әдетте, үстем таптың өкілдері болып келеді. Халық өз ортасынан шыққан адамды әрдайым мадақтап отырады. Жомарт та – сол халық өкілдерінің бірі. Жомарт – халықтың ауыр тұрмысқа қынжылуына байланысты туған, оның болашаққа арманын бейнелейтін образ. Ол әуелде кедей бола тұрып, кейін өзінің адал еңбегі арқылы байыған адам болып көрінеді. Жомарт: *«Күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем де, бойыма сол тамақ болып тарайды; еңбекпен табылған тамақтың тәттілігі болады екен»* [6,221 б.] – дейді. Ол өзінің еңбек етуін бұрынғы кемтарлық күнімді ұмытпауыма және қатарымдағы шаруаларды естен шығармауыма жәрдем тигізеді деп біледі.

Халық арасында көп тараған аңыздардың бірі – «Жиренше шешен». Ыбырайдың хрестоматиясынан осы аңызды да кездестіреміз. «Дала уалаяты» газетінде «Жиренше шешеннің» әр түрлі варианттары жарияланды. Олардың ішінде аңыздың негізгі мазмұнына жанаспайтындары да бар, бірақ Ыбырай жариялаған «Жиренше» оларға ұқсамайды, ол өзінің халықтық вариантымен берілген.

Ыбырай Жиреншенің ханды қаңбақ пен қаз арқылы масқаралайтын, Қарашашпен қосылатын, Қарашаштың тапқырлығын суреттейтін мәтіндерді жариялады.

Бұл аңыздан халық өкілі Жиреншенің бейнесін толық көруге болады. Ол ханның топастығын дәледейді, өзін өлімнен құтқарады. Өзінің шыққан ортасы сияқты Жиренше де кедей, бірақ ол өз лашығын «айхай, менің өз үйім, кең сарайым-боз үйім» [6,123 б.], - деп санайды, өмір қиыншылығына жасымайды, өйткені оның бойында халыққа тән даньшпандық, тапқырлық бар. Жиреншенің қауіпті жағдайдан оңай құтыла беруі де, осы жолда Қарашаш сияқты ақылды жарының болуы да халықтың арманынан туған жайлар.

Халық аузындағы аңыз-әңгімелерді таңдау-талғауда Ыбырай жастарды гуманистік рухта тәрбиелеуге және олардың өз айналасындағы өмірді танып білуіне көмегін тигізетін шығармаларды ғана іріктеп алып қойған жоқ. Оның бұл саладағы еңбектерінің ішінде оқушысын қазақтың шешендік сөз өнерімен таныстыру ниетін көздейтін аңыз-әңгімелер де кездеседі. Ағартушы мұндай шығармалар арқылы жастарды тапқырлыққа, өткірлікке, шешендікке баули түсуді мақсат еткен еді.

Сонымен, Ыбырай өзінің озық ағартушылық идеяларына халық мұрасының ішінен айқын үндестік тапты. Халықтың өз сөзімен өзін діни ұғымдар мен әдеттерге қарсы («Лұқпан хакім») және адалдыққа («Таза бұлақ»), ақылдылыққа, тапқырлыққа («Жиренше шешен»), еңбекке («Жомарт») тәрбиелей түсудің жемісті нәтижелер беретіндігін жақсы түсінді.

Сонымен бірге, Ыбырайдың 1879 жылы басылып шыққан хрестоматиясында «Қара батыр» деген жалғыз ертегі кездеседі. Ол – ел аузындағы ең бір халықтық ертегі.

«Қара батыр», ең алдымен, шын мәніндегі балалар шығармасы. Ыбырай ауыз әдебиетіндегі сан алуан ертегілердің ішінен осыны таңдап алуы арқылы, өзінің балалар психологиясын жете білетіндігін көрсетеді. Ертедегі феодалдық өмірдің құрбаны бола жаздап барып аман қалған езілуші таптың жас өкілінің аянышты өмірін баяндайды, баланың тапқырлығын суреттейді. Ертегінің әрбір көрінісі, баланың еліне хабар беруі жас оқушылардың жан дүниесіне әсер етерліктей дәрежеде. Ертегі, әдеттегідей, халық өкілінің негізгі арманына жетуімен аяқталады. Мал орнына барымтада кеткен жас бала ата-анасына, еліне қосылады. Оның халықтық ертегі екені де осы қасиеттерінен айқын көрінеді.

Ертегідегі жас баланың ру тартысы арасында барымтаға ұшырауы оқушының феодалдық салтқа өшпенділігін туғызады, жазықсыз жастың аянышты өміріне қынжылу сезімін күшейтеді. Ертегі феодалдық өмірдің тұрпайылығын жастар түсінігіне сай түрде әшкерелейді [4,178-179 бб.].

Ыбырайдың 1906 жылы А. Васильевтің редакциясымен басылып шыққан хрестоматиясында «Қара батырдан» басқа екі ертегі («Алтын айдар», «Тазша бала») жарияланды [4,168 б.].

«Алтын айдар» ертегісінде ханның қаталдығы, әйел теңсіздігі суреттеледі. «Тазша бала» ертегісінде баланың жауыз байды өлтіріп, оның қызына үйленуі баяндалады.

Сонымен бірге, Ыбырай қазақ арасында көп тараған эпостық жырлардың ішінен «Қобыланды» жырына назар аударады. Оқушыларға арналған тар көлемдегі оқулықта жырдың түгел қамтылуы мүмкін де емес еді, сондықтан Ыбырай оны тек үзінді күйінде пайдаланды. Ыбырай тек Тайбурылдың шабысын суреттейтін үзіндіні ғана пайдаланған.

*Сонан соң Қобылан қуанып,
“Шырағым, Бурыл, шу” деді:
Шу дегенде гүледі,
Табаны тасқа тимеді.
Тау мен тасты көрмеді,*

Құлақтың түбі терледі,
Тер шыққан сайын өрледі,
Асқарды көзі көрмеді.
Көлденең жатқан көк тасты,
Тіктеп тиген тұяғы,
Саз балшықтай иледі... [6,222 б.].

Ыбырайдың бұл үзіндіні жырдың қай вариантынан алғаны әзірге тиянақталып шешіліп болмаған мәселе.

Қазақ ауыз әдебиетінің нұсқаларын, соның ішінде мақал-мәтелдерін жариялауда Орынборда 1879 жылы шыққан, 1906 жылы толықтырылып қайта басылған Ы.Алтынсарин хрестоматиясының алатын орны ерекше. Хрестоматияда қазақ мақал-мәтелдерінің ең таңдаулы нұсқалары жарияланған және он шақты тақырыпқа бөлініп жүйеленген «...әлі қараңғы, бірақ аздырғыш элементтердің ешқайсысына әзір азбаған және пайдалы нәрсенің бәрін қабылдауға қабілетті туған еліне шама келгенше пайдалы үлес қосу – біздің әрқайсымыздың борышымыз » [7,15 б.], - деп өзі айтқандай, ұлы ұстаз оқу-ағарту ісіне ғана емес, сонымен қатар, халықтың әлі қолы тимеген әлі тың, бай әдеби мұрасын іріктеп-сұрыптап жариялауға да үлкен үлес қосқан.

Ыбырай жинап 1879 жылғы хрестоматияға бастырған 69 мақал-мәтелдің ішінде еңбекші халықтың арманы мен түсінігін білдіретін және ағартушының өз идеяларына толық жауап беретін нағыз халықтық мақалдар көп орын алады. Мысалы: «Талапты ерге нұр жауар», «Екпей егін бітпес», «Қатты жерге қақ тұрар, қайратты ерге мал тұрар», «Өнерді үйрен де жирен», «Шапқан озар, жатқан қалар» деген халықтың оптимистік идеяларынан туған мақалдарды алуға болады.

Қорытындылай келгенде, Ыбырайдың қазақ фольклорын жинап, жариялаудағы еңбегін оның өз тұсындағы оқушылары да зор қуанышпен қарсы алып, айрықша жоғары бағалап еді. Ыбырай көзінің тірісінде сол оқушылары тарапынан «халықтың оқуы үшін халық поэзиясы нұсқаларынан кітап құрастырып шығару ісін де бастаған Алтынсарин болатын», – деген үлкен құрметке ие болды.

Ыбырай қазақ ауыз әдебиетінің көптеген жанрларын қамти алды. Олардың әрқайсысынан өзінің нағыз халықтық деп таныған шығармаларын жариялады. Хрестоматиядағы ауыз әдебиеті материалдарының басым көпшілігі адамгершілік идеясына негізделгенін көреміз. Халық ауыз әдебиетінің кейбір нұсқаларының біздің дәуірімізге жетуіне де Ыбырайдың қосқан үлесі зор.

Әдебиет:

1. Дербісәлин Ә. Ыбырай Алтынсарин. – Алматы: Қазақстан, 1965. – 227 бет.
2. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 бет.
3. Дербісәлин Ә. Ыбырай Алтынсарин. – Алматы: Арда, 2005. – 215 бет.
4. Ыбырай Алтынсарин тағылымы. Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер.- Алматы: Жазушы,1991. – 384 бет.
5. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалар. Құрастырушы Б.С.Сүлейменов. – Алматы: Қазақ ССР ҒА баспасы, 1955. – 415 бет.
6. Ыбырай Алтынсарин. Қазақ энциклопедиясы. Алматы: Аруна, 2007. – 631 бет.
7. Донбаева А.В. Араб және қазақ мақал-мәтелдерінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері. Канд. дисс. Автореф. – Алматы, 2003. – 32 бет.

Т. АХТАНОВТЫҢ «ШЫРАҒЫҢ СӨНБЕСІН» РОМАНЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР БЕЙНЕСІ

Құлыбекова Ж.С., Қайыржан А.Б.

(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Сонау отты жылдарда тақыр жерді жастанып, суық мұзды құрсанып, етігімен су кешкен ер азаматтардың және тылдағы адамдардың да жанын қу шүберекке түйіп «Бәрі де Жеңіс үшін» деген қағидамен, Ұлы Жеңіске деген нық сеніммен өмір сүрген кезі - адамзат баласын біріктірген ұлы мақсаты болғаны белгілі. Ұлы Отан соғысын, яғни халық басына зор нәубет төнген уақытты, адамның небір қасиеттері сынға салынатын кезді суреттейтін туындылар қазақ әдебиетінде де лайықты көрініс тапты.

Бұл тақырыпты өзінің «Қаһарлы күндер» (1956), «Боран» (1963) «Шырағың сөнбесін» (1973) романдарында кеңінен суреттеп, соғыстағы адам тағдырына әлеуметтік және адамгершілік тұрғыда қарай білген жазушы Тахауи Ахтанов есімін атаған орынды. Тарихта теңдесі жоқ бұл оқиғаны түгел қамту қиын. Автор алдына, әрине, ол мақсатты қоймайды да.

Ұлы Отан соғысы ел мен ер намысын болып көрмеген биікке көтергені мәлім. Кешегі майдангер Тахауи Ахтановтың бұл тақырыпты мейлінше кең қозғауы - Отан қорғаудағы адал жолда шаһит кеткендердің даңқын асырып, ел есіндегі, олардың жүректеріндегі қасиетті бейнесін жырлады. Тұтқиылдан шапқан жауға қарсы төтеп беріп, өз халқының намысын қорғаған аталарымыздың ерлік істері бүгінгі ұрпақ бойында да мақтанш сезімін ұялататындығы сөзсіз.

«..Ал, сол соғыс пен бейбітшілікті қазіргі қазақ прозасында айғай-шусыз, айтыс-тартыссыз, айрықша әдемі, айта қалғандай шебер сәулендіріп жүрген бір адам болса, ол - Тахауи.

«Үлкен үшеу» - (бұл жерде «Қаһарлы күндер», «Шырағың сөнбесін», «Боран» романдары) соның айғағы» [1,98 б.], - деген жазушының замандасы академик З.Қабдоловтың пікірі жоғарыдағы ойымызды дәлелдей түседі.

Жалпы Т. Ахтанов әр кейіпкерінің рухани болмысын психологиялық тұрғыда адам жан-дүниесінде болып жататын түрлі моральдық құбылыстармен бірлікте терең әрі нәзік ашып көрсетеді. Бұл әсіресе, қаламгердің соңғы көлемді туындысы - «Шырағың сөнбесінде» айтарлықтай дәрежеде көрініс тапты [2].

«Шырағың сөнбесін» романының бірінші кітабы 1973 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан. Шығарма әуелде үш кітаптан тұратын роман-трилогия ретінде жобаланған болу керек. Өйткені, қазір біздің қолымыздағы «Шырағың сөнбесін» атты роман үш бөлімнен тұрады және көлемі - жиырма төрт баспа табақ. Осы қалпында 1981 жылы «Жазушы» баспасынан кітап болып жарық көргені мәлім. Суреткер Т.Ахтанов кейіннен өзінің әуелгі ниетінен бас тартқан да бізге үш бөлімнен тұратын бірегей романды ұсынған жайы бардай көрінеді. «Жоғалған дос», «Күтпеген кездесу» тәрізді оқшау дүниелердің жазылуы мен жарық көруі процесі үстінде жүрген тұста Тахауи Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» романына іле-шала кірісіп кетуін әбден түсінуге болады [3,193 б.].

Жазушы шығармада бар оқиғаны бас кейіпкер Нәзира атынан баяндай отырып, әйел жанының тылсым да нәзік қалтарыстарына бойлап, сол арқылы әйел-ана гуманизмін суреттейді. Сырттай шығарманың ішіне енбеген адамға Нәзира тек өзінің қара басы үшін, әйтеуір, өлмеу үшін жанталасып жүрген сияқты. Шын мәнінде

Нәзираның ішкі ойларына терең енесек, бұл пікірдің мүлдем теріс, әрі өресінің тарлығын түсінеміз.

Тіпті, «Шырағың сөнбесін» романын автор емес, бас кейіпкер Нәзира жазып шыққандай әсер етеді. Суреткер Тахауи Ахтанов соны қағазға тек қапысыз түсіргендей болады да тұрады.

Түрлі тағылық істер белең алып, ешкімді ешкім аямайтын сұрапыл соғыста Нәзираның тірі қалуының өзінде үлкен мән бар. Ең алдымен, Нәзира - ана. Ол айналадағы құбылыстың барлығына тек ана көзімен қарайды. Адам баласы құдайын ұмытып, бір-біріне тек жыртқыш көзбен қарап, тістесіп, жауласып жатқан уақытта Нәзираның жау солдаттарының суық жанарына аналық сезіммен көзін қадауында ерекше сыр жатыр. Осы тұста адамгершіліктің ұлттық табиғатына көңіл бөлер болсақ, қазақ үйіне келген жылан екеш жыланға жәбір көрсетпейді, оны басына ақ құйып шығарып салады. Сондай-ақ, адам баласы бір-бірінің көзіне, айналаға, қоршаған тіршілікке ана көзімен қараса, мүмкін біз бастан кешіріп отырған зұлматтар болмас та еді деген ізгі ой туады [4,12 б.].

Романның бүкіл көркемдік жүрегі мен миы, жаны мен тәні болып табылатын Нәзира тағдыры, Нәзира характері біздің әдебиетімізде алғаш рет шырқау биікке көтерілген - жаңа болмыста жарқырап көрінген жаңа тұлға, жаңа образ [3,127 б.].

Кіші лейтенант Қасымбек Еділбаевтың әйелі Нәзира әскери қызметте жүрген офицерлердің жарларымен, бала-шағасымен өзі қалай танысып, араласып кетсе, сіздерге де соны қаз-қалпында майын тамыза отырып, баяндап береді. Осы орайда, Нәзира бірде ертегіші, бірде әңгімешіл, бірде көпті көрген абыз кейуанадай; бірде өзіне мүлде беймәлім, мүлде жаңа өмірмен енді-енді танысып, енді-енді көзі ашылып, оң-солын ажырата бастаған, өміртану-адамтану дәрістерін өзінше алып, өзінше оқып, өзінше тоқып жүрген тіпті балаң жас адамдай көрінеді. Бір ғажабы баяндауында кедір-бұдыр жоқ, селдірі жоқ. Кәдімгі өмірдің өзіндей қым-қиғаш өріліп жатады.

Ең бастысы, жайынауыз ажал-тажалы миллиондаған адамды жалмаған, миллиондаған адамға қайғы-қасірет, зар запыран әкелген, миллиондаған адамды жесір еткен, жетім еткен соғыстың барлық әлуеметтік-қоғамдық зардаптардың бір адамның басынан - Нәзираның бойынан, бір адамның тіршілігінен - Нәзираның өмірінен яғни жеке адамның ешкімнің басына бермейтін ауыртпалықтарынан - Нәзираның тауқыметінен көрген тұста сен де еріксіз Нәзираның өзі болып кеткенінді сезбей де, білмей де қаласың. Талант пен көркемдік құдіреті - дегеніңіз осы емес пе?!

Соғыстың екі жарым жылы ішінде есейген, екі рет тұрмысқа шыққан, екі бала жетегінде, бір перзент құрсағында келе жатқан Нәзираның тым ерте есейіп, тым ерте қартайғандай сезілетіні, көрінетіні, ешқандай күдік тудырмайды. Соғыстың адам төзгісіз қиямет-қайымын ер жігіттен кем көтермеген қазақ қызы Нәзираның жеке адам, жеке пенде, тіпті, жеке әйел заты ұрғашы ретінде теңдесі жоқ қайсарлықпен күресуі, сөйтіп аман қалуы, өміршең адамзат ғұмырының шырағын соғыстың ешқашан өшіре алмайтынын, өйткені сол шырақты жағатын, өшірмейтін әйел жынысы екендігін шынайы дәлелдеген Нәзира образы - қазақ әдебиетіндегі тың сипаттағы, мейлінше күрделі бейне болып шыққан [4,16 б.].

Бас кейіпкер Нәзирадан кейінгі толыққанды шыққан образ - Светаның тұлғасы. Светаның Нәзираға ақтарған сырларынан оның ішкі әлеміне терең бойлай аламыз. Жау тылында қалып қойып, орман паналаған Света неміс әскерлерінің қолына түсіп қалады. Светаның әйелге ғана бітетін өзгеше бір тартымды келбеті зұлым жаудың да жүрегін дір еткізеді. Еркек түгіл әйелдің өзін де қызықтыратын Светаның сұлулығы неміс полковнигінің құмарлығын оятады. Жазушы объективті жайттармен бірге субъективті сәттерге де мән береді. Неміс полковнигі өз алдына. Светаның өзі де көкірегіндегі әлсіз ұятын бойын жайлап алған ыстық құмарлыққа тұншықтырады [2].

Мұнан кейін Света тірі адамға жан қайғы болып тұрған шақта ар қайғысын арқалап кетеді. Бұл түннен кейін Света өз тағдырын Отан тағдырымен ұштастырып, өз бақытсыздығымен халық бақытына ара түседі. Жерін таптағанымен қоймай, сұлуын мазаққа айналдырғысы келген жаудан кегін қайтармаққа бел шешіп кіріседі. Неміс комендатурасына тілмаш болып орналасып, партизандарға көп көмек береді. Қалың жаудың қақ ортасында жүріп, еліне қызмет етеді. Отанға деген патриоттық сезім нәзік Светаны үлкен ерлікке бастайды. Оның жеңіс күнін жақындатуға қосқан үлесі ерлерден бір саты биік тұр десек қателеспейтін секілдіміз. Өйткені, қыл көпірде жүріп, адамшылық арына қылау түсірмейді. Ұсталып қалған кезде де ажалын қайсарлықпен қарсы алады. Света өз өлімімен біріншіден, адамгершілік арын арашалады, екіншіден, Отанға деген ұлы сезім - патриоттықтың асқан үлгісін танытты.

Сонымен қатар, жазушы сомдаған Қамқа әже, Дуния апай образдары арқылы қалыптасқан моральдық-этикалық нормалардан адам рухының биіктігін көреміз [2].

«Шырағың сөнбесінде» соғыс оқиғасы адамның ішкі ойымен қатарластырыла өріледі. Адамның ішкі ой-толғанысы арқылы соғыстың адамзат баласына жат құбылыс екенін айтады. Роман қаһармандары ауыр да күрделі, тіпті қашып құтыла алмайтын сәттерде де өмірге деген құлшынысын жоғалтпайды, қажуды, шаршауды білмейді. Ажал аузында да адамдық рухын жоғары ұстаған жаңдарға іштей құрметпен қарайсың. Бір сөзбен айтқанда, Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» романы соғыста да адамның адамшылық қасиеті алғы кезекте тұратынын танытқан, адамгершілік асыл қасиеттерді арқау еткен соғыс жайлы терең мағыналы туынды.

Ұлы Отан соғысындағы кеңес халқының бүкіл драмасы, бүкіл трагедиясы, бүкіл құдіреті - біз үшін әрқашан аяулы өнеге, аяулы үлгі бола білген. Ержан, Раушан, Көжек, Мұрат, Кусков, Кәкібай, Дәурен, Күләнда, Бондаренко, Добрушкин, Земцов, Зеленин, Қартбай, Бөрібай және басқалар тәрізді әр алуан кейіпкерлердің өмірдегі - шығармадағы биік қасиетімен мейлінше қарапайым, мейлінше шыншыл көрінген.

Адам баласы өзінің уымен өзін өлтіретін қара құрт секілді болашағын улайды. «Шырағың сөнбесін» деген қазақтың қарапайым философиясын бүкіл адамзаттық проблема деңгейіне жеткізе суреттеген» қаламгер шеберлігі, танымы таң қалдырады [5, 95 б.].

Осылайша, аңызға айналған ақиқаттың тарихи шындықтары Тахауи Ахтанов қаламының шеберлігі арқасында мейлінше көркем қалпында көрініп, Отан қорғаудағы жанпидалық пен жанкештіліктің куәгері боламыз.

Бұл шығарма бойында суреттелген әр ананың, әр әйелдің бір-ақ ортақ мақсаты бар - ол жеңістің келуі, елінің амандығы, сәбилерінің жарқын күлкісі. Аналық сезім мен мейірім қандай сұрапыл соғыс пен шапқыншылық болса да, оған қарсы төтеп бере алатын, барлық қиындықтар мен ауыртпалықтарды жеңетін бірден-бір құдіретті қасиетті күш. Басты кейіпкер Нәзирадан басқа, романда мейлінше дәл, мейлінше анық, мейлінше әсерлі әрі көркем сомдалған полктағы әйелдердің қай-қайсысы болмасын шынайы қалпымен еліктіріп ала жөнеледі. Бұл орайда Елизавета Сергеевна, Алевтина Павловна, Ираида Ивановна, Маруш Аршаковна, Светлана Андреевна, Наташа мен Валя тәрізді әйелдердің бейнелерін атауға болады. Сол арқылы автор әйел затының жан-жақты, сан қырлы тағдырын, тіпті кей уақытта ер азаматтардың өздері төзе алмайтын өмірлік жағдайларын шынайы жеткізе алған. Осы әйелдердің қай-қайсысына болмасын, соғыс үлкен зардап әкелгені рас, бірақ олардың өмірге деген құлшыныстары мен аналық махаббаттары ешбір өшпеген, керісінше сол қиындықтарды жеңу арқылы болаттай шыңдала берген, өзгелерге жарқын үлгі бола білген.

Ана - қашанда болсын, Табиғаттың о бастағы заңдылығы бойынша, Жер бетіне өмір әкелуші, мейірімділік пен сүйіспеншіліктің, қамқорлық пен адалдықтың символы, әр кез осы заңдылық орындалып отыруы тиіс. Сәбидің жарық дүние есігін ашқанда ең

алғаш Ананың ыстық жүрегінің дүрсілін естіп, аялы алақанының жылуын сезеді. Ана мен сәбилердің құдай берген құдіреті де осынысында. Екі бала бауырында, бір бала құрсағын бүлкілдетіп тіршілік кешіп жатқан Нәзіраның, мынау жалған дүниенің мәңгілік өміршең символы мен мазмұны болған Нәзіраның жеңіске жетуі, өмір шырағын сөндірмеуі осындай зор көркемдікпен суреттелген.

Суреткер Тахауи Ахтанов сонау жастық шағына қайта оралып, өзінің прозадағы аққу әні болған «Шырағың сөнбесін» атты ғаламат көркем романы арқылы өзінің ұлы қаламгер екендігін осылайша тағы бір паш етті.

Әдебиет:

1. Қабдолов З. Арна. - Алматы: Жазушы, 1988. - 256 бет.
2. Ахтанов Т. Шырағың сөнбесін. Роман. - Алматы: Жазушы, 1992. - 400 бет.
3. Жұмабек С. Т. Ахтанов. Талант тектоникасы. - Астана: Күлтегін, 2003. - 224 бет.
4. Бірәлі Г. Т. Ахтанов прозасындағы адамгершілік ізденістер. Канд. дисс. автореф. - Алматы, 2000. - 28 бет.
5. Қирабаев С. Әдебиетті қайта оқыту. - Алматы: Балауса, 2010. - 320 бет.

ӘОЖ 821.512.122

ПОЭЗИЯДАҒЫ ТУҒАН ЖЕР ТАҚЫРЫБЫ - ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС НЕГІЗІ

Құлыбекова Ж.С., Нұрлыбек А., Әділбекова Н.

(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Қазақ ақындарының ішінде туған жер тақырыбына қалам тартпағаны жоқ; бірақ оны өз шығармашылығында саналы түрде бүтіндей бір идеялық-поэтикалық концепцияға айналдырғандары саусақпен санарлық.

Туған жер, атамекен, оған деген перзенттік махаббат, ыстық сағыныш пен қимастық сезімді білдіру, оның тағдырына деген алаңдаушылық, өткен тарихына терең бойлау мәселесі — адамзат тарихының өн бойында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат. Бүгінде адамзат өркениеттің өзгеше биігіне көтерілген үшінші мыңжылдыққа қадам басар кезеңде де рухани асыл мұрат — ел мен жер тағдыры, болашағы жайлы толғану жайы маңызды бола бермек. Бұл мәселе әсіресе, ХХ ғасыр поэзиясы өкілдерінің, яғни ұлттық әдебиеттің дамып-өркендеген, өзіндік ерекшеліктері көріне бастаған кездегі қазақ әдебиетінің көрнекті туындыларында кеңінен орын алды.

Тарих тағылымы талай рет дәлелдегендей, басқа бір жаулаушы жұрттың қол астына қараған кез келген өміршең этнос өзінің тамыры тереңде жатқан дәстүр-дағдыларынан, таным-түсініктерінен әп-сәтте оңайлықпен қол үзе қоймайды. Бәрінен бұрын адамдардың туған топыраққа, өскен өңірге деген бабадан балаға жалғасқан адал қарым-қатынасының арасын суыту бірде-бір басқыншының бұйрығына бағынбаған; қайта қоныстың қауызы қусырылған сайын оны аялау мен аяу сезімі табыса түскен. Сондықтан шығар, кеңес билігі кезеңінде қазақ поэзиясында ең көп жырланған екі тақырып болса, соның бірі - туған жер тақырыбы - тереңінен әрі молынан сөз етілді.

Қай мезгілде де елдің тынысы мен тұрмысының ең ділгір, ең дертті, ең дәмді жайттары жөнінде аталмыш және тағы да өзге қазақ ақындары туған жер тақырыбы арқылы тұспалдаған. Сол негізде өздерінің терең ой-пікірлерін, жүрек түкпіріндегі сезімдерін шертті. Сол негізде жасампаз адам рухының биіктігін көрсетті.

Адамды, оның тағдырын, ортасын оның өз шындығымен, дәуірімен байланысты көрсету бүкіл кеңес әдебиетінің негізгі проблемаларының біріне айналды. Оның жеңістері мен сәтсіздіктері де сабақ еді.

Қаламгерлер ел, жер, атамекен тағдырына әлеуметтік және адамгершілік, гуманистік тұрғыда қараумен және оның философиялық сырын, астарын ашып көрсетумен байланысты жаңа маңыз алды.

Бұл қолына қалам алған әр ақын - жазушының шығармашылық міндеті екені сөзсіз. Осы орайда әдебиеттің мәңгілік тақырыптарының бірі ретінде көрінетін туған жер, атамекенге деген сағыныш сезімін суреттеп жеткізу, оны жеке адам тағдырымен және қоғам өмірімен, елдегі әр түрлі оқиғалармен өзектестіре білуде еңбек етіп, поэзия жанрындағы өлең, толғаулар, поэмаларын тудырған ақындардың шығармашылығын зерттеу - бүгінгі таңдағы қазақ әдебиеттану ғылымы үшін өзекті.

XX ғасыр поэзиясы – ұлттық поэзияның жаңа бір белеске көтерілгендігін, жаппай евроцентристік ағымға ойысқан заманда қазақтың қара өлеңінің шынайы қасиеттерінің қадірі артып, бұрынғыдан да толысып, кемелдене түскендігінің куәсі. Ақындар қазақ өлеңінің ұлттық бояуы мен рухын ұстанды, оны түрлендіре байытты, сөйтіп қалың қазақ оқырмандарының жүрегіне жол ашты.

Сонымен қатар, бұл кезең ақындары қазақ лирикасын XX ғасыр әдебиетінің озық үлгілерімен құнарландырды. Білікті, парасатты қаламгерлер ретінде өз заманының ірі мәселелеріне қалам толғаса да, соның өзінде қазақ өлеңі мен ана тілінің ғасырлар қойнауынан нәр жинаған аталы дәстүрін бұзбай, жарасымды және табиғи дамытты.

60-80-жылдары қазақ әдебиетінің поэзия жанрында жаңа ізденістер мен тың тақырыптарға беталыс байқала бастады. Бұл қоғамдық дамудың өзгешеліктерінен туған заңдылық еді.

Осы кезең ақындарының ішінде туған өлке мен ана тақырыптарын жиі-жиі жырлаған Жұбан Молдағалиевтің шығармашылығында бұл қос бейненің бара-бара өзара кірігіп кетуінде бір заңдылық барлығы заңды. Және оның туындыларындағы «Жер-Ана» образының ілуде бір емес, ұдайы ұшырасып отыратындығы да - қаламгердің дүниетаным тұтастығының және саналы суреткерлік ұстанымының белгісі [1,52 б.].

Мысалы, ақын 1966 жылы жазылған «Жер мен әйел» атты философиялық пайымға толы өлеңінде: «Жер демекші, о да ару, ол да ана// Әйелге тең теңеу болса, сол ғана», - деп, сонау Адам Ата-Хауа Анадан бері қарайғы тіршіліктің құрсағы - Жердің сұлулық сипатын, жаратушылық күшін, жарылқағыш мінезін, тылсымдық құдіретін әйел затымен сегіз шумақ бойына салғастыра суреттейді. Өлеңнің: «Мен әйелге тәңірімдей табынам...» деген алғашқы тармағындағы тұжырымның астарын осындай қарым-қатынас арқылы ашады, яғни логикалық қисынға саятыны: әйел де - тәңірі, жер де - тәңірі. Бұл туындыда ақын жалпы жер туралы толғанады ма, жоқ оның бір мүйісін ғана меңзейді ме дейтін мәселе көмескі күйінде қалған. Әркім мұндай бейтараптықты өз қалауынша, өз қорытуынша пайымдап-парықтап алады. Басқа бір өлеңінде /«Жер деп Көкше жерін айт», 1974 жыл/ ақын семантикалық егіздеудің сырын перзенттік сезіммен ашықтан-ашық жайып салады:

Мен үшін қазақ жерінің
Жаманы және жаты жоқ,
Мен үшін қазақ жерінің

Анадан өзге аты жоқ [2,12 б.], - деп жерді ұлы да құдіретті, тіршіліктің бастауы – қасиетті Ана атауымен тікелей байланыста алады.

Сөз жоқ, бұл - қарапайым ғана айтылған, бірақ шынайылық пен шындыққа суарылып, бойына анаға деген махаббатты дарытқан қуатты шумақ.

Ал енді Жұбанның «Таңырқаймын шындарына таулардың» атты шығармасындағы /1974 жыл/: «Дала! Дала! Дала! - емсіз ғашығым», - деген жолдарын оқығанда, ақынның алдыңғы екі өлеңімен таныс адамның санасында «Дала-Ару», «Дала-Ана» ұғымдарының отша шарпысып өтетіні рас.

Бір буын өкілдері – Қ.Мырзалиев, М.Мақатаев, Ж.Нәжімеденов шығармашылықтарынан жолығатын Жер-Ана бейнелері де басқа- басқа [1,53 б.].

Қ.Мырзалиевтің «Маған болу керек еді...» деп басталатын өлеңіндегі ұлы Отанының «көк орманы», «қыр гүлі», «тау суы», «бұла таңы» болып жаратылмағанына өкінетін лирикалық қаһарман сөзінің соңында: «О бастан-ақ анам – Дала, әкем менің - Күн екен// Осы мені ата-анамнан бөліп алған кім екен?!», - деген риторикалық сауал тастайды. Ә дегеннен байқалатыны, ақынның «Ана-Даласы» динамикалық қозғалысқа түсірілместен, статикалық қалыпта - бар болғаны «әке-Күннің» жұбайы ретінде ғана аталған; өйткені өлең логикасының өзі одан артықты тілеп тұрған жоқ [1,52 б.].

М.Мақатаев табиғат лирикасына жататын өлеңінің атын «Ұқсастық» деп қойыпты. Образға орап айтпағаны да сол: босанған Ана мен көктемде бусанған Даланың арасындағы ұқсастық. Ұл тапқан жас ана біресе тұла бойы тершіп, біресе шөлін шаймен қандырып жатса, ақын қиялында Дала да осының бәрін бастан кешіреді. Ананың адал жары қалжасын даярласа, даланың серігі диқан да қам-қарекет үстінде - «тәй-тәй саусағын жаяр» көк егінді күтулі. Автор өлеңін:

Жерді - Анама,
Анамды Жерге теңедім,

Екеуінен де егіз ұқсастық көремін [3,109 б.], - деп, кәдуілгі ақиқат, өзге дәлелді қажет етпейтін, кесіп айтқан түрінде аяқтаған.

Ж.Нәжімеденовтің «Салмақ туралы» атты өлеңі – кеңсенің ұсақ тірлігінен космостың ұлы тынысына дейінгі аралықты жалғап жатқан адамзат өмірінің мың-мың түрлі белгі-бедерін суреткерлік қиял кұшағына қаусырып, бір ғана күдіретке - туған жерге табынуды дәріптейтін толғақты дүние. Содан болар, ақынның Жер-Анасы әмбелік - жалқы да, жалпы да мазмұнға ие. Едәуір көлемді лириканың философияның туындының барша қырын баяндап жатпастан, тек тақырыпты аша түсетін үзінділерді келтіре кетейік:

Салмақсыздық, меніңше, барлық заңға жат болар,
ұлдарының Жер - Ана алыс жолға аттанар
оралсын деп тезірек салмақтарын ап қалар
Сенде менің бөлінбес күллі ырысым, күллі есем,
Ей, Жер-Ана, не ойласам - ораласың тілге сен.
Жапырағыңмен сыбырлап отырмасаң күнде сен,
Мен өнерде өзімнің салмағымды білмес ем!
Саулығымды ал,

Санамды ал,

Туған жерден тек мені - салмағымнан айырма! [4,504 б.].

Сөйтіп, өлең өлкесіне қатар аттанған үш ақынның туған жер тақырыбын жырлау тәжірибесіне жүгіне отырып, Жер - Ана ұғымының қилы-қилы идеялық және көркемдік мақсатта жұмсалуда жарайтындығын аңғардық.

Әрбір ұлт, әр халық табиғат әлемін өзінше жырлайды, оған деген көркемдік көзқарастары да әр түрлі. Көбіне «әрбір ақынның немесе жазушының өзіне ғана тән ерекше табиғат образы бар».

Қ. Мырзалиевтің де табиғат бейнесі басқа ақындардан өзгеше. Ол табиғатты формалық тұрғыдан ғана қызықтап қоймайды, сол төл табиғаттың әрбір туындысының мазмұнына тереңдей үңіліп, өзіне ғана тән пайымдаулар жасап, өзгелерден оқшау сыр түюге шебер. Ол суық аязды: «Қас батырдан қаһарлы, ояздан да озбырлау» - деп

суреттесе, көз ұшында көрінген ауыл бейнесін: «Бұлдырайды әне ауыл, буға ұстаған әйнектей» — деп, ал сол суықтағы аттың күйін «Құлагердің танауы, қайнап кеткен шәйнектей» деген ойға қонымды, ойнақы теңеулермен әдемі бейнелейді. Ал әрқашан ақын ойында келісім тауып, жағымды жағымен көріне бермейтін өндірістің суреті де сол біз айтқан сипатта көлбең етіп өте шығады. «Жырақ зауыт түтіні, жын-перінің шашындай» деген жолдарда табиғат тазалығы мен сұлулығына «жын-перінің шашы» секілді зияны мен улы түтінді қарама-қарсы қояды. «Ақындық көзқарас пен көркемдік шешімнің тұтастығы, ой-сезім дүниесінің тереңдігі, бейнелеу жүйесінің көп желілігі, суреттеу құралдарының қашан да сонылығы Қадыр поэзиясының қадір-қасиетін танытады. «Мынау Қадыр ғой», дейсің оның қолтаңбасын ә дегеннен-ақ аңғарып, жаза баспай танытты» [5,78 б.].

Иә, бүгінгі қазақ поэзиясын жалпылай қарастырсақ Қ. Мырзалиевтің жыр жинақтарын парақтай отырып оның қалам тартқан тақырыптарының әр алуан екенін көруге болады.

Қазақ әдебиетінде туған жерді өзінше жырлап, өзінше танылған Қ.Мырзалиевтің дәстүрі жалғасыз қалған жоқ. Алпысыншы жылдардың бас кезінде ұлы жазушы М.Әуезов: «Әдебиетке мәдениетті ақындар, оқыған ақындар келе бастаған» [6,448 б.], - деп солардың ішінде Қадыр мен Тұманбай есімдерін даралап атаған еді.

Ғ.Қайырбеков туған жерге деген «сүйіспеншілігін қазақ үшін төрт түлік малдың тандаулысы саналатын жылқының мінезі арқылы былайша береді:

Иә, мен - жершілмін,
Жеті түнде мекенін
Айнымай тапқан
Аттың жершілдігі секілді! [7,68 б.].

Ақын сондай-ақ халық аңызының негізінде жазылған «Ақбозат» атты өлеңінде ұрылар айдап алып кеткен қасиетгі жануардың өз аулына жер түбінен жол тауып қашып келгендігін асқақтата жырлайды да: «Туған жер қасиетін әсем айтқан// Халықтың асыл сөзі бұл да мәңгі», - деп қорытындылайды.

Қазақ поэзиясында бұрыннан бар, бірақ үні құмығыңқырап қалған сағыныш мотивін уыздай уылжыған күйінде ерекше ынтықтық пен ынтызарлыққа орап, алабөтен іңкәрлікке бөлеп ұсынған Т.Айбергенов туған жер туралы толғаныстарында да басқаша бояу танытты. Оның ішінде әсіресе баршаға белгілі «Аруана бауыр дүние» атты өлеңі - ақын кеудесінде атойлаған нар иділер алапат күй мен саумал таза сезімнің, тайпалған желмая сарын мен керуенбасы ойдың кіршіксіз, керемет үйлесімі. Тұңғыш болып Төлеген түп тамыры ноғайлы дәуіріне тартатын дәстүрдің талып жеткен даусын жаңаша жаңғырықтырды. «Қарға бойлы Қазтуған» жырында жат жердің суынан жеріген бозмая бауырында боздаған ботасына қарамастан, төл топырағы - Жем бойына қарай желе жөнелетін [1,61 б.]. Ал Айбергеновте осы тәріздес ситуация эпостағыдан да өткір коллизия арқылы көрсетіледі:

Аруана жаудың қолына түссе, ботасын шайнап өлтіріп,
Қаралы мойнын қайтадан артқа бұрмастай халге келтіріп,
Жеріне тартып отырады екен моншақтап жасы боздаумен
Омырауын шерге толтырып.
Апталап, айлап таңдайын мейлі тасбауыр шөлдер құрғатсын,
Қазығын таппай тоқтамайды екен мәңгілік
тіпті күн батсын [8,527 б.].

Сөзбен сездіруге, тілмен түсіндіруге қиын мұндай құдіретті құбылыс ақынның жан-жүрегін еріксіз жаулап, оның өзі де сол адамнан зият жануардың кейпіне кіргендей болады:

О бастан саған ынтызар туған аруана

тектес ұл ем мен,

Қазығын таппай қайырылмас [8,527 б.].

Белгілі сыншы З.Серікқалиев 1972 жылы жазған «Дала дастаны» атты мақаласында мынадай өмірлік мысал келтіреді: «...Қадыр Мырзалиевтің шет елдері институтының ағылшын факультеті оқушыларымен болған кездесуінде не ойлап едік? Сонда бір студент қыз бала орнынан тұрып, «Аға, сіз қай жерденсіз?» деп сұраған. Жұрт күліп жіберген. «Оны қайтейін деп едің, айналайын?» дейді ақын. «Жай. Өлендеріңізге қарап біздің ауылдық па деп қалдым» дейді студент қыз. Өзі сонау Семей облысында, ақын ауылынан мыңдаған шақырым жырақта туған болып шықты... Бұдан асқан ақынға не бақыт керек?!» [9,132 б.].

Кейін осы тәрізді ситуация Ж.Нәжімеденовтің «Туған жер» атты өлеңінде өзіндік көркемдік шешімін тапты. Бұл шығарма ақынның бірнеше кісінің сауалдарына жауап қайтаруы, яғни полилог пішінінде жазылған. «Туған жерің - қай жер?», «Он жылдықты қайда оқыдың?», «Ауа райы қандай еді ол жердің?» деген сипаттағы сұрақтарға ақын әзіл-қалжыңы аралас жалпылама, бір қарағанда жалтарма жауап қайтарады: оның туған жерінде де «аспан мен күн» бар болып шығады; оқыған орны - «мектеп», оқытушылары - мұғалімдер екен; ауылының ауа райы да кәдімгідей - «жазда жаңбыр, қыста қар жауады», табиғатының мінезі де таныс - «жел соқса, шөптің басы қимылдайды», жан-жануарлары да ұқсас - онда «бұралқы ит те, киік те кездеседі». Қысқасы, жер жүзіндегі бейнесіз, бедерсіз бір мекен секілді; тек қазаққа қатысы барлығын ғана ептеп жобалайсыз. Соңғы заңды сұрақ қойылады: «Барлық жер де дәл осындай емес пе?» Оқырман тарапынан да «Оу, мұнысы қалай өзі?» деген көлденең сауал қабаттасып туа бастайды бір кезде. Оның үстіне, бір қызығы, сұхбаттасушы адамдардың да иә аттары аталмайды, иә түр-түсі, қимыл-қозғалысы сипатталмайды: оларыңыз - әйтеуір «бір келіншек», әйтеуір «бір ер», т.с.с.; әңгімелесу орны да беймәлім; мезгілі де нақтыланбайды... Сөйтсек, бұл Жұмекеннің арнайы таңдаған суреткерлік тәсілінің, ақындық шеберлігінің нәтижесі екен [1,62 б.].

Оның уәжі мына жолдарды оқығанда барып табылады:

Міне, - дедім, - енді дұрыс ұқтыңыз,

Қайда да бар ойлы жігіт, мықты қыз.

Отанның қай жеріне де күн мен ауа тарайды,

Қай төбенің аспаны да арайлы,

Қай төбе де туған жер деп мақтануға жарайды! [8,504 б.].

Осылайша, ақындарымыз бүкілқазақстандық бірлік пен бүтіндік, тұтастық пен татулық идеясын алуан әдіспен айшықтапты.

Сонымен, жалпы «тарихи-әдеби процесс», «жеке ақынның шығармашылығы», «поэзиялық туынды» секілді бір-бірінен механикалық түрде бөлшектеуге болмайтын, өзара тығыз қарым-қатынастағы категориялардың ерекшеліктерін ескере отырып, қазақтың өлең өнерінің кеңестік кезеңіндегі туған жер тақырыбын жырлау тәжірибесін саралап-салмақтағанда жоғарыдағы жайттарды ойға жинақтадық [1,63 б.].

Азаматтық әуен қазақ поэзиясының дәстүрлі арнасын құрайды. Қай дәуір ақындарын оқысақ та, негізінен өлеңіне өміршең қуат, сөнбес от беріп тұратын тағы да осы азаматтық әуен, суреткердің дүниетанымдық көзқарасы. Оларды ғасырлар қойнауларынан табыстырып, жалғастырып жататын дәстүр өзектері де сол төңіректен туындайды. Әрине, азаматтық үн бірлігі ақынның даралығына нұқсан келтірмейді.

Әдебиет:

1. Шәріп А. Сөз өнері және ұлттық рух. – Астана: Педагогика-Пресс, 2010. – 240 бет.
2. Мырза Әли Қ. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Балауса, - 1995. - 432 бет.
3. Мақатаев М. Өмір – өзен: Өлеңдер мен дастандар. - Алматы: Раритет, 2005. - 288 бет.

4. Нысанбаев Ә. Екімыңжылдық дала жыры. - Алматы: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, - 2000. - 752 бет.
5. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 6 том. Тарихи тұлғалар. – Алматы: Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы, 2000. - 950 бет.
6. Әуезов М. 20 томдық шығармалар. 20-том. – Алматы: Жазушы, 1985. – 496 бет.
7. Қайырбеков Ғ. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Раритет, - 2008. - 240 бет.
8. Қазақ әдебиетінің тарихы. 9-том.– Алматы:ҚАЗАқпарат,2005. – 998 бет.
9. Серікқалиев З. Ақ жол. – Алматы: Жазушы, 1990. – 380 бет.

ӘОЖ 821.512.122

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЕЛ БІРЛІГІ МӘСЕЛЕСІ

Құлыбекова Ж.С., Серік Н., Қамбар А.
(*М.Қозыбаев атындағы СҚМУ*)

Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиеттен бастау алатын ақын-жыраулар поэзиясы негізінде жауынгер-жырау бейнесі, оның іс-әрекеті, ұлттық мүдде мәселесі, халық бірлігі идеясы тереңінен көрінеді.

Әдебиетіміздің қалыптасуы мен дамуының осы басты ықпалды арнасын құраған ақын-жыраулардың шығармашылық және қоғамдық-әлеуметтік қызметі, олардың ержүрек, қаһарман образдары арқылы қазақ халқының да әлем өркениетіндегі мәңгілік орны танылды.

XV-XVIII ғасырларда жасалған әдебиет ел мүддесін, жұрт мұратын бірінші орынға қойды. Өзіндік түр тауып, айқын ұлттық сипатта қалыптасты. Алаштың жайсаң жанын, өз рухын бедерлей таңбалап, келер ұрпақ үшін мәңгілік ескіrmес құнды әдеби үлгілер тудырды. Көркемдік танымның асқар биігіне көтеріліп, әлемдік өредегі ұлы шығармалар қалдырды [1,4 б.].

Ақын-жыраулар – қазақ халқының мәңгілік тұтас ұлт болып тұтасуын өздерінің ұлтжанды толғаулары арқылы толғап жырлағандар. Олар – қазақ халқының мәңгілік ұлы тарих жолында сақталуын, ұрпақтарының аман-есен өсіп-өркендеуін тілеген романтикалық асқақ арман иелері.

Бодандыққа қарсы дүниетаным қазақ елінің ұлт-азаттық жолындағы қозғалыстарының ұдайы дамуына түрткі болған бірден-бір идеологиялық бағыт болды. Бастапқы кезде Асан Қайғы жыраудың болжал күйіндегі толғауларынан бастама алған осы бағыттағы жыр үлгілері, кейіннен зар заман ақындарына да шыныққан шымыр поэзия үлгісіне айналды.

Ерлік жыры мен азатшыл рухтың белең алып, әдебиеттің басты тақырыбына айналған тұсы - XVIII ғасыр. Жоңғар басқыншылығына қарсы күрестің жыр байрағы осы тұста биікке көтеріліп, асқақтай түседі. «Осы дәуір әдебиетіндегі сырт жауларға қарсы күрес, ерлік сарыны Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей жыраулардың творчествосынан, ал қазақ даласында болған кейбір өзгерістер негізінен Бұқар жырау творчествосынан өз көрінісін тапты» [2,66-67 бб.], - дейді М. Мағауин.

Азаттық жолында күрестің басты мақсаты – «өз алдына ел болу». Міне, ұлы арман көздеген уақыт осы. Қантөгіс, қырғын, жас кеткен боздақ - осы бір ұлы мақсаттың құрбаны. Жырау сипаттайтын жеңістен кейінгі мамыражай заман суреттері - еркіндікке жеткізер ерлік қайрағы. Ал көңіл көздеген түпкі мақсат - ел қамы.

Тобылғы сапты қамшы алып,
Тұмар мойын ат мініп,
Қоныс та қарар ма екенбіз!

Ел жағалап жайлауда,
Жақсылар кеңес құрғанда,
Мұртымыз өрге шаншылып,
Бұрын да сөйлер ме екенбіз [3,115 б.].

Жырау көрер қуанышты, болар бақытты көшпелі жұрттың қызықты өмір салтынан ала отырып, күнделікті күйбең тіршілікті сағалап кетпейді. Елінің жайын ойлайды. «Кеңес құру», «Қоныс іздеу» - осының нақты көрінісі. «Қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған» жұмақ заманды бейнелеп, тәуелсіз елдің тыныштығын аңсаған ақынды береке-бірліктің құтын қашырмаудың қиындығы қатты толғандырады.

Осындай берген дәулетті,
Көтеріп тұра алар ма екенбіз [3,114 б.]!

Тәтіқара, Үмбетей, Ақтамберді жыраулармен қатарласа жүріп, жыраулық өнердің өрісін кеңейтіп, биікке көтерген, XVIII ғасырдағы өзге жыраулардан гөрі ел жадында көбірек сақталып, біршама мол мұра қалдырған Бұқар жырау Қалқаманұлы.

XVIII ғасыр - қазақ тарихының «басы - қатты, аяғы - тәтті» келген кезеңі. Басы қалмақ шапқыншылығынан басталып, ел еңсе көтеріп, бас біріктіріп, жеңіске жеткен бірліктің жемісті жылдары. Бұл - қалмақты жеңіп, орысқа ойлана қарап тұрған тұс. Оның арты неге апарып соққаны тарихтан белгілі. Жалпы осы кезеңнің тарихи сипаты туралы М. Әуезов былай дейді: «Қазақ елі қайда барып, қайда тұратыны туралы, басына келе жатқан ықтиярсыздыққа қарсы не шара қолдану туралы ең алғашқы рет қатты толғанып, ойланғаны Абылай тұсында болатын. Со күнде-ақ, мүмкін болса, патша үкіметіне бағынбай, елдің іргесін өз бетімен бөлек сақтау түбегейлі ниет сияқты нық байланған болатын. Орысқа қараған күнде ел басына құлдық, зорлық, ауыртпалық келетіні ел басшысының барлығына белгілі болатын» [4,195-196 бб.].

М. Әуезов ойынан ұзақ сілтеме жасауымыздың себебі - осы үзіндіден сол алмағайып заманның шынайы бет-бедерін бағамдағандай боламыз. Ал енді сол уақыттың «Саяси бетін» белгілеген ел басшысының бірі, хан кеңесшісі, қараша жанашыры Бұқар жырау еді. Тағы да М. Әуезовке жүгінсек, «Бұқардың заманы - ел басына ауыртпалық туған заман. Саяси хал, қазақ елінің басына құлдық ноктасын кигізгелі қабағын түйіп, ауырлап келе жатқан. Сондықтан Бұқардың толғауында екі түрлі күй, сарын бар. Біреуі - әлеумет қамын сөйлеу, екіншісі - сол жайды сөйлегенде мұң-зармен, арманмен сөйлеу. Бұл сарын көрер көзге бола қолдан жасалған сарын емес, сол заманның дерті улатқан ақынның жүрегінен қайнап шыққан шын жалын, шын қайғы» [4,202-203 бб.].

Бірақ Бұқар жырау «қайғысы» - Асан қайғының болжалды «қайғысы» емес, нақтылықтан туған, шындыққа суарылған «қайғы». Ол Асан қайғыдай желмаямен жерұйықты іздемейді, қиялдан сағым қумайды, бүгінгі тірлікті баянды етуді ойлайды.

Бұқар жырау толғауларының болмысы туралы С.Мұқанов кезінде былай деп жазған болатын: «Бұқардың барлық шығармасы сол кездегі халықтың тілегінен туған, ол тілек - қазақ халқының жер бостандығы, ел бостандығы, тәуелсіздігі, тыныштығы, шаттық тұрмысы» [5,203 б.].

Шындығында, жырау ел мен жердің амандығын амалдаудың жолын іздестіреді. Қалайда ел бірлігін, жер бүтіндігін сақтаудың айла-шарасын табуға тырысады. Айла сан алуан. Ол - ер басын оққа тіккен жорық-соғыс, тіл табысқан келісім-бітім, уақытша тыныштықты сақтау үшін алысқа бет бұрған. Көші-қон да болуы мүмкін. Бұқар - соның бәрін салмақтап көрген көнекөз. Сондықтан да оның толғауларына тән басты сарын - ел бірлігі. Сан тарау тақырыпты толғаулар идеясының түйісер тұсы осы. Бұқардың үш қырын - жырау, би, ел басшысы - тұтастырар түйін - болмыс - осы мақсат. Бұқар жырау үшін ел бірлігінен биік мақсат жоқ. Ел тілекшісі жыраудың оның өмірден тілер тілегінің ең негізгісі - осы.

Ақсары атан еспелі
Ел жайлауға көшкен жұрт,
Ақтың жолын күзетпей,
Жамандықты тұтқан жұрт,
Мамыр асып, бай болып,
Байсал тауып жортқан жұрт,
Ханға тізгін салмады,
Баяғыдай баршындап,
Бірауызды болмады
Қас тұрпайы болған жұрт [6,23 б.].

Кешегі бірлігі кетіп, азған заман көрінісін Бұқар осылай жырлайды. Оның ойынша, бірауызды болмаған жұрттың береке-бірлігін де бұзу оп-оңай.

Ел бірлігі - тәуелсіздік кепілі болса, ел тыныштығы - мамыражай тіршілік-тірегі. Сондықтан да Бұқар жырау толғаулары көбіне осы екі жайды жырлауға бағытталған. Ол тіпті ел тыныштығын сақтауда қаһарлы хан Абылайға да, қол бастаған батырларға да қатты айтып, тура сөйлеуден тайсалмайды. Ашуға тоқтау, ақылға жөн сілтеген Бұқар толғаулары сөз астарын рух-жігердің қуатымен, салиқалы ой-тебіреністің тереңдігімен диттеген жерден шығып жатады. «Ал тілімді алмасаң» деп басталатын толғауындағы Абылайға қарата айтылған мына жолдар - осының жақсы дәлелі:

Жұлдызың туды-ау оңыңнан,
Жан біткен еріп соңыңнан,
Он сан алаш баласын,
Аузыңа құдай қаратып,
Жуасытып тағы өргізіп,

Жұмсап бір тұрсың қолыңнан [7, 92 б.],- деп, Абылайдың атақ-даңқын асыра мақтай келіп, осынша жеткен жетістіктің бәрі халықтың арқасы екенін, ел тілегі - береке-бірлік екендігін қадап айтып, еркіндік пен елдікке найзаның ұшы, білектің күшімен қол жеткізген жұртына жаулық сағынбауын тілейді. Халық қаһарының ұлан күш екенін де еске салады.

Ашуланба, Абылай,
Ашулансаң, Абылай,
Көтерермін, көрермін,
Кетеріл қазға салармын.
Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма,
Орыспенен соғысып,
Басына мұнша көтерген
Жұртыңа жаулық сағынба.
Күнде мендей жырлайтын
Тоқсан үште қария
Енді де саған табылмас [7,92 б.].

Бұқардың осы толғауы жалпы жыраулық мұрасының «темір өзегі» болып табылатын туған ел, туған жер, Отанды қорғау идеясынан желі тартқан.

Ел басшысы мен батырларының басты міндеті - ел қорғау, ел тыныштығын сақтау. Әлсіз елге бас салып, әлді елге күш көрсету ақылдының ісі емес. Бұқар толғауындағы «Орыспенен соғысып, жұртыңа жаулық сағынба» деген жолдарын біз кезінде орысқа бодан болу идеясы өз заманының «идеологі» атанған Бұқардан шықты деп, сөйтіп осы тұжырымды қара бұқара тілегіне санап келдік. Орыс сөзі мұнда жалпылық сипатқа ие. Алайда Бұқар толғауындағы жолдарды тура мағынасында емес, жалпы шапқыншылыққа қарсылық толғамы ретінде қабылдауымыз керек.

Азаттық жолында күрестің басты мақсаты – «өз алдына ел болу». Міне, ұлы арман көздеген уақыт осы. Қантөгіс, қырғын, жас кеткен боздақ - осы бір ұлы мақсаттың құрбаны. Жырау сипаттайтын жеңістен кейінгі мамыражай заман суреттері - еркіндікке жеткізер ерлік қайрағы. Ал көңіл көздеген түпкі мақсат - ел қамы.

Тобылғы сапты қамшы алып,
Тұмар мойын ат мініп,
Қоныс та қарар ма екенбіз!
Ел жағалап жайлауда
Жақсылар кеңес құрғанда,
Мұртымыз өрге шаншылып,
Бұрын да сөйлер ме екенбіз [8,115 б.].

Жырау көрер қуанышты, болар бақытты көшпелі жұрттың қызықты өмір салтынан ала отырып, күнделікті күйбең тіршілікті сағалап кетпейді. Елінің жайын ойлайды. «Кеңес құру», «Қоныс іздеу» - осының нақты көрінісі. «Қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған» жұмақ заманды бейнелеп, тәуелсіз елдің тыныштығын аңсаған ақынды береке-бірліктің құтын қашырмаудың қиындығы қатты толғандырады.

Осындай берген дәулетті,
Көтеріп тұра алар ма екенбіз [8,114 б.]!

Қандай халық болса да ұлттық үрдісі, өзіндік әуені, қасиеті арқылы болашақ ұрпағының келбетін қалыптастырады. Қазіргі кезде ұлттық мәдениетіміз бен руханиятымызды дамыту үшін ұрпақ тәрбиесін ұлттық деңгейде қолға алып, ұлттық қасиетімізді қалыптастыру басты міндет болады. Осы ұлттық рух мәселесін көп толғаған ақын-жыраулар поэзиясы. Ғалым Е.Тұрсынов қазақ жырауларының мәдени қызметтерін атап өткен:

1) жеке ру-тайпа мүдделерінен гөрі жалпы ел тыныс-тіршілігінің түбегейлі мүдделерімен көбірек байланысты

2) бейбіт және соғыс жағдайындағы мемлекеттік мәнісі зор мәселелер жиі көрінеді;

3) әскери рухтандыру мақсатында өткен батырлар туралы мадақ жырау арнаулары адам көңілін дөп басар әсерлілігімен, мірдің оғындай

өткірлігімен, аз сөзге көп мағына сыйғызған мықтылығымен, қуатты серпінділігімен ерекшеленеді.

Жырау толғауларындағы елдік мүдде мәселесі аталмыш шығармашыл топтың негізі болып табылады. Жыраулар айтқан сөздер әлеумет тарапынан кең қолдауға ие болып, тіпті мемлекет басқару деңгейіне дейін көтерілуі олардың қоғамдағы орнын белгілеп берді.

Жыраулар шығармаларындағы елдік мүдде, халық бірлігі сарыны, жыраудың жауынгерлік бейнесінің маңыздылығы қоғамдық шындық пен әлеуметтік дамудан алшақ кетпей, өзара тығыз байланыста қарастырылуы әбден орынды деуге болады.

Ақын-жыраулар поэзиясындағы ұлт мүддесі мен бірлігі, бостандығы мәселесін тереңнен қозғайтын арнау толғаулар - ғасырлар бойы қалыптасқан ата-бабаларымыздың дүниетанымын танытатын бірден-бір маңызды мәселе.

Қазақ халқының XV-XVIII ғ.ғ. дербес мемлекет болған кезеңіндегі ұлттық тәрбиенің негізгі құралы болған жыраулар поэзиясындағы басты да мәні терең өзекті желіні құраған осы халықтық тәрбие дәстүрі, ұрпақ тәрбиесі болды. Асан Қайғы, Шалкиіз, Жиёмбет, Ақтамберді, Бұқар, Шал, т.б. қазақтың күміс көмей, жез таңдай ақын - жырауларының әр түрлі өмір құбылыстары, адам мен қоғам, жан мен тән, тыныс-тіршілік туралы терең толғаныстарының, ақыл-кеңес өсиеттерінің қазіргі жастарымыз үшін, олардың тәрбиесі үшін берері аз емес.

Негізінде жыраулар поэзиясы - ұлттық поэзия, әрдайым көрегендік пен көркемдік, ұшқыр ой мен философиялық тереңдік өзара ұштасқан, қазақ халқының тарихы мен әдебиетінен мол хабар беретін, жыраулардың өзіндік орнын айқындап беретін бай да құнды мұра. Жыр-толғаулары мен арнаулардағы ұрпақ тәрбиесі мәселесіне аса зор көңіл бөліп, өз шығармаларына арқау еткен салмақты да байыпты көзқарастарымен ерекшеленеді, басты мұрат - ұлтымыздың жоғары саналы азаматын тәрбиелеу, оларды алға жетелеп, ұлттық мүдде мәселесін назарда ұстау. Бұл сонау ата-баба заманынан бері келе жатқан игі дәстүр болатын. Небір поэтикалық сөз қолданыстары арқылы адамгершілік, имандылық, ұлтжандылық, бірлік сияқты өзекті мәселелерді көтере отырып, қазақ әдебиетін мазмұндық тұрғыдан байытты. Сол орайда жастардың адамгершілік эстетикалық дүниетанымын кеңейтуге зор мүмкіндік туып отыр. Біздің дәуірімізге негізінен ауызша жеткен жыраулық поэзиясындағы арнау жырлар - өмір мен болмыс, заман және адам, қоғам, дін, этика, адамгершілік, қарыз бен парыз, ерлік пен ездік, байлық пен кедейлік, о дүние мен бұ дүние жайлы сан салалы тақырыптарды сөз етеді. Бұл арқылы жыраулардың терең дүниетанымдық сипатын аңғарып, олардың шығармашылықтарына жоғары баға береміз.

Әдебиет:

1. Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматиялық оқу құралы/ Құрастырған және өмірбаяндық деректерді жазған А.Қыраубаева. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 280 бет.
2. Мағауин М. Ғасырлар бедері. - Алматы: Жазушы, 1991. – 432 бет.
3. Алдаспан/ Құрастырған М. Мағауин. – Алматы: Жазушы, 1971. - 278 бет.
4. Әуезов М. Әдебиет тарихы. - Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 бет.
5. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. - Алматы: Санат, 1997. -928 бет.
6. Әбдиманұлы Ө. Қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идея. - Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 325 бет.
7. Бес ғасыр жырлайды. Том 1. - Алматы: Жазушы, 1989. – 384 бет.
8. Алдаспан/ Құрастырған М. Мағауин. – Алматы: Жазушы, 1971. - 278 бет.

ӘӨЖ 94 [574]

ҰЛПАН - ШЫНАЙЫ КӨРКЕМ БЕЙНЕ

Құлыбекова Ж.С., Суралина Е., Қабжан Б.
(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

«Ұлпан» романы - Ғабит Мүсіреповтің 1974 жылы тарихи ел шежіресінің мазмұны негізінде жазған романдарының бірі. Бұл роман үш бөлімнен және жиырма төрт тараудан тұрады. Әрбір жеке тараулары рим цифрымен белгіленген. Ұлпан романында тоқсанға жуық образдар бар.

Бізді қызықтырған мәселе - Ұлпанның бойындағы қазақ қызына тән қасиеттер қазіргі таңда қаншалықты дәрежеде бар екендігі. Ұлпан - аналардың анасы, ел билеген көсем, сөз бастаған шешен, аузы дуалы, сөзі куәлі қоғам қайраткері. Ұлпан ата-анасының тұңғышы, жалғыз, жастайынан өжет болып өскен. Ұлпан десе, көз алдымызға қазақтың қайсар мінезді, батыл жүректі, кең пейілді ана образы елестейді. Мысалы, «Есеней тобы аңырып қалды. Не істеу керек? Қара жорғаны қыздың айыбы деп қалай алып қалар? Сұңғыла қыз бұларға бір ұяларлық ұпай салып кетті емес пе!», - деген жолдары арқылы өте еркін өскенін, еркек - шора болып киініп, ат құлағында ойнағанына көзіміз жетеді [1, 11 б.].

Романның басты кейіпкері Ұлпанның өмірін суреттеу арқылы сол замандағы қазақ қоғамының тыныс-тіршілігін, қазақ әйелдерінің тағдырын көріп-танығандаймыз. Жазушы Ұлпан бейнесіне барша қазақ әйелдерінің асыл қасиеттерін жинақтайды. Мәселен, «Ол Ұлпанның анда-санда көріп жүретін маралы еді. Қумайтын, ит айтақтамайтын қызға маралдың көзі үйренісіп келе жатқан. Ұлпан жігіттерді қуып жіберді:

Немене, қырық үйлі Күрлеуіт, қырық жапырақтан бөліп алайын деп пе едіңдер? Тиюші болмаңдар! Бұл менің маралым!»,- деген үзіндіден қазақ қызына тән мейірімділік, табиғаттың еркесіне араша түскен өжеттігін, тіпті жігіттерге деген өктемдігін көреміз [1, 54 б.].

Ұлпанның тек адамзат баласына ғана емес, сонымен қатар жан-жануарларға деген сүйіспеншілігіне куә боламыз. Ал, қазіргі таңда мұндай қасиетті әр әйел адамның бойынан көре бермейміз. «Мен арзанға түспейтін қызбын... Мені ешкім сатпайды да, мал да алмайды» деген сөздері елінің Есенеіі атанған Ұлпанның ақылына көркі сай, тілі өткір екендігіне дәлел [1, 70 б.]. Осы замандағы қыздарға қарасақ, әрине, көпке топырақ шашпаймыз, бірақ, өз қара басының ғана қамын ойлайтын жандар аз емес. Бақыт тек байлықта деп ойлайтындар жетерлік! Қиындыққа душар болғанда Ұлпан сынды қол ұшын созбақ түгілі, ауқатты отбасына барып жатса да, көмек көрсетпейтіндер қаншама?! Ұлпанның өз қалауы бойынша емес, өзінен қырық жас үлкен адамға тұрмысқа шығуы, қазақ қыздарына тән батылдық пен қайсарлық қасиеттерін көрсетеді. Беделді бай адамға ғана емес, барша Сибанға жарасты да ибалы келін бола білуі өз қатарластарына қарағанда зеректігін байқатады. Жасы кіші болғанымен, сол уақыттағы барша жағдайды түсіне білген және соған көніп, ақылмен шеше алған.

Атақты әке арқасында, өзінің табиғи дәрісі арқасында - қазақтың жаңа әйелі туды. Аты - Ұлпан еді. Ол өзінің кім екенін таниды, біраз іздеді, тапқан сияқты. Сол үшін ол Есенеіге тиеді [2, 28 б.]. Романда оның сезім байлығы, адамгершілігі, адалдығы, зеректігі, парасаттылығы қилы өмірлік жағдаяттарда сынға түскен. Ұлпанның мінезі де ашықжарқын, ақкөңіл. Әрі өз ой – пікірін ашық, нақты жеткізетін болған. Есенеідің беделі мен билігін ол қараңғылық құрсауындағы елін алға жетелеу үшін пайдаланды. Ұлпан – кеңпейілді, адамгершілігі мол Сибан елінің кедей-кепшігіне қолұшын беретін әйел. «Ұлпан ешкімнің қолын бос қайтармай, бере берді. Мырза келін атанғысы келіп берген жоқ, әлденеге іштей наразы, әлденеге іштей намыстанып үлестірді» [1,110 б.]. Жоғарыдағы роман үзіндісінен Ұлпанның қолының ашықтығын, жүрегінің кеңдігін байқай аламыз. Сонымен қатар, осыншама бай болғанымен, елдің мүсәпір халіне күйіне үлестірді. Жазушы өзінің күнделігінде «Ұлпан» романының біраз сыр-сипаттарын ашып береді. «Менің Джокондам – Ұлпан», дейді жазушы. Адам жанының тазалығын, ізгілік нұрын шашып, әйгілі сөз шеберінің арман- аңсарынан туған туындының қай оқырманның да жүрегінен орын алары сөзсіз. Ұлпан - автордың көзқарасы бойынша үлкен парасаттылықтың, сұлулықтың, тәрбиеліліктің, инабаттылықтың, сонымен қоса заманға сай іскер әйелдің эталоны. Оқырманының да көзін осыған толығымен иландырады.

Ұлпанның ойлары өзінікі бола тұрса да, Есенеідің беделін пайдаланып мақұлдатып алады [2, 12 б.]. Осы жағдайдың өзінен Ұлпанның ақылдылығына тағы да куә боламыз. Ерін әрқашан өзінен бір саты жоғары ұстауы қазақ дәстүрін танытады. Есенеідей қатал жанның жүрегі жібiткен жалғыз Ұлпан ғана еді. Адал жары, сүйеніші, бола білді. «Ұлпан басқа қыздардай: «Құдай қосты – мен көндім», деп мәңгі мойынсұнып, мәңгі үн шығармай отырып қалатын жанға ұқсамайды» - деген сөздер Ұлпанның Есенеіге тұрмысқа шығуға қарсы болмағанының тағы бір дәлелі [1, 50 б.].

Қазіргі таңда бұндай жағдай етек алса, қыздар үйлеріне қайтып келіп жатады немесе бай біреу болса, соның мал-мүлкіне, байлығына құмартатындар да көп. Яғни, Ұлпандай адал, шын ойымен емес, керісінше, жаман оймен, дүниеге деген қызығушылықпен тұрмысқа шығады. «Бес жылдан бері сарылып жатқан Еснейдің көңіл күйі тым құлап кетпеуін Ұлпан көз айырмай бақылап жүреді» - бұл үзіндіден Ұлпанның Еснейдің көңілі үшін қатты алаңдайтынын көреміз [1,192 б.]. Есней Ұлпанды қалай құрметтесе, Ұлпан Еснейді одан да артық құрметтеген, оған риза болған. Тіпті, келген қонақтарына да жылы шырай танытып, жанындағы көршілерін де шақыртып жайдары мінезімен қарсы алатын. Бүгін, құтты қонақ шақырмақ түгілі, келген көршілеріне бір кесе шай бере алмайтындар да бар. Бірақ, барлық әйел адамдар бірдей деуге болмайды. Алайда, дәл сондай қыз-келіншектер жоқ емес, бар. Тоғыз жыл бойы төсек тартып, ауырып жатқан еріне қамқор болуы қаншама төзімділікті талап етеді. Сонымен қатар, ел ісіне араласып, бала тәрбиесін өз қолына алған нәзік жанды Ұлпанға Еснейдің өзі «Еснейім, Ақнарым» деп еркелеткен болса, ел арасында «Екінші Есней» деп аталып кеткен. Заман ағымына сай өмір сүріп жатқан қоғамда көптеген қиыншылыққа төзіп, дегеніне жететіндер санаулы.

Жарының өлімінен соң, қиын болғанымен, жалғыз көз қуанышы, үміті - қызы үшін бойын жинай білді. Осы сәттерден Ұлпанның бойындағы әр адамда бола бермейтін ерек қасиеттерді аңғара аламыз. Еснейдің інісі Еменалыға, оның балаларына өз үлестерін бөліп берген болатын. Елде болып жатқан неше түрлі жағдайларды ақылмен ойланып шешкен. Ел анасы Ұлпан атанған.

Әр ана өз баласы үшін ішкен асын жерге қояды. Ұлпанның да қызы Біжікенге деген махаббаты шексіз. Сол кезеңде қыз баланың оқуы – сирек, тіпті кездеспейтін жағдай болатын. Ал, Ұлпан болса, қызын қатардан қалдырмай, оқуына рұқсат етіп, молдаға берген, сонымен қатар балаларға арнап елу орынды медресе салдырған еді. Ал, бүгінгі таңда, балаларына қамқорлық жасамақ түгіл, бауырына баспайтын жандар саны арту үстінде. Біжікенді Ұлпан өз қасында қалдыру мақсатында Торсанға ұзатып, Торсанды күш күйеу қылып өз қол астына алады. «Торсанды үйіме ұлым деп кіргізіп алған екенмін, енді оны мазалай беруге тыйым салынғаны дұрыс болар» [1, 233 б.]. Қол астына алғанымен, оған толықтай билік беріп, сенген болатын, оның барлық жағдайын жасаған.

Ұлпан әулие атанған адам. Оның әулиелігін көрсететін романның «Сөз соңында» былай берілген:

Ұлпан әулие адам болмаса, айтқаны келер ме еді? Өмірінде Торсанды «Маған көрсеткен қорлығың өз басыңа келсін!» деп қарғаған екен, сол қарғысы келмеді ме? Бәрің де көрдіңдер [1,253 б.].

Ұлпан бұл өмірде не көрмеді?! Бәрін де көрді. Бауыр еті баласының өлімін де көрді. Жалғыз жұбанышынан айрылудың өзі адам жанына қатты бататыны сөзсіз. Оның өмірінің трагедиямен аяқталуы да заңды. Бұл сол заманның саясаты.

Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» атты романында тарихи шындық пен әлеуметтік мәселе әдебиет бетінде бейнелеген. Халық сүйіспеншілігіне бөленіп, ел анасы атанған күрескер қазақ әйелінің бейнесін кесек те ірі образ дәрежесіне көтереді.

Қорыта айтқанда, әрине, барлығы бірдей емес, бірақ, қазіргі қыздардың бірі тәрбиелі, оқыған болса, енді біреулері керісінше, теріс жолға түскендер. Иә, қазақ халқында сұлу да байсалды, өнерлі, ибалы да инабатты, ата-анасының жақсы тәрбиесімен өскен қыздар бар және бойында қызға тән ерекшеліктер сиреп, аузына келген сөздерді оттайтын қыздар да аз емес. «Ана – бір қолымен бесікті тербетсе, екінші қолымен бүкіл әлемді тербейді» деген қазақ халқының дана сөзі Ұлпан жайлы айтылып тұрғандай. Ол тек баласын бағып-қағып қоймай, бүкіл Сибан еліне қамқор болған ана. Сол бір заманда қолынан келген барлық мүмкіндік пен жақсылықты

пайдалана отырып, қалың елге болысқан, оны сол елдің бүкіл тұрғындары қатты қадірлеп, құрметтеген, ол өмір бойы ел алғысына бөленіп өткен.

Ұлпан өмірдің қиыншылықтарына төтеп бере білген адам, оның бейнесін қазіргі қазақ қыздары қайталай алмайды. Ұлпанның мінезі жарқын және де ақкөңіл болғанына көзіміз әбден жетті. Дәл Ұлпандай анамызды қазіргі қазақ қыздарына үлгі етіп, насихаттау біздің міндетіміз.

Әдебиет:

1. Мүсірепов Ғ. Ұлпан. - Алматы: Раритет, 2006. - 256 бет.
2. Нарымбетов Ә. Ғ. Мүсірепов. Күнделік. - Алматы: Ана тілі, 1997. - 288 бет.

ӘОЖ 821.512.122

ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЗАМАН АҚИҚАТЫ

Құлыбекова Ж.С., Суфиянова Д.Б., Курманова М.
(*М.Қозыбаев атындағы СҚМУ*)

XIX ғасырдағы зар заман әдебиетінің көрнекті өкілі Дулат шығармашылығы – тұтастай әділет іздеген ақ жүректіктің айнасы. Оның анықтығына Шаһкәрім қажының: «Ақ жүрек дегеніміз «ұждан (әмма жанға махаббат, шапағат, ғәділет), қазақша тәмәм адам баласын бауырындай көріп, жаны ашып, әділет қуу. Ұлтының кемшілігін толтыру, артықты өзгелерге зиянсыз жолмен табу - ақ жүрек (ұждан) ісі» [1] – деген сөзіне Дулат өлеңдерінің сай келетіні айқын. Мәселен, «Тымсал өлеңінде» ақын былай дейді:

Бекзаданың белгісі –
Қиянатқа баспайды.
Өзі түгіл, басқаны
Жақсылыққа бастайды.
Елін баққан ер болмақ,
Жауын болжап, жер шолмақ.
Аузын баққан би болмақ
Алыстан шолып, кең толғап [2, 103 б.].

Дулат Бабатайұлының тікелей өзінің өмірбаянын немесе өмірінің белгілі бір кезеңін сипаттайтын туындылары аз. Әйтсе де жыраудың мінезі, ой-өрісі мен ақындық мұраты жайындағы шығармаларына сүйеніп, сенімді тұжырымдар жасауға болады.

Дулат «Айтқызбасымды айтқыздың» өлеңінде:
Ақылдан алпыс салам бар.
Қорған құрыш сөзім бар,
Бұлттан өтіп, мұнарды
Болжайтұғын көзім бар...
Қайратымнан атым зор
Белгілі атым әлемге.
Қорашсынсаң денемді,
Кеудем – ақыл сарайы,
Кірем десең, кел, міне, – дейді [3, 238 б.].

Бұл – ақынның автопортреті. Мұндағы «көзге түсер сиқы жоқ», ел тағдырын ойлап, сирек күліп, аз ұйықтайтын, атағы алыстарды шарлаған кемеңгер, ақылы дария, сөзі алтыннан ауыр Байғыз қарт – ақынның өзі.

Шынында да, ол өз заманының «байғыз қарты» атанған дана, «Көнелерден сұрасам, сөзін жинап, құрасам», – деп өзі айтқандай, ел тарихы, өмір сырынан жинаған білім, білігі де ұшан-теңіз кісі болған, ақындық атағы да қатты шыққан. Бұған жыраудың басқа өлең, толғауларынан да дәлел боларлық мысалдар табылады.

Өксігіңді ойласам,
Ұйқы беріп, қайғы алам,
Ел құлағы саңырау,
Кімге айтамын сөзімді?
Дулат сынды сорлыда
Ұйқы, тыныштық бола ма [3, 239 б.].

Әр тақырыптағы өлеңдерінен алынған бұл үзінділерден де "Байғыз қарт" – Дулаттың ерекше сипаттары көрініп тұрған жоқ па?!

Дулат өте шыншыл, турашыл, айтарын кімнен болса да тайсалмай бетке айтатын батыл ақын болған [4, 8 б.].

Дулат жасынан ақындық жолын қуып, талмай ізденген. Ақындықты тәңірдің сыйы, елдің жан сырын, мұң-шерін толғайтын даналық өнер деп түсінген. Оның аузына бұрын-соңды ешкім айтпаған:

Кеудеме қайғы толған соң,
Тұнық жырмен жуынам, – деген сөздің түсуі де содан.

Дулаттың өмір сүрген уақыты қазақ халқы үшін ең қиын заман болды. Сондықтан ол шаттық өлең емес, «зар заман» жырын тудырды. Оның жөнін ұлы жыраудың өзінен артық ешкім де айтып бере алмайды. Дулат өзінің «Ақындық туралы» тамаша толғауында «Сары алтынның буындай, тұманың тұнық суындай... сорғалаған нөсердей» жырын:

Қайырсыз, сараң байыңды,
Еріншек, есек жарыңды,
Халыққа емес сыйымды,
Парақор баспақ биіңді,
Ел бүлдіргіш бегіңді

Улы тілмен улаттым [3,235 б.], - деп сипаттайды. Дулат сол дәуірдегі өзінің ақындық мұратын - ел бүлдірушіні «ұлы тілмен улату», «қайғылы қалың елін уату» деп, әбден анықтап алған. Кемеңгер жыраудың бүкіл шығармашылығы осы екі арнаның тоғысуынан тұрады [5,17 б.].

Ақын өзінің ұзақ ғұмырында шығармаларын аталған талаптарға қатаң бағындырып отырған. Оның бізге жеткен қомақты мұрасынан көркемдігі әлсіз, орта қол туынды табу қиын. Абайдың өзіне дейінгі қазақ ақындарының ең таланттыларының бірі деп, Дулатты ауызға алуы тегін емес.

Дулат туындылары Қазан төңкерісіне дейін халық арасына кең тараған.

Кеңес кезінде де ара-тұра әр түрлі жинақтарда жарияланып жүрді. Алайда шығармалары түгелге жуық қамтылған көлемді басылымы – белгілі ғалым Қ.Өмірәлиевтің құрастыруымен және көлемді зерттеу мақаласымен қоса, 1991 жылы «Замана сазы (өлеңдер мен Дастандар)» деген атпен «Жазушы» баспасынан шыққан жинағы.

Дулаттың өлең-толғауларының мазмұны мен тақырыптық ауқымы өте кең және алуан түрлі. Бір өлең немесе толғауда айтылатын ойлар мен идеялар көп жағдайда, басқа өлең-толғаулардағы ой сезімдермен үндесіп жатады.

Сондықтан ақын туындыларын жеке тақырыптар аясында қарастыруда шарттылық басым. Мұны ұлы жырау шығармашылығын оқып-үйрену барысында ескеріп отырған жөн [6,405 б.].

Дулат – қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан тұрмыс қалпын өктем зорлықпен бұзған ХІХ ғасырдың ақыны. Отарлық озбырлықтың күшейгенін, халықтың бұрынғы еркін өмірінің өткенін, адамдардың мінез-құлқы мен психологиясында, ой-санасында сахара салты мен түсінігіне жат өзгерістер орын алғанын – бәр-бәрін тумысынан жаны сергек Дулат көзімен көріп, жүрегімен сезініп өсті. Барлық билікті патша қолына алып, қазақтан қойылған билеушілер оның қолшоқпарына, шабарманына айналғаны, ел жайлы қоныс, құнарлы жерлерінен ығыстырылып, бағыныштының кейпіне түскені азамат Дулаттың ойынан шықпайтын қайғы-шері болды. Сахараның еркіндік сүйгіш рухы мен даналығын бойына молынан дарытқан, жаратылысынан ерекше дарынды Дулат, міне, осы тарихи жаңа дәуірдің жыршысына, отаршылдықтың айыптаушысына, еркіндік, ынтымақ-бірлігін жоғалта бастаған халқының жоқшысына айналды [7,264 б.].

Дулат мұндай масқара жағдай ел басшыларының жағымпаздығынан, өзін ойлап, халықты ұмытқандығынан болды деп, соларға катты шүйлікті. "Тегімді менің сұрасаң" – деген өлеңінде:

Аға сұлтан, қазының
Ел сілкінді ісінен.
Ауылдың атқа мінері –
Жемтікке қонған күшіген...
Майырдың алса бұйрығын,
Борбайға қысып құйрығын,
Ел пысығы жортады [3,240 б.].

Ұлығының бұйрығын алысымен, құйрығын борбайына қысып, безіп бара жатқан ит сияқты пысықтың күлкілі де жексұрын сұрқы оқырман (тыңдаушылар) көз алдына айқын елестейді. «Өзі елді қорқытып, одан өзі қорқатын» бейшараның қылығы кісі жиренетіндей.

Бұл тарихи шындыққа сай типтік бейне екендігін кейін 80-жылдары ұлы Абай күлкі еткен болыстың образымен айна қатесі жоқ ұқсастығынан да көруге болады.

Қазақтан шыққан әкімдердің қылықтарын ақын жалпылама, аты-жөнсіз ғана сипаттап қоймайды. Дулат ондай әкімдердің мінін бетпе-бет, көп адамның алдында айтады. Оның «Бараққа», «Кеңесбайға», «Ешенге», «Ақтанға» деген арнау өлеңдері ақынның батылдығын көрсететін шығармалар болып табылады. Мысалы, Барақ төремен кездескенде, оның халықты патша әкімдерімен қосыла талап, жәбір көрсеткенін тайынбай бетіне басады [8,67 б.].

Қасқыр тартып, қан шықса,
Жаман ит жұлып жей берер,
Алды-артына қарамас.
Азғын елдің бектері
Қан шықса, елін жұлмалар
Қасқырменен аралас.
Сендер атқа мінген соң,
Таңдыр болып суалды
Шалқар көлдей несібем [3,243 б.], – деп күйінеді.

Әділ, турашыл Дулат өз тұсындағы қазақтан шыққан әкім-төренің арасында бірен-саран болса да жұртының жайын ойлайтындары барын жоққа шығармайды. «Сүлейменге» өлеңінде Сүлеймен төрені адалдығы, әділдігі, еліне күйінетіндігі, дұшпанға қаһарлы, қаттылығы, мінезінің сабаз, салтанатының сәнділігі үшін марапаттап, шабытты жырын төгеді. Мұнда төренің көңілін аулап, жағынушылық жоқ. Егер ақын Сүлейменнің бойынан мін көрсе, Барақ, Кеңесбай төрелер, Ешен қазы сияқты, бетіне айтқызбайтындай ерекше себеп жоқ – екіншіден, бұл арнауда да Дулат

жаңағы төрелердің міндерін айтып шағынады. Егер бұл міндер Сүлейменнің бойында да болса, онда бұлар жайында сөз қозғамас еді. Үшіншіден, өз кезінің атқамінерлерінің елде итше ырылдасып, патша шенеуніктерінің алдында "қыздай қылышты" бола кететін қуыс кеуде құнсыздықтарын:

Орыстың көрсе ұлығын,

Қыздан-дағы қылықты.

Ұлық кетсе, қазаққа

Қорқау қасқыр құлықты [3,244 б.],- деп шенеп, күлкі етеді. Әйтсе де Дулат Сүлейменге елдің нағыз еріне лайық іс тындырдың демейді. Қайта «ниетің түзу болғанмен, сен де айтарлықтай ештеңе тындырған жоқсың» дегенді астарлап жеткізеді [8,315 б.].

Бірақ, жалған, қайтейін,

Мезгілсіз келіп дүниеге,

Аптапқа түскен басың бар.

Жау айбынар досың жоқ,

Жар-жапсарда қосың бар.

Жылайсың да шыдайсың [2,316 б.], - деп, төренің тілегі мен іс-қимылының арасындағы алшақтыққа кешіріммен, түсіністікпен қарайды. Бұл - өте мәнді мәселе. «Отарлық жүйе толық үстемдік құрған жағдайда елі үшін туған ерлер не істеу керек» - деген сұрақ туатыны заңды. Дулаттың күмілжуі мен Сүлеймен төренің бойындағы қайшылыққа «түсіністікпен» қарауы әлгі сұраққа өзінің де анық жауабының болмауынан.

Елің үшін еңбек қыл,

Отыра берме бекерге.

Көмбеге тақап қалғанда,

Жүйрікке керек көтерме [2,316 б.].

«Толқынды теңіздегі сенімді кеме» жайында астарлай сөйлей келе, ақыры шыншыл ақын төренің әрекетсіздігін айтып тынады.

Елің үшін еңбек қыл,

Отыра берме бекерге [2,315 б.], - дейді. Мұның өзі – білген кісіге ауыр сөз. Ал Сүлеймен төре – білетін кісі. Дулаттың іле-шала «жүйрікке керек көтерме» деп, ауыр сынын жуып-шаюы да сондықтан.

Ақын әкімдерді туған еліне «қорқау қасқыр құлықты», «елін жаудай талаған», «ашылған әбден араның» деп қана сынап, сол үшін ғана жек көрмейді. Елді патша өкіметінің жемтігіне беріліп қойды, онымен ауыз жаласып, елдің сорын қайнатты, сатты деп кінәлайды [7,264 б.].

Елді шен-шекпенге сатылған ел басшылары қор қылғанын айтып, күйінеді.

Төніп келе жатқан қауіпті сезініп, қам жасаушы ұлтжанды, сергек ойлы, серке сипатты жандарды ел тізгінін ұстағандар арасынан көре алмай торығады. Оның есесіне, «бозақор өңкей мастар», «есерсоқ, ойсыз жастар» көбейіп бара жатқанына налыған кемеңгер жырау:

Менің айтқан бұл сөзім,

Саналы болса ой көзің,

Өлең емес, жыр емес,

Құнсыз сөздің бірі емес,

Басыңа түссе білерсің [2,304 б.], – дейді толғанып. Ол еркіндігі жоқ халықтың ауыз бірлігі, елдік қасиеті азаяды, әркім қара басының қамын ойлап, сенім-нанымынан айырыла бастайды, ел ішіне неше түрлі жаман қылықтар жайылады деп біледі. Сөйтеді де, дүние-мал мен қарынның құлы - тоғышарлардын қайырымсыздығын, екіжүзді арамзалығы мен енжарлығын көріп:

Төсекте жатқан керіліп,
Түзге отырса ерініп,
Аяғын буған қойға ұқсап,
Мойнын ұсынып беріліп

Қол созбайды азатқа [2,306 б.],- деп ашынады, азаттық, еркіндік дегенді естеріне де алмай, құлдыққа, малайлыққа мойын ұсынып отыр деп кейіді.

«Лирикалық өнер әрі романтикалық, әрі реалистік негіздерде өмір сүреді» [2, 132 б.], – деген С.А. Липин лиризмнің белгілі бір көркемдік әдістер мен бағыттарға тәуелсіздігін, психологизм сияқты әдебиеттің «тектік» қасиетіне бейім екенін аңғартады. Зерттеуші Б.А. Ахундов болса: «Лирикалық романда идеялық салмақ «эпикалық» емес, лирикалық бөлімге; кейіпкерістері мен әрекеттерін сипаттауға емес, оның толғаныс, әсерлену, сыр ашу сәттеріне түседі» [3, 278 б.], - деп жазады. Бұл салада алпысыншы жылдары жарық көрген А. Эльяшевичтің «Прозадағы лирикалық бастаулар туралы» деп аталатын еңбегін ерекше атауға болады. Зерттеуші орыс және шетел әдебиетінде лирикалық дәстүрдің қалыптасуын саралайды, лирикалық стиль туралы айта отырып, осы тектес шығармалардағы характер, тартыс, сюжет ерекшелігін анықтайды. Бастысы лиризм туралы түсінікті нақтылай түседі. «Лирикалық проза – жанр емес. Бұл очерктегі, повестегі, естеліктердегі, тіпті романдағы да өмірлік материалдардың стильдік құрылымы, Белинскийше айтсақ, «біздің заманымыздың эпосы» [4, 236 б.], - деп жазады А. Эльяшевич.

Бұл зерттеушілердің пікірлеріне сүйене отырып сараласақ, жалпы алғанда лиризм – жазушының мол ізденісін, суреткерлік парызын, шеберлігін байқататын құбылыс деуге болады. Осы тұрғыдан лиризмді стильдік ерекшеліктердің бірі ретінде қарастыратын зерттеушілердің пікірімен келісуге болады. Себебі лиризм өрісіне қандай өмір өлкесінің сиятындығы бірталай факторларға тығыз байланысты. Мәселен, ол жазушының жеке басына да, өмірдің қай жағын суреттейтіндігіне де, оның мақсат-мұратына, ой-сезіміне де, яғни дүниетанымына тығыз байланысты. Демек, лиризм ағым ретінде пайымдасақ, ол - адамның жан әлемінің нұрлы шуақпен асқақ бейнеленуі, қуаныш-шаттығы, дархан мінез құбылыстары, терең жан сезімі, күйініш-сүйініші, алдағы таңға үмітпен, сеніммен қараушылығы, яғни өмірдегі шындықты шығарманың мазмұны мен түп бірлігін сақтай отырып, үлкен танымдық көркем дүниеге айналдыру тәсілдері деуге болады. Яғни, оның негізінде нәзік лирика жатыр. Олай болатын себебі – бұл қаламгердің «айтайын дегенін сырлы суретке айналдыруы» [5, 336 б.], яғни оны тірілтуі.

Лирикалық прозаның басты ерекшелігі сол, мұнда автор ерекше көрінеді. Мұның себебі, жоғарыда айтып кеткеніміздей, автор басты рөлде болады, яғни шығармадағы барлық айтылар ой, берілер шындық жазушының назарынан тыс болмайды. Осыған сәйкес көп жағдайда мұндай шығармалар бірінші жақтан баяндау арқылы беріледі.

Алайда, мұндай ерекшелікті лирикалық прозаға тән ерекше сипаттардың бірі дегенімізбен, лирикалық прозаның барлығы бірдей бірінші жақтан баяндау арқылы берілуі шарт емес. Немесе бірінші жақтан баяндалған шығарманың бәрін бірдей лирикалық проза үлгісі деу дұрыс емес. Себебі баяндаудың мұндай үлгісімен жазылған кей шығармалар жазушының «мені» арқылы баяндалғанымен, оның дүниетанымы, көзқарасы арқылы беріліп, эпикалық сипатқа ие болады. Ал енді кейбірінде жазушының «мені» лирикалық кейіпкерлері арқылы, солардың сезімі, толғанысы, сағынышы, қуанышы, күйініші бір арнаға тоғысып, көркем бейнелер өмірге келеді. Осыдан лирикалық прозаны анықтайтын басты сипат жазушының «мені» арқылы берілуі екен деген қате пікір тұмауы керек.

Лирикалық проза орыс әдебиеттануында ертеректен бастап зерттеле бастады. Ал қазақ әдебиеттану ғылымында бұл мәселе әлдеқайда кейінірек көтерілді. Алайда арнайы зерттеу нысанына айнала қоймаған десек те болады. Тек кейінгі кезеңдерде Б. Кәрібаева, Б. Майтанов, З. Жұмағалиев, С. Мақпырұлы, Ж. Жарылғапов. С. Айтұғанова сияқты ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылып, лирикалық прозаның ерекшелігі туралы нақты ойлар айтылып жүр. Профессор З. Жұмағалиев қазақ әдебиетіндегі лиризмнің XX ғасыр әдебиетіндегі үлгілерін сөз етіп, «Қалың мал», «Қамар сұлу» сияқты туындыларға талдау жасайды. Т.Ахтановтың «Махаббат мұңы» повесінде лиризмнің жақсы айшықтары бар екенін айтады.

Б. Майтанов қазақ прозасындағы лиризмнің бастау арналары орыстың белгілі қаламгерлері Тургеновтен, Чеховтан басталатынын сөз етіп, олардың шығармаларындағы лиризм туралы өз танымын білдіреді. Оның қазақ қаламгерлерінің шығармаларындағы көрінісі туралы да нақты мысалдар келтіре отырып, айтып өтеді. Б. Майтанов та, Б. Кәрібаева да лирикалық прозаның жақсы үлгілері ретінде Сайын Мұратбековтың әңгіме-повестерін атап өтіп, талдау жасайды.

Лирикалық проза лирикаға қатыстылықты, эмоциональдықты сақтай отырып, оған қарағанда күрделірек, көп жақты, эпосқа тән «лирикалық көңіл-күйдің динамикалық образын, ал көбіне тұтас көңіл-күй тобын» білдіреді.

Лирикалық шығармада шын мәнінде ой, сезім, көңіл-күй, эмоциялар, яғни адам жанының кез келген нәзік күйі бейнеленеді. Сондықтан лиризм әдеби тәсіл немесе ағымдық құбылыс ретінде лирикалық прозаның негізі екені даусыз. Өйткені мұндай туындыларда басты идея кейіпкердің іс-әрекеті, әлеуметтік тіршілігі арқылы ғана емес, толғанысы, қуаныш-сүйініші, өмірге көзқарасы, сезімі арқылы келісім табады. Лирикалық жазушыны да өзекті мәселелер толғандырмай қоймайды, ол да қайғырады, мұңаяды, қуанады. Онсыз ол мұндай шығарма тудыра алмас еді. Осы сияқты сюжеттік-композициялық құрылым лирикалық прозада шындық автордың көңіл-күйіне, дүниетанымына сәйкес беріледі. Осыған қарамастан, лирикалық проза прозаның бір түрі болып табылады, оның лирикаға қарағанда эпоспен байланысы күштірек. Лирикалық прозадағы поэтикалық ойлар нақты, детальдық суреттеулер мен эпизодтарда кәдімгі әңгіме, талқылау түрінде көрінеді, тек кей эмоционалдық тұстарда лирикалық толғаныстар көрінеді. Алайда осы толғаныстар шығарманың бүкіл сөздік-образдық құрылымын айналасына топтастыратын композициялық негізі болып табылады. Лирикалық композицияның заңдылығына сәйкес өмірдің рухани жағы мен объективті тұрмысты өзара байланыста және бірлікте бейнелейтін образ қалыптасады. Толығымен лирикаға жақын, бірақ эпоспен байланысын

Жалпы қазақ әдебиетіндегі лиризм үлгілері қай кезеңнен басталады деген сұраққа жауапты ертерек кезден бастаған дұрыс деп ойлаймыз. Кейбір орыс зерттеушілері орыс лирикалық прозасының бастау арналары сонау ауыз әдебиетінде жатқандығын да сөз қылып кетеді. Себебі лиризм элементтері кездеспейтін шығарма болмайды десек те болады. Өйткені кез келген шығармада белгілі бір дәрежеде баяндаушының,

әңгімелеушінің өзіндік «мені», яғни көзқарасы, тебіренісі, толғанысы қандай дәрежеде болса да көрініс беріп отырады. Сондықтан біздің әдебиетіміздегі лиризмнің алғашқы көріністері сонау ауыз әдебиетінен бастау алады десек, қателеспейміз. Ауыз әдебиеті үлгілерінде, әсіресе ертегілерде, соның ішінде қиял-ғажайып ертегілерінде лиризм өрнектерінің молынан кездесіп отыратынын жоққа шығара алмаймыз. Әсіресе 60-жылдардан бастап қазақ прозасы лиризм өрнектеріне бай, идеялық бағыты айқын шығармалармен толыға түсті. Олардың қатарына С. Мұратбеков, Қ. Ысқақов, Ж. Молдағалиев, Т. Жармағамбетов, Ә. Кекілбаев, Ж. Түменбаев, Т. Нұрмағамбетов, О. Бөкей т.б. көптеген жазушыларды жатқызуға болады. Әрине, қаламгерлер дәстүрді жалғастырып қана қоймай, оны әрқайсысы өзіндік тұрғыдан дамыта, толықтыра, жетілдіре түскенін де байқау қиын емес. Әр жазушының шығармашылық жаңалығы ол бейнелеген көркемдік шындықтың өзгешелігінен, сол арқылы әдебиетке «таным-бейтаныс» характерлер әкелуінен, қысқасы, адам жаның диалектикасын өз көзқарасы тұрғысынан ашуынан көрінсе керек. Олардың ізденістері лирикалық прозаның композициясына өзгерістер енгізуге, байыта түсуге алып келді және ежелгі озық әдеби үрдістерді шебер пайдалана білуге жетеледі.

Қазақ әдебиетіндегі лирикалық прозаның зерттелуі, қалыптасуы мен дамуы туралы кейінгі жылдары жарық көрген зерттеу еңбектердің қатарына С.Айтуғанованың «Қазақ лирикалық прозасы» деп аталатын монографиясын жатқызуға болады. Ол өз зерттеуінде осы кезеңге дейінгі қазақ лирикалық прозасы туралы зерттеулер мен ғылыми мақалаларды жүйелеп, саралай отырып, прозаның бұл түріне нақты анықтама береді. Және лирикалық прозаның құрылымдық ерекшеліктеріне кеңінен тоқталып, белгілі қаламгерлер туындыларына талдау жасаулар арқылы дәлелдейді. Ғалымның айтуы бойынша, кез келген шығармаға автор көзге көрінбей қатысып отыратыны дау тудырмайды. Оның бар болмысы, көзқарасы шығармадан анық сезілгенімен, автордың қатысы барлық шығармада бірдей бола бермейді. Бұл жазушының жазу мәнеріне, әдіс-тәсілдеріне байланысты әртүрлі дәрежеде болады. Өзге шығармаларға қарағанда лирикалық прозада автордың қатысы күштірек болады. Себебі, мұндағы айтылар нәрсенің бәрі жазушының жүрегінен өтіп барып оқырманға жеткізіледі. Оқиғаны қаламгер баяндамаса да, оның орнын басатын лирикалық кейіпкер болады. Ал көп жағдайда автор мен лирикалық кейіпкер біртұтас, оларды бір-бірінен ажырату мүмкін емес [6, 288 б.].

Қаламгерлердің қай-қайсысы да бұл ерекшеліктерді өзіндік табиғатын, стилін сақтай отырып, дамыта түскен. Мұның өзі олардың шеберліктерін көрсетіп, стилін айқындай түседі. Жазушылар кейіпкерінің жан сұлулығын, арман-тілегін, сағыныш-аңсарын, ыстық махаббатын өмір шындығымен ұштастыра отырып шығарманың көркемдік сипаттарын арттырды. Қазақ әдебиетіндегі лирикалық прозаның озық үлгілерін осы кезең қаламгерлері шығармаларынан байқаймыз. 60-80-жылдардағы қазақ прозасындағы елеулі қол жеткізген табыстардың бірі жазушының лирикалық проза тәсілдерін жан-жақты зерттегені болып табылады. Прозадағы лиризм характер ашудың, кейіпкер бейнесін даралаудың, шығарманың эстетикалық қуатын арттырудың бірден-бір негізі. Лирикалық шығармада кейіпкер сезімі мен суреткер сезімі астасып келіп отырады.

Әдебиет:

1. Пospelов Г.Н. Теория литературы. – Москва: Высшая школа, 1978. – 351 с.
2. Липин С.А. Идейное единство и художественное многообразие советской прозы. – Москва: Мысль, 1974. – 336 с.
3. Ахунданов Б.А. Литературные направления и стили. – Москва: Мысль, 1976. – 346 с.
4. Эльяшевич А. О лирическом начале в прозе./Герои истинные и мнимые. - М-Л: Сов.пис, 1963. - 404 с.

5. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, 1970. – 336 б.
6. Айтуғанова С. Қазақ лирикалық прозасы. – Астана: Ақжолтай, 2014. – 288 б.

ӘӨЖ 81.01

НИЗАМИ ЖӘНЕ СӨЗ ӨНЕРІ, КӨРКЕМ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ХАҚЫНДА

Сейдинбаев Н.

(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Низамидің терен ойшылдығы, асқан шебер ақындығын танытатын - онын поэмалары. Олардын белгілі жылдарда жазылып, ақынның шығармашылық жолында жаңа бір өрлеу тудырып отырған. «Сырлар қазынасы», «Мағзам-ул-асрар» 1174-1175 жылдары жазылды. Эрзайман қаласының әмірі Беіраммаіка арналған. Бұл дидактикалық поэмада ақын өз жүрегі, өз жанымен тілдесе, сырласа отырып, адам өмірінің мәнісіне терең талдау береді. Низами шығармаларының формасы сол қалпында өткен жыр шайырларының дәстүрін сақтайды, мазмұны жағынан мүлдем жаңа жанр ретінде таяу Шығыс әдебиетінің төріне шықты.

Ол өз оқушысы шытырман оқиғаларға, немесе таңғажайып ерліктердің қызығына жетелейді. Низами алдына биік мақсат қойды. «Хосроу – Шырын» поэмасында басты кейіпкер образын барынша ашып көрсетті.

Поэманың негізгі кейіпкері – Шырын. Ақынның бар тәуба-тәлім қылғаны да сол - Шырын. Бұған таңдануға да болмайды. Себебі: «Хосроу – Шырын» поэмасы Низамидің сүйікті әуелі Әппаққа арналған. Шырын бүкіл поэманың өзегін өзімен бірге алып жүреді. Хосраудың үлесіне біршама енжарлық роль тиген. Кейіпкерлердің осындай дәрежелерге қосылуы Низамиден үлкен батылдықты да кажет етті. XII ғасырдағы мұсылман жерінде әйелді мұнша дәріптеу үлкен қиянат еді.

Шырын образы – Низами киял ретінде үлгі ұстанған нағыз сұлулықтың, ақыл парасаты мол адамгершіліктің бейнесі. Өле-өлгенше адал махаббатынан айнымаған Шырынды ақын бүкіл елдің ардақтысы ретінде жырлайды. Поэмада феодалдық салт-дәстүрді көздейтін және оның өкілі ретінде Хосроу образы Низами дастанында табиғат сыйлаған жақсы мінездерімен көрінеді, ол күш-қайраттың иесі, қаталдыққа бейімсіз, ақылды. Бірақ осылардың бәрі сарайдың сән-салтанатымен сырылып басылып қалады. Нәтижесінде Хосроу бүкіл поэманың барысында қарама-қарсы мінез-қылықтарымен көрінеді. Хосроу поэмада халқының қамын көксейтін, әділдік үшін күресетін кейіпкер дәрежесіне көтеріле алмайды.

Поэмадағы үшінші кейіпкер – Фархад. Ол шығармада тек эпизодтық рөлге ие болғанымен оның Шырынға деген махаббаты Низами үшін, оның шығармашылық мақсат-мүддесі үшін керек еді, себебі ақын Хосроудың менмендік махаббатына Фархадтың таза махаббатын қарсы қояды. Фархад мансап кұрып ешнәрсені талап етпейді. Сол үшін ештеңеге талпынбайды. Бірақ Шырын үшін зор сый еді. Низами Хосроудың махаббаты адамды әлсіз етсе, оның шама-шарқын шырғап тастаса, қастандыққа дейін суық қолын созса, Фархадтың махаббаты адамды заңғар биіктерге көтеріп, оның адамгершілікке деген талпыныс - күресі ерлікке баулиды. Хосроу мен Фархадтың махаббат туралы әйгілі айтысында Низами Фархадтың қасиеттерін көрсетеді.

Поэмада Фархад образы – оның барлық белгілеріне қарағанда халық өкілі ретінде көрінеді. Ол асқан шебер, қаймықпайтын тәуелсіз, адал және адамгершілігі күшті адам. Оның зор денесі мен адам айтқысыз күші бізге жеке батыр бейнесі ғана емес, сонымен

бірге халық күшінін, онын еңбеккер символы екенін білдіреді. «Хосроу – Шырын» дастанында оқушының әсер алатын жерлері көп. Поэманы Низами гуманистік рухта жазған. Ақын қарапайым халық өкілін патшалардан биік етіп суреттейді.

Низамидің ең соңғы еңбегі екі кітаптан тұрады. Алғашқысы – «Шараф-наме» - Данк кітабы, екіншісі – «Иқпал-наме» - Бақыт кітабы. Бұл 1197-1201 жылдар арасында жазылған. Низами «Ескендір» поэмасын жазу үстінде ғалым тарихшы ретінде көп оқып, көп зерттеген. Оны поэманың кіріспесінде Низамидің, өзі де ескертеді. Поэмада ақын бұған дейінгі шығармаларындағы ізгі өмір иесін көксеу идеясына тереңдей үніледі. Ескендірдің туып-өскен ортасын, Аристотельдей дана ғалымнан оқып, тәрбиеленгендігін әнгімелейді. Ескендір Батыс пен Шығыс елдеріне соғысқа аттанғанда жаулап, жеңіп алу үшін емес, езілген қорлық көрген жергілікті халықты азап шегу, әділетсіз патшаны жойып, сол елде әділдік орнату үшін жорыққа аттанды деген идеялық мотивті тереңдетіп отырады. Ақын заман, адам өмірі, халықтың өмірі, халықтың келешек бақыты, тарихтын даму барысы туралы ғылыми философиялық ойларын осы "Ескендір" поэмасында түйеді. Ескендірді тарихи шындыққа толық сәйкес келе бермейтін дәріптеу тұрғысынан жырласа да, ақын ізгі адамгершілік қағиданы ұсынады, жер бетінде әділсіздік жойылып, адам баласына мәңгі бақи бақыт орнауын арман етеді. Бұл – Низами гуманизмінің айқын бір көрінісі.

Низамидің әдеби мұрасын шын мәнінде кеңес тұсында кең зерттеліп; жаңа мәдениетіміздің кәдесіне жаратылып игерілуде. Бұған кеңес ғалымдары мен ақындарының орасан зор шығармашылық қызметі толық дәлел бола алады.

Шығыс ақындарының бірінші элементі тілге айрықша мән беріп, бір жазған өлең жолын бірнеше рет аударып, төңкеріп караған, өз шығармасына өте қатал караған Низами өз лирикаларында, дастандарында осы сөз өнеріне ерекше тоқталып өтеді. Низамидің қай шығармасын алмаңыз: «Хосроу-Шырын», «Ләйлі-Мәжнүн», «Құпиялар қазынасы» т.б.

«Ескендір қамалы» және т.б. махаббат тақырыбында жазған ғазалдарында бір жазған ойын келесі шығармада қайталамауға тырысқан. Низамидің осы сөз туралы толғауларын оқып отырып ұлы Абайдың «Өлеңмен жер қойнына кірер денең», - дегені еске келеді. «Сөз өте-мөте өткір, әрі тірі, әрі ірі болу керек, өңбеген сөз өтпейтін, тот басқан кылыш сияқты», - дейді. (Құпиялар қазынасы). «Біз сөзбенен бірге туамыз, сөзбен бірге өлеміз», - дейді Низами. «Сөз патшалығының тағында отыратын отты, өткір ойлы, өрісті сөз болуға тиісті». «Мың түрлі тастың ортасынан жылтырап жатқан алтынның бір түйірін тауып алу сияқты, сөз азабын Низамидей шеккен акын сирек шығар». Кейде ойдан туған сөз өреге жете бермейді, - дейді Низами. «Не айтуға, не жазуға келмейді». «Жүректен шықпаса жүрекке жетпейді». «Сөйлегенде сөзің нұсқа болып, раушан гулдің гүл шашқанындай қысқа болсын». «Кейде бір ойды айту үшін кейбіреулер жүз сөз шығындайды, ал сен жүз сөзден бір-ақ сөз шығар», - дейді. «Егер су өз арнасынан тасып жайылып жатса, ол елге зиян, аз сөйлеп көп тыңдағанның зиянын ешкім шегіп жүрген жоқ». «Айтатын сөзді дәл уақытында, мерзімінде айта білу керек». «Егер қораз да өз мерзімінде шақырмаса, оның да басын алу керек», - дейді Низами «басыңды сақтау үшін, ең алдымен тіліңді сақтай біл». Низами бұл сөзге философиялық астар, сөзге, ойлы ағыс бере отырып айтады. Тіліңнің ұшына тығылып тұрғанның барлығын айта беруге тырыспа. Сөз тіркестері садақтың оғы сияқты, дұрыс тарта білсен, дәл көздеген нысанаға тиеді, шалыс тартсан, жауыңды табады. Егер сен соншалықты білімді болсаң, тасып төгіле берме. Тілің бар екенін ұмытып, бүкіл өн бойын құлаққа айналып кетпегейсің. Сөйлеушіңмен дәйім, жұмсақ, нәзік сөйлеуге тырыс «жұмсақ, жылы үн даналардың ғана дауысында болады, айқайлап сөйлеу ақындардың үлесі» (Құпиялар қазынасы, Хосроу-Шырын, Ескендірнамадан). «Егер сізді қабаған ит қауып алса, жараңыз жазылар-ау, жазылмайтын сөз жарасынан тәңірім

сақтасын» (Ләйлі-Мәжнүн, 293 бет). «Өзің кейін таяқ жейтін бір құпиянды кісіге жария етемін деп, өкінішке ұрынып жүрме», «досынның жан табиғатын түпкілікті білмей тұрып, құпиянды оған айта көрме». «Сенің тіліңнің ұшынан құпия құсының ұшып кетуінен сақтан», «Егер бір іс насырға шауып жатса, ал сен үндемесең, сен нағыз опасызсың» (Хосроу-Шырын. 248 бет).

Мен осы уақытқа дейін жазғандарымды алтын деп есептемеймін, менің жазғандарымда ащы да, тұщы да болды. Бірақ менің шыбыным біреудің балына, тәттісіне қызыққан жоқ, біреудің қантына қол салған жоқ, бұрынғылардың да сөзін пайдаланбауға тырыстым. Біреулердің айтқан ойын игеріп алу деген сөз, жат адамдардың атын тартып алумен бірдей. «Ақын», - дегеніміз дейді, - Низами олар сөздің әмірі, сұлтандары, сөз әмірінін айтқандары заңғар, биіктік, түбі жетпес тереңдік болуға тиіс. Біреулердің пайдаланып кеткен сөздік құрамын сен өз кәдеңе асырамын деп әуреленбе, сенің сөздік құрамың өзіндікі болу керек. «Менің сөз қуатым соншалықты керек жерде көзден жас төктіремін, керек жерде көзіне күншуақ ұялатамын». Сонымен қорыта келгенде, Низамидің нағыз көркем шығармаға қоятын талаптары мынадай:

- 1) Идеялық тұтқасы берік болуға тиіс.
- 2) Шығарманы жазып отырған автор барынша адал кісі болуы керек.
- 3) Кайсыбір қаламгер болмасын, өздерінің алып отырған объектісін егжей-тегжейлі тексеріп алып, жазуға отыру керек.
- 4) Шындықты шыншыл, дәлме-дәл көрсетуге тиіс.
- 5) Жазушы өз шығармаларында өз қолтанбасын да ғажап таныта білу керек, егер ол басқаға еліктесе, одан сөз өнері шықпайды.
- 6) Шығарманың жазылатын формасы шебер тандалынып алыну керек, ол дастан, не қара сөз болсын, өзінің көздеген мүддесінен шықпаса, автор мақсатына жетпейді.
- 7) Оқушынын немесе тыңдаушынын ойы мен жүрегін билеп алу үшін, автордың өте көркем, қуатты сөзі болуға тиіс.

Міне, осындай шарттарды орындағаннан кейін ғана, жазушы өзінің мақсатына жете алады, - дейді Низами.

Әдебиет:

1. Ибраев Ш. Эпос әлемі. Монография. – Алматы: 1993.
2. Күмісбаев Ө. Иран әдебиетінің тарихы. – Алматы: 2003.
3. Кудайбердиева Ш. Лайла-Мажнүн. – Ташкент: 1922.

ӘОЖ 811

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ «ҰШҚАН ҰЯ» ПОВЕСІНДЕГІ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ СИПАТЫ

Синбаева Г.К., Жүзболат А.Ж.
(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Көркем туындыда мақал-мәтелдер шығарма тілін шұрайландырып, көріктендіріп, айтар ойдың жүйесін қиыстырып, арттырып, ширатып тұрады. Сондықтан да болар «сөздің көркі – мақал» деп айтылады.

«Мақал» сөзі араб тілінен енген сөз. 1889 жылы Н.Исәнбет жинап бастырған «Татар халық мәкальлерінің» 1-томында берілген мысалдарда, арабтарда «мекелли

мәканын мекал» -«әр іске лайық сөз бар» деген мақал да бар көрінеді. Сонда мақал деп жүргеніміздің бастапы мағынасы, «орынды сөз», яғни «тиісті жеріне дәл айтылған сөз» болып шығады.

Қазақтың белгілі паремиолог – ғалымы Ә.Қайдар мақал-мәтел туралы былай дейді: «Қазақ мақал-мәтелдерінің халықтың өткен өмірі мен бүгінгі болмысын танып білуде дүниетанымдық, логикалық, этнолингвистикалық жағынан мәні өте зор. Себебі, дүниеде, қоғамда, табиғатта қалыптасқан құбылыстардың бәріне мақал-мәтелдердің қатысы бар. Дүние болмысының өзінде о бастан - ақ қалыптасқан табиғи реттілік бар. Ол реттілік барша заттар мен құбылыстарды үлкен үш салаға топтастырып, ішкі жүйесі мен мағынасына қарай шоғырландырып қарағанда ғана көрінеді [1, 7 б.]».

Түркі халықтары мақал-мәтелдерді «аталар сөзі», «даналық сөздер», «нақыл сөздер», «асыл сөздер» деп атап, «Ақылың бар ма – ақылға ер, ақылың жоқ па – нақылға ер», «Атаңның сақалына қарама, айтқан мақалына қара», «Мақал-мәтел мардан сөз [2, 33 б.]», - деуі - халықтың берген әділ бағасы.

Тіл біліміндегі мақал-мәтелдерді зерттейтін ғылым саласы паремиология деп аталады. Қазақ паремиологиясының қалыптасу тарихын С. К. Кенжемұратова 3 кезеңге бөліп қарастырады:

XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың 40-60 жылдарына дейінгі кезең қазақ мақал-мәтелдерін халық аузынан жинақтау, қағаз бетіне түсіру, жеке басылым ретінде шығару жұмыстарының жүргізілуімен сипатталады(Б.Алтынсарин, Ә.Диваев, В.Радлов, Ш.Ибрагимов, т.б.)

Мақал-мәтелдердің ғылыми айналымға түскен кезеңі. М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, М.Ғабдуллин, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, т.б. әдебиетші ғалымдар зерттеулерінде қазақ мақал-мәтелдерінің әдеби табиғаты, Р.Сәрсенбаев, Ә.Қайдар, Б.Шалбаев, Ө.Айтбаев, т.б. тілші-мамандар зерттеулерінде тілдік ерекшеліктері сөз болды.

XXI ғасыр тіл білімінде мақал-мәтелдер паремиологияның зерттеу нысанына айналып, антропоцентристік бағытта қарастырылуда [3, 9 б.]

«Энциклопедиялық әдеби сөздікте» афоризмдерге мақал-мәтелдер, ал көркем әдебиетте гнома, сентенция, апофегма, максима, хрия секілді нақыл сөздер жататыны атап көрсетіледі.

Осы құбылыстардың ішінде мақал-мәтелдерді орыс тілінде жинап, бастырып шығару ісі ертеден, қолға алынғаны байқалады. Сонымен қатар бұл қазынаның ерекшеліктері, құрылымдық түрлері, мағыналық топтары және стильдік қызметін сөз еткендер арасынан, А.А.Потебня, А.П.Аникиндермен қатар, оған «паремиология» деп ат қойып зерттеген Г.А.Пермяковтың, З.К.Тарлановтың есімдерін атауға болады.

Ана тілімізде мақал-мәтелдердің алғаш жазба деректерде кездесуі Ш.Уәлиханов есімімен байланысты. Тұңғыш ғалым Н.Ф.Костылецкий үшін жинап, «Үлкен орданың мәтелдері» деп атаған қолжазбасына 33-мақал-мәтел енгізген екен. Б.Алтынсарин өз хрестоматиясында халқымыздың ең таңдаулы, көркем санаған мақал-мәтелдерін он түрлі мағыналық топқа жіктейді. Сондай-ақ А.Диваев пен И.Ибрагимов жинастырған мақал-мәтелдер 1889 жылы Ташкентте жарық көрген [3, 15 б.]

Халық қашан да «мақал-мәтел» деп қосып айта салады да, ол екеуінің айырмашылығын ашып жатпайды. Ал осы «мақал-мәтел» деп айтуы кездейсоқ емес. Өйткені, бұл екеуінің сыртқы, ішкі құрылысы бір-біріне жуық жатады.

Ғалым Кенжемұратова С.К. мақал-мәтелдердің шығу жолына қарай үш топқа бөліп қарастырады:

Бұлардың ең басты шығу жолдары –ол халықтың әлеуметтік тұрмысы мен тарихы экономикалық жағдайына тікелей қатысы бар өмір тәжірибесінен пайда болады. Бұл халық мақал-мәтелдерінің шығу жолдарындағы ең негізгі, ең сенімді қайнар бұлағы болып табылады.Өмір құбылысының шындығын поэтикалық тілмен көркем бейнелеп,

халыққа үлгі насихат, өнеге ретінде бере білу тәсілі ауыз әдебиетінде мақал-мәтелге ғана тән қасиет екені айқын. Сондықтан да мақал-мәтел халық қазынасы деп аталады;

Қазақтың кейбір мақал-мәтелінің халық ертегілерінен, хикая, өлең, жырлардан пайда болғанын аңғарамыз. Мәселен, қазіргі мақал ретінде айтылып жүрген: Түйе бойына сеніп, жылдан құр қалыпты; Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді; Аяз әліңді біл құмырсқа жолыңды біл-деген мақалдар ертегілерден қалған жұрнақтар. Бұл ертегі, аңыз әңгімелердің ұзын ырғасы кей жағдайларға байланысты жойылып, айтылмай қалып қояды да олардың «түйіні» ретінде мақал-мәтел пайда болады;

Мақал-мәтелдің кейбіреуі көрнекті ақын-жазушылардың қолтума нақыл сөздерінен де пайда болады. Қазақтың ұлы ақыны Абайдың өлеңдері мен қарасөздерінің көбі халық арасына кең тарап, мақал-мәтелдік сипатқа ие болып кетті. Мысалы, «атаңның баласы болғанша, адамның баласы бол» деген сияқты даналық өсиеттері [3, 18 б.].

Шетелдердің ірі тілші-ғалымдары мақал-мәтелдердің ықшамдалу принципі мәселесін тілдің эволюциялық дамумен тығыз байланысты қарастырады. Олар: Г.Пауль, Ф.де Соссюр, О.Есперсен, П.Пасси, Г.Спенсер, Э.Сепир, Ж.Вандриес, Л.Блюмфильд, А.Мартине, Э.Бурсье, Ф.Кайнц т.б.

Негізінен сөздердің ықшамдалу процесі тілдің эволюциялық даму, қалыптасу барысында күрделіден оңайға ұмтылу әрекетінен пайда болады.

Сонымен, ықшамдалу заңдылығына ұшырайтын тілдік бірліктер, біріншіден, жоғары жиіліктегі көп қолданылатын тілдік бірліктер, екіншіден, алдымен ауызекі сөйлеу тілінде пайда болып, кейіннен қолданыс нәтижесінде біртіндеп тілдік нормаға ене бастайды [4, 19-20 б.].

ММ-дердің ауыс мағынасына қарай жіктелу принципін анықтауда, ММ-дер барлық жағдайда өзінің алғаш қалыптасқан толық номинативті түрінде қолданыла бермейді. Олар адамдар арасындағы қолданысында азбаша, ауызша, әсіресе ауыз екі тілде тұлғасы өзгеріп отыруы мүмкін. Өзгергенде кейде құрамдық бөлшектері кеңейіп, кейде қысқарып, ықшамдалып, тиянақталып отырады. Мұндай өзгерістер мақал-мәтелтаным ғылымында окказиональды қолданысқа байланысты өзгеріс деп қарайды. Окказиональдық қолданысты паремиялогияда «авторлық қолданыс» деп атаудың себебі – ол автор еркімен байланысты өзгеріс деп қарайды. Әдеби тіл нормасына сай номинативті қолданыс – узуальды қолданыс. ММ-дердің бастапқы қалпында дейді, деген екен, дегендей деп, дей т.б көмекші етістік арқылы дайын тұрған тұтас та күрделі бірлестік ретінде қолданылады. ММ-дердің әдеби тіл нормасына сай узуальды қолданысында олардың құрамдық элементтері өзінің орын тәртібі бойынша саны мен тұлғасын түгел сақтап, тұрақты болып келеді. Кейде узуальды(тұрақты) түрде қолданылған ММ-дер сөйлеуші адамның ырқымен, қалауымен құрамы жағынан адам танымастай өзгеріске ұшырап, тіпті бір ММ бойнан бір-ақ сөз сақталып, сол ММ-дің мағынасын білдірсе, оны аллюзия құбылысы деп атайды [4, 14 б.].

Аллюзия – мақал-мәтелмағынасын оның тұлғасын түгел сақтамай, құрамындағы бөлшектерін бұтартып қолдану арқылы жеткізу тәсілі. Мысалы: Орамал тон болмайды, жол болады деген мақал аллюзия түрінде «Әңгіме дәстүрдің орамалда емес, жөн жоралғысының шама келмес тонында».

Мақал-мәтелдерді лингвистикалық тұрғыда айқында тіл мәдениетіміздің тарихи қырларын аша түсуге мүмкіндік берсе, екіншіден мақал-мәтелдердің сөз бедерін қазіргі жазба әдеби тілімізбен салыстыра тексеруде маңызды материал болып табылады.

Мақал-мәтелдер сондай-ақ, саяси және көркем шыңармалардың бейнелеу құралы жүйесінде «даяр» материал ретінде де жиі қолданылады [4, 15 б.].

Жалпы, ғылым дүниесінде «Мақал-мәтелдердің авторы жоқ» деген пікір қалыптасқан. Бұл әрі дұрыс, әрі бұрыс пікір. Бұрыс болатын себебі- мақал-мәтелдердің

қандай түрі болмасын, ғайыптан пайда болған, ел-жұрт жиналып, ақылдасып, кеңесіп шығарған дүние емес. Олар әдетте халық арасынан шыққан жеке-дара, ділмар-шешендердің, дарынды да дана тұлғалардың, ақын-жырау, көңілі көрікті, кеудесі ояу, кеудесі мен көңілге түйгені мол қазыналы қарттардың өз өмір тіршілігінен алған, тағылымынан туындаған ой түйіндері [5, 134 б.].

Мақал-мәтел сөздің мұнарасы. Мұнара биікке, асқарлыққа, парасат асқарына меңзейді. Мақал-мәтелдердің артықшылығы – ойды сағымдап, нақышты, әрі санаулы сөзбен әрі өткір әсерлі етіп суреттеуінде. Халық өзінің айтпақшы болған ойын мақал-мәтелеге шебер сыйғыза білген. Бір ғажабы өмірдің өзі секілді желісі үзілмей, өркен жайып, жыл асқан сайын жемісін елге ұсынатын даналық көзі – мақал-мәтелдер толығып отырады. Жаңа дәуір талабына сай жаңаша туындайтын мақал-мәтел иесі, бір жағынан – қарапайым халық.

Ұлттық менталитет ерекшелігі негізінде қалыптасып, дамыған мақал-мәтелдер көркем шығарма тілін жаңдандырушы көріктеу амалы бола тұра, шығарма тіліне ұлттық колорит те береді. Жазушылар туындыларында мақал-мәтелдер міне осындай қасиетімен де назар аударарлық [5, 151 б.].

Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» повесіндегі мақал-мәтелдердің қолданысына тоқталып өтсек:

1. «Жетіге келгенше бала жерден таяқ жейді» деп тегін айтылмаған ғой [6, 24 б.].

Жас бала жеті жасқа толғанға дейін құлап, сүрініп өседі. Қазақ халқында жеті киелі сан ретінде қолданады. Халқымыздың жеті санын киелі санауын жеті ата, жеті қазына, жеті жарғы, жеті күн т.б деген тіркестерден байқауға болады. Баланың буыны қатып сүрінбейтін жасы да осы жеті санына тура келуі де бекер емес [2, 309 б.].

2. «Он үш жаста отау иесі» деген мақал бар [6, 24 б.].

Он үш жас бір мүшел болып саналатындықтан, халқымыз он үшке толған жігітті ересек қатарына қосып, үлкен жауапкершілік жүктейтін болған. Ертеде қазақ қоғамында қыздары тоғыз жастан тұрмыс құрып, ұлдарды он үш жаста отау тігіп бөлек шығатын болған. Сонымен қатар қазақта тек отбасы құрғандарды ғана отау иесі деп атамаған өзінің елін жерін қорғап, халқына халаулы, еліне елеулі азаматтарды отау иелері деп атаған [2, 508 б.].

3. «Түйе бойына сеніп, жылдан құр қалыпты» деген мақал осыдан шыққан [6, 27 б.].

Он екі хайуанаттың (1. тышқан, 2. сиыр, 3. барыс, 4. қоян, 5. ұлу, т.б.) атына байланысты пайда болған Шығыс халықтары арасында айтылып жүрген белгілі аңыз-әнгімнің негізінде туындаған бұл мақалда: «Шығып келе жатқан Күнді мен бұрын көремін» деп, өз бойына, өзі сеніп, бейғам тұрған түйенің үстіне өрмелеп, оның құлағына шығып, сол күнді барлық хайуандардан бұрын көріп, Жыл басы болып атанған тышқаннан тышқаннан түйенің ұтылып қалуы тілге тиек етіліп тұр.

«Түйе тәрізді бойына сеніп, өз мүмкіншілігін дұрыс пайдалана алмай, көп нәрседен құры қалуға болмайды» дегенді ескертеді. [2, 506 б.]

4. Бір биеден ала да, құла да туа береді деген осы да [6, 31 б.].

Бір биеден туылған құлындардың түр-т.сі бірдей болуы міндетті емес, өйткені ол әр түрлі айғырға тоқтауынан бойланысты.

2. ауыс. бұл- бір ата-анадан туған балалар да бірдей болмайды деген сөз: олардың әрқайсысының өзіндік түр-түсі, бой-тұрқы, мінез-құлқы, ақыл-есі т.б. қасиеттері болуы ықтимал; бұл орайда олардың ата тегіне, нағашыларына ұқсауына да, байланысты [2, 263 б.].

5. «Аузы қисық болса да, байдың ұлы сөйлесін» немесе «құрығы ұзын қуып жүріп алады, құрығы қысқа құры қол қалады» дегендей, айдын көлдің аққуын қалыңмал Дәулетке аяқ қолын байлап берді [6, 77 б.]...

1. Айтарға дәмді сөзі болмаса да, кешегі феодалдық заманда (аузы қисық, басқа да кемшілігі бар) байдың ұлы(үстем тап өкілі ретінде) алдымен сөйлеуге қақылы болғанын аңғартып тұр.

2 ауыс.бұл елден айтарлықтай бір ерекшелігі болмаса да, билік айтып үйреніп лауазымды, не жасы үлкен адамның сөйлеуін іштей ұнатпай, кекетсе де, мойындау деген сөз. [2, 211 б.]

6. Өйткені «жығылып жатып сүрінгенге күледі» дегендей, олардың өздері де қолдарымен шеңгелдегендер еді [6, 94 б.].

Өзінің қолынан келетін ісі, қабілеті, өнеге-үлгісі шамалы адамның басқа біреудің ісіндегі болар-болмас олқылықты, кемшілікті көріп, барша жұртқа жария етіп, мазақтауы; яғни бұл мақал өз басындағы боқты көрмей біреудің басындағы шоқты көреді. «Жыртық тесікке күліпті» деген мақалмен мағыналас.[2, 336 б.]

7. Жақсы сөз – жарым ырыс дегендей, айтқардарың келсін [6, 102 б.].

Адамға не туралы болса да жақсы-жағымды сөз айтып, оң пікірін білдіріп, көңілін көтере сөйлеу – жартылай бақыт, зор қуаныш сыйлаумен барабар.мөйткені адам көңілі сезімтал, әрі нәзік, ал сөз болса, адам жанына жарық сәуле беріп, жадырата түсетін құдіретті күш [2, 306 б.].

8. «Жастығымда еңбек бер, қартайғанда дәулет бер» деген сөз бар [6, 136 б.].

Саналы азаматтың Алладан: «денім сау, күш-қуатым бойымда тұрғанда, қандай ауыр, қиын еңбек болса да атқаруға бұйыр, ал қартайып, бойдан күш-қуат кетіп, әлсізденген кезімде сол істеген еңбегімнің игілігін, бақ-дәулеттіңді көрсете гөр» деп тілегені [2, 318 б.].

9. Бас жарылса, бөрік ішінде демей ме, үлкен ұрса, іні шыдар [6, 153 б.].

1. Жорықтарда, соғыстарда, тіпті ағайын арасындағы қақтығыстарда бола беретін жарақтарды(бастың жарылуын, қолдың сынуын, т.б.) қазақтар айғақ қылып, елге жариялай бермеген. Ондағы мақсат қас жауына сыр бермеу, жақын адамның айыбын айғақтамау. Денеге түскен жара тез қалпына келеді, тез жазылады деп санаған.

2. ауыс. Тэнге түскен жарадан қанша азап шексең де, сыртқа білдірмеу – ұлттық дәстүр. Бұл, әсіресе, жақы-туыс адамдардың арасында қатал сақталып келген әдет. «Тән жарасынан да тіл жарасы ауыр» дейтін қазақ тіл жарасын тез ұмытса да тән жарасын көп кек сақтамаған [2, 240 б.].

10. «Жүйрік ат аяғынан қалады», «сұңқар қанатынан қалады» деген мақал текке айтылмаған [6, 166 б.].

1. Бәйгеге көп түскен жүлделі жүйріктердің көбіне-көп аяғына зақым келіп, көз тиіп ауырады. Бұл бейне бір кәсіби ауру іспеттес нәрсе;

2. Осыған орай, бұл мақалмергеннің, не оқитын оқымыстының көзі зағип болғанда, не арқалы ақын мен алдына жан салмас, аузы дуалы шешеннің – тілден, әнші-күйшінің – құлақтан, өнерпаз шебердің – қолдан қалғанында айтылады; әркім ауырып, азап шексе, оны өзі сүйген кәсібінен табады деген сөз [2, 333 б.].

Қорыта айтқанда, Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» повесіндегі мақал-мәтелдерге талдау жасау арқылы халықтық терең дүниетаным түсінігін, ұлттық сана мен парасат пайымын, эстетикалық көзқарас пен адамгершілік құндылықтарын, ғасырлық тәлім-тәрбиесін танимыз. Шығармадағы мақал- мәтелдер белгілі бір ой, сезім, іс-әрекет түрінде көрініс тауып, дәстүрдің, тұрмыс-салттың мақсаты мен мәнін айқындайды, басқаша айтқанда, символдық мәнге ие болады. Рухани мәдениет негізінде «ұлттық рух» ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, «ұлттық рухты» символдау қызметін атқарады.

Әдебиет:

1. А. Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» Алматы «Атамұра» 2003, 205 бет.
2. Қайдар Ә. «Халық даналығы», Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, 2004 ж. – 560 бет.
3. Кенжемұратова С. К. «Мақал-мәтелдердің синтаксисі» Астана,2002ж.

4. Қарсыбекова Ш.П. «Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді топтастырудың этнолингвистикалық принциптер»". - Алматы.2004, - 25 бет.
5. Қанапина С.Ғ. «Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық бейнелілігі (Ғ. Мұстафин, С. Мұқанов шығармалары негізінде)». - Қостанай. «Центрум», 2010 ж.
6. Момышұлы Б. «Ұшқан ұя». Повест. – Алматы: Атамұра, 2003. 240 бет.

ӘОЖ 811.512.122

КӨРКЕМ ШЫҒАРМА ТІЛІНДЕГІ АДАМ ЭМОЦИАСЫНА ҚАТЫСТЫ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Синбаева Г.К., Тастамбекова Г.Е.

(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Тіл адамзатқа қызмет ететіндіктен адамның дүниетанымы, түрлі сезімдік күйі, көркемдік әлемі, ұлттық болмысы т.б. тілден өз көрінісін табады.

Адам өзін қоршаған ортадағы түрлі құбылыстардың жақсысына қуанады, сүйсінеді, шаттанады, жаманынан жиренеді, күйінеді, ашуланады, мұңаяды, қайғырады. Бұлардың барлығы адамның қайғы, қуаныш, сағыныш, күйініш, шаттық, жиреніш, ашу сияқты түрлі эмоциялары болып табылады.

Эмоция – адамның жан-дүниесінің аса қуатты көріністерінің бірі. [1, 5 б.] Бүгінде қазақ тіл білімінде эмоционалдылық пен экспрессивтіліктің кейбір аспектілеріне арналған бірнеше зерттеу жұмысы жарық көрді. Мәселен, А.Ғ. Сембаеваның «Көркем шығармалардағы эмоционалды-экспрессивті лексика (О. Бөкеев шығармалары бойынша) (2002), А.А. Мұсабекованың «Қазіргі қазақ публицистикасындағы экспрессия мен эмоцияны білдірудің тілдік құралдары» атты кандидаттық диссертациясы (2004), Б.С. Жонкешовтың «Эмоционалды бірліктердің тілдік табиғаты» атты кандидаттық диссертациясы (2006), К.С. Сарышованың «Қазақ тіліндегі эмоцияны бейнелейтін фразеологизмдер» атты кандидаттық диссертациясы (2006), С.Б. Қоянбекованың «Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының негіздері» атты докторлық диссертациясы (2008) т.б. Адам эмоциясына қатысты фразеологизмдердің бір тобы жеке тұрып адамның түрлі көңіл-күйін білдіретін болса, енді бір тобы контекст ыңғайына қарай эмоциялық реңкке ие болады. Біреудің қорыққандығын айтқымыз келсе *жүрегі ұшты, зәресі ұшты, үрейі ұшты, иманы қашты, көзі шарасынан шықты, көзі алақандай болы, жүрегі тас төбесіне шықты, зәресі зәр түбіне кетті, жаны мұрнының ұшына келді*, деген фразеологизмдерді, ал біреудің қатты таң қалғандығын *аузын ашып, көзін жұмды, рахаттанғанын айызы қанды, қуанғанын екі езуі екі құлағына жетті, жерден жеті қоян тапқандай болды, құмартқанын аузының суы құрыды, аузынан суы ақты, аузынан сілекейі шұбырды, ұялғанын кірерге тесік таппады, бет моншағы үзілді, бетінен оты шықты, құлағының ұшына дейін қызарды, жүзі шыдамады, жер шұқыды, үрейленгенін төбе шашы тік тұрды, өкінгенін санын соғып қалды* фразеологизмдері арқылы білдіреміз. Бұлардың барлығы ана тілінің шексіз байлығын, фразеологизмдердің эмоциялық реңк жасаудағы орамдылығын көрсетеді. Ал көркем шығармадан қарастыратын болсақ, профессор Р. Сыздықова Абай тілінің көркемдік бітімін лингвостилистикалық тұрғыдан сөз еткен «Абайдың сөз өрнегі» деген еңбегінде Абайдың фразеология саласындағы сөз құбылту тәсілдерін, жаңалықтарын талдайды. «Фразеологизмдер-сандаған жылдар мен ғасырлардың қазынасы, бұл, бір жағынан, екінші жағынан, ол- жеке қаламгерлердің табысы, еңбегі, ізденісі. [2, 5 б.]

Сондай қаламгерлердің басында Абай әкелген өзгеріс, жаңалықтардың келесі түрі оның өз қаламынан жаңа тіркестер туғызуында. Фразеологиялық тіркестер - семантикалық шоғырлар, яғни, жеке сөздер білдіретін мағыналардың бір-бірімен түйісуінен туған жаңа семантикалық единица. Абай образ жасауда, айтпақ ойына экспрессивтік сипат беруде жеке сөздерді бір-бірімен тіркестірудің сарқылмас бұлақ сияқты екенін жақсы түсінген.

Абайдың қара сөздері (Ғақлия) - ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы. Ақынның көңіл толқытып, ой тарқатқан түрлі эмоцияға тұнып тұрған шығармашаларының бірі ол – қара сөздер. Халықтың тұрмыс-тіршілігі, ақынның көңіл-күйінің басым бояуын осы қара сөздерді оқи отырып анық байқауға болады. Абайдың тоғызыншы қара сөзінен адамның көңіл-күйін бейнелейтін фразеологизмдерді қарастырып көрейік. Мысалға: «... Уә әрнешік бойларынан адам жақсы көрерлік, **көңілге тиянақ** қыларлық бір нәрсе тапсам керек еді. Соны не үміт үзбестікке, не онысы болмаса, мұнысы бар ғой деп, көңілге қуат қылуға жаратсам керек еді, ондайым жоқ» [3, 125-126 б.] Мұндағы Ісмет Кеңесбаевтың «Фразеологиялық сөздігі» бойынша мынадай мағынада жұмсалады деп айтуға болады. Көңілге қуат [медет, медеу] қылды [тұтты, етті]-көңілге тоқ санады [жұбаныш етті] деген мағынада беріледі. [4, 353 б.] Бұл жерге Абай халықтың тұрмысы мен тіршілегінде көңіл толарлық еш нәрсе жоқтығы, ақын көңіліне қаяу салып, жұбаныш таппағаны.

Абайдың жиырма алтыншы қара сөзінен үзінді: «... Жә, болмаса, ана ыза болушы соншалық неге жер болып қалады екен? Жүйрік ат - кейде ол елде, кейде бұл елде болатұғын нәрсе, қыран құс та, жүйрік ит те - кейде оның қолына, кейде мұның қолына түсетұғын нәрсе. Күшті жігіт те үнемі бір елден шыға ма? Кейде ана елден, кейде мына елден шығады. Мұның бәрін адам өз өнеріменен жасаған жоқ. Бір озған, бір жыққан үнемі озып, үнемі жығып жүрмейді. Соның бәрін де біле тұра, жерге кіргендей болып я бір арамдығы, жамандығы шыққандай несіне ұялып, қорланады екен?». [3, 234 б.] Ісмет Кеңесбаев сөздігінде мынадай мағынада көрсетіледі. Жер болды. 1. Тып-типыл болып тегістелді, күл-талқаны шықты, жермен жексен болды. Бұлармен аралас: төбе-төбе, жота-жота болып жатқан көмір қолдамалары, жер болуға айналған кресті айшықты адам молалары, бұзылған ескі үйлердің орындары ерте уақытта бұл жердің бірқатар халыққа мекен болғаны ескертіледі. (Ғ. Мұстафин). 2. Абыройы түсті, беті күйді, кісінің бетіне қарай алмады, ұятқа қалды. Қызым, досың аз, дұшпаның көп болса, жер боларсың. Сен кешегі жиналыстарда Мырқал туралы қатты кеттің,- деді Мирон Павлович (Ә. Әбішев).[4,258 б.]

Бірінші қара сөзінде: «...Мұңдасып шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі - бір тез қартайтатұғын күйік».[4, 204 б.]

Салыстыру ретінде Әзілхан Нұршайықовтың шығармасындағы «шер тарқату» фразеологизмнің қолданылудағы эмоционалды жай-күйді мысалмен берсек. «Ал, сана мұраты жігіттің қыздан немесе қыздың жігіттерден өзімен ойы тең, ақылы сай, бір-бірінің қуаныш-реніштеріне өмір бойы ортақ болысып, мұң шағып, сыр шертіп, шер айтысатын, жанымен жаны үндес адам іздеуі, бірін-бірі шексіз сүйетін жан тауып, соған қосылып, қосылған соң бірін-бірі өле-өлгенше қадірлеп, құрметтеп өтуге ұмтылуы».

I. Кеңеспаев сөздігі бойынша: Шер тарқатты-шерін басты [қозғады, шертті, шығарды]. Ешкім жоқ шер тарқатысып көңіл ашар, Жүректің күйіп жанған дертін басар, Мұнымды жұртқа айтпаған саған шақтым, Жүрек – от, көңіл – дария, халім нашар (С. Сейфуллин). Түнде бағылан қозының жас етін жей отырып, Дәулет Асанға жүрекке құса боп қатқан бір шерін тарқатты (З. Шашкин). Жаным-жаным,

Гүландамын, періштем бол, кел бері. Жүрегімнің *басып шерін* қарашығым сүйші мені (Б. Күлеев). Жамандап бірдеме айтып салсам, Түтуге мен сорлыны бас саларсың, Шыдамай *шерін қозғап*, шынын айтса, Қылышпен алтын сапты басты аларсың (Шернияз). Ән болып Көкшетаудың күңіренгені, Сөз боп жат мінезі, *шерткен шері*, Кетіпті елдің аузы әуезе қып: «Жын құшып, жалғыз жүрген Ақан сері» (І. Жансүгіров). Адам болса, кеуліңде, Бөлмей қалмас бір арман, Екі мұңлы бас қосса, Іштегі *шерін шығарған* (Базар жырау). [4, 761 б.]

Екінші қара сөзінде: «Мен бала күнімде естуші едім, біздің қазақ сартты көрсе, күлуші еді *«ененді ұрайын, кең қолтық, шүлдіреген тәжік, Арқадан үй төбесіне саламын деп, қамыс артқан, бұтадан қорыққан, көз көргенде «әке-үке» десіп, шығып кетсе, қызын боқтасқан, «сарт-сұрт деген осы» деп...»*. [3, 205 б.] Ісмет Кеңесбаев сөздігі бойынша Енесін ұрайын бейпіл. *Тіл тигізу, боқтау* (Абай тілінің сөздігі). «*Ой, енесін ұрайын, өліп кетпей не керек? Азар болса атылып, я осы үшін айдалып кетсем де көнгенім-ақ? Әйтеуір бір өлім бар?»* - деп қалшылдай-тұғын кісі көп қой (Абай) [4, 210 б.]

Он үшінші қара сөзінде: «*...Қылыш үстінде серт жоқ» деген, «құдай тағаланың кешпес күнәсі жоқ» деген жалған мақалды қуат көрген мұндай пенденің жүзі құрысын»*. [3, 221 б.] Абай тіліндегі бұл тұрақты тіркес түрліше айтылып жүргенімен, бірақ мағынасы қарғыс мәнінде жұмсалып жүр. Ал Әзімхан Нұршайықовтың шығармасында жағымды эмоцияда берілгенін мына мысал арқылы байқауға болады. «*Осы бір өңі жұмсарып, жүзі жылып, жүрегі нәзік лүпілге басқан шағында оның көкірегіне өзгеше бір күш құйылатын. Сол сәтте ол бір емес, жаудың бірнеше танкін жалғыз өзі жайратуға әзір болатын»*. [5, 6 б.]

Отызыншы қара сөзінде: «*...Өй, енесін ұрайын, өліп кетпей неге керек? Азар болса атылып, я осы үшін айдалып кетсем де көнгенім-ақ! Әйтеуір бір өлім бар ма?»* - деп қалшылдайтұғын кісі көп қой». [3,241б.] Бұндағы фразеологиялық айтылу мағынасын келер болсақ, алдымен сөздік бойынша қарастырып көрейік. Ісмет Кеңесбаевтің сөздігі бойынша *Өй, енесін ұрайын* – деп [Тіл тигізу, боқтау] мағынасында жұмсалып тұр. [4, 210 б.]

Отыз үшінші қара сөзінде: «*...Егерде мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерлі - қазақтың әулиесі сол. Бірақ құдай тағала қолына аз-маз өнер берген қазақтардың кеселдері болады»*. [3, 244] Біз көріп отырғанымыздай Абайдың бұл қара сөзінде де эмоционалдық бояуы анық байқалады. Адал еңбек пен арам еңбектің ара жігін ажырата отырып, өз сөздерінде *еңбегін сатқан* деген фразеологизмін қолданып отыр. Ісмет Кеңесбаевтың сөздігінде ол мынадай мағына береді екен. *Еңбегін сатқан - Еңбегін сату* деп қарастырсақ бірінші мағынасы: көрсеткен қызметін бұлдады, пәлендеді. Екінші мағынасы: Өз күшімен қызмет қылды күн көрді, қызмет қылды. Абайдың осыған ұқсас тағы бір мысалын келдіре кетсек. «*Бақпенен асқан патшадан, мимен асқан қара артық. Сақалын сатқан кәріден, еңбегін сатқан бала артық»* [4, 211 б.]- дейді.. Бұл екі мысалда да жағымды эмоциямен айтылған, алайда сату, сатқындық сөздері жағымсыз жағдайлармен байланысты қарастырылатын сөз Абай шығармаларында еңбекті сату, яғни адал еңбек ету деген мағынада қарастырылған.

Бүгінге фразеологизмдер қазақ тілі байлығының алтын қоры, ғасырлар жемісі, ата-бабамыздан ауыздан ауызға тарап, бүгінгі күнге жеткізген бірден бір мұрасы деп танитынымыз рас. Қазақ әдебиетімізде ойып тұрып орын алған, негіз қазығы болған Абайдың шығармашылығында да орын алғаны табиғи құбылыс. Өзімнің жұмысымда ХХ ғасырдың жазушы, көркемсөзші, аудармашысы Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романың жай-күй фразеологизмдерінің пайдалануын, қолданылуы зерттедім. Мысал ретінде «абырой» сөзінің қатысуымен жасалған

фразологиялық тіркестердің шығармада кезесуі мен қолданылу мақсатына, мағынасына назар аударсақ.

1. *Әй, Меңтай-ай, жаңа ғана бұл жгіттен жауап алып, беделім күшейіп қалып еді. Абыройымды айрандай төктің-ау*. [5, 27 б.]

2. *Жаңа айттым ғой, онда мына сенің көмегіңмен ойлағанымды орындап, «екі жылдан соң оқу бітіресің, содан соң, біржола аламын» деп қызды алдап, , қатын ғып кеттім де, келе сала жаңағы әйелге үйлендім. Енді маған бұл әйелім де бір, Алматыда қызбын деп жүрген Меңтайың да бір*. [5, 151 б.]

3. *Ата-бабамыз оң жақтағы қыздың өзі түгіл, отауына шаң жуытпаған; қыз абыройын қызғыштай қорыған*. [5, 153 б.]

4. *Досының қызы Тананың абыройын төкпеу үшін онымен үш күн бірге болғанда тастай боп қатып қалады* . [5, 207 б.]

Мұндағы Исмет Кеңесбаевтың сөздігі бойынша. 1..Абыройымды айрандай төктің-ау- беделі, атағы, қадір-қасиеті кетіп болды; құрмет сыйы түсті. [6, 10 б.]

2. Абыройын жосадай ағызып - ұятқа қалды, ар-ұяты кетіп, қатты масқара болды. [4, 9 б.]

3. Абыройын қызғыштай қорыған - ештеңені жуытпады, қанаттыға қақтырмай, тұрсықтыға шоқыттырмады, көзінің қарашығындай сақтады. [6, 369 б.]

4. Абыройын төкпеу «абыройын жықты» фразеологизіміне антоним. Абыройын жықты- Сүйенгенін, арқа сүйерін мұқатты. [6, 10 б.]

Фразеологиздердің басым көпшілігі адаммен, оның сезімдерімен, қасиеттермен байланысты пайда болған фраземалардың көпшілігі сомантикалық үлесіне тиеді. [7, 75 б.]

Одан әрі фраземаларды адамның жағымды-жағымсыз қимыл әрекеті, сезім әрекеті немесе жоғары эмоциялық фраземалар, адамның физикалық қалпы, сөйлеу дағдысы, жеке басына тән қасиеттері, қоғамдық-әлеуметтік жағдайы, түр-әлпеті және т.б. семантикалық топтарға бөледі [8,57-58 б.].

Адамның дене мүшеліріне қатысты туған фразеологизмдер көптеп кездеседі, соның біразы адамның эмоциясын беретіні рас. Мысалға шығармада кезесетін «бел» сөзіне қатысты фразеологизмдердің мағынасын қарастырып көрейік. *«Онда мен бар да екенмін, бай да екенмін. Бір мұңсыз, өте жақсы жайда екенмін. Белге соққан жыландай енді болдым, Біле алмай сол жалғыздың қайда екенін.»...* [5, 71 б.] Автор *«Бел соққан жыландай болып [тұрып] қалды»* деген фразеологизмді өз мақымына келтіріп мағынасын бұзбай шығармада *«Белге соққан жыландай енді болдым»* деп пайдаланылған. Ал сөздікте *«Бел соққан жыландай болып [тұрып]қалды* 1.Орнынан қозғалмай қалды, кирелеңдеп қалды. Зылиқа Әшкім басын шайқап, белге соққан жыландай жел өтінде тұрып қалды(К.Оразалин).2.Қайғыға ұшырады, дертті болды» деп түсіндіріледі. [4, 141 б.] Контекстік мағына әрине екінші мағынада жұмсалған.

Тағыда бір мысал ретінде Абайдың отыз алтыншы қара сөзінде кездеседі. *«Кілерге жер таба алмай, кісі бетіне қарай алмай, бір түрлі қысымға түсесің. Мұндай ұяты күшті адамдар ұйқыдан, тамақтан қалатұғыны да бар, хатта өзін-өзі өлтіретұғын кісілер де болады»*. [3, 248 б.] Мұнда біз «бет» дене мүшесінің қатысуымен болған, біріңғай үтір арқылы жазылған, адам эмоциясына қатысты, яғни «ұялу,жасқану» мағынасындағы синонимдес фразеологизмдердің қатырын көреміз. Сөздік алқылы түсіндірсек ол былай: *«Кілерге жер таба алмай»* деп контекстте қолданылса, сөздікпен салыстырғанда да көп айырмашылығы байқалмайды. *Кіруге [кілерге] жер [көр,тесік] таппады»*. *Қатты ұялды, ұялғаннан не істерін білмеді, жұрттың бетіне қарай алмады*. Ләззат үлкен күйзеліске ұшырады. Тұла бойын жиіркеніш жайлады, күйелі денесін жұрт көзіне көрсетуге қорқып, *кілерге жер таппай* жүр. (Т. Ахтанов). [4, 385 б.] *«Кісі бетіне қарай алмай- бетіне тура қарамады»-жасқанды, қаймықты. Жүзін*

тайдырды. ...Ауылда әлі рубасы ақсақал басқарады. Жалшы әлі қанаушының бетіне тура қарай алмайды... (Ғ. Мұстафин). [4, 149 б.]

«Бет» сөзіне 24 сөз айтуға болады екен. Соның бірі бет, жүз деп жатамыз. Қарастырып отырған Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» шығармасында да мұндай фразеологизмдер көптеп кезеседі:

Біздің ауылдың қазақтары баяғы ескі әдетпен әлі күнге дейін жүзге бөлінеді. Содан соң әлі жеткені әлсізін аяғынан шалып, бөтен жүздің баласы деп жұдырықтап, жұлмалап, жүндеп жатады. Алауыздықтың атасы - жүз жойылса екен. Жүзге бөлінгеннің жүзі күйсе екен! [5, 97 б.] «Жүзі күйсе екен!» деп автор қарғыс мәтінде қолданса, ал сөздікпен нақтыланғанда «Жүзің күйгір (өртенгір) қарғыс. Қара бет болғыр; қарғыс атқыр (А.С.) Бір атқа жүзі құбылған жүзі күйгір. Өз үйінде шертиген паңы құрсын. (Абай) Қонай: Ой, жүзің күйгір. Жалтарайын деймісің?» (М.Ә.) [6, 216 б.]

Қай ақын шығармасын алып қарамасақта, адам эмоциясына қатысты фразеологизмдерге тұнып тұр. Фразеологизмдер адамның ішкі сезімін, көңіл күйін, қуанышын, қайғысын, жұбанышын, өкінішін, үмітін, ұялу т.б. сезімдерін эмоционалды фразеологизмдермен беруге тырысады, өйткені адам эмоциясына қатысты фразеологизмдер жай-күй сезімін білдірудің тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні. Фразеологизмдер талай ғасырдың жемісі, ауыздан ауызға тараған қазақ тілінің мол мұрасы және фразеологизмдердің шығу тарихы салт-дәстүрге, халықтың психологиясына, эмоциясына, наным мен сеніміне, дене мүшелерінің қызметтеріне байланысты пайда болып отырған. Мысалға жоғарыда айтылған дене мүшелеріне қатысты екі ақынның да шығармасында кездескен «бет, жүз, бел» сөздерінің қатысумен жасалған фразеологизмдер бар. Олар: «кіруге жер таппай», қарғыс мәніндегі «жүзі күйсе екен», «өңі жұмсарып, жүзі жылып», «жүзі құрысын» «белге соққан жыландай енді болдым» табиғатқа қатысты «жер» сөзінің қатусуымен «жер болды», «кірерге жер таба алмай», қарғыс-алғыс мәніндегі «жүзі күйсе екен!» деген т.б. адам эмоциясына қатысты фразеологизмдер көркем шығарманың көркемдік бояуын аша түскендей.

Абайдың фразеология саласына қосқан үлесі ұшан теңіз. Абай сөзідігі соны дәлелі. Сөз иірімдері, жаңа тұрақты сөзі тіркестерінің пайда болуы сөздік қорымызды біршама байтты. Ақындар осылайша бір фразеологизмдік мағынаның негізінде бірнеше рет түрлендіріп пайдалана білгенін көреміз. Сондай-ақ Әзілхан Нұршайықов романның негізгі кейіпкері Ерболдың ішкі монологын айтуда, эмоционалық жай-күйін, сезімін, ойын нақты дәлелдеп жеткізуде фразеологизмдер өз мұратын толық орындап шықты.

Қорыта келе, Абай Құнанбаев пен Әзілхан Нұршайықовтың туындарын салыстырар болсақ, негізгі ұқсастық ол эмоционалды жай - күй фразеологизмдерінің қолданылуы. Екінші ерекшелік шығарма айтушының монологі ретінде, сұрақтар қою арқылы ой салады, сол сұраққа жауап іздеп, тілдеседі. Ал айырмашылығы ол Абай философиялық тұрғыдан қара сөзбен, эмоциялық бояуымен халыққа қарата сөйлесе, Әзілхан Нұршайықовтың негізгі кейіпкерінің ғашығына деген эмоционалды жай-күйі басым болып келеді. Екі шығарма да адамның жай-күй эмоциясының фразеологизмдері ұтымды, әрі оқырман қауымды түрлі эмоцияға бойлататын өз алдына таңдаулы туындылардың бірегейлері.

Әдебиет:

1. Иманалиева Ғ.Қ. И68 Қазақ тіліндегі эмоционалды құрылымдар / жалпы ред. басқ. Р. Әмір. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.-255 б.
2. Қоңыратбаева Ж. XX ғасыр басындағы қазақ прозасы тіліндегі фразеологизмдер. Оқу құралы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. - 166 бет.

3. Абай Құнанбаев «Сен бір кірпіш дүниеге» Өлеңдер мен қарасөздер. - Алматы: Атамұра, 2014. - 288 бет.
4. Кеңеспаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007 – 800 бет.
5. Нұршайықов Әзімхан Махабат қызық мол жылдар. – Алматы: Атамұра, 2002. – 320 бет.
6. Кеңеспаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі Алматы, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы 1977 ж. 712 б.
7. Авакова Р.Ә. Фразелогия теориясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 292 бет.
8. Г.Н.Смағұлова Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері: монография. - Алматы: Ғылым, 1998. - 196 б.

ӘӨЖ 811.512.1

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ТУЫСТЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Синбаева Г.К., Тұрсын Е.
(*М.Қозыбаев атындағы СҚМУ*)

Туыстық терминдер–кез-келген тілдің лексикалық қабатының негізгі әрі ең көне, архаикалық бөлігі, туыстық қатынасты білдіретін сөздердің жиынтығы. Туыстық терминдер туралы сөз етпестен бұрын, сол халықтың туыстық ара-қатынасының жүйесін анықтап алған жөн. Туыстық қатынас – ортақ атадан тарайтын немесе үйлену нәтижесінде пайда болатын индивидтер арасындағы қатынас. Туыстық қатынаста болатын адамдар «туыстар», «туысқандар» деп аталады. Туысқандар тобын әлеуметтік топ ретінде қарастыруға болады.

Көшпенді қазақ қоғамында туыстық қатынас айрықша мәнге ие. Туыстық топтан ажырап қалу – көшпенді үшін өліммен бара-бар. Себебі, көшпенді құрылыста мал-бағу, азық табу, көшу тек ұжыммен бірлікте жүзеге асады. Сол себептен, қазақ қоғамында туыстық жүйе берік, оның құрамындағы индивидтер арасындағы қатынастар мен олардың ұжымдағы рөлі, функциясы айқын болып келеді. Бұл өз кезегінде туыстық терминдердің молдығына, нақтылығына алып келеді.

Өзге халықтарға қарағанда қазақтар туыстық жүйені нақты анықтап, топтай білген. Бұл «үш жұрт» принципі. Біріншісі – «өз жұрты» яғни, индивидтің әкесі жағынан туысатын туысқандар тобы (әйел адамдарда «төркін» деп аталады). Екіншісі – индивидтің анасы жағынан туысатын «нағашы жұрты». Үшіншісі – әйелі не күйеуі жағынан туысатын «қайын жұрты». Жалпы бұл жүйе барлық түркі халықтарына тән, алайда оның атауы барлығында сақталмаған.

Адамның өз жұрты негізінен жеті ұрпаққа таратылып аталады. Олар айтушының атасы мен әжесі; әкесі мен шешесі; өзі: ұлы мен қызы, ұлдан туған немере мен қыздан туған жиен; немереден туған шөбере мен жиеннен туған жиеншар және жетінші ұрпақ – шөбереден туған шөпшек пен жиеншардан туған туажат. Барлық түркі тілдері бұндай бай лексиконмен мақтана алмайды. Ал үлкен сөйлеуші әке, ата, баба... бесінші ата, алтыншы ата, әжелерін апа, үлкен апа, ұлы ана ж.т.б. терминдермен атайды. Арғы аталармен бірге туысқан ерке кіндікті адамдардан тарайтын ұрпақтарды талас жақын, ағайын деп атайды. Бұл бойынша қазақ тіліне ең жақын терминдер қырғыз, ноғай тілдерінде сақталған.

Қазақ тілінде	Қырғыз тілінде
Әке	Ата

Ата	Чоң ата
Арғы ата	Баба
Баба	Буба
Тек ата	Жото
Түп ата	Жете
Жеті ата	Теги

Кесте 1. Екі тілді салыстыру

Қазақ тілінде	Ноғай тілінде	Қырғыз тілінде
Әке	Ата	Ата
Бала	Бала	Бала
Немере	Ийен/жиен	Небере
Шөбере	Ийеншер/жиеншер	Чөбөрө
Немене	Тувеншер/тувенсер	Чебере
Шөпшек	Туваят	Чыбыра
Туажат	Тувдык	Кыбыра

Кесте 2. Үш тілді салыстыру

Ата термині түркі тілдеріндегі барлық тілдерге тән атау. Бастапқы мағынасы қазақ тіліндегі әке терминіне сәйкес. Қазақ тілінде де осы мағынада жұмсалған. Бұны ата-ана тіркесі арқылы білуге болады. Немесе, А.Құнанбайұлының: «Атадан алтау, анадан төртеу, жалғыздық көрер жайым жоқ» өлең жолдарынан-ақ білуге болады. Ата термині әке мағынасында қырғыз, өзбек тілдерінде қолданылса, -й жұрнағының қосылуы арқылы татар, башқұрт тілдерінде айтылады. Татар тілінде- эти, башқұрт, ноғай тілдерінде- атай [1, 42 б.].

Қазақ тіліндегі әке терминіне өзге тілдерде ата, баба сөздері мен олардың фонетикалық тұрғыдан өзгерген формалары сай келеді. Әке сөзінің өзін аға сөзінен шықты деуге негіз бар. Яғни, аға сөзіне –еке жұрнағының жалғануы арқылы жасалған. Атап айтқанда, ағаке сөзінен әке сөзі, апаке сөзінен әпке термині жасалған. Түркі тілдердің көбісінде ата – «әке» мағынасында, ал баба – «ата, ұлы ата» мағынасында ұшырасады. Мәселен, азербайжан, башқұрт, қарақалпақ, татар, өзбек, ұйғыр тілдерінде осылай. Түркімен тілінде: әке (ата) және ата (ата), баба → нағашы ата. Қазақ тілінде: ата, баба (бабай) – ата, атай. Қырғыз тілінде баба тек ата-баба тіркесінде ата-бабамды мағынасында кездеседі. Әке термині өзбек, ұйғыр тілдерінде, қырғыз тілінің ішкілік диалектісінде ағамәғынасында жұмсалады. Ал хакас тілінде әке терминіне аға сөзі сәйкес келеді. Жалпы, түркі тілдеріндегі терминдердің ауысуы табиғи құбылыс.

Ұл. Көне түркі ескерткіштерінде оғул түрінде кездеседі. Аталмыш формада оғыз тілдерінде сақталған. Ал өзбек тілінде уғул, ұйғыр тілінде оқул болып айтылады. Хақас, тува, шор тілдерінде – оол, якут тілінде дауыссыздың түсуіне байланысты дифтонг пайда болған уол. Қыпшақ тілдерінде: о > у → ул болады. Татар, башқұрт, қазақ, қарақалпақ тілдерінде бастапқы (у)-дың созылықлығы мүлде байқалмайды деуге болады. Алтай және қырғыз тілдерінде – уул. Шуаш тілінде болса – ывал. Ұл-дан таралған туынды атаудың бірі – қазақ тіліндегі ұлан. Түркі тілдерінде түрлі тұлғаларда ұшырасады: алт. уулан (жас жігіт, бозбала), татар. олан (балақан, сәби), азерб. оғлан, түркмен. оглан, тур. oğlan («ұл бала, жас жігіт») мағынасында қолданылады. Оғлан сөзі түрік тілінде бұған қоса «қызметші» мағынасына ие. Шағатай әдебиетінде ұлан (оғлан) ерекше мәнге ие болған. Бұл титулмен өзбектер ішіндегі сұлтандар тегіне жататын адамдар тобын атаған. Адам есімінен кейін келгенде ғана оғлан сөзі ханзаданы, хан

тұқымынан шыққан төрені білдіреді. Бұл сөз әскери қызмет пен лауазымдар қатарында есімсіз қолданыла береді және бұл жағдайда армияның оң немесе сол қанатын басқаратын қолбасшыны білдіреді. Осыдан келіп атты ұландар атауы қалыптасқан. Қазіргі өзбек тілінде сөздің тарихи термин ретіндегі мағынасы бар: «сарайда тұратын ұлан, жас әскер». Ескі дәуірдегі ескерткіштерде оғул түбірінің өзі кең мағыналы болған. Ибн-Муханна сөздігінде «бала, тұқым». М.Қашғари сөздігінде: *quz ogul, quz oglan* – мұндағы оғыл, оғлан – тұқым, бала мағынасында [2, 385-б.]. Сонымен, тірі жан-жануардың бәріне ортақ «бала, тұқым» деген бастапқы кең мағынада қолданылған оғул, оғлан, оғлақ сөздерінің мағынасы кейіннен тарыла бастады да, нақтылана берді. Қазіргі кезде туыстық термині ретінде тұрақталды. Осылайша, біз терминнің семантикалық даму жолы туралы А.Н.Бернштамның айтқан пікірімен келісеміз: А.Н.Кононовтың пікірінше: *ogul* сөзі (ұл) екі элементтен тұрады: *og* (оғ «шеше» // *ok* «тек, ру, тайпа» + кішірейту жұрнағы – *ul* (мыс. *ciñ – il*). Осылайша, оғул («кіші шеше» - тұқым - ұл).

Қыз. Бұл да жалпытүркілік атаулар құрамына кіреді. Азерб., түркімен: *гыз*. Чув.: *хыр*. Қыз – барлық қазіргі түркі тілдерінде «қыз» мағынасында ұшырасады.

Ана. Термин барлық түркі тілдерінде бар. Тілдердің көбісінде: ана – «шеше», тел., шор – *әнә (әнә)* – шеше, ене. Алтай тілінде – «кемпір, әйел». Кейбір түркі тілдерінде екі варианты да бар: ана – «шеше» және ене – «қайын ене». Туыстық атау ретіндегі негізгі мағынасымен бірге ана сөзінің басқа мағыналары бар. Мысалы, Радлов сөздігінде: 1) «шеше», 2) «апай», 3) «салиқалы әйел, бәйбіше», 4) «әйел жынысты», 5) «заттың басты бөлігі». «Аналық бастау» – терминнің ең бастапқы, кең мәні осы. Қазірде де солай. Мысалы, татар тілінде ана *мәчи* «ұрғашы мысық», ана *үрдәк* «ұрғашы үйрек». Кейбір түркі тілдерінде, көбінесе қыпшақ тілдерінде бірқатар туыстық терминдер шақыру формасын сақтаған. Соның ішінде ана да бар. Мысалы, башқ. *әнәй* «мама». Хак. *иней* «старуха», «супруга, жена». Тув. *эне* «тетя», *эней* «бабушка».

Қырғыз тілінде *эне*, *апа* терминдері қолданылса, түрікмен тілінде *еје* термині мен қатар *епе* терминдері қатар айтыла береді.

Қазақ	Қырғыз	Түрікмен
Ана	Эне	Ене
Апа	Апа	Едже
Шеше	-	-

Кесте 3. Үш тілді салыстыру

Шеше сөзінің этимологиясын *еже*, *әже* терминімен байланыстыруға болады. Шеше формасында *хакас* тілінде-*іче*, өзбек тілінің қыпшақ диалектінде-*чечә* тұлғасында қолданылады [3, 134-б.].

Түркі тілдерінде туыстық термин жасауда түрлі жұрнақтар белсене қатысады. Көп жағдайларда -й шақыру формантының кішірейткіш-еркелеткіш – *ка*, – *ке*, – *кә*-дан соң тұруы да мүмкін. Тат. *әнкей* «анашым». Н.К.Дмитриев –*кай*, –*кәй* формасын тұтасымен *еркелету* формасының қосымшасы санайды. Алайда, біраз түркі тілдерінде –*ка*, –*ке* түріндегі және түбірге –*ка*, –*ке*-сіз, бірден –*й* жалғанатын түрлері бар. Мысалы, «Алтай тілі грамматикасында» – *й* форманты – құрметпен қаратпа атау қосымшасы ретінде көрсетіледі: *анай*, *эней*. Қазіргі алт., қазақ, қырғыз сөздіктерінде *энеке* формасы қаратпа сөз ретінде қолданылады. Қазақша *энеке*, қырғызша *энеке* (жас әйелдің өз күйеуінің шешесін *еркелете* атауы). Түркі тілдерінде *анасы* түріндегі *еркелете* шақыру формасы да бар. Башқұрт тіліндегі мағынасы басқаша: *инәкә* - кіндік шеше.

Әже. Көне түркі ескерткіштерінде бұл термин 3 вариантта кездеседі: äċi, äċü, iċi. Кең мағынада: «жасы үлкен туыс». Алайда, түркі тілдерінде осы тұлғада кездесетін сөздердің мәндері алуан түрлі болады екен. Тув. ача «әке», ачай «әкей» (қаратпа сөз), өзб. ача (обл.) «әже, ұлы әже», ұйғ. ача «үлкен апа», хак. ақа (үлкен аға) шор. аджа, ача «үлкен аға», «үлкен апа». Алт. ачы: 1) әкенің інісі; 2) ағаның ұлдары, қыздары, немерелері. Демек, алтай тілі бойынша бұл әкенің інісінің барлық туыстарын атаған. Хак. ачы «әке жақтан туыс». Қазақ, қырғыз, түрікмен тілдері: әже. Қырғ. әже «үлкен апа». Түркм. әже: 1) мама (қаратпа); 2) әке жақтан әпке, үлкен апа. Бур.-монг. эжы «мама, шешей». Ачы // әже сөздерінің ортақ мағынасы: «жасы үлкен туыс»

Апа. Көне түркі ескерткіштерінде: ара, аċü ара «үлкен туыстардың аталуы». Қазіргі түркі тілдерінде: башқ. апа, апай (апа, әпке), қазақ: апа 1) «апа», 2) ана (қаратпа сөзде); апай (әпке, апа!) қарақалп. апа («апа, үлкен апа, әже») қырғ.апа «апа», «ана». Тат. апа, апай «апа»; түрк. апа «апа», өзб. опа «апа», «ана», ұйғ. апа «апа»; чув.аппа «апа», тув. уба «апа». Жалпы мағына: «жасы үлкен туыс әйел». Башқұрт тілінде және түркі тілдерінің біразында бұл еркекке де айтылады: апа «үлкен аға» (башқ.). Термин көбінесе қыпшақ тобындағы тілдер мен өзбек, ұйғыр тілдеріне тән.

Сiңлi. Мағынасы жағынан апа-ның антонимі.

Орхон ескерткішінде: сiңiл «қарындас /сiңлi».

Қазiргi түркі тілдерінде: башк. һeңлe, қазақ. сiңлi (апасына қатысты).

Қазақ, қарақалпақ тілдерінде сиңилден дамыған екінші форма сиңли қолданылған. Көп тілде жалпы апа-қарындас мәнінде болса да, қазақ, башқұрт, қырғыз тілдерінде тек қана жасы кіші қызды (сiңлiнi) жасы үлкен апаға, әпкеге қатысты атауға байланысты қолданылады.

Аға. Әзірбайжан, қырғыз, татар, түркмен: аға; башқ., қазақ, қ-қалп., түркмен, хак., як. аға; өзбек, ұйғыр, хак., ака. Көне ескерткіштерде: ақа. Қырғызша аке, қазақша әке, әкей варианттары бар. В.В.Радлов қазақ тіліндегі äkä мен шағатайша ака-ны ата+kä – ден дамыған дейді. Дегенмен, ескі ескерткіштерде äkä бар. Аға сөзінің В.В.Радловта 6 мағынасы көрсетіледі. Ол ака сөзін «әке» мағынасында береді. Оңтүстік-батыс тілдер тобында туыстық атау ретінде сирек ұшырасады. Негізінен басқа мәнде қолданылады. Мысалы, түрік, азерб., аға – «мырза», «бастық». Түрік тілінде мәні жуықтайтын бір ғана мысал бар: ағабей «аға». Түрікмен тілінде: акка – «апа». Мұны түсіндіру қиын. Аға/ака – «жасы үлкен аға». Моңғол тілдерінде де осы мағына кездеседі. Жалпы «ерлер жағынан жасы үлкен туысқан» – деген мағынасы ең көне болуы мүмкін.

Іні. Көне түркіде: іні «жасы кіші туыс». Қазақ, қарақалпақ, қырғыз, түрікмен, өзбек тілдерінде «іні» мағынасында [4, 72-б.]. Алтай тілінде: иин.

Қорыта келе, туыстық терминдер лексикологияның аса бай, көне қабаты екені анықталды. Түркі тілдерінің денінде туыстық терминдер өте ұқсас, сонымен қатар өзіндік ерекшеліктері де бар. Атап айтқанда, татар, башқұрт тілдеріндегі туыстық терминдер кішірейту, еркелету жұрнақтары арқылы көптеп жасалса, тыва, хакас, алтай, қырғыз тілдері бастапқы түркілік формасын сақтаған терминдерді қолданады. Сонымен қатар, қазақ тіліндегі туыстық терминдерге фонетикалық, лексикалық, морфологиялық жақтан ең жақын терминдер қырғыз, қарақалпақ, ноғай тілдеріндегі терминдер екендігіне көз жеткізуге болады. Ендігі ретте, туыстық терминдерді лингвомәдени тұрғыдан жан-жақты зерделеу қажетті деп ойлаймын.

Әдебиет:

1. С.А.Калмыкова, Ногайской-русский словарь, Москва, ГИИиНС, 1963.
2. Мақмұт Қашқари, Түрік сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: Хант, 199, 590-бет.

3. Хакасско-русский словарь-Хакас-орыс сөстік.- Новосибирск: Наука, 2006,-1114 б.
4. Айдаров Ф., Күлтегін ескерткіші. Зерттеунама. – Алматы: «Ана тілі», 1995, 235 б.

ӘӨЖ 81.01

НЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНУІ

Сыздық Ж.

(«Тұран - Астана» университеті)

Мектепте оқылатын қазақ тілі курсының лексика тарауы тіл білімі салаларының ішіндегі мағыналы да мәнді және өзге тараулармен тығыз байланыста үнемі қайталанып отыратын өзекті саласы болып табылады. Себебібұл тарауда тілдің негізі саналатын «сөз» туралы, оның басты белгісі – мағынасы туралы жан-жақты білім мен оны күнделікті өмірде қолданудың түрлі жолдары көрсетіледі.

Мектеп оқулықтарындағы соның ішінде 5-сыныптың қазақ тілі оқулығындағы неологизмдерді қарастыра отырып, қолданылған терминдердің көпшілігі кеңес дәуіріндегі оқулықтарға енген терминдерге қарағанда қазақша баламасының ұсынылуын ұтымды жағы деп санауға болады. Мысалы 5- сыныпта «Жаңа сөздер» деген тақырып бар. Бұрынғы оқулықтарды «Неологизмдер» деп аталған терминнің «Жаңа сөздер» деп ұсынылуы құптарлық жайт. Оқулықта: «Тілде жаңа ұғымдарды білдіретін сөздер жаңа сөздер немесе неологизмдер деп аталады» [1, 70 б.], - деген анықтаманы ұсынады.

5-сыныптың «Кәсіби сөздер. Термин сөздер» деген тақырыбында:

«Белгілі бір кәсіппен, шаруашылық саласымен шұғылданатын адамдар арасында қолданылатын, көпшілікке бірдей түсінікті бола бермейтін сөздер кәсіби сөздер деп аталады. Кәсіби сөздер екі салаға бөлінеді:

1. Қолөнершілікке байланысты кәсіби сөздер

2. Ауыл шаруашылығына байланысты кәсіби сөздер», -дей келе, термин ұғымына түсініктеме береді: «Термин сөздер – ғылым мен техника, өндіріс саласында қолданылатын арнаулы заттар мен ұғымдардың атауы болатын сөздер. Қазақ тіліндегі термин сөздер екі түрлі жолмен жасалған.

1. Баламасы бар термин сөздер: 1) жергілікті және көне сөздерден жасалған термин сөздер: универсал – әмбебап, устав – жарғы, рынок – нарық, комплекс – кешен, администратор – әкім, т.б. 2) тілімізде бар сөздерді біріктіру арқылы жасалған термин сөздер: семья – отбасы, музей – мұражай, герб – елтаңба, гимн – әнұран, паспорт – төлқұжат т.б.

2. Қазақша баламасы жоқ интернационалдық термин сөздер: коэффициент, синус, куб, азон, аммиак, карта, материк, глобус, синтаксис, диалект, антоним, дисфемизм т.б.»[2,83-84 бб]. Терминдердің қазақша баламасы бар бола тұра, орыс тілінен енгізілгені анық.

Қазақ тілі оқулықтарында лингвистикалық терминдерден басқа ғылым салаларының терминдері де кездеседі. Мысалы 5- сынып оқулығында берілген жаттығуларда «Тропиктік аймақ» деген мәтін берілген. Оқушы лингвистикалық терминдермен қоса география ғылымының терминдерін қоса меңгеруі қажет. Бұл бір жағынан оқушының сөздік қорын молайтса, екінші жағынан шет тілінен енген сөздер оқушы ұғымына ауыр тиюі мүмкін.

Бұл мәтінде *глобус, солтүстік жарты шар, оңтүстік жарты шар, экватор, тропикалық белдеу, саванна.*

Бүлінтернационалдық терминдер, орыс тілі арқылы енген терминдер 5-сынып оқушыларына түсіндіру мұғалім шеберлігін қажет етеді. Оқулыққа енгізілген мәтіндердегі терминнің молдығы оқулықтың *ұтымсыз жақтары* деп анықтауымызға болады. Бұл мәтіннің орнына бала ұғымына сай, жеңіл мәтіндерді ұсынған жөн болар еді.

5 - сыныпта лексикалық материалдарды оқушыға меңгерткенде ескеретін бір жайт – жеке сөз ешқашан өз бойындағы бар мүмкіншілікті толық бере алмайды. Лексикалық мағынасы бар сөздердің өзін бір мағынасымен шектеу қиын. Өйткені тіліміздегі сөздердің әрқайсысы алуан түрлі мағынаны береді.

Сөздердің тура және ауспалы мағынасын, көпмағыналы сөздерді, омоним, синоним, антоним сөздерді оқушыларға меңгерту – олардың тілінің қалыптасуына, ойын нақты, әрі көркем әсерлі жеткізулеріне, сөйлесу тілінде бірсөздің бірнеше қайталауын болдырмауға, нақтырақ айтқанда шешен сөйлеуге, ойын дәл жеткізуге ықпалын тигізеді.

Оқушыларға жаңа сөзді меңгертуде грамматикалық дағдыларды қалыптастыру, дыбыстарды дұрыс айта білу, сөз тіркестерін дұрыс құрастыра білу, жаңа сөздерді күнделікті қолдана білу, мағынасын меңгеру, жаңа сөздерді қатыстырып сөйлем құру қабілеттерін дамыту – жаңа сөздерді меңгертудің алғы шарттары болып табылады.

Неологизмдерді оқытудың ұтымдылығы: жаңа сөздердің мағынасын жете меңгере отырып, өз ойын нақты және дұрыс жеткізуге, жаңа сөздерді дұрыс, өз мағынасында қолдана білуге жаттығады. Сөздік қоры молаяды, меңгерген сөздердің белсенді сөздік қорға айналуын іске асырады.

Неологизмдердіңесте сақталуын қамтамасыз ету, әр сабақ сайын олардың білім деңгейін тереңдету мақсатында сөздердің синонимдік қатары қоса беріліп, қолдану машығындағы айырмашылықтарын түсіндіру- оқушының ойын дәл, анық жеткізуіне, сөздерді тауып қолдана білуіне, мәдениетті сөйлеуіне, сөздік қорының толығына тигізетін ықпалы мол.

Оқушыларға теориялық білім беруде көбінесе неологизмдер мен термин сөздер, басқа тілден енген терминдер мен байырғы сөздер арқылы жасалған терминдержеке дара жіктеліп оқушылардың талдауына ұсынылып отырылуы керек. Бұл жұмыс түрлері оқушылардың дипломатиялық іскерлік әрекеттерін, тұжырымды және шешен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда ерекше роль атқарды.

Ал ғылымның басқа салаларына тән терминдердің берілуі оқушылардың сөздік қорын молайтуда, ойлау қабілетін дамытуда, байланыстырып мәдениетті сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда таптырмайтын дидактикалық материалдар бола алады.

Ғылым тілі бірізділікті, нақтылықты талап етеді. Синонимияға, жарыспалылыққа, көпмағыналылық пен үндесімсіздікке, жүйесіздікке жол бермеу үшін терминологиялық жұмыстар үнемі жүргізіліп отырады. Орыс терминтанушыларының еңбектерінде бір терминнің бірнеше нұсқасы қолданылатын жағдайлар жиі кездеседі. Біздің ғалымдарымыз кейде осы терминдердің барлық нұсқаларын қабылдап, жарыспалылыққа жол беріп алып жатады. Қазақ тілі мен әдебиетті оқу, пайдалану барысында көптеген синоним терминдер бар екеніне көз жеткізуге болады. Ондай мағыналас терминдер терминтанушыларының өз арасында да қиындық туғызады. Ал бұл саланы пән ретінде жаңа оқи бастағандар мен аудармашыларды, іс жүргізушілерді, терминді қызмет барысында пайдаланушы өзге де түрлі мамандық иелерін мүлде жаңылыстырады.

Мысалы, *қолтаңба – автограф*. Қазақшасы қабылданған күнде де мектеп оқулықтарында автограф түрінде қолданылған. *Таптастыру – классификация*, т.б.

6-сыныпта терминдерді анықтап, қай ғылым саласына жататындығын ажырат деген тапсырмалар ұсынылады.

Әлеуметтік жағдайға, мемлекеттік аралық қатынастарға байланысты қазақ тіліне енген терминдер берілген. 18-жаттығу, 20-жаттығуларда *республика, грамматика, лаборатория, формула* деген көне грек, рим мәдениетінен келе жатқан терминдер; *бюллетень, симфония, кассир, опера, касса, газет* - итальян тілінен енген сөздер; *геометрия, физика, экономика, термометр, телеграф, телефон*, т.б. грек, латын тілдерінен енген сөздер; *чемпион, руль, рельс, клуб, вокзал* – неміс тілінен енген сөздер ұсынылған.

Берілген терминдер қазіргі уақытта қазақша баламасы қолданылып жүрсе де, оқулықта халықаралық термин ретінде берілген[3].

Чемпион, автовокзал– қазіргі таңда *жеңімпаз, сапаржай* болып қолданысқа енгізілуде. Қазақ тілі терминологиясының құрамы қазір кеңес кезіндегіден өзге тіл терминдерінен көп тазартылды. Алайда, әлі де тілімізде термин алмасу ретімен келген терминдер баршылық және ол терминология салаларының бәріне қатысты. Мәселен, акварель, актер, актриса, анонс, аншлаг, ассисент, балет, гармония, гобелен, диалог, директор, дублер, интернет, интервал, кабаре, кадр, картина, клуб, концерт, прима, реализм, режиссер, экран, эпилог, эффект т.б. осы сияқты термин алмасу жолымен келген шетел терминдері 2000 жылғы мәдениет және өнер сөздігінде берілген. Осы келтірілген терминдерді қазақ тілінің байырғы сөздерімен беруге болмады дегенге сенгіміз келмейді. Осындағы акварель, актер, балет, диалог, директор, картина, клуб, концерт, эффект тағы басқаларының халық арасында қолданылып жүрген баламалары бар. Мысалы, бояу, әртіс, би, пікірлесу, бастық, сурет, ойын-сауық үйі, ән-күй, күшті әсер т.б. Мамаңдар ойланып, оларға баламаны тілден табуға болады деген пікірдеміз. Осындай жағдай терминологияның басқа салаларында да баршылық. Мәселен, географияны бірсыпыра уақыт жағырафия, математиканы есеп пәні деп келдік. Бұл жағдайлардың бәрі алмасқан терминдер жөнінде әлі де ойланатын жайлар барын аңғартады. Бірақ бұл ойлар термин алмасу қажет емес дегенді білдірмейді. Термин алмасу қашан да болады, тек орынды болуы керек. Орынсыз термин алмасу тілді шұбарлау болатыны сөзсіз. Біз бұл жағдайды кеңес кезеңінде басымыздан өткіздік. Қазір орынсыз алынған шетел терминдерінен арылу кезеңіндеміз. Бұл әрекет әлі де жүргізіле береді деуге болады.

Осы бағытта көп томдық сериялы сөздіктер 2000 жылдарда шығарылып, ол Мемлекеттік сыйлық алғаны белгілі. Бұл сөздіктер бірсыпыра терминдерді байырғы сөздермен ауыстырғанын да баспа бетінде пікір айтушылар атап жатты. Сонымен бірге кемшіліктер ішінде тілдің толық пайдаланбағаны да көрсетілді.

Қазақ тілінің мол байлығын орынды игере отырып дамыту кез-келген ғылымдар жүйесіне еш кедергі келтірмесі анық. Керісінше тілде еркін қолданылатын термин баламалары түрлі өзекті мәселені ашып беру жолында түсініксіздікті жоятын мол пайданың көзіне айналмақ.

Кейбіреудің қазақша жазған өмірбаяндарынан «жанұя», «пәлен уақытта туылған» деген сөздер көп кездеседі. Терминком «отбасы» сөзді қабылдаған. Өйткені, «Отан – отбасынан басталады», бұған «отағасы», «от басы – ошақ қасы» деген көптеген сөздерді қосыңыз.

Қалай дегенде де терминдерді қазақшалаңдыру үрдісі жұртшылық сұранысы тұрғысынан кең қолдау табуда. Ес жиып, есейген ұлттың әлемдік өркениетіне нендей өзімізбен барамыз, соған еркін апаруға тіліміздің қауқары жете ме деген саналы толғаныстан туындайтын заңды әрекет бұл. Термин баламаларының төл тілімізден орынын иемденуі «мемлекеттік тіл мәртебесі үшін, әсіресе, оның негізгі тармақтарының бірі – ғылым тілінің қанат жаюы үшін аса шара» екендігі халыққа кеңінен түсінікті.

Тілімізде бұрын жалпыхалытық сөз болған, ал қазір физикағылымының термині қызметін атқарып жүрген (терминденген) сөздердің саны біршама. Олардың қатарына *бөлшек, дыбыс, жарық, кедергі, көлем, күш, қуат, өріс, сәуле, шама* деген сияқты түбір сөздер менағын, *аққыштық, ауырлық, беріктік, жылдамдық, кеңестік, қаттылық, қозғалыс, қондырғыш, қысым, өткізгіш, серпімділік, сұйық тартылыс, таратқыш, тербеліс, толқын, тұтқырлық, тығыздық, үйкеліс, деген* сияқты туынды сөздерді де, *балқу, булану, жылу, кернеу, қайнау, сығылу, сыну, тұйықталу, шашырау, үдеу, үйкелу* деген сияқты етістіктің қимыл атау формаларын да жатқызуға болады.

Бұлардың бәрі тілімізде ежелден қолданылып, келе жатқан байырғы сөздер. Олар кейінгі кезде мағыналарын өзгертіп, терминдік қызметке көшкен. Сол қызметі арқылы бұл сөздер физика ғылымының өркендеп дамуына, ол ғылымды жастарымыздың оқып-үйренуіне, түсуіне көп көмегі тигендігі дәлелденуді қажет етпейді. Оның үстіне бұл сөздердің тіліміздің байи түсуіне септігінің болғандығын да теріс дей алмаймыз.

Осы уақытқа дейін отандық ғалымдар тарапынан жарық көрген үлкенді-кішілі терминологиялық әдебиеттерді, сөздіктерді алып қарар болсақ, оларда кездесетін қазақша терминдердің саны баршылық. Мысалы қазіргі қазақ фонетикасы іргелі теориялық қисындардың ықпалымен және күнделікті практикалық мұқтаждықты өтеу барысында жаңа зерттеу әдістерін игеріп, ғылыми аппаратын байытып, әр түрлі қондырғыларды кеңінен пайдаланып жатыр. Сөйтіп мамандар осыған орай үздіксіз туындап отырған жаңа ұғымдарды тұрақтандырып, олардың атауларын орнықтырып отыр. Термин жасау ісі фонетика саласының зерттеушілері үшін де ғылыми ізденістерді талап етті.

Қазіргі фонетика саласындағы қазіргі термин жасам үрдісін көрсететін терминдер қатарын ғалым Ә.Жүнісбек ұсынады.

Олар:

Жасалым фонетика – сөйлеу мүшелерінің дыбыс жасауға қатысын зерттейтін фонетика саласы (артикуляционная фонетика)

Айтылым фонетика – дыбыстың ауа кеңістігіндегі табиғатын зерттейтін фонетика саласы (акустическая фонетика)

Естілім фонетика – дыбыстың түйсінім белгілерін зерттейтін фонетика саласы (перцептивная фонетика)

Үндесім фонетика – дыбыстың әуез құрылымы мен жүйесін зерттейтін фонетика саласы (сингармоническая фонетика)

Құрақ – қазақ тілінің физиологиялық айтылым бірлігі

Дыбыс (буын, сөз) құрақ – құрақтың дыбыс құрамына байланысты түрлері

Сән құрақ - салтанатты сөйлеу дағдысына арналған тіл-құрал

Әуен құрақ - ән сөзін қазақы айту дағдысына арналған тіл-құрал

Ем құрақ - тіл-құлақ мүсін емдеуге арналған тіл құрал

Бедер құрақ – қазақ зағиптарына арналған әліпби

Тіл (әріп, сөз)- сауат ашуға арналған ойын-құралдар

Тогысым, тогысыңқы, жуысым, жуысыңқы [4]

Алайда, осыған қарамастан қазақ тілі мен әдебиеті саласындағы термин мәселелерінің бізде әлі де зерттелмей жатқанын, оларға қазақша балама берудің жеткілікті дәрежеде қолға алынбай отырғандығы, берілсе де ол ұғымдар атауларының ғылыми айналымға түспей жүргенін көруге болады.

Әдебиет:

1. Қазақ тілі. 5-сынып. – Алматы: Атамұра, 2005 ж.
2. Қазақ тілі. 4-сынып. – Алматы: Атамұра, 2005 ж.
3. Қазақ тілі. 6-сынып. – Алматы: Атамұра, 2005 ж.

ӘӨЖ 81.01

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫ – ӨЗ ДӘУІРІНІҢ КӨРКЕМ ШЕЖІРЕСІ

Тагудретова Б.Б., Куанышева А.М.
(*М.Қозыбаев атындағы СҚМУ*)

Жиырмамыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінің іргелі жанрларын қалыптастыруға айтарлықтай зор үлес қосып, биік белеске шығарысқан аса көрнекті суреткер жазушы, ақын әрі драматург Бейімбет Майлин - өндіре жазып, сөз өнерінің алтын қорына жататын туындылар берген бірегей дарын, талант иесі. Замандастары: «Маңдайына түскен шашын сұқ саусағына орай ширата отырып, жазудан бас алмайтын еді», -деседі [1, 15 б.]. Сондықтан да кемел қаламгердің қыршын жаста - қырықтың төртіне жетер-жетпесте дүние салғанына қарамай, атағы да зор, артына қалдырған әдеби мұрасы да аса бай.

Бейімбет Майлин - өз заманының ұлы, өз дәуірінің үні. Ол өзі өмір сүріп отырған кезеңде қандай жағдай болса да енжар, бейтарап қарай алмаған. Ендеше оның қаламынан туған шығармалар да бір емес, бірнеше тақырыпқа жазылады, бір емес, бірнеше сан қилы жағдайда құрылған. Оның көркем туындыларының мазмұны мен пішіні де, жанры мен жанрлық турлері де осыдан келіп шығады. Бұл табиғи нәрсе! Ол қазақ әдебиетіне проза жанрын қалыптастыруда керемет еңбекқорлық пен үздік шеберлік танытты. Әсіресе оның қуатты талантын айғақтайтын әңгімелері сан жағынан ғана емес, идеялық-көркемдік деңгейімен де қазақ прозасының алтын қорындағы інжу-маржандары болып табылады. Поэзиясы сияқты, Майлин прозасы да, өзі жетік білетін, негізінен, ауыл өміріне, әсіресе Қазақ төңкерісінен кейінгі қазақ қоғамында адамдардың ой-санасы мен мінез-құлқында, психологиясында болған жаңғыруларды бейнелеуге арналған [2, 46 б.].

Бейімбет Майлиннің 20-30-жылдарда жазған көптеген әңгімелерінде, хикаят, очерктерінде қазақ байларының егіндік, шабындық жерлерін бөліске салу, мал-мүлкін кәмпескелеу кезінің шытырман шындығы елестейді. Ол қазақ колхоздарының алғашқы кездегі өмір жолдары, еңбекші адамның санасындағы объективтік жағдайлар туғызған өзгерістер жайында аса мәнді шығармалар жазды. Оның ауыл тіршілігінің алуан қырын елестететін әңгімелері, очерктері, повестері өмір материалын жан-жақты қамтуымен, шыншылдығымен, адам мінезін даралап көрсетуімен ерекшеленеді. Ол Қазақстан тарихындағы бет бұрыс заманның — жаппай ұжымдастыру заманының ең ірі жыршысы. Талай ақиқат оқиғалар, характерлер, адамдардың қарым-қатынас, ықылас сырлары Бейімбет Майлин шығармаларында бүкпесіз, шынайы қалпында елестейді. Оның туындыларынан өмірден ойып алынған іс-әрекеттер, адам мінездері сөйлейді. Суреткердің өмір диалектикасына толы туындылары Қазақстанда социалистік құрылыстың қандай қиындықтарды бастан кешіргенінен мол да анық дерек береді. Оның суреткерлік қуаты «Қара шелек», «Ұлбосын», «Даудың басы - Дайрабайдың көк сиыры», «Арыстанбайдың Мұңышы», «Колхоз қорасында», «Қызыл әскердің үйі», «Өміржанның әңгімесі», «Он бес үй», «Берен», «Қырманда» сияқты әңгімелері мен повестерінде, «Азамат Азаматыч» романында айрықша аңғарылады [3, 56 б.].

Бейімбеттің жазушылық биігі дегенде алдымен ойға оралатыны – ол өз дәуірінің қатпар-қыртысына терең үңілген және сол кезеңнің қатал сыншысы бола білгендігі. Егер, артында қалған мол мұралары – әңгімелер топтамасын парақтап отырсаңыз, еш қиындықсыз-ақ кешегі аласапыран күндер шындығы көз алдыңызға дөңгеленіп келе қалады. Жоқ, Бейімбет уақыт шындығын ғана суреттеп бере алған қаламгер емес, ол өз әңгімелері арқылы сол сұрапыл күндерді ащы әжуалап, сын садағына алған жазушы. Былайша айтқанда, өз заманындағы асыра сілтеу мен қисық-қыңыр істерді өмір суреттері арқылы астарлап күлкі келеке етуі «Сексен сом» әңгімесінде көрініс табады: Кедей, жатақ Егеубайдың құлағына жайсыздау хабар жетті. Оны жеткізуші – Тынымбай. Кеше болған жиналыста тағы да салық жинайтыны айтылыпты. Әр адам басына – сексен сом. Міне, осы салықты ести сала, Егеубай ой құшағына көміледі. Онсыз да қарызға белшесінен батулы. Онсыз да сіңірі шыққан кедей. Ау, өкіметке несін бермек? Жаңа өмір дегенінің сиқы осы ма? Жанын қоярға жер таппай қиналған сорлы Егеубай... Ақыр аяғында оны комиссия шұғыл шақырып алып, «қолыңда бір атың мен сиырың бар екен, соның бірін өткізесің» дейді. «Олқым батыр ақ қой» деген уәжіне «артылғанын аласың» деген жауап алады. Егеубайда не қауқар бар, жалғыз атын өз қолымен комиссияға жетелеп алып келеді...[4, 45 б.]. Алып қарасақ, жәй ғана қарапайым тілмен жазылған әңгіме. Мұндай жағдай қай кезеңде болмасын, кімнің басында болмасын кездескені анық. Сол кездегі ХХ ғасырдың басына көз жүгіртсек, «жаңа өмірдің» ең сұмдық іс-әрекеттері – кедейлерді осылай қиыншылыққа батырып, қыспаққа алғаны емеспе! Әуелі артель, сосын колхоз осылайша соңында бар күндері қарап қалған қорадағы мал мен дүниеге кім кепіл деген мәңгілік сауал ел басына туды. Бай бар байлығынан айырылды! Кедей мол дүниеге ие бола алмады. Заманның астаң-кестеңі шықты. Ешкімнен не жауап, не кінә болмады. Кеңес өкіметінің беделін көтеру мен десек, ол емес! Байларды сынау ма? Жоқ, ол да емес. Кедей-кепшікке күлуме? Ол да емес. Шығарманың бар сыры не? Ол – сол кездегі кезеңнің, уақыттың өз суретін, жағдайын шынайы бейнелеп жеткізе алғандығында. «Сексен сом» әңгімесі сол кездегі жоқшылықтың қазақ басына ауыр күн болып туғанын айтады. Онсыз әзер дегенде күн көріп отырған қарапайым халыққа жығылғанның үстіне жұдырық деп сексен сом салық салынады. Міне, «Сексен сом» әңгімесі сол кездің ақиқатын ащы мысқыл, өткір сөздермен дөп басып жеткізген туыды.

Бейімбет Майлин өз шығармашылығында халық өмірінің түрлі торабын қамтыған. Оның шығармалары жазушылық өнер үшін халықпен күшті байланыста болудың, ел өмірін бес саусағындай біліп отырудың қаншалық маңызды шарт екенін айқын танытады. Суреткерлік ең үлкен парыз — заман шындығының жаршысы бола білуі, халық тіршілігін анық, толық бейнелеуі Бейімбет Майлиннің өшпес еңбегі.

Ауыл адамдарының жаңа тұрмысқа көшуінің қиын процесін ол терең білгірлікпен біртіндеп, сатылап әңгімелейді «Қара шелек» деген әңгімеде колхозға ұйымдасудың бір көрінісі табиғи елестетілген. Мұнда қарапайым ауыл әйелдерінің бірі Айшаның «Коллектив боламыз» деген жиналыста ойламаған жерден белсенділік көрсетіп, ауыл адамдарының атынан сөйлеуі, «майка» (байкөт) болған екі байдың жиналыстан шығарылуын талап етуі, аңырында өзі артель бастығы болып сайлануы баяндалады. Жиналыс кезінде өжеттік көрсеткен Айша кенет өзін артель бастығы етіп сайлағанда қатты толқиды. Қолдағы малын ортаға салуға іштей қимағанымен, ол жұрттың ауқымынан, заманның ағымынан сырт кете алмайды... Сөйте тұра, малын колхозға беруге ризалығы жеткен Айша қара шелегін бүлдіріп қойғаны үшін көрші әйелге қол жұмсайды. Автор Айшаның санасындағы жеке меншікшіл психологияның қайшылығын көрсетпек болған. Оқиғалар мен мінездерді өмірдің өз ағынынан ойып ала білген суреткер, әлгіндей бір көрініс төңірегінде-ақ ұжымдастыру жүзеге оңай

аспағанын, бұл жолда талай-талай шырғалаң мен сарсаң, күдік пен толқу болғанын байқата алған.

Ал тағы бір шығармасы — «Ұлбосында» автор ауылдағы кейбір жалған белсенділердің зиянкестігін, колхоз ісіне кесапат тигізгенін шебер көрсетеді. Жалпы, Бейімбет Майлин шығармаларында колхоз қозғалысын орасан олқылыққа ұшыратқан арамза атқа мінерлердің ұнамсыз қылықтары әшкереленіп отырады. «Ұлбосында» да солай. Ұжым жаңа ұйымдасып, әлі де көңілдері дүдәмал жүрген адамдарды шолақ белсенділер дүрліктіре түседі. Мәселен, Оспан дегеннің үйіне ойламаған жерден мынадай салың түседі. Салыңты хабарлаушы бала Оспанның әйеліне келіп: «Шеіпе, тыңдаңыз, сіздің үйге берілген жоспар: бір пұт ет, он қадақ шыртылдақ, он қадақ ескі темір, он қадақ ескі жүн, төрт мүйіз, бес тұяқ, бір ит терісі, бір мысың терісі...» - дейді. Салықтың жиылып тапсырылуына жетіаң күн мерзім береді [5, 214 б.]. Әділдік айтады дейтін өкілдің өзі ештеңені жарытып түсініп көрмеген адам. Осыдан келіп ондайлардың ауыл өміріне қаншалық залал келтіргенін сезуге болады. Ауылдың әккі қулары ойлап тапқан пәлекет жалғыз салықпен шектелмейді. Бұлардың тілсіз жаудай озбырлығын көрген ел ішінде неше түрлі алуан өсектер гулейді. Мұндайда үрей туғызатын лақаптар тарайды. Қалампыр дейтін өсекші кемпір жұртты онан сайын шошытады: «Колхозға кіргеннің малы да, жаны да өзінікі болмайды екен ғой. Үндеместің үйі біліп, қоңыр сиырын қалаға сатуға апарғалы жатыр екен, колхоздың бастығы барып: «Мал сенікі емес», - деп жетегінен шешіп алып қалыпты. О да ойыншық-ау, адамды айтсайшы, бәрінен де масқарасы -әйелді ортаға салады, білем. Неке болмайды дейді. Әйел мен еркекті нөмірлейді дейді» [5, 350 б.]. Міне, осындай жағдайда ауылдың момын шаруа адамдары неше түрлі машақатқа түскен. Автор Оспан деген қарапайым адамның отбасында осы тұста болған мінездерді бейнелейді. Үй иесі Оспан да, әйелі Шәрипа мен қызы Ұлбосын да түрлі толқуларды бастан өткереді. Бұрын қызын кешке қарай үйінен шығармайтын Шәрипа «әйел мен қыз ортаға түседі» дегенді естігенде, қызын тезірек күйеуге беруді ойлайды. Аңыры, Шәрипа қызы Әбулаңап деген мұғалімге қосылғанда ғана жаны жай табады. Осы әңгімеде жазушы жеке адамдар өмірінің күнделікті қарым-қатынас шындығынан қоғамдық тіршіліктің сырын аңғарта біледі, «кішкентай» фактілерден үлкен тарихтың сипатын сездіреді. «Қара шелекте» де, «Ұлбосында» да суреткер болған істің хабарлаушысы ғана сияқтанып көрінгенімен, авторлық ұстанымы айқын. Ол - өмір туғызып жатқан жаңалықтың жақтаушысы, кертартпа күштердің дұшпаны. Бейімбет Майлиннің кейбір әңгімелерінде колхоздасудың әдепкі кезіндегі түрлі қайшылықтар, асыра сілтеулер кейде қараңғылықтан, тіпті әдейі жіберілген сорақылықтар көрініс береді. Жазушы өмір шындығын асырмай да, жасырмай да мөлшерлі, үйлесімді сәйкестікте бейнелейді. «Өміржанның әңгімесі», «Даудың басы - Дайрабайдың көк сиыры», «Арыстанбайдың Мұқышы» сияқты шығармаларда түрлі бұрмалаушылықтардың зардабы көрсетілген [4, 98 б.].

Қазақстанда жер бөлу, байлардың малын кәмпескелеу, алғаш ұжым болып ұйымдасу кезінің ақиқатын, ауыл өміріндегі қайшылықтар сырын «Он бес үй» повесінен оқимыз. Замандар бойғы қанға сіңген жекеменшікшіл психологияны өзгертіп, коллектив жолына түсудің қиын болғаны, рушылдық қатынастардың таптық жікті ашуға кедергі келтіргені «Он бес үйде» дәлелді әңгімеленген.

Әр қаламгер өз заманының, өз дәуірінің үлкенді-кішілі мәселелеріне сергек қарап, жіті құлақ түріп, жазған шығармаларында сол мәселеге өз көзқарасын білдіріп отыруы заңды құбылыс. Алайда, бұл екінің бірінің қолынан келе бермесі тағы да ақиқат. Ой мен ниет дұрыс болғанымен оның жүзеге асырылуы, әрине, әрқалай. Біз білетін жазушы Бейімбет өз дәуірінің көзі мен құлағы бола алған десек, бұл сөзіміз шындық аулынан алшақ кете қоймас.

Б.Майлин шығармаларындағы кеңінен орын алған тақырып – әйел теңдігі. Кеңес өкіметіне дейін де, тіпті, кеңес дәуірінің алғашқы жылдарында да қазақ мұсылман әйелдерінің өз сүйгеніне бара алмай, еркінен тыс дүниеге сатылып кете беретін жағдайлары кеңінен орын алғаны белгілі. Он екіден бір гүлі ашылмаған жас қыздар елуден, тіпті, алпыстан асқан ересек еркектерге тоқалдыққа барып жатты. Бармасына болмады. Көнбесіне амалы жоқ. Міне, осы тақырып – Майлин дүниелерінен берік орын алып, көркем тіл мен жан-жақты көрсетілді.

«Зейнештің серті» деген әңгімесінде әуелі Асылбек деген еркекке алданып, енді болмағанда соған тиіп кете бармақшы қыздың (он бес жасар) аяқ жағында ес жинап, «қой, мұным болмас, өз абыройым үшін күресейін» деп сотқа арыз беруі, сот мүшелерінің бұл ісін қолдауы іспетті жағдайлар бірінен соң бірі тізбектеледі. Мұндай өз намысын өзі қорғап, жоғарыдан әділдік іздеу секілді істер – қазақ даласында некен-саяқ. Жазушы жаңа дәуірмен бірге қазақ қыздарының сана-сезімінің ояна түсіп, өз тағдырын өздері ойлай алатын дәрежеге көтеріле алғанын айтпақ болған. «Қайнаға өтірік айтады» әңгімесіндегі ауыл қыз-қырқындарының жаңа заманға ұмтылып, оқу-білім алуға өз еркімен бас қоюы тағы да уақыттың соны лебін байқата алады. Осы шығармадағы Биқасап қатынның «қатындар оқуды қайтеді» деген қайнаға сөзіне қарсы шығып:

Қайнаға бекер айтады, біз оқымаймыз деп ешкімге сөз бергеміз жоқ! Оқытушы болса неге оқымайық! Мына қатындардың бәрі де оқимыз деп отыр – деп сөйлеуі психологиялық өзгерістерді байқата түскендей [2, 160 б.]. Осы бір кішкене өмір суреті арқылы қаламгер әйелдердің санасындағы сілкіністі, өзгеше тіршілікке ұмтылысты барынша дәл аңғартқан. Және жәй ғана аңғарту емес, сол күнгі отырыста еркектер жеңіліп, әйелдер жеңіске жеткенін көрсетіп береді.

Бұл тұста жазушы әңгімесін екі жақты түсінуге де болатындай. Алдымен, Кеңес өкіметі талабына сай қазақ әйелдерінің еңсе көтеруі, ерлермен терезесі тең болуға ұмтылуы, өз арын өзі қорғап, өз сөзін өзі сөйлей бастауы секілді жалпыға тән жаңалықтардың бой көрсеткені. Кейінгі ой – жазушы жаңа өкімет атын малданып, қазақ әйелдерінің тым еркінсуі, тайраңдауы, ойына не келсе, соны айтуға бейімделе бастауы, қысқасы, елдегі бұрыннан қалыптасқан ізгі тәртіптердің бұзылуын ашына жеткізуі.

Өз дәуірінің тамыршысындай болған Бейімбет Майлиннің әйел теңдігі тақырыбын қозғайтын ең сүйекті шығармасы – «Раушан-коммунист» деген повесі. Біз бүгінгі заманда даурыға айтып, мінбелерден көтеріліп, қайта-қайта тілге тиек етіп жүрген «гендерлік саясат» шаруасын Бейімбет жазушы сол XX ғасырдың бас кезінде-ақ көтеріп, көркем дүниесі арқылы оқырманына ой сала білгені байқалады. Сол замандарда, әрине, Раушандар аса көп болған жоқ. Раушан – азшылық. Алайда, заман ондай белсенді, өткір, өз пікірін дәлелдеп шыға алатын білімді қыздарды да сахнаға шығарды [5, 126 б.].

«Раушан-коммунист» қазіргі кезде кейбір сыншылар айтып-жазып жүргендей, тек қызыл саясатты жырлаған, коммунистік режимді көрсетуге арналған көркем туынды емес. Оның астарына тереңдей үңіле білген кісі жазушының жасырын емеуінен байқай алады. Мұнда қазақ әйелінің еркіндікке ұмтылуы, өз абыройы мен беделін қорғау жолындағы талпынысы, қысқасы, қоғамдағы әйел адамдардың да өз орны бар екенін ашық та айқын суреттеген. Әрине, шығарма сол кезеңдерде жазылғандықтан да ара-тұра саясатқа жығыла сөйлеу, кей тұстарында әйел қараңғылығы һәм еркектердің зорлық-зомбылығы сияқты көріністер де қылаң беріп отырады. Ал, тұтастай алғанда – «Раушан-коммунист» айтары бар сүбелі шығарма.

Көпқырлы суреткер Бейімбет Майлиннің драмалық шығармалары да тақырыптары жағынан, оның поэзиялық, прозалық туындыларымен сабақтас.

Драмашының «Ауыл мектебі», «Некеқияр», «Шаншар молда» секілді пьесаларында сауатсыздықты жою, әйел теңдігін жүзеге асыру жолындағы кедергілер сыналады. «Талтаңбайдың тәртібінде» ауылды жерлердегі жаңа істерді ұйымдастыруға жіберілген өкілдің дүлей надандығы, асырасілтеушілігі мысқыл етілген. «Жалбыр», «Біздің жігіттер», «Амангелді» драмаларында төңкеріс дәуірінің оқиғалары тақырып етілсе, «Майданда» колхоз құрылысы басталған кезеңнің шындығы, бұл жолдағы қайшылықтар, қателіктер, ізденістер үдерісі көрсетіледі. Замана шындығын көз алдына елестетеді.

Қай жанрдағы шығармасында да Бейімбет Майлин өмір ағыстарын, адам мінезін бірбеткей алмай, түрлі қырларын, қалтарыстарын қамтып, шындықтың шырайын ашуға ұмтылған. Сондықтан да оның көркем туындылары әрі замана келбетін, әрі қаһармандар тұлғасын нанымды ашатын дәуір куәлігіндей қымбатты. Бейімбет Майлин дарыны оның прозалық шығармаларында айрықша жарқырап көрінген. Әсіресе, қазақ прозасында әңгіме жанры Бейімбет шығармалары арқылы кемелдене түсті. Оның әңгімелері өмір шындығын дөп басып көрсететін реалистік тегеурінімен, көркемдік биік өресімен, тақырыбының әр алуандығымен дараланады. Ол көркем әңгімелері арқылы өзі өмір сүрген заман тынысы мен қоғам өмірін энциклопедиялық кемелдікпен сомдай алған ұлы суреткер. Бейімбет Майлин шығармалары қазақ әдебиетін барлық салада байытқан рухани асыл қазына ретінде халқымен мәңгі бірге жасайтын болады.

Қорыта келе, сөз зергері Б.Майлин ең алдымен, жазушы Бейімбет – өмірді әсірелеп, көркемдеп жатпай-ақ сол мөлдір, тап-таза қалпында көшіре салудың асқан шебері бола білді. Алайда, оның осындай шыншыл, табиғи жазу әдісін кейбір сыншылар мінеп көрсетіп, «қарабайыр дүние» деп жазғаны да рас. Дей тұрсақ та, бұл Майлинге тән жазу мәнері болып қала бермек. Оның шығармаларын оқып отырып, өзі өмір сүрген кезеңнің шынайы келбетін, таза табиғатын көз алдыңызға бірден елестете аласыз. Жазу - шының жеңіл, ойнақы әзілдерінің өзі замананың ащы да ауыр жүгін арқалап тұр деуге болады. Майлин сол аласапыран уақыттың тамыршысы, сыншысы, мінеушісі, былайша айтқанда барша қоғамдық кеселді ащы мысқылмен сын садағына алушы. Бейімбет шығармаларының өте қарапайым тілмен жазылуы халықтың жүрегіне жақын, түсінуіне оңай, тіпті ел ішіндегі шындықты «өз тілімен» баян еткендей әсерде боласыз. Сонымен қатар, ол әйел теңдігі мен махаббат - сүйіспеншілік жайынан сөз қозғағанда біржақты кетпейді, көзді жұмып алып, тамсана бермейді, әрбір оқиғасуретті баяндау сәтінде астарлы келеке, жеңіл юморға да кезек беріп отырады.

Ең бастысы – қаламгер шығармалары біз үшін дәуір шындығын, уақыт үнін һәм қоғам қателіктерін де без беңдеуге барынша көмек бере алатын құнды дүниелер екендігіне көзімізді жеткізді.

Әдебиет:

1. Ордалиев С. Бейімбет Майлин творчествосы. – Алматы, 1990.
2. Бименшин С. Майлының Бейімбеті. – Алматы: Білім, 1994.
3. Қаратаев М. Нұртазин Т. Қирабаев С. Қазақ совет әдебиеті. – Алматы, 1967.
4. Майлин Б. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1986-1988.
5. Ордалиев С. Бейімбет Майлин. Ел сыры. Повестер, әңгімелер, өлеңдер, фелъетондар. – Алматы, 1994.

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ КОГНИТИВТІК ҰҒЫМДАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Түймебайқызы Ұ.

(«Тұран-Астана» университеті)

Концепт – адам санасының ойлау бірліктері мен психикалық ресурстарын, білім мен тәжірибенің бейнелі көрсеткіштерін құрайтын, хабарды құрылымдарды түсіндіруге мүмкіндік беретін когнитивті лингвистиканың негізгі ұғымдарының бірі. Когнитивтік терминдердің қысқаша сөздігінде оған: «жадының, ментальді қордың, тұжырымдау жүйесінің әрі адам санасында көрініс табатын бүкіл әлемнің мазмұнды да белсенді бірлігі» [1, 90 б.] деген анықтама берілді. Тұжырым жасау арқылы адам ойлау әрекетін ғана жүзеге асырып қана қоймайды, ол әлемді танудың негізін құрайтын тәжірибе мен білім жүйелерін талдауды, олардың болмыс-табиғатын пайымдауды міндет етеді. Тұжырым жасау барысында адам өз санасында бұрыннан орныққан қағидаларды басшылыққа алады әрі дүниені тану, оның заңдылықтарын ой таразысынан өткізу, тың деректерді жинақтау, оларды жадыда сақтау секілді мақсаттарды да жүзеге асырады. Ойша жасалған болжам мен адам нақты көріп білген, бақылау нәтижесінде көз жеткізген фактілер өзара тығыз байланыс құрай келе, концептілер жүйесінің негізгі құрылымдық бөлшектерін қалыптастырады. Сөйтіп, субъективті тәжірибе мен объективті қоғамдық норма ұстанымдары адамның танымдық әрекетін айқындауға, оның кез келген қоғамда дұрыс бағдарлай білуіне және заттар мен құбылыстардың, ұғымдардың өзіндік ерекшеліктерін нақты айыра білуге көмектеседі. Осыған орай, ғалымдар тұжырым жасау тек теориялық ұстанымдар арқылы ғана емес, нақты антропологиялық функциялар негізінде де дәйектеледі деп есептейді. Олар маңызды концептілер адамның иіс сезу, бақылау, пайымдау, зер салу әрекеттерімен байланыса дамытылады деп атап көрсетеді, себебі затты я болмаса құбылысты жан-жақты тану процесі оның сыртқы формалық сипатына түсініктеме берумен шектелмейді, ол үшін оның исіне, сезімталдық қабілеттеріне, бағалану ерекшелігіне және жалпы мақсатына да мән беріледі. Осыған орай, адамның танымдық ерекшелігін сипаттар концепттік жүйе қазіргі лингвистикалық ғылымда 3 түрлі негізде айқындалады:

1) адам ойының негізгі мәдени көрсеткіші ретінде; яғни барлық мәдени құндылықтар жекеленген концепттер мен олардың қарым-қатынасының жиынтығы деп танылатын тұжырым арқылы дәйектеледі;

2) тілдік таңбаның семантикасы концепт мазмұнын айғақтайтын бір ғана құрал деп есептеледі, сондықтан ғалымдар аталмыш терминді когнитивті семантика элементі есебінде қарастырады.

3) Д.С.Лихачев, Е.С.Кубрякова сынды ғалымдар концепт сөз мағынасынан туындамайды, ол адамның жеке және халықтық тәжірибесінің сөз мағынасымен «қақтығысуының» нәтижесі болып табылады деп дәлелдейді.

Қазіргі таңда бұл ұғымның аясы кеңейе отырып, анықтама шеңберінде адамның барша психикалық ресурстары, сана қызметі, жинақталған тәжірибені танытар құрылымдар сөз болуда. «Концепт – жадының, концептуалды жүйенің, адам психикасында көрініс тапқан әлемдік бейненің, ментальді қордың оперативті бөлшегі» болғандықтан, оның негізінде тіл біліміне концептуалды жүйе, концепттік ая сынды ұғымдар да қалыптасып, кеңінен қолданыс тауып отыр. Тілшілер концептуалды жүйені «адам ақылы меңгерген барша тұжырымдар жиынтығының ментальді деңгейі» деп сипаттаса, концепттік ая деп белгілі бір тілде сөйлеуші тұлғаның дүниетанымын

қалыптастыратын, универсалды немесе жалпыхалықтық ілімдер мен жеке индивидуалды танымның сабақтасуынан жинақталатын тұжырымдарды атайды.

Е.С.Кубрякова тілдік құрылымдар арқылы айқындалатын концептілер тізбегін 2 түрлі бағытта қарастыруға болады деп атап көрсетеді:

-дүние туралы мағлұматтарды ұсыну, көрсету бағытында;

-адам санасында белгілі бір мазмұнға сәйкес және әр түрлі жағдайларға қатысты деректерді жинақтау бағытында.

Ол адам ойын тек тілдік құралдар ғана емес, бейвербалды қимыл-әрекеттер де білдіре алады, себебі олар адамның логикалық заңдылықтарға бағынған әрекеттерінің нәтижесі болып табылады деп есептеді [1, 112 б.]. Осыдан келіп, когнитивтік лингвистикада «концепт», «ұғым» және «мағына» сөздерінің ара-жігін ажырату қажеттігі туды. Бастапқы кезде өзара мағыналас, синонимдес деңгейде қарастырылған бұл терминдер, кейін тек мазмұны жағынан ғана емес, әдіснамалық тұрғыдан да, ғылыми жүйеге қатыстылығы тұрғысынан бөлшектеніп талданатын болды. Біріншіден, ұғым — объектінің танып білген белгілерінің ғана жиынтығы делінсе, концепт — кез келген ұғым емес, ментальді ұлттық сипаттағы құрылым, белгілі бір мәдениеттің табиғатын ашуға көмектесетін күрделі механизм ретінде анықталды; екіншіден, ұғым логика мен пәлсапа терминдері қатарында қабылданса, концепт математикалық логика, мәдениеттану, лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика ғылымдарының нысанын құрады; үшіншіден, концепт пен мағына айырмашылығы да екеуінің ұғымдық арақатынасымен дәйектеледі: «концепт шынайы объектінің әлдеқайда тұрақты танымдық көшірмесі іспеттес, өйткені мағынаға қарағанда, ол қоршаған ортамен еркін байланысқа түсе алады, ал сөз бен оның мағынасы, керісінше, сол концепттің бір бөлшегі деп қабылдану керек. Дегенмен, өзге танымдық әрекеттер секілді концепттік тану да, негізінен, тек тілдік құралдар арқылы, яғни сөз, сөйлем, дискурс құрылымдарымен бірлікте ғана жүзеге аса алады» [2, 30 б.].

«Концепт сөздердің беретін ұғымын түсіну арқылы жеке бір адамнан бастап, қоғамдық топтардың, бүкіл бір ұлттың, халықтың ой-өрісінің, дүниетанымының ерекшеліктері айқындалады» [3, 24 б.] – деп есептеген Б.Тілеубердиев «топонимдердің концептілерін талдауда «адам», «кеңістік», «жан-жануар», «өсімдік» ұғымдарына тоқталды, оларды «мәдениеттің ментальдік ұясы» тұрғысынан зерделеді[3], ал тілші М.Т.Күштаева «концептілік талдау тәсілдері мен принциптерінің түрліше сипатта болу мүмкіндігін» ескерте отырып, «Тар мағынасында концептілік талдауды екі мағынада түсінуге болады: мәдени құбылыстың, ұғымның немесе мәдени қабаттың концептілердің көмегі арқылы талдануы; сөздерді мәдени құбылыс ретінде қарау арқылы олардың прагматикасы мен семантикалық құрылымының талдануы» [4, 12 б.] деген тұжырыма келді. Ол «концептілік талдау деп тілді қолданушының әлем туралы түсінігінің ерекшеліктерін сөз арқылы ашатын тілдік талдауды» атады. Демек, ғалым А.Ислам атап көрсеткендей, «лингвомәдениеттануда концепт жалпы бір ұлт мәдениетінің басты элементі, адамның ментальды әлемінің басты ұяшығы деп танылды», ол «...этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан ұрпаққа берілетін ықшам әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым»[5, 15 б.]болып табылады.

Лингвомәдениеттануда «концепт» жалпы белгілі бір этнос мәдениетінің басты элементі, адамның менталды әлемінің басты ұяшығы деп танылады. С. Г.Воркачевтың пікірі бойынша «мәдени концепт – тілдік бейнесі және этномәдени ерекшелігі бар ұжымдық білім/сананың бірлігі» [6,48 б.]. Концепттің орыс мәдениетіне қатысты Ю. С.Степановтың «орыстардың және орыс қоғамының рухани өмірінің ұжымдық қазынасы» [7, 57 б.] деген анықтамасын басқа мәдениеттер контексті негізінде де қолдануға әбден болады.

А.Б.Әмірбекованың ғылыми зерттеуінде концепт мәселесі қарастырылып, концепттің лингвомәдениеттану, лингвокогнитивтік, психолингвистикалық салаларында өзара ұштасатын қасиеттері айқындалады. Аталған ғылым салаларында концепт әр деңгейде ұғынылатындығы сөз болады. Концепт когнитивтік тіл білімінің басты термині ретінде қаралады. Зерттеушілер концепт лексикалық мағынаға қарағанда ауқымы кең дүние, -деп таниды [8].

«Концепт» пен «ұғым» терминдері ішкі формасына қарай бірдей: концепт латынның «ұғым» сөзінің калькалық аудармасы. «Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары» атты зерттеу жұмысында Ш. Елемесова: «Бірақ қазіргі таңда екі ұғымның да өзіндік ерекшелігі байқалуда. Егер ұғым танылатын объектінің, мазмұнды қасиеттерінің жиынтығы болса, ал концепт – ұлттық болмысқа негізделген ментальді білім жиынтығы. Оның мазмұн межесі - объект туралы ұжымдық, тұлғалық санадағы барлық білімі ақпараттар шоғыры болса, тұрпат межесі - тіл бірліктерінің жүйеленген көрінісі (лексикалық, фразеологиялық, паремиологиялық т.б.). Концептіні белгілі бір мағына бере алатын, әлемді танытатын таңба ретінде қарастыруға болады» -дейді[9]. «Концепт ретінде барлық ұғымды ала алмаймыз, тек белгілі бір мәдениетті тануда қолданылатын және автор үшін маңызы зор деп танылатын күрделі ұғымдарды, ең бастысы жалпыадамзаттық, жалпыхалықтық, жалпыұлттық құндылықты таныта алатын ұғымдарды тани аламыз.

В.А.Маслова орыс халқы үшін баспалдақ, қоңырау лингвомәдени бірлік ретінде мәдени концепт деп танылатындығы айтады [10]. «Балалық шақ» концептісі қара борбай кез, шыбықты ат қып мінген кез, балық аулаған кез деген ситуациялармен беріледі. Соның ішіндегі «қара борбай кез» лингвомәдени бірлік ретінде ұлттық-мәдени таным тұрғысынан концептілік құрылымның бір компонентін құрап тұр.

Концепт пен ұғымның басқа да өзгешеліктері бар: ұғым өз бойына мәнді, маңызды белгілерді жинайды, ал концепт — бұнымен қоса, мәнді емес қасиеттер де қамтиды. Ұғым құрылымына қарағанда концепт құрылымының шеңбері едәуір кең. Концепт пен ұғымды оның құрылымдары арқылы ажыратуға болады. Ұғым құрылымында тек мазмұндық элементтер болады, оған концептілік құрылымдағы барлық элемент ене бермейді. «Концептінің әрқашан эмоционалды, экспрессивті, бағалауыш сәулелері көрінеді» [10]. Яғни концепт бойынан адамның объект (дүние) туралы жағымды, жағымсыз бағасы, әсері, эмоциясы, ойы, танымы көрінеді.

А. П. Бабушкин «концепт» пен «ұғым» терминдерін ұқсас деп танып, ғылыми саладан оның бірін, яғни «ұғымды» ығыстырып шығаруды ұсынады. «Қазіргі таңда тілші ғалымдар «ұғым» терминін классикалық мәнінде қолдана бермейді, оның орнына концепт деп аталатып ойлау конструктісін қолданғанды жөн көреді» [11, 14 б.].

Тіл білімінде концепт кешенді қолданыстағы ұғым болғандықтан, әр қырынан тануға мүмкіндік туады.

1) Лингвомәдениеттаным аспектісінде, концепт – ақиқат дүниенің санадағы ұлттық-мәдени, рухани, этикалық, әлеуметтік танымын айқындайтын бірлік ретінде танылады.

2) Психолингвистикалық аспектіде, концепт – ақиқат дүние туралы психикалық қабілеттер (қабылдау, жадыда сақтау, көру, есту, ұғыну, сезу) арқылы қабылданған алғашқы ментальді түсініктер ретінде танылады.

3) Лингвокогнитивтік аспектіде, концепт - ақиқат дүниенің санада жан-жақты жинақталып тұжырымдалған ақпараттары (денотатты, стереотипті, ассоциативті, ситуациялардың қабылдануы) мен когнитивтік семантикасы арқылы танылған көрінісі (бейнесі). Әрбір концепт тіл арқылы көрніс табады, концептіні танытуда тілдік семалар қызмет атқарады. Концепт ұғымына берілген тұжырымдарды зерттеу нәтижесі концептіні танытатын мынадай қағидаларды ұсынуға негіз болды:

концепт ақиқат дүниенің құндылықтарын танытады;

концепт құрылымы санада ақиқат дүниенің мазмұнын беруде стереотиптік танымда (мысалы, күз – «күрең күз», «салқын кез», «құстар қайтқан кез») және стереотиптік емес танымда (мысалы, күз – «ағаштар сырға таққан кез», «есейгенімді сезінетін кез») таңбалады.

концепт тіл арқылы көрініс табады;

концепт тұлғаның біліми деңгейін танытады;

белгілі бір ұлттың мәдени деңгейін көрсетеді;

әрбір ұлттың танымдық белгілерінің мазмұнын айқындайды. Мысалы: қазақ халқында танылған «шаңыраққа қара ту тігу» фреймі өлім концептісін объективтендіреді.

тұлғаның өзіндік танымдық стилін айқындайды.

концепт — адам тәжірибесіндегі идеалды түсініктің ең кішкене бірлігі.

концепт — білімді тарату, сақтау және оны өңдеудің негізгі бірлігі.

-концепт — белгілі бір мәдени болмыстың негізгі ұясы. Концепттің үш қыры жайлы және ол туралы осы жоғарыдағы анықтаманы А.Б.Әшірбекованың ғылыми зерттеуінен ұсынып отырмыз [8].

Концептің басты белгілерінің бірі – оның мәдени реңкте болуы. Сондықтан ол ұлттық ерекше дүниетанымды түсінуде басты компонент болып саналады. Сонымен, концепт дегеніміз – этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам, әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым.

Ж.Б.Ермекова «Мағжан Жұмабаевтың тілдік тұлғасы» атты диссертациясында М.Жұмабаевтың шығармашылығын зерттей келе «өмір» концептісін былай көрсетеді: «...М.Жұмабаев дискурсындағы «Өмір» концептісінің құрылымын шартты түрде өзек пен шеткері аймақтарға бөлуге болады. Ақын шығармаларындағы «Өмір» концептісінің өзегін беретін мағыналар деп таныған мағыналарымыз сөздіктегі берілген мағыналарға сай келіп, ақынның дүниелік білімін көрсетеді. «Өмір – жан-жануарларды қоршаған шынайы болмыс» мағынасында табиғат құбылыстары, маусым кезеңдері арқылы сипатталып, «өмір-кеңістік» ұғымы объективтенеді: Өмір осы: аяз қыспақ, қар көмбек, Өмір – заман. Жазы да бар, қысы бар. Ал шеткері аймақтарын ақын шығармалары концептілік өрісіндегі өмір концептісінің мазмұны мен берілу ерекшеліктерін сипаттайтын өмір ұғымының окказионалдық түсіндірмелері, яғни авторлық ассоциативтік-бейнелік, эмоционалдық-бағалық когнитивтік модельдер құрайды. Демек, әрбір жазушының немесе ақын шығармашылығының концептілік өрісі оның ғаламдық бейнесі сияқты даралық және қайталанбастық қасиетке ие. Сол шығармаларда дүниені көркемдік тұрғыдан вербалдық таңбалар арқылы ашылатын бейнелер мен ассоциативтік-символдық белгілер өзіндік бояуға, эмоционалдық-экспрессивтік реңкке ие болады» [12, 12 б.]. Бүтін бір ұлттың ой-өрісінің, дүниетанымының ерекшелігін айқындауда зор маңызға ие концептілер туралы айтылған ғалымдар пікірлерін жинақтай айтқанда, «концепт» ақиқат дүниені, ғаламның тілдік бейнесін түсінуге мүмкіндік беретін күрделі құбылыс деп танылады. Хасенов Е.С. диссертациясында: «Ол, яғни концепт – әлем бейнесін сипаттайтын тілдік құралдардың (лексикалық, фразеологиялық, паремиологиялық т.б.) жиынтығы. Концепт – адамзат баласының өмір тәжірибесі арқылы жинақталған әлем бейнесінің мазмұндық білімінен тұрады» [13, 15 б.] деген түсінік береді. Концептінің құрылымы күрделі. Бір жағынан, оған ұғымға байланысты түсініктердің бәрі қатысты, екінші жағынан, оған тіл деректерінің бастапқы формалары, мағыналары, олардың тарихы, қазіргі кездегі ассоциативтік бағалары, коннотациясы қатысты [14, 40 б.]. Концептінің құрылымдық типтері де әртүрлі. Олар: сценарий (түсінік), схема (үлгі), фрейм, сурет,

ойлау бейнесі, скрипт, гештальт. В.Маслованың түсіндіруінше, фрейм – стереотиптік жағдайға қатысты түсініктің, әсіресе есте сақталған аса көлемді түсініктердің базалық құрылымын білдіреді. Фрейм концептінің негізгі тірегі (ядрасы) айналасында құралады, сондықтан сол тірекке қатысты ассоциаланған ақпараттың барлығын да қамтиды.

Әдебиет:

1. Оразалиева Э. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. – Алматы, 2007. - 312 б.
2. Айтова Н.Н. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы // Автореф. қд. - Алматы, 2005. – 29 б.
3. Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері // Автореф. дд. – Алматы, 2006. – 50 б.
4. Күштаева М.Т. «Тары» концептісінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны // Автореф. қд. – Алматы, 2003. - 27 б.
5. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті. Фил. ғыл. докт. дисс. авторефераты. – Алматы, 2004, – 25 б.
6. Воркачев С.Г. Концепт «счастья»: понятийный и образный компоненты. // Известия РАН, серия Лит. и языка. 2001. – т. 60, № 3. – с. 47-58.
7. Маслова В.А., Степанов Ю.С. Константтар: орыс мәдениетінің сөздігі. 1997.
8. Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М. Мақатаев поэзиясы бойынша) // автореф. қд. – Алматы, – 30 б.
9. Елемесова Ш.М. Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары (Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы бойынша). Фил. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2003. – 127 б.
10. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. М., 2004. – 345 с.
11. Телия В.Н. Русская фразеология. Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – М., 1996. – 288 с.
12. Касенов Е. І. Жансүгіров поэзиясының қатысымдық және танымдық табиғаты. // Автореф. қд. – Алматы, 2010. – 32 б.
13. Акимова В.Н. ОПЛ общего словарного фонда в казахско-русском словаре Х.Х. Махмудова и Г.Г. Мусабаева как фрагмент языковой картины мира современного казахстанского лингвосоциума. Русистика в Казахстане: проблемы, традиции, перспективы. Алматы, 1999.
14. Ермакова Ж. Мағжан Жұмабаевтың тілдік тұлғасы. // Автореф. қд. Алматы, 2010. – 32 б.

ӘӨЖ 81.01

БИ – ШЕШЕНДЕРДІҢ СӨЗДЕРІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН КӨРКЕМДЕГІШ ҚҰРАЛДАР

Укиенов М.А.

(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Шешендік сөз қашанда көркем, осы қасиетімен ол көпшілікті қызықтырады. Шешендік сөздің мәнерлілігі сөз етіп отырған зат, құбылысты, ұғым, түсінікті айқын, дәл сипаттауынан көрінеді.

Ауызша шешендік сөзде мәнерлілік, ең алдымен, сөз мағынасын айқындайтын дауыс сазымен байланысты. Қандай көрікті сөзді болмасын бірдей үнмен, бірсыдырғы темппен айтар болса, шешеннің сезімі көрінбегені былай тұрсын ой мен идея ашылмай қалады.

Интонация шешен сөзінің тақырыбын, мазмұнына қарай әр түрлі көтеріңкі, мұнды, қуанышты, ашулы т.б. Интонация шешендік сөзді көркемдейді, айқындайды, шешеннің көзқарасын білдіреді. Интонацияның психологиялық күші де осында – сөзге, жағдаятқа қарай жағымды, жағымсыз психологиялық үн береді. Психологиялық үн

әрбір сөзді сезіммен айтып, мағынасын айқындауға көмектеседі. Ә.Кекілбайұлының: жасаған ие осы бір құлазыған құла дүзді былағы дүниені шектен шыға таңдандыру үшін жаратқандай. Қиялда ғана болатындай қиян өлкеге көкте самғамасаң, жер бетімен жылжып, ғұмыры жете алмайтындайсыз. Иллюминатордан қағынды тиіп арам қатқан арық түйенің қатып қалған сұр көніндей солғын жер бедерін көргенде, ғарыштың әлдебір әлі белгісіз планетасына келіп қалғанбыз ба деп ойлайсыз, деген жолдардағы психологиялық үн-өкініш, мұң, аяу, таңданыс. Осы үнді туғызатын жер бедерін көргендегі шешеннің психологиялық күй – жайы. Жазушының таңданысы бірінші, екінші сөйлемдегі әрбір сөзден аңғарылады: жасаған ие, осы бір құлазыған құла дүз қиялда болатындай қиян өлке жете алмайтындайсыз, т.б. Шешен көңіл-күйдегі өкініш пен мұң экологиялық апатқа ұшыраған аймақтың келбетін көрсетер қағынды тиіп арам қатақан арық түйенің қара сұр көніндей солғын дейтін жағымсыз сөз қолданыстарынан байқалайды. Автор психологиясынан туындаған жағымсыз әуен аллитерациялы дыбыстар біркелкілігінен жасалған. Р.Сыздықова сөз сазын жасауға қатасатын дыбыстар үндестігіне тоқтала келе өлең жолдарында немесе қатар келген сөздердің басында, мақал-мәтелдердің, тұрақты тіркестерде, қысқысы, текст ішіндегі сөздер біркелкі немесе бір – біріне жуық дауссыздардан басталып келсе, ол аллитерация деп аталады, - дейді. Жоғарыдағы жолдарды өзіне сай интонациямен айтпаса жазушы идеясы ашылмаған болар еді.

Сөз өнеріне алғаш мән беріп, сөз өнері ғылымының қағидаларын түзген А.Байтұрсынұлы іліміндегі терминдерді басшылыққа алып таңдар болсақ:

1. Көріктеу – бір нәрсені көптен айырып, көзге көбірек түсерлік етіп айтқысы келгенде, ол нәрсенің атына айқын көрсеткендей сөз қосып айту.

Атымтай Жомарт, Жиренше шешен, Қаз дауысты Қазыбек деу де айқындау мақсатпен айтқаннан шыққан. Жалпы ауыз әдебиетіне тән қалыптасқан бірқатар фразалық тіркестер сұлулықты таныту үшін тұрақты көріктеулермен берілген: қолаң шаш, алма мойын, сүмбіл шаш, тана көз, аш бел т.б. Сондай-ақ бір заттың екі-үш түрлі қасиеттерін ерекше көрсететін көріктеулерге қару-жарақтың тұрақты атаулары да жатады: бадана көзді ақ сауыт, айшықты ала ту, толғамалы ақ сүңгі, алтын құндақ ақ берен, алты қырлы ақ мылтық т.б. Олай болса эпитет-айқындау, заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз. Көріктеудің үздік үлгілері біз талдап отырған шешендік сөздерде молынан ұшырасады. Қазыбек биге бір адам: кім жақын, не қымбат, не қиын? деген үш сұраққа жауап беріңізші деп қиылып отырып алыпты. Сонда Қазыбектің берген жауабында мынадай өлең жолдары бар:

Алтын ұяң отан қымбат,

Құт береке атаң қымбат.

Аймалайтын анаң қымбат,

Мейірімді апаң қымбат.

Асқар таудай әкең қымбат,

Туып өскен елің қымбат,

Кіндік кескен жерің қымбат,

Ұят пенен ар қымбат

Өзің сүйген жар қымбат

Сырым батыр үйіне қонып отарған қадірменді қонағы Төленді биден:

– Биеке! Қазақтың қонағы неше түрлі болады? – деп сұрапты.

– Қазақтың қонағы төрт түрлі болады: біріншісі – арнайы қонақ, екіншісі – құдайы қонақ, үшіншісі – қыдырма қонақ, төртіншісі – қылқыма қонақ – деп жауап беріпті Төленді би.

Алғашқы Қазыбектің жауабына айтылған көріктеулер – алтын ұяң, құт берекең, асқар тауың, туып-өскен, кіндік кескен. Бұлардың ішіндегі біразы әбден тұрақталған

көріктеулер, алдыңғы екеуі – метафоралы көріктеу. Ал қалғандары жай анықтауыш болмай, көріктеу болатын себебі – бұлар қандай деген сұраққа жауап бермейді, тіркесе жұмсалып, белгілі бір ұғымды көріктеп беруге қызмет етеді. Эпитет көріктеу үшін ғана қолданылмаған. Олар адам баласы үшін ненің қымбат, қандай белгі, қасиетімен қымбат дегенді айыруға көмектеседі. Соңғы Төленді бидің сөзіндегі арнайы, құдайы, қыдырма, қылқыма сөздерінің жай анықтауыштан айырмашылығы, біріншіден, мақсатты жұмсалуды, екіншіден, образдылығында. Сөздің көркемдік деңгейінің көтерілуі сөз шеберлерінің рухани өрісіне байланысты екенін айта келіп, Ш.Мажитаева Абайдың жүрек сөзінің алдына әр түрлі эпитет қойып, құбылтып түрлі мән беріп, жиырма қаламы жүйрік сөзуар дегеннің орнына тілі ұзын деп сөйлеу де метонимияға жатады. Бір ұғымды меңзеп, тұспалдап жеткізу- шешендік сөздердің сөйлеу үлгісіне кіреді.

Мысалы:

-Алысыңыз қалай?- деді Қазыбек те сыпайы сұрақ қойып.

-Алысым жақын болды.

-Тәттіңіз қалай болды?

-Тәттім шырын болды.

-Несиеніз қандай?

-Несием шүкір өніп жатыр.

Қазыбек ауылына келген соң әкесі оның қасына ерген серіктерінен:

Балам Төле бимен не деп сөйлесті? – деп сұрағанда:

Екеуі былай десіп әңгімелесті, бірақ мәнісіне түсіне алмадық, - деседі олар. Олары несі екен? – деп қарт әке де түкке түсінбей таң қалады. Сонда жұмбақ сырды Қазыбек өзі айтып береді.

Төкеңнің алысым жақын болды дегені қос жанарын айтқаны. Тәттім шырын болды дегені ұйқысының қашқанын білдіргені. Шүкір несием өніп жатыр дегені балаларының жақсы бағып, жақсы күтіп отырғанын түсіндіргені – дейді. Осындай Төле би мен Қазыбектің даналығы, сөзге ұсталылығы, сыпайылығы көрінеді. Адам мен құбылыстардың қасиет, сапасын осылайша алмастырып суреттеуі шешендік сөздерде үстеме мағына дарытып, жаңа түсініктерге жол ашады. Өмір құбылыстары арасындағы әр түрлі байланыстарды таныған шешендер оны жаңа ұғымдармен мәнерлеп жеткізген. Алмастыру – ойды мәнерлеп жеткізудің құралы. Ол суреттеліп отырған құбылысқа эмоционалды бояу береді, көтеріңкі үн қосады. Шешендер тілінде, әсіресе, жыраулар толғауында келетін ұлғайған алмастырулар шешендердің суреттеу, қиялдау қабілеттерінің ұшқырлығын аңғартады. Алмастырулардың астарында қат-қабат қимыл - әрекет жатады. Сол әрекеттердің нәтижесінде құбылыстың өзі алмаса үш түрлі тіркес жасағандығын тілге тиек етеді. Олай болса, көріктеу сөз мағынасын құбылтудың тиімді тәсілі болып табылады.

Досболдың екі бимен қағысуы.

Аста бас қосып, қымыз ішіп отырғанда бір би Досболға көңілі толмай: «Қара ағаштай қалтия қалған қаралдысы жоқ бұл жатқаның кім?» - дейді. Сонда Досбол: «Рас мен қарағаштай қатушы едім, сендей талайлардың есінен қайғысыз қылып шымбайына батушы едім, өзімді елеп еңкейгендердің таңдайына балшекердей татушы едім, қарағайды хан демей елдің шетінде, жаудың бетінде жатушы едім», - дейді.

Екінші би: - Қанша мақтансаң да ми сиярлық басың, шынашық айнарлық шекең жоқ екен, -депті Досболға.

Сонда Досбол:

Арам етті, қам желке,

Барсаң байдан табылар,

Құлан сирақ, қу шеке.

Іздесең қайдан табылар! – депті.

Жауап айта алмай екі би жым болыпты.

Соңғы Досбол айтқан жауаптағы көріктеулер: арам ет, қам желке, құлан сирақ, қу шеке. Бұл эпитеттер байлардың шын қасиеттерін суреттеп, көріктеу үшін шебер қолданылған.

Әз Жәнібектің алпыс биі болған екен. Бір жолы хан билеріне: «Дүниеде не өлмейді?» - деп сұрағанда алпыс биі бір ауыздан:

Ағын су өлмейді,

Асқар тау өлмейді.

Аспанда ай мен күн өлмейді

Әлемде қара жер өлмейді.

Сонда Жиренше шешен бәріне қарсы шығыпты:

Ағын судың өлгені,

Алты ай қыста қатқаны.

Асқар таудың өлгені,

Басын бұлттың жапқаны.

Ай мен күннің өлгені.

Қар астында жатқаны.

Ажал деген атқан оқ

Бір алланың қақпаны.

Дүниеде не өлмейді?

Жақсының аты өлмейді

Ғалымның хаты өлмейді.

Бұл жерде Жиренше өзінің тапқырлығымен дәл тапқан жауабында тілдік құралдарды көп әрі орынды пайдаланған. Эпитеттер – ағын су, асқар тау.

Теңеу. Сөз бейнелеу тәсілдерінің ішіндегі ең пәрмендісі – теңеу. Шешендердің көркем ойлауының, дүние танымының ұлттық ерекшелігі теңеуден көрінеді. Сондықтан да теңеуді дүниетаным құралы ретінде философия зерттесе, стильдік әдіс ретінде әдебиеттану ғылымында, тілдің бейнелі құрылымы ретінде тіл білімінде зерттеліп келеді.

Ал шешендік өнер – тіл мен әдебиеттің және философияның түйіскен жері. Себебі теңеудің логикалық, эстетикалық, лингвистикалық табиғаты осы шешендік сөздерде анық байқалады. Шешендік сөздердегі теңеуді сөз еткенде, оның дүниетанымдағы ойлаудың жемісі екенін айтпай кетуге болмайды. Теңеудің адамдардың дүниетанымындағы ойлаудағы маңызын дәл айтқан Л. Боровой екендігін Т.Қоңыров атап көрсетеді: «Барлығы да қалай деген ұлы сөзден басталады. Адам баласы қалай сөзін тапқаннан соң, өз дамуының жаңа, жоғарғы сатысына көтерілді»; бұл қалай сөзі адамзат санасының даму тарихындағы ұлы оқиға болды. «Автор тіл мен ойлаудың алғы шарты болғандығын тап басып, маңызды тұжырым жасайды. Алғашқы қарапайым түрдегі қалай деген сұрақтың жауабынан кейін, образды ойлау әдісіне көшкен теңеудің анықтамалары мынадай» [1, 87 б.], «Теңеу – ортақ белгілері бар екі затты, ұғымды және күйді бір – бірімен салыстыратын және сол ортақ белгінің негізінде алғашқы заттың көркемдік мәнін күшейте түсетін бейнелі сөз тіркесі». «Екі құбылысты бір – біріне жанастыра отырып, біреуінің қосалқы белгілері арқылы екіншісін сипаттайтын троптың ең қарапайым, ең алғашқы түрі теңеу болып табылады. Теңеу суреттеуді неғұрлым көрнекі ету мақсатымен бір затты, ұғымды басқа бір заттармен саластыруға негізделген көркемдеу тәсілі. Осы анықтамалардың бәрінде теңеудің ойлау, салыстыру, ұқсату, ой қорыту сияқты логикалық әрекеттердің нәтижесінде қалыптасқанын пайымдаймыз». Теңеу–белгілері адам дүниетанымында әбден танылған ұқсас заттар мен құбылыстарды салыстыру негізінде туғандығын З.Ахметов те айтты: «Көпшілікке белгісіз, түсініксіз нәрсені түсінікті айту бір басқа да, ол бейнелілік сипаты бар көркем

теңеу жасау-бір басқа. Поэзиялық шығармадағы теңеуді алсақ, мұнда мәселе салыстырылып отырған нәселердің белгісіз немесе белгілігінде емес, сол айтылатын өзгешелік бұлардың бірінен екіншісінде айқынырақ, көрнектілеу екенінде, салыстырудың өзінен көп мағына туатындығында» [2, 127 б.].

Теңеудің бейнелілік сипатын, эмоционалды-экспрессивтік сапасын, заттық-логикалық негіздерін, ассоциациялық мүмкіндіктерін, поэтикалық табиғатын тани, таныта отырып, Т.Қоңыров теңеуге мынадай анықтама береді. Сонымен, теңеу – ұқсас, ортақ белгілердің негізінде бір затты екінші затқа салыстыру арқылы сипатталушы нәрсенің бейнелілік, көркемділік эмоционалды – экспрессивтік сапасын күшейтетін, сол нәрсені жаңа қырынан, поэтикалық қырынан танытатын әрі стильдік тәсіл, әрі таным құралы.

Т.Қоңыров көрсеткен теңеу жасаудың тәсілдері шешендік сөздерде де молынан ұшырысады. Мысалы: Бір жолы қырғыз Қызылым қарт пен Жиреншеге кездесіп қалып:

Шешен, сізден сұрайын деген бір жоғым бар еді. Он бес лақ, жиырма бес серке, отыз бес орақ, қырық бес қылыш, елу бес егеу, алпыс бес арқан, жетпіс бес шідер жоғалттым. Осыған құлақдар болыңызшы, – дейді – жарайды, – дейді Жиренше жоғыңыздың жөнін айтып берейін, өзіңіз тауып алыңыз:

Он бес жас құйын қуған желмен тең,
Жиырма бес дауыл ұрған перімен тең,
Отыз бес ағып жатқан селмен тең,
Қырық бес аю аспас белмен тең
Жетпіс бесте көңілің жерменен тең,
Сексенде селкілдеген шал боларсың
Тоқсаңда толық миың орта түсер
Жүзде дүниеден күндеріңді үз
Өлмесен де өліден кем боларсың, – дейді.

Әттеген-ай, өзім жиырма бестегі жігіттей едім, көңілімнің жердей болғанның қарашы, бекер ақ сұраған екенмін, – деп сонда Қызылым қарт жантая кеткен екен.

Жиреншенің қырғыз Қызылымға берген жауабында тең деген сөздің көмегімен жасалған теңеулер - әдейі теңеу. Жиренше теңеу етіп алған нәрсесін ортақ белгілері арқылы айшықтап, көрнектеп береді: дауыл ұрған пері, ағып жатқан сел, аю аспас бел, ағар бұлағы. Бұлардың теңеу екендігін Т.Қоңыров көрсеткен жолмен талдап көрейік. Осы шешендік сөзде салыстырылып отырған зат адамның жасы – он бес, жиырма бес, отыз бес, қырық бес; образдар – жел, пері, сел, бел, жер, өлік; салыстыруға негіз болатын белгі – қасиеттер мыналар: құйындай ұстатпайтыны, дауыл ұрғандай күштілігі, ағып жатқан өтпелілігі, аю аспастай баяулығы, басылған көңіл, кем болуы. Бұларда мағыналар метафоралар сияқты кесіп айтылмаған, бірдей, тең сөздерінің қатысуымен жасалған.

Сырым шешенге Бөкен бидің бата беруі:
Арқаң қара нардай жауыр болсын,
Мінезің қара жердей ауыр болсын
Өкпең жоқ кеудеңде бауыр болсын,
Құлағыңнан сыбыр кетпесін,
Жасың алпысқа жетпесін [3, 17 б.],
– дейді.

Бұл берген батада қолданылған көркемдік құрал – құбылтудың бір түрі теңеу. Бұндағы теңеулер: қара нардай, қара жердей. Бұл теңеулер –дай, –дей жұрнақтары арқылы жасалып тұр. Бөкен би теңеуді өз батасында қолдана отыра Сырымға астында мән – мағына жатқан жұмбағын айшықтап, көрнектеп береді.

Байдалы мен Майталықтың Шоңның інісі Торайғырға айтқаны:

Жақсы кісі ақылымен тәуір болады,

Мінез қорғасындай ауыр болады,

Құлағы өсекті естімейтін сауыр болады,

Кедейдің жалғыз керіндей.

Құйрығы шолақ, арқасы жауыр болады.

Бейнелеу, метафора. Сөздердің ауыс мағынасы деп олардың ауыстырып қолданылуынан туындап тұрақтаған мағынаны айтамыз. Бірақ ауыстыра қолданудың бәрі бірдей мағына туғызады деуге болмайды. Жай ғана сөз қолдану ретінде қалуы да, болмаса тұрақты ауыс мағына алуда мүмкін. Ауыс мағынадағы фразеологизмдер осы соңғы топқа жатады. Мысалы, адамға тән адалдық, арамдық, мейрімділік, қатыгездік, сараңдық, қорқақтық тәрізді қасиеттер бейнелі тіркестер мағынасында көрінеді: ақ көңіл, қара жүрек, көңілі тар, жаны тәтті т.б.

Әдебиет:

1. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – А., «Жазушы», 1978. – 310 б.
2. Ахметов З. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – А., «Ана тілі», 1996. – 380 б.
3. Әлімгереев Ә., Қоқытов Б., Нұрғалиев А. Сырымның шешендік сөздері. – Алматы: Ана тілі, 1994.

УДК 7.034

ДИНАМИКА ЧЕЛОВЕКА В КУЛЬТУРНОМ ПРОСТРАНСТВЕ ИТАЛЬЯНСКОГО ВОЗРОЖДЕНИЯ

Унчибаева А.Е., Тасхан С.Ж.

(Казахская национальная академия хореографии)

В культурном пространстве мира XXI века большой интерес вызывает культура итальянского Возрождения, где сходятся в одной точке линейное и циклическое движение культурных ценностей как возвращение к некогда уже испытанным формам культуры и в то же время поступательное, непрерывное, прогрессивное развитие от простого к более сложному и совершенному. Важной доминантой Возрождения являлось культурное и интеллектуальное движение в противовес той схоластики и статики, аскетизму начального периода средневековья. Это период нового мышления и инноваций, который был реализован в системе «Возрождение» или «Renaissance». Новое мышление включало антропоцентризм, где происходил процесс возвеличивания и раскрепощения индивидуализма человека, возобновление ценностей античной мудрости и красоты, новое отношение к миру, природе, человеку и обществу. В Возрождении «Человек» становится основной идеей, которая передвигается из периферии в центр культурного пространства. Актуально выражение Протагора «Человек есть мера всех вещей».

Трансформация красоты и облика «Человека» помещена в поиск гармонии с окружающим миром, который воодушевлял искусство на создание шедевров. Сформировалась триада нового мышления Человек – красота – природа. Важное место приобрело воплощение физической красоты человека как абсолютное творение естественного. Происходит отход от сознания греховности изображения наготы как тени и проявления животных инстинктов. Нагота человека в эпоху чинквеченто выступает частью эстетики. Век пренебрежения к плоти заменяется интересом к физике

человеческого тела. Эпоха Ренессанса показала огромное разнообразие оттенков и красок внутреннего и внешнего мира «Человека».

Идеалы свободы человека, гармонии, красоты, индивидуализма продвигали три титана чинквеченто Леонардо да Винчи, Микеланджело Буонарроти, Рафаэль Санти. Титанизм представлял силу творчества, стремление к новому пониманию божественности и человека в нем. Три гениальных мастера имели индивидуальный почерк в искусстве. Леонардо олицетворял дерзкий прорыв в непознанное, проникновение в сакральность человека. Рафаэль постигал движения человеческой души. В Микеланджело отражен героизм, маскулинизм, трагедия и грандиозность.

Какой культ красоты преобладал в Ренессансе? Значительная роль отводилась культу женской красоты. Изменение статуса женщины происходило в условиях творческой свободы, художники пытались разгадать тайну очарования прекрасного пола. Жизненное пространство женщины расширилось, она выходит из системы религиозной схоластики, ее образ освобожден от всех мелочей земной жизни. Формируется идеал раскованной, образованной, эмансипированной дамы, блистающей в обществе, умеющей быть интересной собеседницей, увлекающейся искусством. Женщина является олицетворением возврата к античной красоты, это Венера и Юнона, Гера и Афродита.

Леонардо да Винчи был Homo universale, обладавший различными талантами и неоднозначная фигура в мировом искусстве. Его широкий спектр знаний в области точных наук и искусства способствовал тому, что он был новатором своего времени. В пятнадцати картинах, он экспериментировал, находился в стремлении достижения совершенства и часто не завершал свои работы, которые сохранились в записях и рисунках.

В шедеврах Леонардо особое место занимает фреска «Тайная вечеря» для церкви церкви Санта-Мария дилле Грация в Милане. До сих пор стремятся разгадать тайну этого произведения. Автор картины стремится дать новое понимание взаимоотношений божественного и «Человека». В произведении сюжет тайной вечерни апостолов показан в динамике психологического конфликта, проявление чувств и драматизма, все наполнено движением, мимикой и жизнью как извечная борьба добра и зла, реализованная в противовесе Иуды и Христа. Одну из последних разгаданных тайн картины «Тайная вечеря» предложил ученый Марио Таддей. Он считает, что идея художника заключалась в изображении Иисуса и других персонажей не святыми, а простыми людьми, в количестве тринадцать. Люди нарисованы на холсте без нимбов, нет сверхъестественных сил. На первый план опять выходит «Человек».

Как и многие художники Возрождения Леонардо да Винчи был в поиске женской красоты. Знаменитый портрет - загадка «Мона Лиза» или «Джоконда», ее взгляд является выражением сакрального, глубокого образа человеческой личности. Несмотря на то, что модель на картине изображена в определенной неподвижной позе, однако она концентрирует в себе все оттенки чувств и настроений человека. Сегодня Эрик Сигель и другие ученые считают, что в ней заложено психологическое состояние человека. Если смотришь на нее и она вам улыбается, значит в жизни все хорошо, если же она кажется грустной, значит есть определенные проблемы в жизни. Таким образом, Леонардо да Винчи вдохнул жизнь в модели своих произведений, приблизил человеческое к божественному.

Интерес к женской красоте ярко отражено в работах Рафаэля Санти. В истории искусства его прозвали «мадоннером». Он был «живописцем матерей», писал портреты матерей. Он находился в поиске образа идеальной женщины. Идеалист – художник в своих образах Мадонн отразил эффект их невесомость, гармонию красоты и ясности, совершенства, материнской любви, показал исключительное место человека в

окружающем мире. Мадонны изображались смотрящими на младенца и с опущенными глазами. В творчестве Рафаэля заложена основная ценность «grazia» - грация, изящество в женской красоте. Он писал в письмах, чтобы нарисовать красавицу необходимо видеть много женщин, но так как красавицы редки, то он выбирал «некую идею» женской красоты.

Идеальный образ женщины в картине «Сикстинская Мадонна» являлся вдохновением таких известных писателей как Федора Достоевского в его выражении «Красота спасет мир», Александра Пушкина «Гений чистой красоты». В этом шедевре происходит «святое собеседование» святых на фоне Мадонны с младенцем. Рафаэль один из первых создал в картине святых ангелочков. В целом, Рафаэль Санти соединил глубокую религиозность и человечность через материнство Мадонн.

Одной из интересных, мощных фигур эпохи Возрождения выступает Микеланджело Буонарроти. Именно в его произведениях отражен дух свободы и динамики сюжетов, физическая нагота. В его понимании модель мужчины реализованной в скульптуре «Давид» представляет такие черты как героизм, физическую мощь и маскулинизм. Пяти метровый Давид олицетворяет «Бога и Человека». Гигантизм мужской скульптуры и его большая рука, не соответствующая пропорциям тела была специально допущена автором в честь прозвища Давида «*manu fortis*» (сильная рука). Джорджо Вазари отмечал, что «Того, кто видел эту работу, больше не удивит ни одна скульптура в мире».

Шедевром Микеланджело является роспись потолка и стены Сикстинской капеллы Ватикана. Божественные сюжеты капеллы включают начало и конец от Сотворения мира до Потопа. Сакральная взаимосвязь фабул «Давид и Голиаф», «Юдифь и Олоферн», «Казнь Амана» и «Медный змей» представляют собой мир титанов, где Бог творец вселенной и человека. Человек Микеланджело в себе отражает телесную и духовную сущность.

Особое место занимает в системе росписи Сикстинской капеллы фреска «Страшный суд». Изображены титанические, обнаженные тела, как будто подняты в космос масса тел. Движение мощных тел и фигур не могут противостоять судьбе. Трагизм фрески, которая включает около 400 человек и фигуры не повторяются. Автор создавал фреску, находясь в глубокой депрессии. Особенно ярко подчеркивает трагизм фрески, где святой Варфоломей держит в руках человеческую кожу и в ее складках угадывается лицо, искаженное страшной мукой страдания, это лицо Микеланджело. В его произведении соединились все эмоции человеческого мира и Бога.

В целом, основная ценность культуры Возрождения выступает человек, приближенный к божественному и определенный в трансцендентный мир. Никогда еще не было послано в мир таких творческих сил и личностей, сумевших создать шедевры, актуальные в наше время. Мироощущение человека находится в движении, включая его стремление к свободе духа и материи и в то же время неотвратимость судьбы, определенной трагикомии.

Литература:

1. Брагина А.Х. и др. Культура эпохи Возрождения. М. , 1986.
2. Вазари Дж. Жизнеописания. СПб., 1992.
3. Вельфин Г. Классическое искусство: введение в изучение итальянского Возрождения. СПб., 1999.
4. Гарэн Э. Проблемы итальянского Возрождения. М. , 1986.
5. Гуковский М.А. Итальянское Возрождение. JL, 1990.
6. Ильина Т.В. История искусств. Западноевропейское искусство. М., 1993.
7. Культура Возрождения и Средние века. М. , 1993.
8. Культура эпохи Возрождения и Реформации. JL, 1981.
9. Рутенбург В.И. Титаны Возрождения. СПб., 1991.
10. Соколов М. Вечный Ренессанс: Лекции о морфологии культуры Возрождения. М. , 1999.

**ТРАНСФОРМАЦИЯ ТИПА «МАЛЕНЬКИЙ ЧЕЛОВЕК»
В РОМАНЕ М.А. ОСОРГИНА «ВОЛЬНЫЙ КАМЕНЩИК»**

Филимоненко Р.А.
(СКГУ им. М. Козыбаева)

С развитием литературы развивается тип «маленького человека». «Повести Белкина» А.С. Пушкина, «Шинель» Н.В. Гоголя, «Бедные люди» Ф.М. Достоевского многопланово представляют тип «маленького человека», художественно формулируют характерологические признаки литературного типа: заурядная внешность, возраст от тридцати до пятидесяти лет; ограниченные бытийные возможности; убогость материального существования; конфликт героя с высокопоставленным лицом или обидчиком; крушение мечты всей жизни; стихийный бунт персонажа; трагический исход. «Маленькому человеку» противопоставлен тип Униженные и оскорбленные. Различие состоит в том, что «Униженные и оскорбленные» отличаются от «маленьких людей» тем, что обладают способностью к совершенствованию собственного духовно-нравственного мира.

Актуальность исследования связана с необходимостью определения литературного типа.

Творчество Михаила Андреевича Осоргина в конце XX - начале XXI вв. привлекает внимание многих исследователей. Писатель испытывал величайший интерес к поворотам российской истории начала XX века. Поэтому не случайно его стремление осмыслить исторические закономерности в форме художественных образов, в частности, в романной дилогии «Свидетель истории» (1932) и «Книге о концах» (1935). И, конечно же, не случайно М.А. Осоргин обращается к традициям Ф.М. Достоевского - писателя, который отразил тенденции мировой истории в символически-обобщённых образах таких героев, как Раскольников, Верховенские, Великий инквизитор.

Подобно классическим почвенникам, М.А. Осоргин занимает позицию между славянофилами и западниками. Как непосредственный преемник Ф.М. Достоевского, он во многом разделяет его мировоззрение, согласившись, в частности, с тем, что русский человек противоречив по своей сути, а сердце его - поле страшной битвы.

Как и автор «Братьев Карамазовых», писатель XX века особенно остро воспринимает Мать-землю, с которой крепко связан русский народ. Она хранит истину, связующую православие и язычество, родственные русскому человеку. Многие герои М.А. Осоргина уверены, что в пропасти абсолютного безверия, которое приводит Россию к революции, скоро исчезнет ее огромная часть.

В основе философии жизни героев М.А. Осоргина и Ф.М. Достоевского лежит желание поиграть с судьбой, обмануть фортуна, доказать, что человек является не просто частью огромного мира, но порой и его победителем. Авторские объяснения поступков игроков почти в одинаковой степени сводятся к «наполеоновской идее» [1, с. 73]. Способы достижения аморальной цели отрицательных персонажей также схожи: это обман, предательство близких людей (Анри Ришар выдает тайну масонского общества).

В романе М.А. Осоргина среди персонажей нам встречаются и «маленькие люди», и «униженные и оскорбленные». Особый интерес представляет собой фигура Егора Егоровича Тетехина. Нельзя с абсолютной уверенностью заявить, что перед нами только «маленький человек».

Общее заключение, к которому подводят своих персонажей и Ф.М.Достоевский, и М.А. Осоргин, заключается в невозможности построить счастье человека, если оно построено на несчастье других людей. Раскаянье вновь и вновь возвращается к героям, причем, как подчеркивают оба автора, оно приходит сразу же вслед за болезненным удовольствием победы. После избиения Ришара Тетехин задается вопросом: «Я ли это?» [2, с. 273]. И лишь потом к нему приходит чувство собственного удовлетворения. В итоге никто из героев не испытывает настоящего счастья, так как оно иллюзорное. Потеряна связь персонажей с Родиной. Егор Тетехин «мог сделаться начальником почты и телеграфа во всей Казанской губернии. Он мог выстроить дом на Проломной улице, но в его мыслях не могло никогда быть такого оборота вещей, при котором он оказался бы на улице Quonvention оседлым парижанином, вполне хорошо говорящим по-французски и служащим в конторе Cachette. К началу повести его сын Георгий был уже Жоржем и по-русски почти не говорил» [2, с. 33]. Писателей также роднит убеждение, что человеку, оторванному от родной почвы, грозят вечные метания от порока к добродетели. В своих литературных произведениях и философских размышлениях автор «Дневника писателя» и создатель «Сивцева Вражка» стремятся понять диалектику русской души. В соответствии с почвеннической и собственно православной традицией, идущей еще от древнерусской философии, писатели считают, что человек обладает цельностью. Но она внутренне противоречива. По представлению Ф.М. Достоевского и М.А. Осоргина, человек - это бесконечное соединение добра и зла. И если источником происхождения добра является Бог, то зло происходит от оторванности людей от родной земли. Предав ее, человек обречен испытывать чувство болезненной двойственности. А потому, констатируют представители почвенничества, возвращение человека, да и государства к родной земле происходит в переломные периоды.

«Вольный каменщик» - произведение М.А. Осоргина, написанное в 1937 году. Увлечись темой масонства, автор раскрывает её в художественном мире своего романа. Роман отличается стилистической многомерностью, в нем встречаются стилистики кинематографа и газетных жанров (документальные вставки, событийная насыщенность, заголовочные «шапки»): «Шаг второго градуса», «Путь каменщика», «Союз облегчения страданий» и т.д.

Изображая героев в романной прозе, М.А. Осоргин обращается к опыту литературы предшествующего столетия. Писатель заимствует типы героев, столь характерные для русской классической литературы: «маленький человек», «странник», «новые люди» и т.д.

Одна из традиций в творчестве М.А. Осоргина - человеколюбие. Христианским мотивом, сближающим произведения Ф.М. Достоевского и М.А. Осоргина, становится мотив прощения: «Я ведь никого и ничего не виню, тут всемирная история - и мы понимаем», - пишет Ф.М. Достоевский [3, с. 94].

Как и антагонист Олень из романа М.А. Осоргина «Свидетель истории», Тетехин склоняется к мысли, что несовершенный мир, «плавающий во зле, как клецка в супе», подлежит «переделке и пересмотру» [2, с. 150]. Тетехин бросает вызов жестокому миру. Но его сопротивление с ним принимает другие, чем у «активных» героев М.А. Осоргина, формы. Вступая в единоборство с силами зла, Тетехин совершает «частные» добрые поступки (создает «Союз облегчения страданий», спасает умирающего от голода профессора Лоллия Романовича Панкратова и т.д.). Более того, Егор Егорович, следуя пути духовно-нравственного самоусовершенствования, готов «медленно обтесывать свой собственный грубый камень» [2, с. 160], «обтесывать себя по мере сил и знания, чтобы быть достойным» [2, 43].

Духовный мир Тетехина не статичен, а подвижен. Обнаруживаются две личные маски: прозревшего слепца и духовного странника, - которые связаны с идеей эволюции, движения. Прозревший «слепец» открывает для себя масонство, жертвует на благотворительность. Духовный странник понимает, что масонство является только первой ступенью в духовном совершенствовании.

В тексте романа М.А. Осоргина мы находим интертекстуальные связи с творчеством Н.В. Гоголя. В поведении «маленького человека» Тетехина, в общении с женой проскальзывают манеры гоголевского чиновника: «Егор Егорович смотрит сквозь Анну Пахомовну и говорит тоном начальника отделения гоголевских времён: - Па-пра-шу оставить меня в покое» [2, с. 98]. Это нетипичное изображение «маленького человека». Он сам занимает руководящую должность, а в истории со взяточничеством своего подчиненного Ришара так кричит на нечистого на руку молодого человека, что напоминает «значительное лицо» из гоголевской «Шинели»: «И тогда Ришар услышал крик, какого никогда не слышали в кабинете заведующего отделом. Спокойнейший и мирнейший из шефов истерически взвизгнул, затопал ногами и закричал непонятное на своем варварском языке» [2, с. 32].

Егор Егорович не испытывает страха перед лицом высших чинов, позволяет себе предъявить начальству ультиматумы.

Маленький человек М.А. Осоргина склонен задумываться о проблемах внешнего мира, микрокосм не устраивает Егора Тетехина, проблема связана с организацией на земле человеческого бытия. Член масонского тайного общества склонен к мечтаниям, в своих грезах он спасается от чемпиона тяжелого веса, находится на борту атлантического парохода, побеждает общественного врага номер один, принимает в своем кабинете министра труда и вместо этого попадает на свадьбу голливудской дивы.

Егор Егорович задумывается о судьбах малоимущих людей, жертвует на масонском собрании деньги.

«Маленький человек» М.А. Осоргина склонен к внутреннему восстанию. Происходит бунт, потому что Тетехин не находит сочувствия у братьев по масонской ложе. Он хочет помогать страждущим и бедным, но натывается на непонимание. Герой осознает, насколько мудрость, вычитанная им из сотен книг, не соответствует реальной действительности: «Вот вы смеетесь, а для меня это верная гибель» [2, с. 67].

Происходит эволюция в сознании героя от замкнутого микрокосма до осознания равенства микрокосма и макрокосма: «Нет малого и великого: микрокосм равен макрокосму» [2, 124]. Егор Егорович Тетехин способен от бессистемного накопления знаний, почерпнутых из книг, перейти к деятельности, приносящей пользу людям.

Характер авторской оценки по отношению к Егору Тетехину меняется на протяжении повествования. Поначалу М.А. Осоргин называет Егора Егоровича «срединным, ничем не выдающимся» [2, с.17] намекая на обычную, непримечательную жизнь («Если бы этот путь, богатый приключениями, проделал один человек, - он был бы почтён за замечательного и весь остаток жизни мог бы писать воспоминания; но таких же было очень много, и Егор Егорович остался человеком срединным, ничем не выдающимся» 2, с.17], позднее называет «маленьким» человеком.

«Маленьким человеком» М.А. Осоргин называет Тетехина в главе «Забавы Марианны», в ситуации размышления об устройстве макрокосма. «Мир плавает во зле, как клёцка в супе, философы глубокомысленно бездействуют, а маленький человек должен молчать и не рыпаться?» [2, с. 150]. В следующем абзаце «маленький человек» размышляет о своем участии в глобальных процессах: убегает от борца тяжелого веса («но тут появляется чемпион тяжёлого веса, и маленькому человеку приходится спастись от его нокаута на блестяще оборудованном шарике в стратосферу»), «благополучно спускается в Нью-Йорке прямо на голову общественного врага номер

первый» [2, с. 150], «маленький человек» должен спешить обратно в Париж принять портфель министра труда в новом кабинете национального объединения» [2, с.150]. То, как автор характеризует героя, сразу задает ракурс, в котором будет рассматриваться личность героя. Вероятно, поэтому исследователи стали относить Тетехина к типу «маленьких людей» - традиционных персонажей классической русской литературы. Однако «малость» Егора Егоровича необычна: он не «социальный аутсайдер» [4, с. 202]. Егор Егорович не дрожит перед лицом высших чинов, позволяет себе даже предъявлять начальству ультиматумы (причем начальство так ценит героя, что встает на его сторону в истории с порнографическим журналом «Забавы Марианны»).

Анри Ришар выдает общественности секретные документы. Пытается соблазнить жену Тетехина. М.А. Осоргин показывает образ типичного маленького человека, с низким уровнем духовности. В противоположность ему вводится персонаж Лоллий Романович, обнищавший профессор. Остается без работы и Тетехин. Но он не унывает и едет на природу. То есть, происходит обновление души.

Жену Тетехина Анну Пахомовну можно отнести к категории «шумных» женщин, которые, по мнению М. Эпштэйна, «губят «маленьких людей» [5, с. 106], провоцируя их окончательный крах. Показательной чертой характера Анны Пахомовны является мелодраматизм, выражающийся в постоянных грезах о любви. В романе она так же, как и её муж, изменяется в духовном плане. Спокойствие и невозмутимость обманутого мужа приводит ее к неподдельному, искреннему раскаянию.

Егор Егорович старается измениться, возвышается над мелкостью быденного быта. Герой помогает Анне Пахомовне в просветлении. Он не пытается отгородиться от современной жизни. Он не входит в категорию «маленького человека», который «ищет спасения в стерильном и отвлеченном мире и не старается подвести всех под свою малость» [5, с. 107]. В данном случае уместней вести речь об «униженных и оскорбленных». Так же, как и Макар Деушкин, Егор Тетехин стремится помочь обездоленным (обнищавшему профессору Лоллию Романовичу, прощает и помогает в укреплении духовного мира Анне Пахомовне, стремится к улучшению духовности общества, борется с распространением журналов, содержащих разврат). Сам Егор Егорович теряет работу, остается без семьи в своем саду под Парижем. Прослеживается вольтеровская традиция. Персонаж одноименной философской повести Кандид провозглашает, что отныне главная цель его жизни - «возделывать свой сад» [6, с. 52]. Егор Тетехин в романе «Вольный каменщик» погружается в мир природы и в этом находит утешение. Он осознает, что природа - «Божественное дыхание, центральный и вселенский огонь, оживляющий все, что существует» [2, с. 320]. Единство мира, нерушимая связь всего живого, необходимость слияния человека с природой - все это было дано понять Егору Егоровичу. Автор наследует традиции не только русской классики, но французской.

Таким образом, в духовном плане Егор Тетехин занимает гораздо более высшее положение, чем «маленький человек». Это - воин, способный возроптать в обществе, потерявшим ценности гуманизма. Среди персонажей романа встречаются как «маленькие люди», так и «униженные и оскорбленные». Новаторство М.А.Осоргина состоит в том, что он изображает «униженных и оскорбленных» и «маленьких людей» среди русских эмигрантов, связавших себя с масонством. При этом автор использует не только традиции русской литературы, но и французской (повесть «Кандид»).

Литература:

1. Мужайлова Е.А. Два «игрока» русской литературы Ф.М. Достоевского и М.А. Осоргина // Актуальные аспекты современной науки: Материалы IV Международной научно-практической конференции. - Прага: Издательство «Образование и наука», 2008. - 184 с.

2. Осоргин М.А. Вольный каменщик.- М.: Московский рабочий, 1992. - 336 с.
3. Достоевский Ф.М. Полное собрание сочинений в 30-ти томах. Т. 24.- Л., 1986.- 380 с.
4. Топоров В.Н. Миф. Ритуал. Символ. Образ: Исследования в области мифопоэтического: Избранное. - М: Издательская группа «Прогресс» - «Культура», 1995. - 400 с.
5. Эпштейн М.Н. Маленький человек в футляре: синдром Башмачкина-Беликова // Вопросы литературы. - № 6. - 2005. -150 с.
6. Вольтер. Кандид, или оптимизм. - М: «Im Werden Verlag», 2003. - 57 с.

ӘОЖ 81'

СЫҚАҚ ЖАНРЫНДА МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Хамзина Г.С., Есентаева С., Шералиева Г.

(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Қазақ тілі ұйқасты, ырғақты, айшықты сөз орамдарын жасауға келгенде, дәстүрі мол, аса бір икемді тіл екендігі мәлім. Ол байлықты мақал-мәтел, нақыл сөз сияқты халықтық қазынадан да таба аламыз. Мақалдар мен мәтелдер – ғасырлар бойы халықпен бірге жасап келе жатқан қанатты сөз өнері. Кейбір мақал-мәтелдер заманның ағымына сай өзгеріп айтылады, кейде тіпті тыңнан жаңа мақал-мәтелдер шығарылып отырады. Олардан қазақ халқының ақыл-ойы мен даналық тапқырлығы танылады.

Мақалдап, мысалдап сөйлеу тапқырлық негізінен шығады. Сықақтың дәрежесі кімге қандай жағдайларға байланысты айтылуына қарай айырылады.

Мақал-мәтелдер образды, бейнелі түрде келіп, астарлы, ауыспалы мағына береді. Қазақтың көптеген халық мақал-мәтелдерінің мағынасында мысқыл, сатиралық әшкерелеуші үн бар. Мақал-мәтелдерде кездесетін күлкі-сықақтың әр алуан реңдеріне мысал келтірейік: «*Жығылып жатып, сүрінгенге күлген*», «*Көрмес түйені де көрмес*», «*Екі құзғын таласса, бір қарғаға жем болар*», «*Екі қошқардың басы бір қазанға сыймас*», «*Екі сиыр сауғанның айраны бар, қос қатын алғанның ойраны бар*», «*Екі қатын алғанның дауы үйінде*», «*Түйе көп болса, жүк сыймайды*», «*Қатын көп болса, ожауды ит жалайды*», «*Қойшының қызы қой келгенде іс тігеді*», «*Ақсақ қой түстен кейін маңырайды*», «*Түйе сойған, ешкі сойғаннан дәметеді*», «*Қой көрмеген көргенсіз қуалап жүріп жаяды*», «*Ұялмаған бұйырмағаннан ішеді*», «*жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас*», «*Сұмырай келсе, су құриды*», «*Біреу қарным тояма деп армандар, біреу әкім қылып қояды ма деп армандар*» т.б. Бұл келтірілген мысалдардың бәрінде де астарлы күлкі, сын-сықақ бар.

Мақал-мәтелдер тек ауызекі сөзді көркейту үшін ғана емес, көркем шығармаларда да жиі қолданылатыны аян. Тілімізге ажар беріп, сөзімізге жан бітіретін мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер, айшықты сөз тіркестерінің суреткер шығармасында алатын орны ерекше. Бұл жөнінде ғалым Е.Жанпейісов былай деп тұжырымдайды «Жазушы тіліндегі бейнелеу құралдарын әр алуан көркемдік бояу бере пайдаланады. Бұл орайда ауызекі сөйлеу тіліндегі қарапайым сөздер де, мақал-мәтелдер де, эпитет пен теңеулер де, тілдің басқа құралдары шығарманың жалпы идеялық-тақырыптық арқауына лайық жаңа бір мағыналық астар алып, стильдік функциясы арта түседі» [1, 17 б.].

Сықақшылар мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді орынды қолдану арқылы суреттеп отырған оқиғаны, кейіпкердің іс-әрекетіндегі жағымсыз қылықтарын мысқылдап, айтайын деген ойын оңай түсіндіреді. Әсіресе халықтың мақал-мәтелдері мен айшықты сөз үлгілері жағымсыз кейіпкерлердің сөйлеу өрнектерінде жиі кездесіп отырады. Олар сөйлеушілердің өз мақсаттарын ақтауға жұмсалған. Бірақ олардың мән-

мағыналары мен қолданылу тұрғысы арасындағы кереғарлық кейде сөз иелерін әшкерелеуге қызмет етеді. Сөйтіп, олардың тілдік мінездемесін жасайды. Күлкі-сықақтың орынды қолданылған мақал-мәтелмен үндесіп жатуы шеберлікті талап етеді. Қаламгерлер мақал-мәтелдерді шығармаларында орынсыз тықпаламай, суреттеп отырған дәуірге, кейіпкердің іс-әрекетіне мағынасы сай келетіндерін теріп алатыны – сондықтан.

Сатиралық шығармаларда сықақ мағыналы мақал-мәтелдерді өз қалпында, синтаксистік, морфологиялық жағынан құбылтпай, өзгеріссіз қолдану аясы жиі кездеседі. Түп нұсқасын сақтап қолданылған мақал-мәтелдерге мысалдар келтірейік: 1. *Құрғақ қасық ауыз жыртады» дегені* және бар. Соны ескеріп мына бір конверттің ішіне, назымызды, бозынамызды салдық. Тәк. (О.Ә.,18-б.). 2. Бәрі баланың өзіне байланысты, ақсақал, *талабы болса тас жарарды*, – деп мектеп директоры жөн сөз айта бастап еді, - сонда не, бар пәле талабына қарап қалып па ? – деп сөзін бөліп жөнге көшті (О, несі-ай). 3. Өй, аруағыңнан айналайын ата-бабамыз: «Заманың қалай болса, бөркінді солай ки!» демеді ме? (Ғ.Қ., 127-б.). 4. «- Елді не аз бүлдіреді, не таз бүлдіреді» деген, – деді қаба сақал шал, алдындағы балдақтарын алып жанына қойып». 5. «Еңбектен қашсаң дөңбекке» дегендей шекелеріңді шербен арттыра тиетін дөңбекке тап боласыңдар, деп айтуға оқталдым да, өзі де күйіп отырған қонағымды күйдірмейін деп, сабыр етім (О.Ә., 88-б.). Жоғарыдағы мақалдардағы ойды басқа оймен жанастыру үшін, мақал мен басқа сөздердің арасына көбінесе «де», «деп», «деген» етістігін қойып айтылған. «Де» етістігі арқылы екі негізгі ойды құрап, сөйлем мен сөйлемді жалғастыру – мақал тәрізді тізбектердің «қаймағын бұзбау», стандартты қалпын өзгертпеу керек екендігін көрсетеді. 6. Ал біздің басшылар «қой көрмеген қуалап өлтіредінің» керін келтіріп, жекеменшіктеудің, капитализмнің оңай жолын таптық деді екен, әйтеуір туталақайын шығарды (Ғ.Қ., 54-б.). 7. «Ұсынған басты балта шаппайды» (Ымды білесіз бе). 8. *Үлкен пышақ ұялғаннан өтеді»* дегенде, құдай еркек қып жаратып қойған соң, амал жоқ, қалқиып жүр береді екенсің (О.Ә., 38-б.) 9. *Түлкінің қызылы өзінің соры»* дегендей, анау түлкіні көрдіңіз бе?, жаңа ғана қарға аунап тұрғандай құтыра құлпырып тұр (О.Ә., 45-б.). 10. «Қасқыр енді қой жемеймін» десе, сенер едім, ал ағаның арақты қойдым дегеніне сенбей отырмын, ой, тоба-ай (О.Ә., 59-б.). Мына мысалдарда да авторлар мақал-мәтелдердің түп нұсқасын сақтап, өзгеріссіз қолданған. Мақал-мәтелдер құрылымы мен лексикалық жақтарынан өзгеріске түспей, кейіпкер аузына түсуі өзіндік әсер берген. Авторлар халық даналығын оқиғаға орай, кейіпкер әрекеті мен мінезіне сай жұмсаған.

Қолдану ретіне қарай мақал-мәтелдердің компоненттері мәтін ішінде өзінің негізгі мағынасында, не ауыс мағынасында да қолдана береді. «*Бұра сөйлеген күлкіге жақсы»* дегендей, халық мақалын ауыс қолданудың да сатиралық шығармаға тән келетінін байқауға болады. Айталық, мына сөздердің астарында көп нәрсе аңғарылады: «*Жай балта Айбалта болсам екен деп армандайды»*, «*көзі сау қылиға күледі, соқырға қыли да күледі»*. Әрине, жай балта, айбалта сөздерінің астарында адам бейнесі тұрса, екінші мысалдағы «жыртық тесікке күледі» мен мағыналас екендігін байқаймыз.

Мақал-мәтелдер кейіпкердің өз аузынан айтыла отырып, кейіпкердің образын сатиралық тұрғыда ашады. Мысалы: 1. – Е, оқудың бәрі бір емес пе... *балдан тamar, байдан жұғар* деп қосып жатырмыз баламызды, әйтпесе қай оқуды таңдаушы ек... *Соқыр тауыққа бәрі бидай* деген, біздікі сол ғой... – деді Қайсар (М.Н., 21-б.). 2. Бізге тән: өзі десе, өгіз қара күші бар, көпке десе бітпейтұғын ісі бар, әлеуметтік бойкүйездікті оларға таңудың жолы жоқ. 3. Түйе қартайса, көшегіне (ботасына) ереді», -деген атам қазақ (С.О., 320-б.). 4. Сұрау шынында да ыңғайсыз келіп тиіп еді... Жұмақ нешеу, тамұқ нешеу, кәпір қайда барады, мұсылман қайда барады деп сұраушы болса, қожекең, мүдірмей айтып берер еді. Жұмақта бір еркекке неше қыздан берілетінін де,

олардың жасы он сегізде болатынын да көріп келгендей көсілтер еді. *Шашы ұзын, ақылы қысқа* үйдегі тоқал қалай туласа да мейлі бір отар жұмақ қыздарынан өзінің үміті барлығын да жасырмас еді... (Ғ.Қ., 173-б.).

Бірінші мысалдағы Жұмабектің айтып отырған мақалдарының өзінде сатиралық мән бар. Осы арқылы автор кейіпкерінің «шалалығын» сатиралық сипатта көрсете білген. Мақал-мәтелдер көп мағыналы болуымен қатар, бір-бірімен синонимдес, мәндес болып келеді. Кейінгі мысалдарда кейіпкерлер тілінде ғана кездесетін мақал-мәтел авторлық баяндауда қолданылып, баяндаудың мысқылдық бояуын қанықтата түскен.

Осылайша бірде образды суреттеуде қолданса, кейде образды келемеждеу барысында соңғы түйін, автордың өзіндік көзқарасы, кекетуі ретінде пайдаланылады.

Бақабасты еркегің осы болады.

Әлгіндегі Тотия деген

Алтынбасты әйелдің досы болады.

«Қалған көңіл- шыққан жан» (О.Ә., 81-б.) деген мақал осы болады, – деп автор түйіндегенде оқиғамен айтылмақ: «Қалған көңіл - шыққан жан» мәтелімен тұжырымдалған.

Жалпы, сатиралық шығармаларда мақал-мәтелдер жай сөйлем түрінде де, күрделі сөйлем түрінде де кездеседі. Мақал-мәтелдер жай сөйлемде, көбінесе есімше немесе етістіктің тұйық рай формасында көрінеді. Қазақ тілінде есімше тобы көп тараған форма екенін бұл жерде ескертетін жай. (*Ала қойды қырыққан жүнге жарымас*).

Қазақ мақал-мәтелдернің бір сыпырасының бойында құрмалас сөйлемнің барлық қасиеттері де кездеседі. Мақалдарда жасалған құрмалас сөйлемдердің құрамындағы жай сөйлемдер бірігіп, бір күрделі ойды білдіреді. Сөйлемнің ең бірінші шарты ойдан басталса, мақалдар сол ойды нығарлай түседі, себебі әрбір мақалдың негізінде терең ой түйіні жатады. Күрделі сөйлемдерден тұратын мақал-мәтелдер мағынасына қарай екі топқа бөлінеді. Бірінші топтағы сөйлемде компоненттер арасындағы екі бөлек сөйлемнің тәуелсіз, қарама-қарсы салыстырмалы қатынасын қарастырады. Мысалы, «*Мұртына қарай іскегі, сабасына қарай піснегі*». Ал, екінші топтағы сөйлемдерде компоненттері бір-біріне байланысты, тәуелді болып, олар не шартын, не себебін айтады. Мысалы, 1. Ағайынның арқасында би болар, қарындастың арқасында сый болар» (Ү.У., 37-б.). 2. Ұлығың соқыр болса, бір көзіңді қысып жүр» дегіңіз келіп отыр ғой... (О.Ә., 81-б.). 3. *Бастығым ақсақ екен деп ақсаңдап жүретін жәйім жоқ* (О.Ә., 57-б.).

Мақал-мәтелдердің өзгеріске түсуі стильдік қолданыста сөз зергерлерінің сөз саптау шеберлігіне қарай құрылған. Бірақ бұл өзгерістер мақал-мәтелдердің жалпы мазмұнына, мән-мағынасына, бүкіл тіркеске негіз дәнекер болып тұрған бейнеге еш әсерін тигізбейді. «Мақал-мәтелдердің осылайша әртүрлі өзгерістерге ұшырауы салдарынан пайда болған, тіл практикасында бір-ақ рет қолданыс табатын түрлерін инварианттар дейміз. Олардың пайда болуында белгілі бір заңдылық жоқ. Инварианттық өзгерістер көркемдік өрнегін, образы мен бейнелеушілік әсерін, эмоция-экспрессивті қуатын бойында сақтай отыра, пайдаланатын талантына байланысты» [2, 209 б.] – деп саралайды Ә. Қайдар. Негізінен сықақ туғызу үшін сатиралық шығармаларда қолданылатын мақал-мәтелдер автордың өзгертуімен де өзіндік көрініс тауып жатады. Кей жазушылар әрбір мақал-мәтелді ырғағына сай, кейде түп нұсқасын сақтап өзгеріссіз алады да, сөйлем ішінде оларға қосымшалар жалғап отырады, бірде олардың кейбір сөздерін басқа сөзбен ауыстырып қолданады. Мысалы:

1. - Ә, келдің бе?

Келдім, кешегінің қисығын түзеп, артығын күзеп, қайта бастырдым.

Әкел, көрейін.

Мінекейіңіз.

БІМ – ым, дұрыс...- деді директор соңғы бетін ашып жіберіп, өзінің фамилиясын көргенде, сыйлық алатындардың тізімінде тұрғандай күлімсіреп.

Мынауың кім? - деді.

Жолдас директор, өзіңіз негізгі авторсыз, «ұстазсыз шәкірт- құйрықсыз құс» дегендей... Ә, солай ма? «ініден ізет» дейсің ғой». Келтірілген мәтінге назар аударсақ, қолданылған мақал мәтіннің мағынасын толық ашып тұр. Біріншіден ұстазсыз шәкірт- құйрықсыз құс құрылымына келсек, лексикалық компоненті өзгерген. Халық даналығында шәкіртсіз- ұстаз тұл, екіншіден лексикалық мағынасы, грамматикалық құрылымы да өзгертілген. Компоненттік құрамы қысқартылған мақалды «ініден ізет» тіркесінен көреміз. Әрі қарай ағасының ініге көрсетіп отырған құрметін оқырман өзі де түсінеді немесе директордың қолданған «нақыл сөзінен» қызметкерінің образы ашылып отыр. 2. «Кісі елінде шабақ болғанша, өз елінде шанақ бол» Елге қайт! (О.Ә., 208-б.). Мұнда сықақ мағына тудыру мақсатында жалпы қолданыстағы мақалдар өзгеріске ұшыраған. Ал, инварианттық өзгерістерде эмоционалды-экспрессивтік реңк басым. 3. Бортай: (жалынып) – Мен енді қойдым көке! Кеш, кеші- кешірім...-ық. Борпық: Өз...өзіме тартқан мо...момыным! Айнымайды. Әкесін сойып қаптағандай. «Не ішсең, соны құсарсың» деген... (О, несі-ай?). Мына мысалда екі адам арасындағы диалог мәтін үзіндісіндегі берілген көп нүкте мен интонациялық паузадан қандай жағдайдағы әңгіме екендігін аңғарамыз. Ал қолданылған мақалға қарап, әкесі Борпықтың өресін де байқау қиын емес. «Не ексең, соны орасың» мақалы «не ішсең, соны құсарсың» болып өзгертілген. Бұрын ел аузында «Есебін тапқан екі асайды» деген мақал болған екен. Қазір «Жүйесін тапқан жеті асайды» деген сөз шығыпты. Келтірілген мысалдағы мақалдың өзгертілуі өмір болмысын суреттеуді, яғни мақал-мәтелдер өмірдегі шындықты ашуда өзгертіліп отырады. 4. «Ілгері басқанның иті балконнан үреді» (М.Н., 14-б.). Қазақтың «ілгері басқанның тасы өрге домалайды» деген мақалы бар. Осы мақалды негізге ала отырып, автор сәл өзгертіп, айтылмақ ойды жандандыра түскен, ащы сықақ туғызған.

Мақал-мәтелдер мәтін үзіндісінде қолданылуымен бірге оның жеке тұрып, өзгертіп мысқылдау мақсатында іске жаратылатыны төмендегі фактілерден көреміз: «Біреуге қыз қайғы, біреуге түз қайғы». Қыз, түз сөздері жан, мал сөздерінің орнында беріліп, бір қолданыс үшін жасалса, «жыланға жүн біткен сайын қалтырауық болады» мәтелінде «жан», «түк» сөзінің орнына берілген.

Сондай-ақ, мақал-мәтелді өз қалпында ғана емес, еркін сөз тіркестері түрінде қолдану жиі кездеседі. Бұндай тәсілдер нәтижесінде окказионалдық қолданыстарды аңғаруға болады. Мысалы:

Арал теңізінің тағдырына арналған әдеби музыкалық кеште кешігіңкіреп келген бір жігіт жұрттың бәрімен амандасып, Қадір Мырзалиевті неге екені белгісіз, аттап өтеді де, біраздан кейін ақылы кіріп:

-Қадеке, кешіріңіз! Байқамай қалыппын! деді.

-Оқасы жоқ, айналайын! – дейді Қадір ағасы. Соңғы кездері кейбіреулер түйе екеуімізді байқамай қалатынды шығарып жүр (Ғ.Қ., 163-б.).

Қабылдаушы Көрмес түйені де көрмес деген халық мәтелін сәтті қолданып, кекесін білдіреді. Сонымен бірге қысқа қайырылған жауаптан тыңдаушы біраз нәрсені түйіндейді.

Кешіре көріңіз, Қаске-аға, іріктің аузынан шірік шығады емес пе, албасты басып аңдамай сөйлеп қаппын,- деп құйрығын жыланша ирелеңдетті.»

Талабы жоқ адам – шалбарының балағы жоқ адам секілді сорлы ғой. Құр ауыз алысқа алып бармайды. Ауызға қоса талап, талант керек (О.Ә., 18-б.).

Сатирада мақалдар мен тұрақты тіркестерді орынды пайдалану үрдісінде сықақ мағына беретін мақал-мәтелден айыра танығысыз ұйқасты жолдар мол кездесетінін

мына мысалдар да дәлелдейді: 1. «Еріккенге ермек керек, ерігіп те көрмек керек екен». 2. «Әйел түсінде еркек көретін шығар, еркек байғұстың түсі де қыз-қырқынға толы ертек шығар». 3. «Еріккен елге ермек керек, тегін қызықты көрмек керек». 4. «Тауықтың түсіне тары кіреді, адамның түсіне тауықтан басқаның бәрі кіреді» т.б.

Нақыл, дана сөздер сатиралық шығармалардың әсерін арттырып, керек жерде афоризм ретінде өте бір қисынмен кірістіріліп отырады. «Афоризм қаламгердің өз басынан өткерген, алайда дәлелдеуді қажет етпейтін шындықты рухани қорытып шығаруы нәтижесінде пайда болады. Афоризм, әдетте, көп мағыналы болып, өмір қайшылықтарының өткіншілігіне негізделеді» [3, 24 б.]. Қаламгерлердің басты мақсаттары – адам бойында кездесетін жағымсыздықты міней отырып, біршама тұжырымды түйін жасау. Рас, кейде сатириктердің тұтас жинақтарын оқи отырып, мына өмір, тіршілік тола кемшіліктер мен жағымсыздықтардан тұратын секілді көрінеді. Бірақ сатириктер шығармаларындағы бірде-бір мысқыл мен кекесінге, әжуа мен ащы сықаққа қарсы уәж айта алмайсың. Өйткені, ол өмірде бар. Нақыл сөздерден оқырманға даритын басты ой – «соны байқа, содан сақтан!». Мысалы; 1. Жапалақта ән болмайды, жағымпазда ар болмайды. 2. Мылжыңның билікке жеткені – құмға күріш еккені. 3. Суайтқа ісің түскені- жүйкеңнің іскені. 4. Ақымаққа бақ қонса, ақылдыны құса қылар», 5. Ақша айқайлап, адам міңгірлейтін де кездер болады. 6. Біреуді жамандамаса жағы қарысып қалатындар бар. 7. Кісіден иттік шыққанда, иттен кісілік неге шықпасын». 8. Мақтанғанда шолақ тілімен ерінін жалап отыратын есуасқа жолама (С.О., 30-б.). Бұл мысалдарда жағымсыз көріністерді әшкерелеуде салыстыру тәсілі қолданылған.

Өткір сынауда, әжуалауда мақал-мәтелдер мен нақыл сөздердің маңызы зор екендігін сатира тіліндегі қолданыстардан көріп отырмыз. Мақалдардың ішінде ассонанс, аллитерацияны, ішкі ұйқасты, үндестігін жиі кездестіруге болады. Мақал-мәтелдер сатиралық шығарманың идеясына байланысты жұмсалып, семантикасы жағынан экспрессивті болып келеді. Осы мақал-мәтелдер сын-сықақ тудырып, шығармаға ерекше әсер беріп, идеясын аша түсуге ықпал ететіні сөзсіз.

Әдебиет:

1. Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. – Алматы, 1968. – 265 бет.
2. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1999. – 209 бет.
3. Әділова А. Сентенциялардың лингвистикалық сипаты. – Алматы, 2003. – 180 бет.

ӘОЖ 81

О.БӨКЕЙ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ДИАЛЕКТИЗМДЕР МЕН ҚАРАПАЙЫМ СӨЗДЕР

Хамзина Г.С., Есмұқанова С., Оңғар Н.
(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Көркем әдебиет тілінде диалектизмдер кейіпкер образын жасау ашу үшін, жергілікті халықтың ерекшелігін көрсету үшін қолданады. Қаламгерлер кейіпкерлердің аузына диалектизмдерді көркемдік мақсатта салады. Диалектілік ерекшеліктерді орнымен қолданбаса, әдеби тілді шұбарлайды.

Академик Ә. Қайдаров: «Тілде қанша сөз болса да, ол тек қоғам мүшелеріне қажеттілігінен ғана дүниеге келген, ал олардың бәрі бірдей ғасырлар бойы сақадай сай

сайланып тұруы мүмкін емес. Дегенмен, бір заманда ғимараттың бейне бір кірпіші тәрізді өзіне тілден орын тапқан сөздердің сол ғимарат тұрғанда басы артық болмаса керек», – дейді [1, 12 б.].

Ғ. Қалиев пен Ш. Сарыбаев диалект деген терминге мынадай анықтама береді: «Жалпыхалықтық сипат алмаған белгілі бір жерде ғана қолданылатын ерекшеліктердің жиынтығын, өзіне ғана тән тілдік ерекшеліктері бар жекеленген аймақ, территорияны білдіреді» [2, 4 б.].

Көркем сөз шеберлері өзіне керекті материалды халық өмірінен, халық тілінен алып пайдаланады дедік. Сондықтан онда жалпыға ортақ біртұтас әдеби тілмен қатар белгілі бір территориялық аймақта ғана айтылатын жергілікті диалектілік ерекшеліктер де кездеседі. Диалектілер көркем шығармада белгілі үш себепке байланысты қолданылады:

1. Жазушы тілінің жұтан­дығынан әрі сөзді таңдап, талға, саралап қолданбай зәруліксіз қолдану;
2. Сильдік мақсатпен әдейі қолдану;
3. Әдеби тіл лексикасын молайту.

Диалектизмдердің қолданылуы туралы Д.Е. Розенталь былай дейді:

«Сфера использования диалектизмов – художественная литература, где они служат для реалистического изображения быта (создания «местного колорита»), речевой характеристики действующих лиц, а так же в качестве средства выразительности» [3, 76 б.]. Сондықтан орынды, белгілі бір мақсатқа сай жұмсалған диалектизмдерді шығармалардан біршама кездестірдік. Өз замандастарының тұрмыс-тіршілігін шынайы суреттеген шағын әңгімелерде диалектизмдерді авторлық түсініктемеде (ремаркада) және көбінесе кейіпкер тілінде жұмсалған.

Мысалы:

– *Орал – деді шешем, шоланда бір меске сүт пісіп тұр еді, алып келші* (О.Б., 294-б.).

Осы отырған жерінде тарпынды шығарайын ба? (О.Б., 256-б.)

Берілген мысалдардағы *шоланда, тарпынды* деген жергілікті тіл ерекшеліктері кейіпкер арқылы берілген. Сол арқылы автор жергілікті жердің тіл ерекшелігін сақтаған. Шығарма кейіпкерлерін неғұрлым шынайы, нанымды көрсету жолында олардың сөзін өз ортасына сай берген. Белгілі ғалым М.Серғалиев «Сөз сарасы» атты еңбегінде көркем әдебиет тілін құрайтын екі компонент туралы, яғни авторлық баяндау тілі мен кейіпкер тіліне қойылатын талаптар туралы айтады. Ғалым авторлық баяндауда кез келген сөзді қолдана берудің реті жоқ екенін, әдеби тілдің мысалдары мен үлгілерін шығарманың авторлық баяндау бөлімінен іздеуіміз керек дей келе авторлық баяндауға жоғары талап қояды [4, 198 б.].

Жергілікті тіл ерекшеліктері кейде авторлық баяндауда да кездеседі. Жергілікті сөздерді автордың өз баяндауында қолданудың негізгі мақсаты әдеби тілде баламасыз диалектизмдермен әдеби тілді байыту. Егер осындай мақсатта қажеттілікпен қолданылған болса, ол орынды қолданысқа жатады.

Тарлығының танауы жыбырлап күйтектік алғашқы кезегінен дәл - етеді (О.Б., 8-б.).

Кешкісін қойшының жәрдемелері төлдерді енелерінен бөліп, күргейлеп әкеп, төл қораға кіргізді (О.Б., 46-б.).

Сол адамның қомағай қарашығынды мүйізден айрылып пұшайман болар жасбұғы да тулап, тұтқында тұрған екен (О.Б., 63-б.).

Кербұғы сол діңгектің түбінде, дүбәрә алаңда қалды (О.Б., 18-б.).

Рас, бой-бой боп терлеп лақатын әзірлейді (О.Б., 68-б.).

Күйек (Алм., Жам.) күзде туған қозы: Қаумалау (Қ.Орда., Арал., Қаз) шөмелеу: Күргейлеу (Алм., Шел., Еңб.) қаумалау, қамажаулау: Пұшайман (Қарақ.) зәбір, қысым: Дүбәрә (Орал, Гап., Жылп., Қара.) ерте туған бұзау: Лақат (Ауғ., Ир.) алқа деген тіл ерекшеліктері автор арқылы берілген.

Сонымен қатар, қаламгер кейіпкерлерінің белгілі бір өңір тұрғыны екенін білдіру үшін, кейіпкер тілінің нанымды шығуы мақсатында жұмсаған.

Жергілікті тіл ерекшелігіне жататын *азан, ақ сөңке, тәте сөздері кездесті: Азаннан кешке дейін осы қимылмен-ақ бітіріп тастайды* (О.Б., 27-б.). *Қол созым жерде ақ сөңке боп бықып жатқан арша анау...*(О.Б., 40-б.) бұл сөйлемдердегі *азан* (оңтүстік өңірде) *таңертеңгі уақыт, ақ сөңке* орман ішіндегі қураған бұтақ, тал, бос ағаштар деген мағыналарында жұмсалған.

Жолға дайындалу керек. Білгендей-ақ тәтеме монша жағып қой деп едім (О.Б., 28-б.). Алтай өңірінде *апа, шешеге* қарата айтылатын *тәте* сияқты жергілікті тіл ерекшелігін кейіпкер тіліне әдейі салған.

Берілген сөйлемдерде жергілікті жердің фонетикалық ерекшеліктерінде көрсеткен. Фонетикалық ерекшеліктерге кейбір сөздердің не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке айтылуы жатады. Солтүстік-батыста көбіне айтылатын біраз сөздер оңтүстік-шығыста жіңішке айтылады.

Осыған байланысты повестерде фонетикалық ерекшеліктерге байланысты жіңішке айтылатын сөйленістерді де байқадық.

Повестерді талдауда кездескен сөйленістердің фонетикалық ерекшелігін төмендегідей топтастырдық:

Дауысты дыбыстардың алмасуы;

ә/е . Әлбәттә – әлбетте.

– *Әлбәттә, әлбәттә. Жүд-дә дұрыс! – деді сақал сауған шалдар бас шұлғып* (О.Б., 67-б.).

Кейіпкер сөйленісіндегі *жүдә* күшейткіш үстеу мәнінде қолданылып, сөздің экспрессиялық қуатын арттырып, кейіпкердің жақсы сезім-күйде отырғандығын байқатты.

Жүдә (өте), *әлбәттә* деген оңтүстік сөйленістеріне өзбек тілдері арқылы енген.

Жазушы диалектілік ерекшеліктерді көбінесе жергілікті тұрғындарды сипаттауда, халық тұрмысын шынайы көрсету, белгілі бір аймаққа тән материалдық және рухани мәдениет ерекшеліктерін беру, халықтың болмысын, рухын шынайы түрде бейнелеу мақсатында қолданады.

Көркем мәтіндердегі жергілікті сипаттағы лексикалық ерекшеліктерді өз ішінен бірнеше топқа жіктеуге болады:

4.нақты лексикалық ерекшеліктер – әдеби тілде баламасы, синонимі бар сөздер;

5.семантикалық ерекшеліктер – белгілі бір тұрғындардың тілінде жалпыхалықтық қолданыстан бөлек мағынасы бар сөздер;

6.этнографиялық ерекшеліктер – белгілі бір аймаққа ғана тән, басқа жерлерде қолданылмайтын немесе олардан түбегейлі ерекшеленетін заттар мен құбылыстардың аттары. Мұндай этнографиялық жалпыхалықтық тілде баламасы болмайтындықтан, оларды сипаттама түрінде ғана беруге болады;

7.фразеологиялық ерекшеліктер – белгілі бір аймаққа ғана тән, сол жерде ғана түсінікті болатын тұрақты сөз тіркестері.

Жергілікті ерекшеліктер жалпы көпшілікке бірдей таныс болмайтындықтан, олардың көркем әдебиеттегі қолданылуы көп талас тудырған мәселелердің бірі болып келді. Ол, ең алдымен, шығарманың тақырыбына, мазмұнына, суреттелетін оқиғаларға, автордың мақсатына, эстетикалық идеалы мен шеберлігіне байланысты.

Жазушы повестеріндегі диалектілік лексиканы төмендегідей тақырыптық топтарға бөлдік:

1. Үй құрылысына, шаруашылығына байланысты атаулар: 1. Қораның қоршауы. (Шымк., Арыс., Жамб., Мер.). *Дуалға сүйеп қойған қаптың артын, ошақ жанындағы бүктетіліп жатқан алашаның астын, тіпті есік алдына шығып үюлі отынның маңын да сипалап қарап көрді* (О.Б., 318-б.). Ырдуан. Пар өгіз жегетін жіңішке үлкен арба (Жезқ., Ағад.; Көкш.: Қ.ту, Еңб.). *Жүре алмайтын қойдың бәрін салып алу үшін өгіз жегіп ырдуан жіберсін, – деді* (О.Б., 79-б.).

2. Туыстық атауға байланысты: Әпше// әпке. Апа (Шымк., Сарыағ.). *Ол бәрін құшақтап тұрып, ұзақ-ұзақ сүйді. Әсіресе шашы жалбыраған шынашақтай қара қызды құшақтағанда, ол келіп: «Әпше, әпше», – деп жылағанда мұның кәдімгідей көңілі босап, даусы шығып кетті* (О.Б., 367-б.).

3. Бау-бақша егісімен байланысты: Бәдірен. Қияр (Оңтүстік аймақта). *Қазір сол шалдардың өзі жусан жерлерін айдағып тастап, орнына бәдірен дей ме, кәпөсте дей ме, қайдағы бірденелерді сенгі де тастады* (О.Б., 316-б.). Кейіпкерлердің сөз саптасын көрсету үшін жергілікті тіл ерекшеліктерін стильдік мақсатта қолдану үрдісін аталмыш жазушылар повестерінде өз орнымен қолдана білген деп айта аламыз.

Көркем сөз шеберлері өзіне керекті материалды халық өмірінен, халық тілінен алып пайдаланатындықтан онда жалпыға ортақ біртұтас әдеби тілмен қатар диалектизмдер мен қарапайым сөздер сияқты сөйлеу тілінің элементтері кездесетіні белгілі. Оралхан өзі қолданған көпшілікке таныс емес сөздерге қосымша анықтама бере кетеді немесе контекст арқылы қандай мағынаны білдіретіні түсінікті болып отырады. Жазушы әрдайым стильдік жүк арқалаған сөзді таныстырып жұмсау мақсатын ұмыт қалдырмайды. Әспенсу, аңқиттау, әнейі, шербек, желемік, най, сұламалану, сымбыл, бірсін-бірсін, қапалаң-қапалаң т.б. сөздер мағыналық жақтан түсінікті жұмсалған.

О. Бөкей ерекшелігі диалектілік сипаттағы кәсіби сөздерді өнімді қолдануда көрінеді. Жазушының бау-бақша егісімен айналысатын оңтүстік аймақтағы тұрғындардың тілінде қолданатын әр түрлі атауларды (торлама, басыпалды, кемпірқауын, құлақ арық т.б.) орнымен пайдалануы – әдеби тіл лексикасын қажетті кәсіби сөздермен байыту, жалпыхалықтық қолданыс дәрежесіне көтеру.

Қазіргі қазақ тіл білімінде лексикалық әрі стильдік категорияның бірі – қарапайым сөздер. Қай тілдің болмасын лексикасындағы қарапайым сөздерді нақтылы ажыратып көрету үшін, алдымен сол тілдің сөйлеу тілі нормасы мен әдеби нормасының аралық шекарасының өзі айқын да нақтылы түрде көрінуі керек. Мұның өзі сол тілдің жазба мәдениетінің, ұлттық жазба әдеби нормасының қалыптасу, даму дәрежесіне тікелей байланысты.

Қазақ тіл білімінде лексиканың бұл тобы көп зерттелмегенімен, қарапайым сөздер турасында айтылған пікірлер бар: «Қазіргі қазақ тілі» курсыңда: «Сөйлеу тілінде қолданылатын, жазба әдебиетте қолданылмайтын, әдеби тіл нормасына сай келмейтін жай дөрекі сөздерді қарапайым сөздер дейміз», - деп берілсе, М.Балақаев: «Қарпайым сөз - жалпы халықтық сөйлеу тілінің кейбір әлеуметтік ерекшелігі бар тілдік нұсқалар. Олар әдеби тіл нормасына жатпайтын, көбінесе дөрекі, жасық, дөкір сөздер болып келеді, мысалы, «қатын алу» (үйлену), «кембағал» (кедей, жарлы), «шүйке бас» т.б.»[5],- дейді. *Іңісі арғы ауылдан біреудің бүлдіршіндей жас қызын алып, ұлы жіңгір ой жасап жатқанда: «Өзі болған қыз төркінін танымас» деп, бізбен ақылдаспай қатын алып отыр гой. Бармаймыз!» - деп үш рет ат сабылтып кісі жібергенде, аяқтарының басын қайқайтып жатып алған* (О.Б., 243-б.).

Қарапайым сөздер деп, сөйлеу тілі элементі ретінде келіп жалпы халыққа түсінікті әрі әдеби нормаға жатпайтын, сөз мәдениеті төмен адамдада кездесетін, басым

көпшілігі тұрпайы болып келетін экспрессивтік-эмоционалдық реңкі бар сөздерді, сөз тіркестеін, грамматикалық тұлғаларды атау қажет.

Қарапайым сөздердің күрделі табиғаты мен өзіндік ерекше қасиеті сөйлеу тілінің басқа элементтерімен салыстырғанда көрінеді. Қарапайым сөздердің диалектизмдерден негізгі айырмасы – олар белгілі бір территорияда ғана емес, жалпы халыққа түсінікті болып келеді. О.Бөкей шығармаларында қарапайым сөздер көбінесе ұрсу, көңіл толмау мағынасында жұмсалады: Мысалы, *қараң өшкір, кэззап, жайрағыр, көктей солғыр, мойының астыңнан кегір, қарасан келгір, тапырақтап, жыланба, жәпілдеген, албасты, бетпақ, салдақты, сұрқия, мигұла, сүмелек, оттама, қызталақ, ноқай, малғұн, шірік неме, қу кетік, иттің баласы т.б.* Бұл сөздер жалпы оқырманға түсінікті болғанмен контексте дәрекі семантикасы бар сөздер.

Қарапайым сөздердің диалектизмдерден және бір ерекшелігі стильдік қолданысынан көрінеді. Көркем шығармаларда диалектизмдерді қолданғанда автор не персонаждың қай жақтың тұрғыны екенін ажырату үшін алады, немесе әдеби нормаға әбден сіңісіп орныққандықтан оны қолданбай тұрмайды. Сондықтан диалектизмдерді қолдану шала сауаттылықты, мәдениетсіздікті немесе әдеби тіл нормасынан аулақ деген пікір келтіре қоймайды. Қарапайым сөздердің басым көпшілігі тұрпайы болғандықтан, автор қолданғанда персонаждың ой-өрісін, сауаттылығын, мәдени дәрежесін, қысқасы, кейіпкер характерін ашып бере алады. Мысалы: *Еркіннің ең соңғы естігені, ат айдап отырған Оспанның «әкеңнің ауызын, не оттап тұр» дегені болатын* (О.Б., 104-б.) деген штрихамен-ақ О.Бөкей Оспан деген кейіпкерінің мәдениетсіздігі мен дәрекілігін, бүкіл характерін ашып отыр. Совет өкіметінің алғашқы құрылған жылдарында мамандардың жетіспеуінен уақытша болса да ауылнай сайланған шала сауатты әрі көңіліне жақпағандарды кінәсіз болса да еріксіз көндіруге тырысатын дәрекі мінезді Оспаннан мұнан артық күтуге де болмайтын еді.

Мұнан басқа тұрпайы мағынада қолданылатын сөйлеу тілі элементтерінің бірі – вульгаризмдер де жазушы шығармаларынан көрініс тапқан. Вульгаризмдер – тікелей эмоциялық мәні, яғни адамның ренжу, өкіну, ашуланғандағы кері (отрицательный) эмоцияны білдіретін тұрпайы мәні мейлінше басым болып келетін абстрактілі сөздер.

Мысалы: - *Сәлем беруге жарамай аяғының басын қайқайтып жатып алды, енеңді ұрайынның!* (О.Б., 50-б.)

-*Әй, әкеңнің аузы кегіңді, кем-кетіңді санап алайын деген екенсің, оң көзім сау, жалғзымен-ақ екі қолым қос дүниеде жағаңда кетер!* (О.Б., 30-б.)

- *Атаңа нәлеттер-ай, тыйым салсам да тыңдамапты-ау.* (О.Б., 60-б.)

Әй қарғадай қызда не әкеңнің құны бар. Сенсіз күнім қараң қалса да тайып тұр (О.Б., 25-б.).

- *Аспаннан былғары жауса, құлға оқшантайлық тимейтіннің кері болды, қатын, - дейді Қожса кәдімгідей кейісті түрде. – Жалғыз қызымыздың сақау болуы санымызды талай соқтырар әлі. Еркек бала емес «әкеңнің аузын уйайын, мал бейшем тимегеніңді көйейін» деп, ат үстінде шіреніп тұрып алатын, қызың сақау деп, бетке асып айттырмай қоя ма деймін* (О.Б., 246-б.).

- *Әкесінің аузын ұрайын! Байға тимесе-тимей-ақ қойсын* (О.Б., 265-б.). Мұндай сөздердің бірен-сараңдары болмаса, басым көпшілігінің әдеби варианттары болмайды.

Сонымен, О. Бөкей шығармаларында кейіпкерлерінің бейнесін анағұрлым шындыққа жанастырып ашу үшін, кейіпкерлер тіліне баса көңіл бөлінген. Кейіпкерлердің мінезі, сөйлеу ерекшеліктері олардың ішкі жан-дүниесіне байланысты беріледі. Кейіпкерлер тіліндегі сөйлеу тілінің элементтерін шеберлікпен жұмсайды. Ойды бейнелеп көркем жеткізуде кейіпкер тіліндегі диалектизмдер мен қарапайым сөздердің атқарар рөлі ерекше екеніне көз жеткіздік.

Әдебиет:

1. Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы, 2004. – 560 б.
2. Қалиев Ғ., Сарыбаев Ш. Қазақ диалектологиясы. – Алматы, 1967. – 175 б.
3. Розенталь Д. Практическая стилистика русского языка. – М., 1977. – С. 315.
4. Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. – Астана, 2006. – 369 б.
5. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Алматы, 1984. – 72 б.

ӘОЖ 81

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ КЕЙІПКЕР ЕСІМДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Хамзина Г.С., Жақсылық Ж., Рыспаева С.

(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Ономастиканың зерттелуі біздің елімізде, сондай-ақ шетелде соңғы 40 жыл көлемінде құлашын кең жая бастады. Өзіндік материалдар мен әдістемесі қалыптасқан ономастиканы тіл білімінің жеке, қызықты да келелі саласы ретінде қарастырмау мүмкін емес. Ономастика тек қана лингвистикалық компоненттермен шектеліп қалған жағдайда, оны жеке ғылым ретінде бөлудің қажеттілігі тумас еді. Бұл мәселенің айрықша мән берер тұсы – лингвистикамен қатар әдебиет, тарих, география, этнография, әлеуметтану сияқты зерттеліп отырған объектінің тарихи, мәдени тіпті, экономикалық тұрғыдан да қажет материалдар беретінін ескерсек, оны ерекше ғылым саласы демеске лажымыз жоқ. Осылайша, өз тәуелсіздігін, дербестігін сақтай отырып, таза ғылымдар қатарына қосылады да, тарихшылар, географтар, архелогтар үшін қосымша қолданбалы ғылым ретінде қала береді.

Белгілі орыс ономасы Никонов В.А. «Имя и общество» деп аталатын кітабында 40-50 жылдары ономастикалық зерттеудің тоқырауға ұшырағанын, бұл кезде жазушы Л.В.Успенскийдің жалқы есімдер туралы этюдтері ғана жалпы ономастиканы серпілткенін, 60-жылдары ғана бұл ғылым саласында сілкініс пайда болғанын атап өтеді. Бұл мұз көшкіні бұрынғы кеңестік ғылым жүйесінде болатын. Ал түркі халықтарының антропонимиясын зерттеу өткен ғасырдың 80-90-жылдарында шындап қолға алына бастады: түркі ономастикасы бойынша өткен түрлі конференцияларды (Фрунзе, Баку Гулистан) атап өтуге болады.

Кейіпкерлер әдебиет әлемінде өмір сүретіндіктен, әдебиетшілердің төл объектісі болғанымен, лингвистердің де үлесіне тиетін кез келді. Қазіргі уақытта қазақ Ұ тіл білімінде антропонимия өзіндік дербес пән ретінде қалыптасу жолындағы жас ғылым саласы деуімізге толық негіз бар. Олай дейтініміз «Қазақ ономастикасының мәселелері» (1986) деген кітапта «Бізде антропонимика, топонимика, этнонимика, астронимика, зоонимика, космонимика, фитонимия, теонимия т.б. бөлімдері әлі толық зерттелген жоқ. Олардың зерттеу объектілері ұшан-теңіз, бір емес, бірнеше ұрпаққа жетері сөзсіз» [1, 4 б.] делінген.

Соңғы жылдары кеңестік (ТМД елдері) тіл білімі көлемінде поэтикалық антропонимия немесе ономопоэтика – әдеби көркем туындылардағы жалқы есімдерді (поэтонимдер) зерттейтін ономастиканың бір тармағы пайда болды [2, 96 б.].

Бұл терминді алғаш рет өз зерттеулерінде антропонимистер Ю.А.Карпенко, Э.Б.Магазаник, В.М.Калинкиндер қолданған.

Ономапоэтика – көркем әдеби туындылардағы жалқы есім атаулыны, олардың құрылым принципін, мәнерін (стиль), мәтіндегі қолданысын зерттейтін, оқырманның қабылдауы мен қаламгердің эстетикалық көзқарасын білдіретін, мақсатын

айқындайтын ономастиканың бір тармағы. Н.В.Подольскаяның анықтамасы бойынша, поэтикалық ономастика – көркем шығармадағы атауыштық қана емес, кейіпкер аттары арқылы шығарманың стилистикалық, идеологиялық, экспресивтік жүгі, әлеуметтік мәнін, антропонимдердің қалыптасу, қолдану ерекшеліктерін зерттейтін антропонимиканың бір саласы.

Ресей ономастикасы мен ТМД елдері бойынша көркем әдебиет пен фольклордағы онимдік қолданыстардың сан алуан қырына арналған көптеген зерттеулерді (С.В.Веселовский, В.А.Никонов, В.И.Болотов, Э.Б.Магазаник, Ройзензон, Ю.А.Карпенко, Т.Н.Кондратьева, В.Н.Михайлков, Е.М.Мелетинский, Н.М.Ведерникова, В.А.Аникин, А.В.Суперанская, В.Е.Сталтмане, Т.В.Топорова, О.И.Фонякова, В.И.Супрун, Ю.Федосюк, Л.М.Щетинин, А.Г.Гафуров, Г.Ф.Саттаров, И.И.Алиев, Ф.Г.Гарифова, К.Конкобаев т.б.) т.б. атауға болады.

Қазақ лингвистикасының көшбасшылары А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, І.Кеңесбаев, А.Ысқақов сынды біртуар ғалымдарымыз адам есімдеріне байланысты біраз мәселенің басын ашып беріп кетті. Бүкіл ғұмыры мен ғылыми еңбектерін антропонимикаға арнаған профессор Т.Жанұзақовты «Қазақтың тұңғыш антропонимист ғалымы» деп мақтаныш тұтуға әбден лайық.

Сондай-ақ жекелеген шығармалардағы кейіпкерлер аттарының табиғатын, сөз төркінін ашуға көңіл бөлген ғалымдарымыздың (Әміров Р., Нұрмаханова Х., Есбаева Қ., Мұсабаева Ф., Мұхатаева А.) зерделі де зиялы қаламгерлеріміздің (Әлімбаева О., Әлімжанов Б., Балақаев М., Кеңдібаев Ф.) газет-журнал беттеріне жарияланған мақалалары мен кейбір этюдтері болмаса, сатира мен юмор жанрындағы кейіпкер аттары туралы қорғалған еңбек жоқтың қасы. Өйткені Жалқы есімдерді ең құнды дереккөз ретінде зерттеу, ерекше көңіл бөлуді қажет етеді.

Бүгінгі қазақ антропонимиясының өзіндік қол жеткен табыстары бар, дербес пән ретінде қалыптасқан ғылым саласы деуімізге толық негіз бар, 40-тан астам докторлық және кандидаттық диссертациялар қорғалған. Соңғы кездері қазақ ономастикасы бойынша қорғалған диссертациялық еңбектерді (Е.А.Керімбаевтың, Д.М.Керімбаевтың, К.З.Жаппар, Г.Т.Аубакирова, Б.Көшімова), Г.Б.Мәдиева, С.Қ.Иманбердиеваның «Ономастика: зерттеу мәселелері» еңбегін қазақ поэтономастикасына қосылған сүбелі еңбек деп бағалауға болады.

Академик Ә.Қайдар сатира мен юмор жанрында қолданылатын жалқы есімдердің этнолингвистикалық ерекшелігін зерттеу нысаны етіп, Халықаралық ономастика конгресінде «Казахские собственные имена в сатирических произведениях» (Лейпциг, 1984) деген тақырып бойынша баяндама жасаған, «Тіліміздегі бұл қызық құбылысты ары қарай «індете зерттеу» үшін ғалым өз шәкірттерінің біріне (Г.Қортабаеваға) кандидаттық диссертация ретінде ұсынып, арнайы зерттетіп отыр» [3, 15 б.] деп атап көрсетіледі.

Жалпы лингвистикада кейіпкер аттарының көркем шығармада атқаратын қандай рөлі бар, мән-мағынасы бар ма деген мәселе төңірегінде біраз даулы мәселелер, пікірталастар бар. Әдеби кейіпкерге ат беруді ұлы еңбек, өнер деп қарау керек, өйткені көркем шығармада кездейсоқ аттардың болуы мүмкін емес. Орыс жазушысы Л.Успенский «Сен және сенің атың» кітабында: «Егер Л.Толстойдың басына өзінің геройларының фамилияларын айталық, Ростовтың фамилиясын Перепеняға өзгертер ойы келсе, «Соғыс пен бейбітшіліктің» мықты ғимараты теңселген болар еді» [4, 27 б.] деген сөзін тек ғана жеңіл әзілге құрылған деп санауға болмас. Шынында, Ростов, Облонский немесе Иртеневке Перепеня, Чичиков немесе Плюшкин секілді фамилияларды беру бейнелеп айтқанда, миға сыймас дүниелер ғой.

Сатира мен юмор үнемі қатар аталады, екеуі де сын құралы, екеуі де қоғамдағы ұнамсыз көріністерді сынап – мінейді, екеуі де күлкіге сүйенеді. Бұл терминдердің

өзіндік шығу тарихы бар. Сатираны кейбір зерттеушілер жүзім құдайы Дионистің жанындағы көңілді топтың «сатирос» деп аталуымен байланыстырады, ежелгі Рим әдебиетшілері сынап-мінейтін сыни шығармаларды «сатира» деп атаған.

Сатира (мысал, мысқыл, өлең, памфлет, сықақ әңгіме, повесть, романдар, фельетон) мен *юмор* (пародия, шарж, эпиграмма, юмореска) жанрында ұшырасатын кейіпкер табиғаты, әдетте өзінің образдылығы, мәнерлілігі және ылғи ауыс мағынада қолданылатындығымен ерекшеленеді. Өйткені “*сатира, юмор* – әрі көңілді, жеңіл, әрі зілді, қуаныш, ренішке бейім өнер” болғандықтан” [5, 16 б.], оның әрбір кейіпкерлерінде “эстетикалық, эмоциялық т.б. информация болады”. Сол себепті оның кейіпкерлері де шетінен қалжыңқой, мысқылшыл, қағытпа болып келеді. Мысалы Бесбике (К.Әмір-Бек), Зымзия, Шүшира (О.Әубәкіров), Зілғайша, Шишагүл (Қ.Демеубергенов), Сипагүл, Желдігүл (Е. Жаппасұлы), Әлду, Бәлду (С.Кенжеахметов), Тіріжан, Тістібақа, Жыпбике (Б.Қыдырбекұлы), Сұрсұлу (Ғ.Қабышұлы), Әпитөк, Гүлжапырақ (А.Наймантаев), Зузула, Күлімкөз (Ш.Смаханұлы), Зымыра, Гүбі (У.Уайдин), Қырықсақина т.б.Сөз жоқ, өз шығармаларында ат беру уәждемесіне қаламгерлер әлеуметтік мән беріп, эмоциональды-экспрессивті ыңғайда жұмсалыуына, адам көңілін селт еткізерліктей мазмұнда мақсатты түрде қолданған. Суреткер көркем шығарманы жазарда өзінің алдына кейіпкерлердің дербес, қайталанбайтын бөлек бітімді бейнесін жасауды мақсат етеді. Сатира – болмыстағы жағымсыз құбылыстарды сынап әшкерелеуді күлкі етуді мақсат етіп қара сөзбен немес өлеңмен жазылатын көркем әдебиеттің түрі [6, 253 б.]. Сатира әрқашан юмормен егіз, күлкімен бауырлас. Сатира керексіз зиянды құбылыстардың суреті. Сатирада ыза, кек, юмор-күлкі қосылса, сатира бұрқанған күшке ие болады. Сатирада ащы кекесін, күлкі ету, мазақ қылу, жоққа шығару, лирикалық сезім мен ғылыми талдау тоғысып жатады [5, 7 б.]. Сатира әдебиеттің барлық түріне – прозаға да, драматургияға да – бәріне де ортақ. Сонымен, сатира әдебиетте жеке бір құбылысты зерттеп білудің поэтикалық, стилистикалық әдіс-тәсілі ретінде көрінеді, образды суреттеп берудің құралы түрінде қолданылады.

Юмор да сатира сияқты өмірдегі күлкілі құбылыс-оқиғаларды суреттейді. Бірақ, юморда уыт – зілден гөрі жеңіл күлкіге ғана негізделген әзіл-оспақ болып келеді. Қазір қазақ әдебиетінде таза юморлық симпатиядан туған шарж, пародия, эпиграмма, юморескалар қоғамдағы тұрмыс-тіршіліктегі жағымсыз жақтарды, адам бойындағы әлсіздіктерді зілсіз әдіс-тәсілмен, стильмен іліп-шалып кетеді. Сатира, юмор дегеніміз адам баласының алуан түрлі сезімдер мен қабілет- қасиеттерімен, әлеуметтік тұрмыс күйімен, қоғамдық ортасымен тікелей байланысты [6, 16 б.]. Өйткені сатира жай сынамайды, өткір, уытты, ыза-кекпен, өшпенділікпен, мысқылдай, әшкерелей сынайды. Ал юмор әзіл-қалжыңмен, зілсіз күлкімен, биязы стильмен жазылады. «Күлкі – күштінің құралы. Күлдіру мен күлкінің құрал-саймандары: әзіл, қалжың, мысқыл, әжуа, келеке, келемеж, шымшыма, шаншыма, сықақ, сөзбен шұқу, ілу, қағыту.Күлкінің мың түрлі себебі бар да, үш түрлі қасиеті бар. Күлдіре білу – өнер, күле білу – өмір, күлкі болу – өлім» [7, 2 б.]. Сатирада сарказм мен ирония басым болса, юморда шымшыма сөз, әзіл – оспақ, жеңіл күлкі басым болады. Қалай десек те, ақын-жазушылар жағымсыз құбылыс жөніндегі бағалауды бастан-аяқ күлкілі ситуацияға негізделген кейіпкер аттары арқылы бере білген.

Қазақ ономастикасының дамуы, жан-жақты зерттелінуі құнды әрі бай материалдарды мұқият жинауға байланысты екендігін академик Ә.Т.Қайдаров пен профессор Т.Ж.Жанұзақов: «Ең бірінші талаптардың бірі – барлық бірліктерді жинау және қағаз бетіне түсіру»,– деп атап көрсетеді [8, 198 б.].

Ауыз әдебиетінен бастау алған қазақ сатирасының пайда болған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін небір даму сатыларынан өтті, тамырын тереңге жіберді. Сондықтан ауыз әдебиетіндегі атының аталуы ерекше (Алдар көсе, Тазша бала, Жезтырнақ,

Желаяқ, Қаңбақ шал, т.б.) персонаждардан бастап, қазақ әдебиеті бойынша 100-ден астам қаламгерлердің сатиралық-юморлық туындыларын, қазақша басылымдарды және «Ара» журналының (1956-2007) барлық нөмірін сүзіп, бүгінгі қазақ әдебиетіндегі сатира мен юмор жанрында қолданылатын, есімі езу тартқызар, күлкілі, кекесінді аттарды ғана есепке алдық, шамамен 2600-дей бірлік анықталды. Сықақшы шығарманың тақырыбы мен идеясына, көркемдік шеберлігіне ғана емес, сол шығарманың өне бойында, бас-аяғында өмір сүретін кейіпкердің сыртқы бітімі мен ішкі дүниесін бір-біріне сай көрсету үшін аталуына үлкен мән береді.

Көркем туындыға біз ауқымы, шеңбері, өрісі кең болғандықтан, көп қырлы алмас секілді асыл дүние деп қарайтын болсақ, оның бір қыры – көркем туындылардағы, яғни сатира мен юмор жанрындағы кейіпкер аттарының тілдік табиғаты туралы сөз етпекшіміз.

Әдебиет:

1. Қазақ ономастикасының мәселелері. – Алматы, 1986. – 136 б.
2. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – Москва, 1988. - 192 с.
3. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. – Алматы, 2000. – 320 б.
4. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы, 1984. - 136 б.
5. Керімбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном и функциональном аспектах. – Алматы, 1995. – 248 с.
6. Эмирова А.М. Крымскотатарская ономастика как объект этнолингвистики // Мир языка. – Алматы, 1999. – 293 с.
7. Успенский Л.В. Слово о словах. Ты и твоё имя. – Ленинград, 1962. -233 с.
8. Қожакеев Т. Сатира туралы бірер сөз // Уақыт және қаламгер. – Алматы, 1974. - 23-30 бб.

ӘОЖ 81’

М.МАҚАТАЕВ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ТЕҢЕУЛЕРДІҢ БОЛМЫСЫ

Хамзина Г.С., Жанәділ А., Сағындықова А.
(*М.Қозыбаев атындағы СҚМУ*)

Ақындық парасат пен парыздың жүгін тең арқалаған суреткер поэзиясы өміршеңдік қадыр-қасиетімен құнды. Суреткер өлең технологиясының әдіс-тәсілдерін жете меңгеру арқылы тума талантының көзін ашады, өлең-жырларына бедер береді.

Қаламгер шығармаларының тілі мен ойы құдіретті. Құдіреттілігі сол – ақын өлең – сөздің жиегін кестелі өрнекпен көркемдеуге шебер, яғни түйінді ой түйеді. Қаламгер шығармашылығына көрік берер тың теңеулер немесе бедерлі де бейнелі керуені оның шеберлік қырын танытады.

Құбылысты басқа нәрсемен салыстыру арқылы сипаттау тәсілі. Әр нәрсені салыстыру негізінде жасалатын бейнелі сөздер, туынды мағыналы сөздер, құбылту түрлері аз емес. Олардың теңеудің айырмасы – мұнда салыстыру тура, айқын көрінеді. Нені және немен салыстырғаны анық болады.

Ақынның суреткерлік шеберлігін айқындау жолында оның шығармаларындағы көріктеу амалдары мен көркемдік әдістеріне зер салып, көз жүгіртелік. М. Мақатаевтың әдеби шығармаларында оның тілдік ерекшелігін көрсететін көріктеу құралдары көптеп кездеседі. Соның бірі – теңеу.

Р.Сыздық: «Теңеу – таным нәтижесі, сондықтан теңеулердің дені этнографиялық, ұлттық сипатта болады» [1, 11 б.] дейді. Мұқағали поэзиясында тіл үшін дәстүрлі саналатын *-дай, -дей, -тай, -тей* жұрнақтары арқылы жасалған теңеулер мол.

Жүрген жан ем байымай, тапшысынбай,
Сарсаң болдым ертегі бақсысындай.
Басым қалды жасырын полигон боп,
Өзім тұрмын мақтаулы сақшысындай [2, 56 б.].

Теңеуде ерекше салыстырылатын нәрсе – адам баласының ерекше қасиеттері. Бұл дәстүр барлық тілде кездеседі. Қазақ тілінде адам баласының ерекше қасиеттері мен табиғат құбылыстарына қатысты теңеу үлгілері алдыңғы кезекте салыстырылатын категория болғандықтан ерекше түрге ие болып қолданылады. Бұл теңеулер алдымен эпостарда молынан кездесетіндіктен шартты түрде эпостық теңеулер деп аталған. Сол сияқты қаламгер туындыларында *-тай, -тей, -дай, -дей* тұлғалы теңеулерде табиғат суреттері, құбылыстары, аң-құс атаулары лингвомәдени позициядан теңестіріледі. Мысалы, ақынның мына бір өлең жолдарында:

Жолбарыстай атылып тізгінді алдың,
Жігіт жүрек қыз едің, жігіт жүрек, – делінеді.

Бұл жерде ақын «жолбарыстай» теңеуімен жылдамдықты суреттесе, «жігіт жүрек» сөзі де әдемі теңеу тұлғасына келеді. Осы теңеудегі негізгі ерекшелік оның әрекетпен байланыстылығында болса керек. Бұған дейін жолбарысқа теңеу Мағжан ақын жырларынан ғана кездескен еді. Автор өлеңдерінде қазақ танымындағы дәстүрлі ұқсатулар (ассоциациялар) жетіп артылады.

Жапырақ – жүрек, жас қайың!
Жанымды айырбастайын...(95-б.)

Көркемдеу құралдарының басқалары секілді Мұқағали Мақатаев теңеудің дара, күрделі, ұлғайған түрлерін көп қолданған. Қаламгерде теңеудің небір өткір, небір терең, небір ауқымды, небір аумақтысы бар.

Т. Қоңыров теңеудің жасалу жолдарының бірнеше түрін атап көрсеткен. Қазақ тіліндегі теңеулердің көпшілігі зат есімге, есімше етістікке жалғанған *-тай (-тей), -дай (-дей), -ша (-ше)* және *-дайын (-дейін)* жұрнақтары арқылы жасалады. Мұқағали Мақатаев тілінде де теңеудің көбінесе осы түрлері түрленіп, әр қырынан жарқырап молынан кездеседі. Осындай сөз айшықтары қаламгерде керемет үйлесімдік тапқан өлеңде сөз тіркестерін стильдік мақсатта әр қырынан пайдаланған.

Жазушы бір нәрсені суреттеп көркемдеу үшін ол нәрсенің өзгешелік белгілерін көрсетпей-ақ, оны екінші нәрсемен салыстырып та көрсете алады. Бұл салыстыруды теңеу деп атайды [3, 110 б.].

Теңеудің өзіне тән ерекшелігі – белгісіз нәрсені белгілі нәрсемен салыстыру арқылы көзге елестету.

Ақын өлеңдерінде бір құбылысты, нәрсені суреттеу барысында, өзгеше белгілерін көрсетпей-ақ, оны екінші нәрсемен салыстырып суреттеуде теңеуді өте ұтымды қолданған.

Қас-кірпігің қарлығаштың қанатындай қап-қара,
Үлбіреген жүзің сенің ақ жібек пе, мақта ма?
Сенің көзің түпсіз терең тұңғиықтан жаралған
Күлкің қайда күмістей сыңғырлаған?
Жүзің неге *ымырттай* тұнжыраған? (М.М., 24- б.)

Келтірілген өлеңдердің үзінділері арқылы екі нәрсенің кеңейтіп нәрсемен теңелетін нәрсенің сыртқы ұқсастығы болғандықтан теңелгені көрінеді. Тек сыртқы жағы емес, оның түпкі қызығы ақынның көздеген мақсатымен байланысты болып

тұрғандай. Ақын бұл жерде «қанат» сөзіне *-дай* жұрнағын қосу арқылы теңеуді білдіріп тұр, қас кірпігін қарлығаштың қанатындай деп қаралығын, түсін білдіріп тұр. «Күмістей, ымырттай» күмістің сыңғырындай ерекше үнге теңесе, күннің батуы, сәл қараңғылық басуы көңіл-күйінің болмайтынын айтып тұр.

Құлын-тайдай тең өскен құрбыларынан,
Жүрегім жүйкем бар тұлғам
Бір күнде *сымдай* тартылған (М.М., 146-б.).
Өзеніне *асыққан бұлақтайын*,
Енесіне *жүгірген лақтайын*,
Жайқалайын жаныңа *құрақтайын*,
Енді мен де саған кеп тұрақтайын.
Асқар тауға соғылған *дауылдайын*,
Ақтарылған аспаннан *жауындайын*,
Дамылдайын, саған кеп дамылдайын,
Ауа бермей аулаққа *сағымдайын* (М.М., 197-б.).

Алдыңғы өлеңдер *-дай* жұрнағы арқылы теңеу әдісін қолданса, ал кейінгі үзінділерде ақын *-тайын*, *-дайын* жұрнақтары арқылы теңеу тәсілін өте ұтымды пайдаланған.

Жазушы өз лирикасында сөзбен сурет салуда теңеуді талғампаздықпен пайдаланып, сөзді құбылтып, түрлендіріп, эмоционалды-экспрессивтік бояуын күшейтіп отырған.

Тянь - Шяньның шашақтаулы *найзасындай*,
Қайсың Хантәңірмен жанасасың?(155-б.).
Ғанибет қой шіркін-ақ, шуылдасқан *ұлардай*,
Қиын екен жалғыздық қияда өскен *шынардай* (160-б.).

Сағымдай, *ұлардай*, *шынардай*, *құмардай*, *таулардай*, *лағындай*, *емендей*, *найзағайдай* теңеулері *-дай* жұрнағымен жасалып өлеңге ерекше мағыналық реңк, көркем үйлесімділік үстеп тұрғанын анық байқауымызға болады. Бұл теңеулер қаламгерден бұрын да қолданылғанымен, ақын оларды өлең мәтінінде өзінше түрлендіріп жұмсайды. Әрбір теңеудің өлеңге қаншама жүк артып тұрғаны анық көрініс береді. Осы теңеулердің негізгі лексикалық зат есімдерде жатыр. Және де өлеңнің бояуын нақтылауда *-дай*, *-дей* жұрнақтарының қызметі жаңаша көрінеді. Бұл теңеулер өлеңнің мазмұнына, мағынасына да діңгек болып тұрғаны байқалады. *Аққудай аппақ шал* – бұл эпитет арқылы келген теңеу. Аппақ эпитеті теңеудің күшін, әсерлілігін биіктетеді. Бұл сөз тіркесі тілімізде бар болғанымен М. Мақатаевта жаңаша мазмұнға, түрге ие болып тұрғаны анық. *Кезбе бұлттай кей ойлар* - ақын өзінің ойын бұлтқа теңейді және қай бұлтқа емес, *кезбе бұлтқа* теңейді. Аспанда қалықтап жүрген, қозғалыстағы бұлтқа теңелген тамаша кейіптеуді байқаймыз

Жалпы ақынның осы қолданған теңеулері бейнелілікті, әсемдікті көрсетудегі сөздің мүмкіншілігін көрсетеді. Ақын бейнелі теңеулерін ой санасынан өткізіп, саралап жұмсайды. Қалай болса солай ала салмайды. Бұл күрделі теңеулердің жасалу жолдары әр қилы және контекстегі мағынасы да айқындалып, өлеңге жүк артып, поэтикалық тілдің күшін салмақтандыра түседі. Автор теңеудің көпке таныс *-дай*, *-дей*, *-тай*, *-тей*, *-дайын*, *-дейін* жұрнақтары арқылы жасалатын түрлерімен қатар, *секілді*, *сияқты*, *тәрізді*, *деген*, *едің*, *дағы* дейтін көмекші сөздер арқылы жасалатын түрлеріне де назар аударған.

Сонымен, жазушы өзінің лирикалық шығармаларында теңеуді барынша жетік қолданып, ойын суретті сөздермен жеткізіп бере алады. Ақын соны теңеулер жасағанда да халық тілінің мол байлығын еркін игергенін танытады. М. Мақатаев теңеулері поэзияның құнын асырып, тілін шұрайландырып, ақын

идеясы мен форма бірлігін көсетіп тұрғаны анық көрінеді. Жазушы лирикасындағы теңеулер ықшам, көркем, дәл, қарапайымдылығымен кімнің болса да көкейіне қона кетеді. Оқып отырған оқырман өлеңнің мықты таланттың қаламынан туғанына кәміл сенеді. Ол бейнелікті жасап тұрған теңеулердің қызметі тек көркем бейне жасауда ғана емес, тілді де әр қырынан танытатын құрал екенін ақын лирикасы айғақтайды.

Айтылып отырған нәрсені көркемдеп сипаттау, ұқсастық көре білу арқылы ойды өткір, әсерлі етіп жеткізу жағы басым болады. Әдетте теңеу туралы сөз болғанда, салыстыру үшін не нәрсе алынады, қандай нәрсемен салыстырылады, соған көп мән беріледі. Асылында, мәселе тек онда ғана емес. Екі нәрсені теңестіруден, олардан ортақ сипат – белгі табудан қандай мағына туып, қандай ой аңғарылады, қандай сезім – әсер жалғастығы (ассоциация) пайда болады - міне, осы толық ескерілуі керек.

Мысалы, «Жүрегім менің - жанар тау» өлеңінде:

Жүрегім менің – жанар тау

Жалын боп шығар от – демім (137-б.) – деп қаламгер өзінің кішкентай жүрегін биік және алып тауға теңейді. Дәл осы өлеңдегідей теңеудің үшінші мүшесі, яғни ортақ сипат – белгі үнемі анық көрсетіле бермейді, бірақ қалайда оны жобалап түсінуге болады. Өйткені екі нәрсені теңестіру үшін олардан ортақ белгі – сипат, ұқсастық табу шарт. Сол арқылы сырт қарағанда бір-бірінен мүлде алшақ, алыс тұрған нәрселерді, құбылыстарды да жақындастырып, салыстыруға мүмкіндік туады.

Поэзияда теңеудің үлкен суреткерлік шеберлікті танытатын, ақынның ойлау, сөйлеу мәнеріне, стиліне сәйкес туатын келісті үлгілері де аз кездеспейді.

Меңіреу, тілсіз жатты сұлық.

Керуендей адасқан,

Келеді жылжып бір топ бұлт (М.М., 38-б.).

М. Мақатаевтің туған жерге байланысты бір қатар туындыларында теңеулер көптеп кездеседі. Ақынның туған жерге деген сүйіспеншілігі мен сағынышын, мақанышын осы теңеулерінен көруге болады:

Жаныма сусын болып бал бұлағың,

Киіктей орманыңда қарғыладым.

Әкемнің сақалындай көк балаусаң,

Жасымды сұрттеп пе еді сүйіп менің.

Анамның маңдайындай аспаныңа,

Қарасам азық алам жас жаныма.

Жағасында жайқалып жасыл құрақ,

Көз жасындай төсінде көкшіл бұлақ.

Жабырқатпай, жасытпай жігерімді,

Егерде қабыл алсаң тілегімді,

Шынымен керек десең, берер едім

Данкоша жұлып алып жүрегімді (М.М., 59-б.).

Туған жерінің табиғатын ең асылдарына теңеп, асқақтатуын келесі жолдардан көре аламыз: «Әкемнің сақалындай көк балаусаң» көк шөптің бітік шығып жайқалғанын, «Анамның маңдайындай аспаныңа» ашық аспанды ақжарқын анасының маңдайына теңеуі сирек кездесетін.

Ақынның келесі шумағынан көзінің қарасындай бағалаған туған еліне, жеріне деген сағынышын көреміз:

Жиегінде өзеннің ол тұрады,

Қарасам көзді жасқа толтырады.

Қымбат маған көзімнің қарасындай,
Ол тамның әрбір түйір топырағы (М.М., 39-б.).

Жоғарыда айтып өткеніміздей ақын өз шығармаларында *-дай, -тей* жұрнақтарымен қатар *-дайын, -дейін, -тайын, -тейін* жұрнақтарын да табиғатың құбылыстарын бейнелеуде шебер қолданғандығын көре аламыз. Мысалы:

Тигендей төбем тұнық бұлтты көкке,
Көрінед көлденең бел сонау шетте.
Солдаттай сапқа тұрған қарағайлар,
Мелшейіп қара тастар жатыр текке.
Көрінед көз ұшында көмескі Іле,
Жыландай жылжып барад иіріле.
Қаңғырып қияда жүр ақсақ елік,
Адасып қосыла алмай үйіріне.
Отырмын басымда – бұлт, астымда – тас,
Айланды *ұршықтайын* бір ғазиз бас.
Қайғылы қара көзден шыңырауға,
Мөлт етіп *бұршақтайын* төгілді жас (М.М., 41-б.).

Бұл өлең жолдарынан да туған жердің табиғатын бейнелеп берудегі шеберлігін байқаймыз. Мысалы, сап түзеген қарағайлардың түзу тұрған тұрқын солдатқа теңесе, Іле өзенін қозғалыс ағысына қарай ирелеңдеген жыланға балай келе, өз басындағы қайғысын «Айланды *ұршықтайын* бір ғазиз бас, Мөлт етіп *бұршақтайын* төгілді жас» деп түйіндейді. Осындағы *ұршықтайын, бұршақтайын* деген мысалдардан *-тайын* жұрнақтары ақын басындағы ауыр жағдайды әсерлі бейнелеп тұр.

Келесі *-дейін* жұрнағын қыс мезгілін бейнелеуде тікендейін деп қатты боранды көз алдында болып жатқан құбылстай суреттейді:

Соқты боран, ұшты қар,
Тікендейін үскірік.
Жүрген жан ем байымай, тапшысынбай,
Сарсаң болдым ертегі *бақсысындай*.
Басым қалды жасырын полигон боп,
Өзім тұрмын мақтаулы сақшысындай.
Асаудай тулап ұмтылып алға,
Барады өмір жеткізбей желге.
Апарар сені амалың бар ма,
Ұйықтайтын мәңгі бір дымқыл жерге (М.М., 20-б.).

Осы өмір жайлы шығармасынан өзінің түсініксіз күйге тап болғанын сарсаң болған бақсыға теңесе, көз ілеспе өтіп жатқан өмірді асау атқа теңейді.

Сезім жайлы мына бір шумағынан өткен өмірінің бір кездерінен естеліктер қалдырған жанды арайлы алтын таңға балайды:

Кезінде лаулап жанған махаббаттың,
Кезінде жалындаған отты шақтың,
Адал бір махаббаттың Шолпаны боп,
Арайлы *алтын таңдай* болып аттың (М.М., 51-б.).

Ақын өлеңдерінде бұрыннан белгілі теңеулерден де қолдана отырып, сонымен бірге *секілді, тәрізді, ұқсайды* жәрдемші сөздердің көмегімен де көптеген теңеулер тудырғанын көрдік.

Кейде көңілім жалынды өрт *секілді*,
Салқын тартқан жүректі жылытқандай.
Кейде суық, кетпеген дерт *секілді*,
Біржолата тірлікті ұмытқандай.

Жат тәрізді кей кезде үй де, түз де,
Сырттан естіп өсекті, үден көріп.
Кейде ұқсайды көңілсіз салқын күзге,
Күн жауғалы басыма бұлт төніп (М.М., 50-б.).

Қаламгер өз туындыларында көркем образ, көркем бейне жасау үшін көркемдік құралдарының жетік үлгілерінен ізденіп, үйреніп, одан әрі өзінше жетілдіріп шеберлікпен пайдаланған ақын.

Әдебиет:

1. Сыздық Р. Сөз құдіретті. – Алматы, 1997. – 224 бет.
2. Мақатаев М. Қаздар қайтып барады. – Үрімжі, 1988 ж.
3. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы, 1988. – 192 бет.

ӘОЖ 81

**М.ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МЕТАФОРАЛЫҚ,
ЭПИТЕТТІК ТЕҢЕУЛЕР**

Хамзина Г.С., Қайрат Қ., Мұқанова Ұ.
(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Мағжан Жұмабаев поэзиясындағы ең көп қолданған көркемдеу құралдарының бірі – теңеу. Ақын өлеңдеріндегі теңеудің стильдік мәніне көңіл аударсақ, теңеулерді бірде кейіпкердің кескін-келбетін, бет пішінін, сыртқы көрінісін, тұлғасын, портретін беру үшін қолданса, бірде кейіпкердің мінез құлқын, көңіл-күйін, ішкі сезімін ашу үшін таптырмас тәсіл ретінде пайдаланады.

Мысалы, «Еділде» атты өлеңінде:

Бүктеліп жатқан бел,
Сүтке тойған марқадай
Бұйра қою қарағай,
Белге біткен шалқалай.
Су жеп қойған жұмыр тас
Түйір-түйір малтадай,
Арнада өзен қылықты
Қылмыңдаған қалқатай, (58-б.)

«Сүтке тойған марқадай», «Түйір-түйір малтадай» деген сияқты бір топ теңеулері арқылы ақын Еділ өзенінің ерекше бір бейнесін, көрінісін жасаған. Бұл өлеңде де «Бүктеліп жатқан бел», «Бұйра қою қарағай», «Су жеп қойған жұмыр тас» сияқты күрделі эпитеттер де кездеседі. «Еділде» өлеңі құрылысы жағынан 12 тармақ, 3 шумақ, 2 бунақтан тұрады. Грамматикалық тұлғасы жағынан «Еділде» өлеңі «Бүктеліп жатқан», «Сүтке тойған», «Белге біткен», «Су жеп қойған» «Қылмыңдаған» деген сияқты мысалдарда есімшенің -ған жұрнағы арқылы жасалған.

Ақынның «Мен жастарға сенемін» атты өлеңінде де біршама теңеулер кездеседі:

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты –
Мен жастарға сенемін!
Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар.

Жаннан қымбат оларға ар,

Мен жастарға сенемін! (27-б.) – деген өлеңінде Мағжан жастардың ерік-жігерін «аң патшасы арыстанға», «қайратты жолбарысқа», «ақиық қыран құсқа» балайды. Стильдік жағынан Мағжанның «Мен жастарға сенемін» өлеңі сонау жыраулар поэзиясынан бастау алған дәстүрдің жалғасы болып табылады, яғни XV-XVIII ғасырдағы жыраулар поэзиясының негізгі бір ерекшелігі – аналогияға барған, жыраулардың образ жасау үшін шығармаларында аң-құс, мал, жан-жануарлар, өсімдік сияқты табиғатқа қатысты атаулар молынан кездесіп отырған. Сол сияқты, ақынның аталған өлеңінде де «арыстан», «жолбарыс», «қыран» сияқты сөздер кездеседі. «Мен жастарға сенемін» өлеңі 32 тармақ, 8 шумақтан, 2 бунақтан тұрады. Бұл өлеңнің грамматикалық тұлғасына келетін болсақ, қайратты, қанатты, айбатты деген сияқты сөздеріндегі сын есім тудырушы **-ты** жұрнағын жиі қолданған. Сонымен қатар, «Көздерінде от ойнар», «Сөздерінде жалын бар» деген сияқты фразеологиялық тіркестер де кездеседі.

Мағжан өлеңдерінде метафора қолданысы да жиі. Мысалы, «Берниязға» деген өлеңінде:

Өмір – дала, ақын – бала қаңғырған,

Жан сусынын көз жасымнан қандырған.

Ақын – бөбек, өмір – көбік, тылсым-ды,

Ойнап, арбап, бөбекті естен тандырған, (102-б.) – деп, өмірді далаға, ақынды балаға, бөбекке балайтындығын көрсетеді.

Ақынның «Берниязға» өлеңіндегі тағы бір ерекшелік – мағыналары жағынан бір-біріне жанаспайтын сөздерді тіркестіру. Мысалы: «жан сусыны», «дарияның сыры» деген сияқты тіркестер де кездеседі.

М. Жұмабаевтың «Ой» деген өлеңі түгелдей метафораға құралған. Мұнда ақын ойды уға, теңізге балайды:

Ой деген – у,

Ауызға алсаң қандырад.

Ой деген – у,

Жанды есінен тандырад.

Ой деген – у,

Ішсең мас боласың.

Ой деген – у,

Ішесің де соласың (37-б.).

Теңеудің бүкіл троптарға негіз болатыны, яғни барлық троптардың өз бастауын теңеуден алатыны белгілі [1, 280 б.]. Демек, теңеу троп атаулының бәрімен де ұштасып, сабақтасып жатады. Бір топ теңеулер метафоралық қызметтер атқарса, енді бір тобы эпитеттік қызметте жұмсалып, келесі тобы метонимиялық теңеулер ретінде көрінеді.

Ендігі мәселе осылардың қайсысын метафоралық, қайсысын эпитеттік, қайсысын метонимиялық теңеулер деп атаймыз, теңеулерді бұлайша топтауда қандай критерийлерге сүйенеміз деген сұраққа келіп тіреледі.

Сонымен, метафоралық теңеулер дегеніміз қандай теңеулер? Бұл сұраққа жауап беру үшін, біз мынадай критерийлерді негізге аламыз.

Біріншіден, Аристотельден бастап поэтикалық тәсілдердің табиғатын зерттеуші – ғалымдардың барлығы да метафораны қысқарған теңеу деп түсіндіреді [2, 34 б.].

Бұл пікірлердің дұрыстығын мойындай отырып, осы тұжырымдарды керісінше айналдырып, теңеулердің өздеріне қолдануға болады. Теңеу дегеніміз – қысқармаған, жайылма метафора. Басқаша айтқанда, әрбір теңеудің көлеңкесінен метафоралық мағына көрініп тұрады. Бұған көз жеткізу үшін Мағжанның «Есімде тек таң атсын» өлеңінен алынған мысалға көңіл аударайық:

Құйылып тұрды көктен жұмақ нұры,
Құбылып хор даусындай құстар жыры.
Таласып аспан көкке алтын тауы,
Арқаның суы – күміс, жібек – қыры.
Қанатты, қажымайтын тұлпар міндік,
Жібекпен жетпіс қабат белді будық.
Құрсанып қылыш өтпес мұздай темір,
Қиядан қыран құсша жауға ұмтылды. (19-б.)

Алғашқы мысалдағы «арқаның суы – күміс» тіркесі – таза метафора да, кейінгі мысалдағы «қылыш өтпес мұздай темір» конструкциясы – таза теңеу. Осы мысалдардың алғашқысын: *Арқаның суы күмістей, жібектей қыры*, - деп, ал соңғысын: *Құрсанып қылыш өтпес мұз темір* – түрінде өзгертуге әбден болады. Бұдан олардың поэтикалық ажарына ешбір нұқсан келмейді (рас, екі үзіндінің де интонациялық кестесі бұзылып тұр. Бұл жерде біз оған көңіл аудармаймыз). Бұл келтірілген мысалдар біздің жоғарыдағы пікірімізді дәлелдеп тұр.

Екіншіден, біз теңеулердің үш мүшеден (предмет, образ, белгі), метафораның екі мүшеден (предмет пен образ) тұратынын білеміз. Теңеуде белгі болады да, ол метафорада жоқ. Біздің теңеулерді метафоралық теңеу деп топтауымызға критерий болатын екінші нәрсе – осы белгі. Бірақ белгі атаулының бәрі теңеулерді метафоралық теңеулер тобына қоса алмайды. Теңеулердің белгілері екі түрлі мағынада жзұмсалады: бірі – тура мағынада, екіншісі – ауыспалы мағынада. Теңеулерді метафоралық теңеулерге айналдыратын нәрсе – белгінің осы екінші мағынасы. Мәселен, «Пайғамбар» өлеңінде:

Ерте күнде жоқ бар еді түн туған,
Қап-қараңғы түн ішінде Күн туған.
Отты Күннің сәулесінен от алатын
Отты көзді, отты жанды Гун туған. (21-б.)

Қап-қараңғы түн ішінде Күн туған теңеудегі белгі (қап-қара) тура мағынада жұмсалып тұр, сондықтан бұл теңеу бола алмайды (мұнда гиперболалық мағына бар). Ал: *Сәрсенбай манағы мақалды айтқаннан кейін Шолпанның сұңқардай ұшқыр жанын, ойын қара жыландай улады* («Шолпанның кінәсі», 176-б.) – үзіндісіндегі «ойын қара жыландай улады» теңеуі метафоралық теңеу болып табылады. Себебі оның белгісі «улады» келтірінді мағынада қолданылған.

Міне, осы көрсетілген екі критерий жоғарыдағыдай теңеулерді метафоралық теңеулер деп топтауға негіз болып табылады.

Айталық, аталмыш сөздердің бірі Мағжанның қиялын қытықтап, ол (ақын) осы бір сөздің толық мәнін бейнелі, суретті түрде ашып көрсету үшін, сол сөзді тірек ете отырып, теңеу жасауы мүмкін ғой. Мәселен, «Жігер шіркін желінді» өлеңінде:

Қолды қардан оқ үзді,
Ордаға байрақ байлатпай.
Өлер өмір, сөз қалар

Молаға қойған сайғақтай. (108-б) – деген шумағында қалар сөзді молаға қойған сайғаққа (зираттың басына белгі ретінде қойылған діңгек ағаш) теңеу арқылы ақын бар ойын жеткізіп тұрса, «Сен сұлу» өлеңінде:

Сылқ-сылқ күліп сылдыр қаққан су сұлу,
Көлге қонып қаңқылдаған қу сұлу.
Бейне айнадай жарқыраған айдыннан

Күн шығарда көтерілген бу сұлу. (117-б.) – дегенінде жай жатқан су алабы айдынды бір беті шағылдырушы қабатпен қапталған шыны немесе металл денеге, яғни айнаға теңеуі Мағжанның қиялын өрістете түседі.

Ал «Өтірік ертегі» өлеңінде:

Сүттей аппақ ниетпен

Бір өзіңе ант берем:

Енді өмірімде ет жемен!

Ұшыраса аш тышқан,

Тәжірибесіз жас тышқан,

Етімнен кесіп ет берем, (341-б.) – деп жазған ақын туындысы шумағында еш жаман ойы жоқ адамның ниетін аппақ, кіршіксіз таза сүтке теңеу арқылы ант бермекші. Қалай дегенмен де метафоралық теңеуді дүниеге келтіретін нәрсе – ауыс мағынада қоладанылатыны белгілі. Мұндай теңеулерде белгілердің өздері-ақ метафоралық мағынада кеңінен қолданыла береді. Яғни, логикалық екпінге ие болып тұратын мүше – белгі.

Демек, логикалық екпін теңеулерді метафоралық, эпитеттік, метонимиялық, синекдохалық теңеулер деп бөлуде басты критерийлерінің бірі болуға тиісті. Өйткені *арсылдама*, *өкірме*, *боздама* десек, бұлардың ар жағынан *итше*, *өгізше*, *боташа* деген теңеулер өздері сұранып тұрады. Олай болса, логикалық екпін де – негізгі критерийлердің бірі.

Эпитет – тіл табиғатында тұтасқан терең тамыр тартып, матасқан, өркен жайған, сөйлеу өнеріміздің барлық саласынан бой көрсететін жалпы тілдік категория. Біз эпитеттік теңеулер деп отырған теңеулердің түрі қазақ теңеулерінің ішінде тіпті көп. Одардың, басқа теңеулермен салыстырғанда, өзіндік стильдік өңі, көркемдік тігісі бар. Мағжан ақынның өлеңдерінде эпитеттік теңеулердің өзіне ғана тән белгілері болады. Ол мынау: логикалық екпін түскен сөзді образ әр уақытта анықтап, не белгіге көркем анықтауыш ретінде қолданылады.

Мысалы, «Қазақ тілі» атты өлеңінде

Қыран құстың қос қанаты қырқылды,

Күндей күшті күркіреген ел тынды.

Асқар Алтай – *алтын ана* есте жоқ,

Батыр, хандар – асқан жандар ұмтылды!

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың-

Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың.

Алтын Күннен бағасыз бір белгі боп,

Нұрлы жұлдыз – бабам тілі, сен қалдың! (26-б.)

«*Алтын ана*», «*Жауыз тағдыр*», «*Нұрлы жұлдыз*» деген эпитеттер кезедеседі. Образ не предметке, не белгіге көркем анықтауыш ретінде қолданылады.

Бірінші мысалда образ - Асқар Алтайды *алтын ана*мен теңестіріп қолданылады. Бұл теңеулік конструкцияда белгі айтылмаған, бірақ оның не екені түсінікті. Ал екінші мысалда образ предметтің қандай екенін эпитет арқылы көрсетеді. Бұл өлең 4 шумақ, 16 тармақтан, 2 бунақтан тұрады. *Тағдырдың жауыз* екендігін жан-жақты терең анықтап, оның нақты бейнесі жасалып тұр. Келесі мысалда оның эмоциялық бояуын мейлінше қоюландыра, ажарландыра, экспрессивтік әсерін күшейткен.

Эпитеттік теңеулердің өз ішінара бір-бірінен ажыратады. Оның бірі предметті, екіншісі белгіні анықтайды. Осыған орай эпитеттік теңеулерді:

а) предмет анықтауышты эпитеттік теңеулер,

ә) белгі анықтауышты эпитеттік теңеулер деп екіге бөліп қараймыз.

а) *Предмет анықтауышты эпитеттік теңеулерде* образ предметтің әртүрлі сынын, сапасын, қасиетін, басқа да толып жатқан айырым белгілерін айқындап, оны (предметті) бейнелі сипатқа ие етіп, көркем өрнектермен, әсерлі әуендермен әшекейлейді. Соның нәтижесінде жалпы теңеулік фраза жоғары көркемдік сапаға ие болып, оқырман сезімін қытықтап, қиялын әлдилейді. Суреттелетін затқа құштар етіп, оны «сүйеге» мәжбүр қылады.

Мысалы, «Сарғайдым» атты өлеңінде эпитеттік теңеулер бар.

Қалмады көздің нұры, көрге айналдым,

Қараны – ақ, ақты – қара дерге айналдым.

Алмадай пісін тұрған екі бетім

Қуарып, қаны қашып, күлге айналдым (105-б.) - деп, оқырманның суреттеліп тұрған затқа сүйсіне қарауын ықпалын тигізеді. Сонымен қатар, бұл теңеулердің барлығы да суреттеліп отырған заттар мен құбылыстардың бейнелі мүсіні болып табылады.

ә) Эпитеттік теңеулердің келесі түрі – *белгі анықтауышты эпитеттік теңеулер*. Бұл теңеулердің үш мүшесі де толық айтылады да, предмет пен образ белгінің сын-сапасын, қасиетін тереңдете, айқындай, саралай түседі. Мысалы: *Бейне алтындай көкте бұлт тұр ғой жайнап* («Өмір», 107-б.), *Желдей жынды жүректің екпінінен, «Графтай» адал көңіл адам сирек* («N-ға», 119-б.), *Оттай сұлу, ыстық жас* («Хор сипатты қарындас», 124-б.), *Желдей заулап ескен жүйрік жас жүрек* («Ғазизға», 128-б.). Осындай эпитеттік теңеулердің эмоциялық-экспрессивтік әсері мейлінше артып, көркемдік ажары мен бейнелі мүсіні сомдана, көріктене түседі.

Жоғарыда атап өткеніміздей, бұл топтағы эпитеттік теңеулердің үш мүшесі де толық айтылып, логикалық екпін теңеудің белгісіне түседі де, теңеудің образы сол белгіні анықтау үшін қолданылады. Соның нәтижесінде белгінің көркемдік сапасы мейлінше артып, ол барынша конкреттене түседі. Образ бен белгінің синтезінен жасалған айшықты бояу енді өз тарапынан предметтің қасиетін ашу үшін жұмсалады. Ақыры үшеуінің бірігуінен эпитеттік теңеу жасалады да, бұл теңеу өз тарапынан суреттелміш зат яки құбылыстың әсем де әсерлі суретіне, сезімді образына айналады. Мәселен, жоғарыдағы үзінділерде әңгіме *бұлт, жүрек, адам*, т.б. туралы болып тұр. Бұлар – логикалық тұрғыдан қарағанда, теңеудің предметтері. Егер біз осы предметтерді образ бен белгісіз жалаң түрде алсақ, онда алғашқы мысал былайша айтылар еді: *Заулап ескен жас жүрек*.

Логикалық тұрғыдан ойды бұлайша жеткізудің ешбір сөкеттігі жоқ. Бұл – қарапайым, нақты ой, жай ғана хабар. Енді осы ойларды сәл конкреттендіре, жандандыра түсуге болады. *Заулап ескен жүйрік жас жүрек*.

Байқасаңыз, алғашқы жай хабардың мазмұны әжептәуір өзгерді. Жай хабарлама нақтыланған хабарға айналды. Оған себеп болған нәрсе – «жүйрік» сөзі (белгі). Ал енді бұған «желдей» образы қосылғанда, ол белгілі бір зат пен құбылыстың көркем суретіне, бейнелі портретіне айналып, жай ойға сезімді әсер, әрлі әшекей үстеледі. Жоғарыдағы эпитеттік теңеулердің басқалары да осындай. Міне, талданған мысалдан көрініп отырғандай, алғашқысы ұғымның жай ғана атауы болса, екіншісі - ұғымның сәл-пәл конкреттенген атауы, ал соңғысы – сол ұғымның бейнелі кейіпке еніп, көркем бояумен әшекейленген суреті, көптеген ұғымдардың қорытылып, көркемдік ой елегінен өткен синтездік образы.

Жалпы алғанда, эпитеттік теңеулерге қарап отырып, ақын-жазушының, бір дәуірдің, тіпті бір халықтың талғам-талабын жазбай тануға болады. Бұл теңеулерден Мағжан ақынның дүниеге көзқарасы біршама көрініп тұрады. Соның ішінде, сұлулық, батырлық, достық пен қастық, адамгершілік ұғымдары, көбінесе, эпитеттік теңеулердің көмегімен мүсінделеді.

Жазушы теңеулердің ұлттық тілдің айқындылығын, дәлдігін, икемділігін, бейнелегіштік күшін көрсететін тілдік құбылыс екендігін жақсы түсінген. Қаламгер теңеулерді орынды пайдаланып, керегіне жаратқан. Жазушы теңеулерді талғап жұмсап, өзінің стиліне тән қолтаңбасын қалдырды.

Әдебиет:

1. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. Изд. 2-е. – М., 2004. – С. 576.
2. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 2002. – 180 б.

ӘОЖ 81

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ СТИЛЬДІҢ ДАМУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫ

Хамзина Г.С., Қоспақаева Г., Томаш Д.
(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Қазақ публицистика стилінің дамуында А. Байтұрсынұлы еңбектерінің алатын орны ерекше. Ол өзіне дейінгі қазақ баспасөзі дәстүрлерімен сабақтастықты сақтай отырып, оның оқушы аудиториясын кеңейтіп, мақсаты мен қызмет ауқымын байытты. Сабақтастық, дамытушы бағыт төмендегі белгілерден көрінеді:

1) «Дала уалаяты» газеті, «Түркістан уалаяты» газеттерінде кітаби тілге тән формалар қолданылған болса, А. Байтұрсынұлы да осы тұлғаларды арагидік пайдаланған;

2) алғашқы қазақ газеттерінде араб-парсы, шағатай тілінің элементтері жиі қолданылса, А.Байтұрсынұлы ұлттық тілдің мүмкіншілігін пайдаланған;

3) алғашқы газет мақсаты насихаттаушы, баяндаушы, хабар таратушы қызметімен шектелсе, А.Байтұрсынұлы оны ықпал етуші, үгіттеуші қызметтермен толықтырды.

А. Байтұрсынұлы публицистиканың нақтылық, дәлдік, шынайылық сияқты стильдік белгілерін дамытып, әр түрлі стильдік әдіс-тәсілдердің түрлерін байытты. Газет лексикасының грамматикалық құрылысының қалданысына нормалық сипат берді.

Зерттеу жұмысында А. Байтұрсынұлының публицистік қызметі 3 кезеңге бөлінді: 1) публицист ретінде қалыптасу кезеңі, 2) Қазақ газетінің редакторы болып қызмет атқарған кезеңі, 3) төңкерістен кейінгі кезең. Осылардың ішінде «Қазақ» газетінің редакторы қызметін атқарған кезеңі, біздің ойымызша, оның публицист ретінде қалыптасып, шығармашылық қабілетінің толық ашылып, келген уақыты болды.

А.Байтұрсынұлы шығармашылығында әлеуметтік, ұлттық мәселелерге терең сезім толғанысымен жауап іздеу талабы байқалады. Ішкі толғаныстың күші, тереңнен байланыс іздеп, шыңдыққа ұмтылған автордың ой екіні үстемелей төгілген күрделі орамды сөйлемдер мен образдылық туғызушы, экспрессия қалыптастырушы құрылымдар түрінде жарыққа шығады. Соған қарамастан А. Байтұрсынұлы публицистикасының тілі түсінуге жеңіл болып келеді. Оның қаламына мынадай стильдік белгілер тән: 1) оқырманға керек, оның мүддесін көздейтін тақырыпты таңдап алуы; 2) қайсыбір мәселені сөз етсе де, міндетті түрде салыстырмалы деректерді пайдаланып, талдау жасап отыруы; 3) жетістікпен қатар, кемшілікті де, жағымсыз құбылыстарды да ашып көрсетуі; 4) мәселенің шешімін болжап, дұрыс жолын көрсетіп отыруы.

А.Байтұрсынұлы: «Көсемсөз шешенсөз сияқты әлеуметке айтқанын істету мақсатпен шығарылатын сөз», - дей келе, оның мынадай «зор мүшелерін» атап көрсетеді: а) бастамасы, ә) ұсынбасы, б) мазмұндамасы, в) қыздырмасы, г) қорытпасы

[1, 119 б.]. Бұл – публицистиканың негізгі стильдік белгілері. Осы талаптар деңгейіне жауап берген шығарма ғана өз мақсатын орындап шығады.

А. Байтұрсынұлы бір-біріне кереғар құбылыстарды, шендестіру арқылы үшінші бір ұғымның мәнін ашады. Мыс.: *Бай кедейд. кекетсе, байып отырып айтушы еді; сұм аңқауға күлсе, сұмдығын асырып отырып күлуші еді; іскер жалқауды кемітсе, ісін асырып отырып кемітуші еді... Сіздің не жөнмен кеңесіп сөйлеп, кемітіп отырғаныңыздың мәнісін біле алмадым.*

Публицист бейнелегіш, мәнерлегіш құрал - метафораны нысанасына алған кейіпкерінің іс-әрекетін, бет-бейнесін мүмкіндігінше айқын беру үшін қолданып отырған. Мыс.: Оқымасақ басқалармен қатар тіршілік ете алмайтынымыз сүттей ақ, күндей жарық. *Дүниеда ерге теңдік, кемге кеңдік, азды көпке теңгеретін ғылым мен өнерді, елсізді елдіге теңгеретін жоқты барға теңгеретін ғылым мен өнерді керек қылатын қазақ аз. Теңдікке қолы қалай жетсін! Қатерлі жерде қаперсіз отырдық.* Келтірілген мысалдардағы күндей жарық, сүттей ақ, елсізді елдіге теңгеру, қатерлі жер метафораларының жасалуы бірдей емес. Оларды іштей есімді, етістікті тіркестер түріне жіктеуге болады. *Күндей жарық, сүттей ақ* метафоралары жалпылық қолданысқа. *елдіге теңгеру, қатерлі жер* тіркестері жекелік сипатқа ие. Сондай-ақ, публицистикалық шығармаларында ұлттық түсінік, тұрмыс-салт дәстүрімен байланысты сөздер мен сөз тіркестерін өз мақсатына қарай пайдаланып, метафоралық қолданыстардың жаңа түрлерін туғызып отырған Мыс.: *Қазақ үкілеген өз құнанын өзгелердің тұлпарынан артық көретін мінезі болушы еді. Абай өлеңге басқа көзбен қарап, басқа құрмет-ықыласпен күтіп алып, төр түгіл тақтан орын берген.* Алғашқы келтірілген мысалда ат жарысының образын туғызу арқылы халық мінезіндегі кемшілікті көрсетсе, екінші келтірілген мысалда «өлеңді» адам кейпіңде алып, «төр» мен «таққа» отырғызады. Өйткені «төр» — қазақ түсінігінде ең құрметті орын. Оған сыйлы, қадірлі адамдар ғана шақырылады. Өлең де Абай үшін сондай қасиетке ие болған.

А.Байтұрсынұлы публицистикасында авторлық ойтүйін — афоризмдер де жиі кездеседі. Мыс.: 1) *«Балам» дейтін жұрт болмаса, «жұртым» дейтін бала қайдан шықсын.* 2) *Телміріп алған теңгеден, тер сіңірген тиын жұғымды.* 3) *Жерді жалдаудан тартынбағандар, сатудан да тайынбайды.* 4) *Беті жаманның айнаға өкпелеуі жөн бе? Ниеті жаманның алаға өкпелеуі жөн бе?* 5) *Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз — бәрі надандықтың кесепаты т.б.* [2, 92 б.].

Қаламгер оқырмандарға жасырын әсер ету үшін лексикалық, синтаксистік әдістермен қоса, графикалық құралдарды (тырнақша, жақша) қолданады. Тыныс белгісінің көмегімен жасырын баға берудің сан қилы әдістері бар. Публицистикада олар адресантқа коммуникативтік мақсатын жүзеге асыруға көмектеседі. Тырнақша мен жақшаны тек тыныс белгісі ретінде қарау жеткіліксіз, өйткені олар мәтін ішінде келіп, тыныс белгісінен де ауқымды қызмет атқарады. Мыс.: *Мұнан кейін орысша оқығандардың бірін қалдырмай «сыпайы» сөзбен сөгеді: «Ұшан-теңіз» докторлар кім еді, маржалардың «ауруын» тазартқаннан басқа.* Автор *сыпайы, ауру* сөздерін тырнақшаға ала отырып, өз ойын оқырмандарға әсерлі жеткізеді. «Сыпайының» астарында дөрекі, былапыт, лас деген ұғымдардың, ал «аурудың» астарында еріккен, жоктан бар жасау сияқты ұғымдардың жатқаны белгілі.

Публицистикада оқырманның назарын аударып, ой екпінін түсіру үшін қолданылатын тыныс белгілердің бірі-жақша. Мыс.: *Көнгенде шаруаға кемшілік те келер, барған жігіт қазаға да, бейнетке де ұшырар, бірақ елдің іргесі бұзылмас (қазаға ұшырар деп ауру-сырқаудан болған қазаны айтамыз), айтпесе солдат қылып алмайды, соғыстан өлмейді.* Автор жақшаға алынған сөздер арқылы өз пікірін білдіріп қана

қоймай, мақаланы оқу барысында оқырманды толғандырып отырған сұрақтың жауабын беруге тырысады.

Оқушы факторы А.Байтұрсынұлы публицистикасында ашық не жасырын көрініп отырады. Оқушыға тура бағытталған еңбектерінде II жақтық мәнге ие лексика-грамматикалық формалар қолданылады. Жіктеу есімдіктерімен берілуі: *Сіздің де, біздің де ойлағанымыз қазақтың азып-тозбасы ғой. Сіздің де, біздің де ниетіміз - қазақ азып-тозбасына қызмет ету. Өзіңіз кымбат нәрсе жазған соң, арзан нәрсе жазғанымды бетіме басып отырсыз.* Бұл үзінді А.Байтұрсынұлының Жаншаның «Айқаптың» № 13 нөмірлерінде жарияланған хатына жауабынан келтірілді. Тыңдаушы факторының ашық берілуі әр түрлі мақсатты көздеуі мүмкін. Нақты жағдайда А.Байтұрсынұлы өзінің қарсы позициясын жасырмай көрсетіп, «өзіңіз» сөзін қайталау арқылы кекету мен мысқылды жеткізіп тұр. Сонымен қатар осы формалар бұйыру, әрекетке итеру мақсатында жұмсалып, публицистиканың негізгі қызметін жүзеге асырады. Мыс.: *Қолымнан не келеді деп қорынбаңдар. Ауылдағы абыр-сабыр, жаяу жамандық, арамзалықты тоқтатыңдар! Әуелі сіздер адаспаңыздар, адаспас үшін ақылдасып, ойланып, ынталықпен іс істеңдер.* Кейде публицист өзі мен оқушыны бір жақ, бір пікірдегі адамдар ретінде I жақ көпше түрде баяндайды: Мыс.: *Дінді керек кылмайтын шала мұсылман деп отырған қазақтар діншіл болып, үрейсіздер, батыр болып, қандай бізге әкіреңдер еді.*

Оқушы факторын беруде сұраулы сөйлемдер жиі қолданылады. Сұрау мақсаты жауапты талап етеді. А.Байтұрсынұлы сұраулы сөйлемдерді тақырып ұйымдастырушы, үгіттеуші мақсатта жиі қолданған. Мыс.: *Қазақ жеріне мұжықтарды шақырып кіргізген хукіметтен бұрын қазақтардың өздері емес пе? Бұлардың өз тілінен қорланып, жиіркенетін себебі не? Менің ойымша, бұл әдеттенудің бірі орысша, бірі әдеби тілмен оқып, қазақша жазу әдетінде болмағандық.* А.Байтұрсынұлы сұраулы сөйлемдерге жауабын да қоса беріп отырады. Бұл да А. Байтұрсынұлының жазу стиліне тән ерекшелік. Жауапты жалаң бергеннен, сұрақ-жауап түрінде жұп құрап беру автор ойын даралай түседі.

А.Байтұрсынұлы газет оқушысын, оның өмір салты мен тәжірибесін, білім қорын үнемі жадында ұстап, соған сай сөз саптаған. Оның мақалаларында сол кезеңдегі халықтың түсінігіне сәйкес сөздер мен сөз тіркестері көп. Мыс.: *Жоғары һәм орта оқушыларымыз аз да болса, шолақ оқушыларымыз тәуір бар. Шолақ оқу деп городской, губернский класты, сельский школа бітіргендерді айтқан.*

Жер өзінде болған естек жұртын көрмей жүрміз бе? Жері көп, малы көп естек көрінбейді ғой. Естекті жерінен жұрдай ғып, түбіне жеткен надандық пен жалқаулық. Шай, жер, шүберектей болмашы нәрсеге сатып естектер жерін тауысты. Жерден айырылып, шаһар-шаһарға тозып, тентіреп кетті, кетпегені кедейліктен жүре алмайды. Тұрған шаһарының көшесін сыпыратын, қорасын тазалайтын, отынын жаратын, боқтығын таситын, оғайри қара жұмысын қылатынның бәрі болмаса, көбі естек.

Бұл – «Қазақтың өкпесі» деп аталатын жер мәселесіне арналған мақаласынан келтірілген үзінді. А.Байтұрсынұлының публицистикасында жер мәселесі негізгі концепттердің бірі болып табылады. Ол қазақ жерінің сақталуының мүмкіндіктері мен көздерін жан-жақты ойластырып, үкімет деңгейінде - Мемлекеттік Думада шешілуін көздеген. Сондықтан депутаттыққа қазақтың сайлану жолдарын ойластырып, оның артында жатқан үлкен мақсаттың мән-мағынасына терең үңіледі.

Тыңдаушыға таныс башқұрт (естек) халқының тарихын келтіру арқылы, яғни оқырманда бар білім қорын пайдалану арқылы көзін жеткізеді. Өз халқының психологиясын жақсы білетін публицист жер мәселесін бақылаусыз қалдырудың неге апарып соқтыратынын да бажайлап, мынадай қорытынды жасайды:

Қазақтың әлі күнге жерден қол үзбей отырғаны — жер қазыналы балғандықтан. Бүгін тойғанына мәз болып, ертеңгісін ұмытқан қазақ бүгін жерін сатып тойып, ертең тентіреп кетер еді.

Біліммен би болып, жұрт билейтін заман өтіп, тасын (таспен) би болатын заманға қарсы туған. «Тасын би» сөз тіркесі де дәстүр, ережемен қалыптасқан. Билерге дауыс беру тас салу түрінде жүргізілген. Сондықтан халықта бұлай сайланған би «тасын» деп аталған. Ал тарихты немесе халық дәстүрін білмейтін оқырманға бұл сөз түсініксіз болар еді.

Абай жұрт алдына білімін салғанда, басқалар мая салған, жұрттың беті малға ауып, ел билігі Абай қолына еркін тимеген.

Білім салу мен мал салу - билікке ұмтылудың екі түрлі тәсілдері. «Мал салу» - пара беру, байлықпен мақсатқа жету деген халықта қалыптасқан түсінікті берсе, ал «білім салу» біліммен, адал жолмен жету дегенді білдірген.

А.Байтұрсынұлы оқушының тәжірибесін, халық түсінігі мен ұғымын өз мақсатын жүзеге асыруда шебер пайдаланған. Ол халықта бар білім қорын жаңғыртып, салыстыру, талдау арқылы екінші бір ұғымды енгізген, оның жақсы жақтарына жеткілікті түрде көз жеткізе білген.

А. Байтұрсынұлы мәтін құрылымына ғана мән беріп қоймай оның көркемдік жағын да назардан тыс қалдырмайды.

Публицистикалық шығармадағы тілдік бірліктің қолданысын мәтін құрылымы мен мазмұнын қалыптастыратын – сыртқы факторлар. Хабар жеткізуші тіл бірліктерін тындаушыға әсер ететіндей етіп таңдайды.

Тіл бірліктері ішінде газет тіліне тән фразеологизмдердің алатын орны ерекше. Дайын тілдік оралымдар мен формалардың молдығы - белгілі бір стильдің дамығаны мен өңделіп жетілгенінің айғағы. Бейнелі сөз орамдары мен тұрақты сөз тіркестері ойды жеткізе білу мүмкіндігін және оның мағыналық жіктелуін күшейтеді.

Г.Н.Смағұлова газет тіліндегі көркемдік иірімнен шыққан ерекше тұлғалы сөздер – фразеологизмдерді «ұлт менталитетіне тән құбылыстар», - деп атайды [3, 370-375 б.]. А. Байтұрсынұлы нақты жағдай туралы ойын айтып жеткізу барысында халықтың сөйлеу тілінде жиі қолданылатын тұрақты сөз тіркестерін өз мақсатына қарай тиімді пайдалана біледі. Яғни, публицист сол уақыттағы халықтың танымы мен түсінігін, білім деңгейін, қабылдау, түсіну мүмкіндігін ескерген. Мысалы: *Ділгерлік қыспақ түгіл еш уақытта керек қылған нәрсеміз емес. 1822-ші жылдың уставынан гөрі, 1868-ші жылдың положениесі соттың уысын тарылтты. «Мұсылманша оқығандарды масқара қылды» - деп мұсылманша бізді шағыстырып, жел бергісі келеді.*

І.Кеңесбаевтың фразеологиялық сөздігінде келтірілген тұрақты тіркестерге мынадай түсініктеме беріледі: Ділгір болды - өте зәру, мұқтаж болу; уысын тарылтты — белгілі бір іс-әрекеттің жүзеге асуына шек қойылуы (бұл жерде билік жүргізуде шек қойылу деген мағынада жұмсалып тұр); жел берді — айдап салу, қайрап салу [4, 6 б.].

А. Байтұрсынұлы ауызекі сөйлеу тілінде кездесетін фразеологиялық тіркестің кейбіреуінің мағынасын суреттеп отырған оқиға мен өмір құбылысы жағдайына лайықтап, жаңғыртып жұмсап, мағынасын өзгертіп отырған. Сол арқылы автор тіл бірліктерінің ықпал ету күшін арттыруға тырысады. Мыс.: *Көрпе жетсін десек, істерлік жалғыз амал бар: көсілуді қойып, аяқты жию. Военное положение иглан етілген жерде түймедей жазыққа түймедей жаза бар.* Бірінші мысалда «көрпеңе қарап көсіл» деген тұрақты тіркестің өзгертілген түрі берілген. Екінші мысалда «түймедейді түйедей ету» деген фразеологиялық тіркестердің интерпретациясы болып табылады. Кей жағдайда фразеологиялық тіркестің бір компонентінің орнын синонимдес сөзбен ауыстырады. Мыс.: *есі енген- есі кірген, жар шақыру — жар салу, көзімізге нанбадық - көзімізге сенбедік, ауқаты көтерсе — жағдайы көтерсе, мойын қойса — мойын бұрса, ақысын ауыстырмайтын - ақысын жібермейтін, т.б.* Осылайша фразеологиялық

тіркестерді өңдеп, құбылтып жұмсау эмоционалдық реңк туғызады. Сондай-ақ, қаламгердің макалаларында жеке авторлық қолданыстан туган жаңа көркем сөз үлгілері – метафора, эпитет пен кейіптеудің, өсірелеудің, сөздің семантикалық қабаттары мен мүмкіндіктерін ашатын қолданыстар бар. Мыс: *Сөйтіп крестьянский начальник бұл арада құр түсіп аттанатын жалғаушылыққа гана орын болып табылады. Ауылдағы абыр-сабыр, жаяу жамандық, арамзалықты тоқтатыңдар. Я болмаса, ұрыншақ мінезбен ұшқалақ сөйлеген сөзін жұрт оқып ғали тахсил алған адамның сөзі мұндай болады екен-ау демек үшін бастыра ма?*

Публицист жадағай, жаттанды қолданыстардан қашып, белгілі бір уәждемелер негізінде сөздердің жаңа тіркестерін қолданған. Публицистикадағы фразеологизмдердің жиі қолданысы газетті халыққа жақындататынын көсемсөз шебері жақсы түсінген.

А.Байтұрсынұлының макалаларында мынадай сөз тіркестері тұрақты сипатқа ие бола бастаған:

Жұрт: келімсек жұрт, тұрғын жұрт, өзге жұрттың есігі, жұрттың ұлттығы, жұрт сынына салу, жұрттың қорлығы, қазақ жұрты.

Ұлт: өз алдына ұлт, ұлттың сақталуы, ұлттың жоғалуы, ұлт болып тұру, ұлтына қызмет ету, ауданды ұлт, ұштық шарттар.

Тіл: қазақ тілі азып жоғалуға ықтимал, басқа тіл, қазақ тілінен жирену.

Жер: жер кесу, бос жер, жер алу, уезге караған жерлер, сұрып жер, жер жалдау, жер кіндік ел.

Пайда: қазақ пайдасындағы жер, зор пайдалы болар, пайдалы қызмет, газеттің пайдасы.

А. Байтұрсынұлының қоғамдық-саяси, әлеуметтік тақырыпта жазылған түрлі публицистикалық мақалалары қазақ терминологиясының қалыптасып, әдеби тілде тұрақталуына әсерін тигізді. Тіл білмінің өсіп, өркендеуіндегі мерзімді баспасөздің рөлін профессор Ө. Айтбаев: «Жалпы сөз біткеннің, оның ішінде термин атаулының өріс алар, қанат жаяр жері, ең алдымен, мерзімді баспасөз, яғни өмірдің сан түрлі саласынан сан алуан мәлімет жинап материал беретін журналистердей термин құмар маман жоқ» [5, 35 б.] деп түсіндірсе, О.Бүркітов: «Мерзімді баспасөз – жаңа сөздер ұстаханасы» [6, 25 б.]. - деп нақты тұжырым жасайды.

А.Байтұрсынұлы терминдерді «пән сөздері» деп атайды. Ғалым пән сөздерін жасауда мынадай әдістерді басшылыққа алады:

1) жаңадан енген ұғымға атау беруде ана тілінің ішкі заңдылықтары мен бай сөздік қорын пайдалану;

2) халықаралық терминдерді аударуда қазақ тілінің барлық мүмкіншілігін іске асыру.

Тілші ғалым қазақ тіліне енген халықаралық терминдер мен кірме терминдердің сол тілдің грамматикалық құрылысы мен фонетикалық жүйесіне, орфоэпия заңдылығы мен акцентологиясына қарай бейімделуіне баса назар аударды. Өзіне дейін үстемдік құрып келген «халықаралық терминдерді орыс тілінде қалай жазылса «солай алу керек» деген принципке қарсы шығып, бұл терминдердің қазақ тілінде тамаша баламасы бар екенін дәлелдейді. Мыс.: *ел тарту жұмысы, сауыт дәрі, уақ қары серіктігі, қарсы басытқы, аттамалы жер, жеңіл өсім, көп өсім, дәйімдек сиез, жарна салушы, қуаланған қағаз, жерге когам иелігі т.б.*

А.Байтұрсынұлы көпшілік қауымға тілге жаңадан сіңіп отырған терминнің мағынасы мен уәжін тезірек ұғындыру мақсатында жақшаның ішіне баламасын беріп отыру әдісін де қолданған. Мыс.: *жер жұмысының чиновнигі (производитель работ), рушылық дәуір (родовой строй), дәреже (инстанция, тиянақты билік (окончательный*

приговор), қалыптан тысқары сиез (черезвычайный съезд), жоба (проект), құжат (материал) т.б. Осылайша публицист таңдауды қоғам йелеріне қалдырады.

Өзінің дәлдігімен, нақтылығымен жалпы халықтың түсінуіне, айтуына жеңіл тиетін, тілдік қордан берік орын алған кейбір халықаралық терминдерді ғалым сол күйінше алған. Мыс.: *полиция, прокурор, сенат, интернат, банк, микроб, семинария, адам фельдшері, грамота, губернатор, норма, администрация, партия, т.б.* Кейде публицист сол дәуірде жалпыхалықтық тілде кеңінен қолданыс тапқан араб-парсы тілдерінің элементтерін қажетті жағдайда ұғым атауы ретінде қолданған. Мыс.: *рисалар (рисалатун) – миссия, үндеу хат; матбугат (матбу атун) – басылым; мазхаб (мазһаб) – діни қауым, секта, жік; ағза (а да у) – мүше; низам (низамун) – тәртіп, қоғамдық режим, заң, жөн.* Қайсыбір араб-парсы сөздерінің ішінде қазақ тілінің фонеморфологиялық заңдылықтарына сәйкестендіріліп, ұлттық тілдің бай лексикалық қорынан берік орын алғандары да бар. Мыс.: *неке, несие, қаражат, айып, қазына, жауапкер, жамизат, хикмет, т.б.*

Әдебиет:

1. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. 5 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: 2002. – 207 б.
2. Мажитаева Ш. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ әдеби тілінің әлеуметтік және лингвистикалық сипаттамасы (мерзімді баспасөз материалдары бойынша). – Алматы, 1993. – 233 б.
3. Смағұлова Г. Бұқаралық ақпарат құралдары тілінің ұлттық менталитетіне әсері // Мемлекеттік тіл: терминология, іс қағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі. – Астана, 1999. – Б. 220-230.
4. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 712 б.
5. Айтбаев Ө. Қазақ сөзі (Қазақ терминологиясының негіздері). – Алматы, 1997. – 240 б.
6. Бүркітов О. Ұлттық баспасөздің мемлекеттік тілді дамытудағы рөлі//Мемлекеттік тіл: терминология, іс қағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі. – Астана, 1999. – 159 б.

ӘОЖ 81'

КӨНЕ ТҮРКІ ТІЛІНДЕГІ СЕПТЕУЛІК ШЫЛАУЛАРДЫҢ ЛЕКСИКА-ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Хамзина Г.С., Мусина Ф.
(*М.Қозыбаев атындағы СҚМУ*)

Қазақ тіл білімінде «шылау» атауымен сөз табы есебінде А. Байтұрсыновтың «Тіл құралы» атты еңбегінен басталады. Мұнда шылау сөздер аффикс деп қаралмай, сөз таптары қатарында болған. Ы. Шақаманова өз зерттеуінде шылаулардың аффикске айналу қасиетінің барын жоққа шығара алмайтындығын айта кеткен [1, 14 б.].

Жалпы Орхон-Енисей және Талас жазба ескерткіштер тілімен қазіргі қазақ тілі аралығында 16 ғасырлық айырмашылығы болғанымен, екі тілде де бар шылауларды алып қарасақ, соншалықты алшақтық жоқ.

Руникалық көне түркі ескерткіштер тіліндегі қазіргі қазақ тіліндегісімен салыстырылуы.

Көне түркі тілі: үчун, тегі, сайу, өк/оқ, кісре, кідін, өтрі, та/да ба/му

Қазақ тілі: үшін, дейін, сайын, ақ, кейін, соң, да/де, та/те, ма/ме, па/пе

Көне түркі тілі: гу/гү, аша, че, тапа, түгүл,қына, бірле, қоды

Қазақ тілі: гой, қой, аса, шақты, таман, түгіл, гана, қана, бірге, бойы

20 ғасырдың 80-жылынан бастап шыға бастаған «Дала уалаяты» газеті беттерінде бірле, бірлән, білән және мынан формалары жарысып қолданылған. Сонымен қатар

қазіргі қазақ тіліндегі мен/пен/бен қысқа формаларының негізі жасала басталған. Мысалы: *Көптен бері мені қалап едім сеніңменен сөйлесуге, менің қымбатлы достум!* Мұнда көмектес септігі ілік жалғауынан соң тіркесіп жалғанған. Қазіргі қазақ тіліндегі ілік жалғауының соңғы -ң фонемасы элизияға ұшырап менімен, сенімен, онымен болып қолданылатыны белгілі. Тіл тарихында мұндай құбылысты сөз құрамындағы әр түрлі сырт жағдайларға байланысты пайда болған дыбыстар немесе сөз құрамында бұрыннан бар форманттар деп түсіндіріледі.

Көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тіліндегі көмектес септікті меңгеретін бірле сөзі қазіргі түркі тілдеріндегі бірге, бирга, берабер, биле сөздері сияқты шылау қызметінде болған. Қазіргі қазақ тілінде бірге сөзі көне түркі тілдіндегідей көмектес септікті меңгертеді. Сол себептен бірле тұлғасын бірге септеулік шылауы деп қараймыз. Орхон-Енисей жазба ескерткіштер тіліндегі шылаулар қатарына қосып жүрген кейбір шылау емес сөздер жайлы Г. Айдаров «Служебные части речи в языке надписей орхонских памятников» деген мақаласында олардың зерттелуі жайлы қысқаша тоқталып әлі де зерттеу қажеттігін айтқан. Осы мақаласында «Ара» сөзін септеулік шылау деп берген және йалуыңус, йана сөздерін демеуліктер қатарына жатқызған [2, 148-153 б.].

Тарихи тұрғыдан алып қарағанда, шылаулардың барлығы дерлік әуел баста басқа мағынадағы бүтін бөлшектер болып келеді. Оларға белгілі бір тілдің даму кезеңінде қосымшалар жалғану арқылы жаңа мағынадағы туынды тұлғалар жасалынған. Біздің зерттеп қарастыратынымыз осы туынды тұлғалардың ішіндегі шылау сөздер болмақ. Оның аса ежелгі дәуірде өмір сүрген фонетикалық семаларын мәні мен қызметі жуық, ұсақ семалармен салыстырып зерттеу мақсат етілмейді. Көне түбір мен көне қосымшаның аражігін ашып түсіндірудің өзі қиынға соғады. Сонымен қатар тіл білімінде олардың қандай түбір сөзден болғандығы жайлы көзқарас әр түрлі. Тіпті түбір түгіл қосымшалардың өзінажыратып алуда да әр түрлі болжамдар айтылып келеді.

Қазақ тіліндегі сөздердің этимологиясын зерттеуші Б.Сағындықұлы: «Тіл тарихы зерттелмейінше оның даму, өзгеру, қалыптасу заңдылықтары ашылмайды, жүйе құрылымы да, бай мазмұны да сан-салалы әлеуметтік, қоғамдық қызметі де өз дәрежесінде танылмайды» дейді [3, 3 б.]. Ғалым тіл тарихын зерттеу арқылы бүгінгі тілдің күйі – қалпынан мәлімет бере алатындығына мезгейді.

Жалпы көне түркі руникалық жазба ескерткіштері тіліндегі қолданылған шылау сөздердің морфологиялық құрылымын зерттеуші ғалымдар екі негізіне алып қарастарыды. Оның бірі – етістіктен жасалынған шылаулар, яғни етістік негізді шылау сөздері де, екіншісі есім сөздерден пайда болған шылаулар делінеді [4, 41 б.].

Бұл шылаулардың шығу тегіне, тарихи морфологиялық құрамына қатысты пікірлеріндегі бір ерекшелік болып саналады. Тіл ғылымында екінші бір көзқарас шылаулардың пайда болуын анатомиялық атаулармен де байланыстырады. Мәселен, қазақ тіл білімінде шылаулардың этимологиясына байланысты пікір білдірген ғалымдарымыздың бірі М.Балақаев зерттеу еңбегінде шылаулардың шығу тегін осы қырынан алып қарастырады. Ғалым: «тегінде шылау сөздер ерте кездегі толық мағыналы сөздердің олқы мағыналы не мағынасыз сөздерге айналуын екінші басқышы екендігін айқын көрсетеді» дейді [5, 4 б.].

Тілімізде біраз сөздер сөзге қосымша мағына үстеу үшін жұмсалып, грамматикалық амал ретінде қызмет атқарады. Олардың өздеріне тән лексика-грамматикалық мағыналары бар. Олар тілдің бүкіл даму тарихында кейбір есім, етістік формаларының бастапқы лексикалық мағыналары бірте-бірте әр түрлі дәрежеде солғындап немесе жоғалып, әр алуан грамматикалық мағыналарды иеленіп қалыптасқан. Шылаулардың лексика-грамматикалық мағыналары жеке тұрғанда

абстракты болғанымен сөз аралықтарында конкреттеніп отырады. Жалпы шылаулардың грамматикалық мағыналары лексикалық мағыналарына қарағанда әлдеқайда басым. Орхон–Енисей және Талас ескерткіштеріндегі шылаулардың атқаратын қызметтері өзіндік ерекшеліктерімен әр түрлі дәрежеде көрінеді. Олардың бірқатары сөз бен сөздің арасындағы грамматикалық байланыстарды айқындаса, кейбіреулері жеке сөздер мен сөз тіркестерін не болмаса сөйлемді анықтау, толықтау үшін я қосымша реңк беру үшін және тағы басқа мақсаттар үшін қолданылады.

Орхон-Енисей жазба ескерткіштер тіліндегі шылау сөздердің синтаксистік қатынаста қандай қызмет атқарғандығын сөз тіркесі тұрғысынан алып қарастырамыз. Себебі синтаксистік дәрежелерінің алғашқы сатысы болып есептелінетін бөлшек – сөз тіркесі. Синтаксистік қатынастың көрінісі ең алдымен жеке сөздердің тіркесінен байқалады. Ал жеке сөздер өзара тіркесімділік сипатта болу үшін бір-біріне бағына жұмсалуды қажет.

Сөздердің осылайша үйлесімділігі ғана оларды тіркесімділік қабілетке түсіреді. Көне түркі жазба ескерткіштер тіліндегі шылаулардың сөз тіркесінде лексика-грамматикалық мағынасы болады. Бұндағы синтаксистік қатынас дегенді жеке сөздер мен шылау сөздердің өзара байланысы, сөйлемдегі сөздердің аралық қатынасы және жеке-жеке сөйлемдердің үйлесе айтылуы тәріздес мәселелер төңірегінде қарастырылады деп ұғынуымыз қажет. Сөйлемдегі сөздердің байланысы түрліше грамматикалық амал – тәсілдердің негізінде жүзеге асады. Соның нәтижесінде өздері тіркескен сөзіне әр түрлі грамматикалық мағына туғызып сөйлем мүшелік, жалпы сөйлемнің қызметі анықталып, сөйлемнің қызметімен үндесе келеді. Шылау сөздер өзі тіркескен сөзін басқа сөздермен байланыстырып қана қоймай, сонымен бірге оған қосымша грамматикалық мағына реңктер беріп отыратыны мәлім. Көне түркі руникалық жазба тіліндегі шылау сөздерден бұндай қасиеттерді көруге болады. Мысалы: *Темір қапығқа тегі сүледім – Темір қақпаға дейін соғыстым*. Бұл жерде сөйлемді синтаксистік және морфологиялық тұрғысынан алып қарағанда қазіргі тіліміздегі нормаларға сәйкес.

Шылаулар сөз құрамында емес, тіркес құрамында келіп білдіретін грамматикалық мағыналармен ерекшеленеді. Бұнымен синтаксисінің маңыздылығын танытады. Әрбір шылау лексемасы сөз бен сөз аралығын ғана байланыстырып қоймайды немесе өзі тіркескен сөзіне ғана қатысты болып келмейді. Жалпы сөйлемнің қандай түрі болмасынолардың мағынасына тәуелді болмақ. Сөйлем «темір қақпаға дейін соғыстым» деп дейін шылауымен келген уақытында ғана айналасындағы басқа сөздермен тығыз байланысқа түсіп, белгілі бір мақсаттағы сөйлем құруда өз дәрежесіне қатынаса алады. Сөйтіп шылау сөздер жеке сөздер арасын байланыстыруда ерекше қызмет атақарады. Бұндай ерекшелікті шылаулар арқылы әр түрлі синтаксистік қатынасты білдірулерімен түсіндіруге болады. Ал синтаксистік қатынас – сөйлем бойына тән қасиет. Шылау сөздер осындай ерекшеліктердің негізінен туындайтын сөйлемдерде алдыңғы қатарда жүреді. Себебі сөздер мен сөйлемдер арасын байланыстырудағы өрісінің кеңдігі олардың бойына тән өзіндік қасиеттерінен шығып жатады. Шылау сөздердің грамматикалық жүйеде алатын орны, оның өзге де категориялық мағынаға әсері синтаксистік қатынаста ғана жүзеге аспақ. Олар сөз тіркесі құрамында келіп, сөйлем құрауға қатысатындығы және құрмалас сөйлем түрлерінің құрамында болып, әр түрлі дәрежеде қызмет атқаруыаналитикалық формант есебінде саналады. Олардың құрылымдық сипатының өзі көпшілік жағдайда ондағы жетекші сөздің грамматикалық және лексикалық табиғатына негізделеді. Сөздің басқа бір сөзбен тіркесіп, белгілі бір күрделі номинативтік мәнге ие болуы ең алдымен, оның лексика-грамматикалық мүмкіндігінен туындайды. Сөз тіркесін ұзақ дәуірді басынан кешірген семантикалық және тұлғалық жағынан бір-бірімен үйлескен сөздер ғана құрай

алады. Сөз тіркестерінің даму барысында тіркес құрау қабілеттілігі артып, тарихи өзгеріп, мағыналық жағынан толығып кеңейеді. Негізінен «сөз тіркестері тұрғысынан алып қарастыруда тілдегі әрбір жаңа құбылыс бұрыннан бар элементтердің негізінде пайда болатындығына көз жеткізіледі. Сол элементтердің жүйелі байланысы мен қатынастарына негізделеді» деген ғалымдардың пікірін басшылыққа алған жөн.

Сөйтіп қазіргі қазақ тіліндегі шылаулардың толық лексикалық мағынасы бар сөздермен тіркесіп келуін Орхон-Енисей жазба ескерткіштер тіліндегісімен байланыстырамыз. Олар сөз тіркесі шеңберінде ғана емес, сөйлем, сөйлем мүшелері бойынша салыстырмалы түрде зерттелінетін болады. Сөз тіркесі аспектісінде қарастырылғанда тіркестің түрлері, формалық байланысы, сөйлем мүшелеріне қатысы анықталынады. Жалпы көне ескерткіштер тіліндегі шылау сөздер қандай формамен тіркесетінін анықтау үшін сөйлем мағынасы мен мәтін мазмұны шеңберінде алып қарастырамыз. Себебі жатыс, барыс, шығыс, табыс септіктері бірінің қызметін бірі атқарады. Көне түркі тіліндегі септік парадигмада қазақ тіліндегідей қалыптасқан жүйелік жоқ. Мысалы «қондуқта кісре» тіркесі «қонғаннан кейін» түрінде болады. Әрі қарай талдауымызда «қонғаннан кейін» шылаулы тіркес етістіктің есімше формасынан кейін жалғанған шығыс септікті етіс тіркес екендігі көрсетіледі. Содан соң шығыс септікті есімше формалы етістік сөзге кейін шылауы тіркесіп, белгілі бір фактінің соңынан болатын мекендік немесе мезгілдік ұғымды білдіретіндігі түсіндіріледі.

Сонымен көне түркі тілінде қолданылған кейін, соң шылау мағынасындағы кісре (кідін, өтрұ, ұдұ) септеулік шылау сөзі тіркескен сөздерді мезгілдік, мекендік, сын-қимыл грамматикалық-семантикаларын білдіреді.

Тапа: Тапа сөзі – барыс септікті меңгеретін *таман*, *қарай* мағынасындағы септеулік. Орхон-Енисей жазбаларында бұл сөз де бірде үстеу, бірде шылау қызметінде болады. Біз тек оның шылау мағынасындағы синтаксистік қызметін алып қарастырамыз. Шылау мағынасындағы қызметі өзінен кейінгі тіркесетін етістікке байланысты болады. Мысалы: Көне түркі тілі: Тапғач тапа сүледім, тапа сүңіштім сияқты етістіктермен тіркесіп келгенде, үстеу мағынасында болады. Ал мынандай тіркестерде шылау қызметінде жұмсалады: Анча барс йылқа чік йорыдым. Қазақ тілі: Оспан Абайдың ығына таман шалқая отырып, иығы мен басын жүкке сүйеп қалғып кетті (М.Ә.). Бері таман келіңіздер жолдастар деді ол.

Түрік тілі: Гидтилер кенан тапа.

Түрікмен тілі: Ол колхозчыларын арасында дуру билман, кенбесине тарап уграды.

Шор тілі: Мен каяга тебе аттым.

Қарақалпақ тілі: Тюске таман шомылып келейик – деп кемпир қызға айтады. Сыйыр тоғайға таман кетти.

Қазақ тілінде де дәл осындай формада беріліп, барыс септікті есім сөздермен тіркесіп, белгілі бір бағытты және мезгілдік қатынасты білдіреді. Орхон-Енисей жазбаларындағы тапа шылауы тек зат есім сөздермен тіркесіп келсе, қазіргі қазақ тілінде зат есімді мезгіл атауларына (түске таман, кешке таман), көмекші есімдерге (қасына таман, үстіне таман), есімдіктерге (оған таман, бізге таман) және үстеу (жоғары таман, ілгері таман) сөздерге тіркесіп келеді де әр түрлі грамматикалық мағыналарын білдіреді. Аталмыш тұлға сөйлем мүшелі қызметі жағынан өзгеріске ұшыраған жоқ. Көне түркі тілінде де, қазіргі қазақ тілінде де тіркескен сөздермен бірге жанама пысықтауыштық қызмет атқарады. Білге қаған ескерткішінің 14-ші жолында таман тұлғалы сөз кездеседі. Бірақ оның адынан келетін сөздер өшіріліп қалған сол себептен таман сөзін нақты шылау деп көрсету қиын және басқа ескерткіштерде жоқ. Т.Қордабаев зерттеу еңбегінде 15-18 ғасыр материалдары бойынша тапа шылауының таба тұлғасында келіп, атау тұлғалы және барыс септікті сөздермен тіркесіп іс-әрекеттің мекендік немесе мезгілдік бағытын білдіретіндігін және атау тұлғалы

сөздермен тіркесіп кеолуінен гөрі, барыс септікті сөзбен жанасуы сирек кездесетіндігін түсіндіріп дәлелдеген. Жалпы тапа шылау сөзінің қарсылық мәнде үстеулік қызметін қоспағанда, шылау есебінде мағыналық, тұлғалық және қызметі жағынан ізін жоғалтпай түрленіп, кеңейген түрде бүгінгі тілімізге жетіп отыр.

Орхон-Енисей ескерткіштер тілінен бүгінгі тілімізге дейін жеткен шылау сөздердің бірі. Оның грамматикалық мағынасы мен қызметі контекстік мағынада анықталынып отыр. Орхон-Енисей және Талас жазбаларындағы шылаулардың сөз тіркесі және сөйлем аралығындағы грамматикалық мағыналары мен байланысу түрлері айқындалды.

Әдебиет:

1. Шақаманова Ы. Шылаулардың дамуы және зерттелу тарихы. – Алматы, 1995. – 184 бет.
2. Айдаров Г. Служебные части речи в языке надписей Орхонских памятников. Исследование по тюркологии. – Алматы, 1979. – С. 296.
3. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексика дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы, 1994. – 272 бет.
4. Насилов В. Язык Орхон-Енисейских памятников. – М., 1970. – С. 187.
5. Балақаев М.Б. Қазақ тілі грамматикасының кейбір мәселелері. – Алматы, 1941. – 32 бет.

ӘОЖ 81

СӘКЕН ЖҮНІСОВ ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ БЕЙВЕРБАЛ АМАЛДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Хамзина Г.С., Тұрсын Ж., Ақылбекова Ұ.

(М.Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Драмалық шығарманың көркемдігі, құндылығы – тілінде. Бұл жанрдың басқа жанр түрлерінен айырмашылығы – «жанды» болуында. «Актер белгілі бір образды тек сөзбен ғана емес, бар қимыл қозғалысымен, бет пішінінің өзін сан құбылту жолымен сомдайды. Айтылған сөз жүйелі қимыл қозғалыстың нәтижесінде басқаша мағына беріп кететіні де шындық» [1, 38 б.]. Автор кейіпкерлерін сәйлетеді, көркем жанр жасайды, ал кейіпкерлердің сөйлеуі – сөйлеу тілінен алыс кетпейді. Сөйлеу тілі – ақпарат берудің, ақпарат жеткізудің сан түрін, атап айтқанда, тілдік және тілдік емес, тілден тыс өзге де каналдарын, олардың әрқайсысына тән өзіндік ольфакторлық, тактильдік, көзбен көруге болатын, құлақпен еститін, т.б. амалдары мен тәсілдерін іс жүзінде пайдалануға болатындығымен ерекшеленетін күрделі құбылыс болып табылады.

Сөйлеу кезеңінде тілдік емес ым мен ишарат арқылы ойды жеткізу, нақтылау күнделікті өмірде жиі кездесіп жатады. Қазақ тіл білімінде Ә.Қайдар, М.Мұқанов, С.Татубаев, А.Сейсенова, Ж.Нұрсұлтанқызы, К.Қажығалиева т.б. ым және ишараттарды әр түрлі қырынан зерттеген еңбектері бар.

Драмалық шығарма қойылым ретінде жүріп жатқан кезде тілдік қарым-қатынаспен бірге, кейіпкерлер шартты келісімдер мен белгілер арқылы тілісіз де бірін-бірі ұғады. Бұл адамдар арасындағы қарым-қатынастың бір түрі. Ғалымдар тілдік қарым-қатынасты – вербалды, тілсіз қарым-қатынасты бейвербал амалдарға жатқызады. Кейіпкерлердің айтайын деген ойын осы бейвербал амалдар аша түседі. «Бейвербалды амалдар деп – вербалды амалдарды толықтырып, оларға қосымша мағына үстейтін, коммуникативтік актіні жалғастыруға қызмет ететін, адамдардың өзара түсінісуін қамтамасыз етуге көмектесетін қарым-қатынастың түрін айтамыз» [2, 8 б.]. Ж.Нұрсұлтанқызы бейвербал амалдардың көркем шығармада берілуінің үш жолын көрсетеді:

1. Бейвербалды амалдар бір сөзбен беріледі; ыржию, тыржию т.с.с

2. Бейвербалды амалдар фразеологизмдермен беріледі; бармағын тістеу, қабағынан қар жауу т.с.с.

3. Бейвербалды амалдар еркін сөз тіркесімен беріледі; қолын ұсынды, басын сипады т.с.с.[2, 8-9 б.].

Драмалық шығармаларда да бейвербал амалдар коммуникативтік актіні жалғастыра отырып, кейіпкерлердің өзара түсінісуіне жәрдем етеді.

Бейвербал амалдар жиынтығы – дене мүшелерінің (бас, көз, қас, қабақ, ерін, тіл т.б.) көмегімен орындалып, белгілі бір ақпарат береді.

Тілдік қарым-қатынас кезінде адамдардың дене қалыптары олардың жалпы мінез-құлқын, ой-санасын, әлеуметтік дәрежесін, әдетін де айқындай түседі.

Б.Момынова мен С.Бейсембаеваның авторлығымен жарық көрген ым мен ишараттың түсіндірме сөздігіне сүйене отырып, С.Жүнісовтің драмалық шығармаларындағы авторлық ремаркада берілген еркін сөз тіркестерін қарастырдық. Драмадағы бейвербал амалдардың қызметін мысалдар арқылы ашуға талпыныс жасадық.

Т а й ш ы (басын иіп). Алдияр, Абылай қолға түсті (С.Ж., 35-б.).

Бас ию - басқа біреудің артықшылығын, үстемдігін мойындау, мойынсұну [3, 24 б.].

Қалдан Серенге келген Тайшының хабарды айтпастан бұрын басын иіп, содан кейін сөйлеуі оның бағынышты адам екенін байқатады.

Қ а л д а н С е р е н. Абылай сұлтан, егер сіз Русия елшісі танымаса, сіз біздің өзара сөзіміздің тыңдаушысы ғана болыңыз (Абылай құп алып, басын изейді). (Сонда, 51-б.).

Бас изеу – келісу, құптау, мақұлдау [3, 20 б.].

Қаламгер тұтқындағы Абылайды тілдік қатынасқа қатыстырмай, жоңғар ханының сөзіне келіскенін бас изеу арқылы береді.

Т ұ т қ ы н (ыржалақтап, екі қолын төсіне қойып). Ассалаумағалейкүм, хан ием! (С.Ж., 56-б.).

Қос қолдың алақанын бірінің үстіне бірін салып, кеудеге қою. Бұл ишарат та бас июмен қатарласа орындалатын күрделі ишараттың бір компоненті [3, 79 б.].

Қ а т а й. Ағзу биллаһи мнәшайтан разим, бисмиллә иорахман иррахиим... (Күбірлеп ұзақ отырып бата қылады), (С.Ж., 64-б.). Бұл аят марқұм болған адамдарға арналып оқылады. Қол жаю, бетсипау ишаралары аруақтарға бағыштап құран оқу, дұға оқу, үлкендердің бата беруі жағдайларында жасалады. Марқұм болған ата-бабаның, туған-туыстардың жатқан жеріне барып, аруақтарға дұға оқып, қол жаю – парыз. Жолаушылар жол үстінде кездескен бейіттердің жанынан өткенде құран бағыштап, бет сипауы міндетті саналады. Бұл түсінік те қаламгер қаламынан тыс қалмаған. Баласы өлген соқыр кемпірге Атан болыс пен атқосшысы Қатай дұғасын оқиды, дегенмен олардың негізгі ойлары бұл емес, көздегендері кемпірдің он бес жастағы немересі – Ажар.

Қ а т а й. ...Шынында да жақсылық болар. Иллаһи амин! (Бетін сипайды) (Сонда, 65-б.).

Екі қолды бір-біріне түйістіре ұстап, жайылған алақанмен маңдайдан төмен қарай иекке дейін сипалай жүргізіп өту. Бет сипау – қоштау, құптау, рұқсат ету, әлдебір іс-әрекеттің аяқталғанына орай сәттілік тілеп бата қылу[3, 34 б.].

Соқыр кемпір Қатайға баласынан қалған иттің түнде ұли беретіні жанына бататынын айтып кейиді. Қатайдың бет сипағанынан мұны оның жақсылыққа жору керек екенін айтып, өзінше жорамалдап сәттілік тілеген екі жүзді бейнесін көреміз. «Иллаһи амин!» сөзі айтылған тілектің қабыл болуын құптағанда қолданылады. Қаламгер салт-дәстүрлік негіздегі бейвербалды амалдарды қолдана отырып, халық өмірінің шындығын танытады, ұлттық ерекшелікті де көзден таса етпейді.

Қ а т а й. Атан, сен де далаға шығып келмейсің бе? (көзін қысады), (Сонда, 70-б.). Қасындағы сұхбаттасына бір көзін қысып қарау – ниеттестікті білдіру [3, 36 б.].

Соқыр кемпір алдында сөздері түзу, ал ниеттері қара Атан болыс пен Қатай арам ойларын жүзеге асыру мақсатында сыртқа шығып келмекші. Қаламгер үшін екі жүзді кейіпкерінің бейнесін беру оңай емес. Осы тұста бейвербал амалдарды да қолданған.

Б ө п і ш (қабағын түйіп). Осы үй менің үйім бе? Әлде ауылдың кеңсесі ме? Әй, өкіл кішкене демалуға пұрсат беремісің, әбден төбемізге шығып болдың ғой әулиесіп! (Сонда, 95-б.).

Қабағын түйю – біреуге күш көрсету, қыр көрсету, ренжу, қатты ашулану, көңілі толмау [3, 46 б.].

Қатай мен екі жүзді кейіпкер Сары жорға ауыл азаматы Бөпішке әйелің Ажар «көзіңе шөп салып жүр» дегенді айтып, әйеліне қарсы айдап салады. Бөпіштің қабағын түйю арқылы қаламгер оның әйеліне ренжіп, өкілге қыр көрсете келгенін аңғартады.

А ж а р. Тұр деймін. Жүремісің?

Б ө п і ш (қолын қағып жіберіп). Бармаймын (Сонда, 99-б.).

Қол сілтеу, сермеу, сілқу – қасындағы адамның пікіріне немқұрайдылықпен қарау, ұнатпау сөзіне құлақ аспау [3, 70 б.].

Азғырушылардың сөзіне еріп үйінен кетіп қалған Бөпіш соңынан келген әйелі Ажардың сұрағына жауап берместен бұрын қолынан қағып жібереді. Осы қимыл арқылы қаламгер кейіпкерінің риза болмай тұрғанын айқын байқатады. Осыдан кейінгі Бөпіштің «бармаймын» деген жауабы осы қимылды нақтылай түседі.

Б ө п і ш. Дүкенінде дүниеден көз сүрінеді, мата дегенің адам айтқысыз. (Саусағын санайды). Барқыт, патсайы, мауыты, жібек, тайғақ, шәйі, тағы немене еді, сәтен, ләстік, қисапсыз көп (Сонда, 77-б.).

Ауылдан шықпаған Бөпіш қалаға барғанда көргендерін таңданыспен жеткізеді. Кейіпкер мата атауларын саусақпен санамалап көрсетеді. Бұл саусақ қимылы да кейіпкердің айтылған хабарға басқалардың көңілін аудартуы, назарларының мата түрлерінде болуы үшін қолданған амалы.

Р а й х а н. Бетіңе не болған, Халел?

Х а л е л. Машинаға соғып алдым.

М о р г у н. Машинаға соққан бет ондай болмайды, мынау ғой. (Жұдырығын көрсетеді) (С.Ж., 295-б.).

Бейвербал амалдардың көпмағыналығын да ескере кеткен жөн. Сөздікте жұдырық түйю – күш көрсету, сес көрсету, қоқан-лоқы таныту [3, 96 б.]. деп беріледі. Халел тың көтеруге келген орыс жігітімен сөзге келісіп, соңы екеуінің жұдырықтасуымен аяқталады. Осыны сезіп қойған Моргун Халелге жұдырығын түйіп көрсету арқылы оған біреудің күш көрсеткенін, бетіндегі таңба соның салдары екенін бейвербал амалмен білдіріп тұр. Қаламгер түсінікті жайтты көп сөз қолданбай-ақ қол қимылымен көрсеткен.

Э д и к. Нешеу? Сіз мені ондай тәртіпсіз адам деп ойламаңыз. Маған, әрине, ... (сұқ қолын шошайтып) біреу жетеді.

Ж ұ м а т. Біреуі?

Э д и к. Әрине.

Ж ұ м а т. Сонда ол қанша?

Э д и к. Қанша? Біреу ...

Ж ұ м а т. Біреу? Сонда? Сіз жұмбақтамай турасын айтыңызшы, біреуіңіз жүз бе, мың ба?

Э д и к. Сіздің мазақ еткіңіз келеді. Жүз, мың деп күлесіз. Мен замандас деген соң айттым. Сонда, немене, бір қызбен былай таныссам, мен жарамаймын ба? (С.Ж, 309-б.).

Саусағын шошайту – айтылған хабарға көңіл бұрғызу, назар аударту [3, 101 б.].

«Қысылғаннан қыз болдық» комедиясындағы қала тұрғыны, қазақшасы шала Эдик пен ауылдан келген Жұматтың диалогынан байқағанымыз екеуі бірін-бірі түсініп тұрған жоқ. Жұмат концертке дайындық жұмыстарын жүргізгені үшін Эдиктен гонорарға қанша ақы алатынын сұраса, сүр бойдақ жігіт Эдик концерт қоюға ауылдан келген қыздардың біреуімен танысырсаң жетеді дегенді жеткізе алмайды. Эдик Жұматқа сұқ саусағын шошайту арқылы бір санын көрсетіп, Жұматтың назарын осы саусаққа аударып тұр. Қолдың саусақтары сандарды да тілсіз таңбалауда қажетке жарап жататын кездері болады.

Ж ұ м а т (алақанын уқалап). Дұр-р-ры-ыс! Идеяның басы орнына келе бастады. Жігіттен әйел, кемпірден қыз жасау – өнердің нағыз шыңы емес пе? Енді біздің ансамбльге бірінші орынды қалай бермес екен (Сонда, 301-б.).

Жұматтың алақанын уқалағанынан өз ісінің алға басып келе жатқанына риза екенін әрі өзін-өзі жігердендіріп тұрғанын байқаймыз.

Ж ұ м а т. Аяққа платформалы туфли киесіз...

Д и р е к т о р. Сәнді шалбар, әдемі көйлек.

Ж ұ м а т. Жүріс-тұрысыңызды да жастарша өзгертесіз...

Д и р е к т о р. Ара-тұра темекі тартып қоюға болады.

Ж ұ м а т. Бір сөзбен, мәдениетті әйел болып шыға келесіз...

С ә б и р а (құлағын басып). Жетті, жетті, жетті (Сонда, 299-б.).

Совхоз директоры мен Жұмат орта жастағы сауыншы Сәбираны бойжеткен қыздай киіндіріп, ансамбль мүшесі етіп, қалаға апармақшы. Мұны естіген Сәбираның қолымен құлағын басу қимылы арқылы оларды әрі қарай тыңдағысы кегенін анық байқатады.

М ұ р а т. Разия, сен ғой тәп-тәуір істеп жүрген жұмысыңды тастап кеттің. Не жұмыс жоқ, не оқу жоқ. Сенде не ой бар?

Р а з и я (иығын қиқаң еткізіп). Не ой болушы еді. Мен бір мисыз адаммын (С.Ж., 113-б.).

Иықты қомдау. Оң немесе сол жақ иықты, я болмаса екі иықты бірдей жоғары-төмен қозғау – келісу [3, 67 б.].

Мұрат кеш келген әйелі Разияға ренішін білдіруде. Жеңіл жүрісті Разия иығын қозғау арқылы өзіне берілген сұрақтың жауабын беріп тұр, яғни оған бәрібір. Кейіпкеріне иықты қиқаң еткізуі арқылы қаламгер оның мінез-құлқының жағымсыз қасиетінен де хабар береді.

Ш а р и п а. (қабақ шытып). Иә, иә, мал бар екен ғой. Мал... мал тұрғанда қайда бармақпын. Енді бар мұңымды тағы да қойларға айтармын.

Қабақ шыту – ренжу, көңілі толмау [3, 46 б.].

Қойшы әкесімен бірге Алматыға барғысы келген Шарипа амалсыздан қой ауылда қалуына тура келеді. Әкесіне өзінен басқа көмектесер, жан ашыр жан жоқ екенін білетін бойжеткен қыз Шарипаның қабақ шытып мұңайғаннан басқа қолдан келер дәрмені жоқ.

С и р о т и н и н (бас бармағын шошайтып). Джаһангир, мырза, жоғары мәртебелі, бильярдты керемет ойнайды (С.Ж., 27-б.)

Бас бармағын көрсету – «бәрі жақсы», «бәрекелді!» дегенді білдіреді.

Ішімдікке әбден тойған Сиротининнің көңіл-күйі жоғары. Ол Жәңгір ханның бильярдты жақсы ойнайтынына риза екенін бас бармақты шошайту арқылы білдіріп тұр. Бас бармақты шошайту көптеген халық қолданысында бар. Кейіпкер орыс ұлтының өкілі болғандықтан, қаламгер кейіпкеріне халықаралық ишараны қолдантуы түсінікті.

Х а й д а р о в. Орынбасар, осы-ы (желкесін қасып) шынын айтқанда, кейінгі жылдары, арақ ішетіндер ... мастар күрт кеміп барады (С.Ж., 59-б.).

Желкесін қасу – көбіне тұйықтыққа тірелгенде, немесе айтар сөз ауызға түспей

қалғанда жасалып жататын ишара.

Хайдаров - айықтырғыш бастығы, қалалық бөлім меңгерушісі Орынбасардың қабылдауында отыр, ол әрі құрдасы. Ол Хайдаровты айықтырғышқа түсетіндердің санын азайттыңдар, жұмысты дұрыс істемейсіңдер деп кінәлап отыр. Мұндай сөзді күтпеген Хайдаровтың қапелемде аузына сөз де түспей қалады, кейіпкердің абыржып қалған кезінде желкесін қасуы да қалыпты жағдай.

О р ы н б а с а р (қолын сілтеп). А-ай, өзің мылжың боп кетіпсің ғой (Сонда, 61-б.).

Қол сілтеу – бір нәрсені не болмаса әлдекімді ұнатпау, риза болмау [3, 69 б.].

Орынбасардың Хайдаровқа қолын сілтеуінен оның сөзіне қанағаттанбай, ұнатпай қалғанын аңғару қиын емес. С.Жүнісовтің драмаларындағы кездескен бас ию, бас изеу, құлағын жабу, екі қолын кеудесіне қою, қол сермеу, бас бармағын шошайту, иығын қиқаң еткезу, қабақ шыту, алақанын уқалау, сұқ саусағын шошайту, бет сипау тәрізді бейвербал амалдар кейіпкерлердің түрлі эмоциясы кезінде қолданылған, бұл тілсіз қатынастар оқырман мен көрерменге әсер ететіні сөзсіз. «В соответствии с новой парадигмой анализа речевого общения, основанной на антропоцентрически-деятельностном подходе, при котором во внимание берется не просто речевой акт, но и неречевой контекст, его сопровождающий, делается заключение о смыслопорождающей роли эксплицитного и имплицитного контекста, а также невербального сопровождения речевого общения героев драмы» [4, 21 б.].

Ал кейде драмалық шығармада үнсіздік те белгілі бір қызмет етеді.

Тарс еткен тапанша үні. Әлемқұл мен Шалам бастарын қос қолдай ұстап, тізерлей құлайды. Аздан соң үнсіз ғана қайта тізерлей бұрылып, бастарын қысқан қолдарымен беттерін баяу сипай бергенде, сырттан үрейлі жүгіріп Нәзира келеді.

Н ә з и р а. Не боп қалды? Мылтық атылғандай болды ғой!

Үнсіздік.

Ш а л а м. Иә...

Ә л е м қ ұ л. Атылды.

Мұндағы үнсіздіктен біз кейіпкердің өлгенін түсінеміз.

Сонымен С.Жүнісов тілдік амалдармен бірге бейвербалды амалдарды драмадағы іс-әрекетті жүзеге асыру кейіпкердің айтайын деген ойын жан-жақты жеткізу, нақтылау үшін қолданған. Драмалық шығармалардағы бейвербал амалдар қызметі күнделікті өмір шындығын көрсету үшін де жұмсалған.

Әдебиет:

1. Ошанова О. Әдеби драмалық хабарлардың қалыптасуы және даму бағыттары. - Алматы, 1995. - 125 б.
2. Нұрсұлтанқызы Ж. О. Бөкеев шығармаларындағы бейвербалды амалдар: филол. ғыл. канд. авторефераты. – Алматы, 2006. – 26 б.
3. Момынова Б., Бейсембаева С. Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірмесөздігі. – Алматы, 2003. – 136 б.
4. Исмагулова Б.Х. Художественно-драматургическое двуязычие: социолингвистический, психолингвистический аспекты: автореф...док. филол. наук. – Алматы, 2006. – С. 48.

ӘӨЖ 81.01

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚАУЫМЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙНЕСІ

Шайкин Т.О.

(М. Қозыбаев атындағы СҚМУ)

Әлемдік әдебиетте өзінің көркемдік шеберлігімен, ақындық, жазушылық құдіретімен оқырманды таң қалдырған суреткерлер баршылық. Бірақ Абайдың ешкімге ұқсамайтын ғажайып қасиеті – оның мәңгі жүрекжардылығы, оның шығармаларының кеше жазылғандай жарқырап көрінетін жаңашылдығы. Екінші ғажайып қасиеті – әлемдік философияда том-том кітаптарға әрең сыйған ойларды тарының қауызына сыйдырғандай құдіретпен екі-ақ ауыз сөзге сыйдыра білуінде. Абай – қазақтың ұлттық философиясының негізін салушы, жараты-лыстың құпиясына, табиғат пен қоғам, адам мен заманның сырына терең бойлаған кемеңгер ойшыл.

Қазақтың маңдайына біткен бақыты – ұлы Абай жырларының, дана сөздерінің мәңгі кір шалмас асылдығы сондай – туған халқы тәуелсіздік туын көтеріп, әділет таңы атқанда жаңаша жарқырап, жаңаша жайнап жүректерге даналық нұрын төкті. Біз оның өмірден озғанына бір ғасырға жуық уақыт өтседе отаршылдық езгісінен шырмалған тотты танымдардан төңкеріп тастап дүниежүзілік деңгейде мақтаныш еттік. Сол айтулы күндерде Абайтану ілімі өз мәртебесінің ең биік шыңына көтерілді [1, 12 б.].

Абайтану ілімінің бастауында қазақтың тағы бір данышпаны Мұхтар Әуезов тұрғаны халқымыздың мақтанышы еді. Абай шығармаларының тұңғыш толық жинағы 1924 жылы дайындалып, ақынның ғылыми өмірбаяны 1924-1927 жылдар аралығында жазылды. Бұл еңбектер 1933 жылы ғана жарық көрді. Абай ғұмырнамасының Мұхтар Әуезов басшылығымен 1927 жылдан 1950 жылға дейін төрт түрлі нұсқауының жазылуы бұл ғылыми еңбектің ауқымы кең құлашты, терең зерттеулі екенін, оған ірі әдебиетші ғалымдар тартылғанын көрсетеді [2, 108 б.].

Абайдың тұлғасын, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған өлеңдері мен қарасөздерін, аудармаларын – бүкіл ғаламат шығармаларын, халқының қамын ойлап, бүгінгі мен ертеңін өз жүрегінен өткізіп толғанып, білімнен, оқудан кенде қалған қалпына қапаланып, күңіреңген, «қалың елім, қазағым, қайран жұртым, ұстарасыз аузыңа түсті-ау мұртың» деп өксік пен өртенген ғұлама ғұмырнамасын халқымызға толық танытып болдық па? Әрине бұл тұста ойланатын тұстар жоқ емес.

Бүгіндері Абай өлеңдері, қарасөздері қалың оқырманның, бүкіл тыңдаушы жұртының сүйікті туындылары қатарында сахналардан, баспасөз беттерінен, теледидар экрандарынан, әуе толқынынан жиі-жиі беріледі. Соның бәрінде тыңдаудан, оқудан жалыққан жанды көре алмайсыз. Абай қазыналарының құдіретін талай-талай тыңдаса да, тағы да құлай беріліп жаңа танығандай елжіреген жүрекпен тынып қалған қауымға амалсыздан өзіңіз де қосылып кеткеніңізді аңғарар едіңіз.

Осы құбылыстың өзі бізге Абай шығармаларының халық сүйіспеншілігіне бөленген жаңа өмірі басталғанын баян еткендей болады.

Осы арада бір сәт өз көкірегіңіздің үніне құлақ түрсеңіз қазіргі кезеңде Абай өлеңдері басқаша естілетінін, бұрынғыдай емес көркі жарқырап, ғажап ойлары таңырқатып, жүректі бір суытып, бір ысытып терең толқытарын аңғарар едіңіз. «Феодалдық қоғамның өкілі, байдың баласы» деген бықсық қара күйелер, отаршылдық идеологиясы көзімізге шел перделеп шошытқанына қазір ғана таң қалып бас шайқаймыз. Тәуелсіздік таңының сәулесімен нұрланған көкірек бүгін Абай шығармаларының дана ойларын, аса көркем құймаларын қуана-қуана қабылдап, мың-мың қайталап, құмар қанбай оқуға құштар. Ол туындылар оқыған сайын жүрекке терең бойлап, толқыта берері де ғаламат. Данышпан ақынның жырлары осыдан бір ғасырдан аса бұрын емес, тіпті бүгінгі мына біздің тіршілік-өмірімізден алынғандай шыншыл әсерімен тәнті етері тамаша.

Осыдан он жыл бұрын ауылдағы мектептердің бірінде болғанымызда қазақ тілі мен әдебиетінің жоғары білімді мұғалімі: «Бұрын Абай өлеңдерін оқушыларға оқу бағдарламасынан асырмай ғана таныстырушы едік. Егемендік еркіндігі дауысымызды

түзеді, бүгін мәнерлі мақаммен келістіре оқып, мән-маңызын тереңдете түсіндіреміз, маржандай көркем өлең кестелерінің құлпырма бояуларын талдап қызықтырамыз», – деп еді. Бұл қуанарлық қадам одан бергі уақыт мезетінде барынша кең өріс тауып, жаңа ізденістермен толыса түсті. Ауыл клубтарында, мектептерде Абайға арналып кештер ұйымдастырылды. Абай өлеңдерін көркемдеп оқу сайыстары мектептерде өтіп жатқандығы туралы хабарлар да молайды. Осындай жаңа леп қазақ мектептерімен бірге орыс мектептерінде де жарыса байқалып, ұлы ақын шығармалары жас балғындардың орындауында өзгеше әсем нақыш тапқандай әсер етті [3, 25 б.].

Абай – әдеби әдеби тілдің проза жанрындағы бір қатар стильдердің ізін салған жазушы. Осы тұрғыдан Абай «Қара сөздерінің» тілін талдау арқылы қазіргі жазба әдеби тіліміздің сан салаға бөлінген стильдік тармақтарының даму барысын танып-білуге болады.

Абай тілін сөз еткенде, негізгі тұжырым – Абай –қазақтың қазіргі жазба әдеби тілінің іргетасын қалаушы деген қағида.

Абай қазақ көркем сөзі мен әдеби тіліні жаңа кезеңін бастаушы, оларды жаңа сапаға көтеруші, сөз өрнегінің үлгілерін ұсынушы деп танығанда, сол жаңалықтардың, сол үлгі-қалыптарының әрі қарай жалғасуын іздейміз.

Өлеңдерінің идеясы, көркемдік ерекшеліктері. («Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Бір дәурен кемді күнге бозбалалық», «Жастықтың оты жалындап», т.б.) Абайды ұлы деп танытып отырған белгі – оның поэтикалық дәстүрінің, рухани қазынасының, көркем тілінің жалғастық тапқандығынан, өзінен кейінгілерге үлгі-эталон болғандығынан көрінеді. Бұл жайында жиі айтылып, көп жазылып келеді. Дегенмен, бұл көнцепцияны жоғары талдауларымыз бен түіндерімізге жанастыра дәлелдей түспекпіз. Осы мақсатпен ұлы Абайдың ізбасары Шәкәрім Құдайбердіұлының тіл өрнегіне үнілсек. Шәкәрім – Абайдың азаматтық ар-ұжданы мен ақындық талантын тамаша танып, өте жоғары бағалаған, бағалай отырып үлгі тұтқан адам. Ол өлеңдерінде Абай есімін бір емес, бірнеше рет атайды. «Жастарға» деген өлеңінде:

Жалыналық Абайға жүр, баралық !
Білімді сол кісіден үйренелік,
Әдейі іздеп біз келдік сізге» делік,
«Өмір зая болмастық өнер үйрет,
Ақылыңды аяма бізге» делік, -
деп Абайды ұстаз тұтуға жастарды шақырады. Ол «мыңмен жалғыз алысқан», «өзі ермей, ерік бермей қор еткен жұртын» айтқан, «сөзді ұғарлық бозбаланы көре алмай, үзілмес үмітпенен бос қуарған» Абайды да жақсы таниды. Сондықтан:
Бұл Абай саудагер ғой ақыл сатқан,
Әр түрлі асылы көп өтпей жатқан.
Тегін білсең, аласың, бос береді,
Тұтасынан ешкім жоқ мұны тапқан, -
деп шындықты айтады. Абайды Шәкәрім барлық тұрғыдан ұстаз тұтады:
Сөзбен де, өлеңмен де сабақ беріп,
Алсын деп керектісін өзі теріп,
деп, өзінің алдына ұстазынан өзіне керектіні алу мақсатын қойғанын білдіреді. Сөз өнеріндегі керегін теріп алады. Алады да, жаратқандарын ұстазынша халқына ұсынады.

Абайдың ағартушылық қызметі («Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Білімдіден шыққан сөз»). Перифраздары Абайдай молынан келтірген ешбір ақын жоқ, бірақ сөз құдыретін тани білген Сұлтанмахмұтсияқты тума талант оны да сезіп, аз да болса Абай үлгісімен жаңа өспірім /жас ұрпақ, замана жастары/, Шоңның,

Торайғырдың көк жапырақтары /ұрпағы/ сияқты тұспалды фразеологизмдерді ұсынады.

Абайдың өлең архитектурасына әкелген жаңалықтары өзінен кейінгі түсіне білетін, іздене білетін ақындарға орасан зор әсер етті. Сұлтанмахмұт та, Шәкәрім сияқты, бұрынғы қазақ өлең құрылымында болмаған, Абай жасаған жаңа өлшемдер мен ырғақтарға жаңа ұйқас түрлеріне назар аударды. Өлең түзілісіне Шәкәрімдей түрлентпегенімен, Абайдың кейбір жаңа «аяқтарын» байқап көреді. Сұлтанмахмұт шумағы алты тармақтан тұратын «Шәкірт ойы», «Күңгірт түскен ойға батып», «Алтыаяқ» деген өлеңдерін жазған. Бұл өлеңдердің ұйқасы суреті аб аб вв болып келеді, өлшемі 8 буынды:

Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып күн болам.
Қараңғылықтың көгіне,
Күн болмағанда кім болам.
Мұздаған елдің жүрегін
Жылынуға мен кірермін.

Ақынның қалған аяқтары да өлшемі мен ұйқасы жағынан де осындай. Сегізаяқтардың баяндау /тезис/ және түйінмен /антитезис/ тұратыны сияқты, Сұлтанмахмұттың алтыаяқтарының да алдыңғы төрт «аяғы» /тармақтары/ констатация – тезис, соңғы екі «аяғы» салдар-қорытынды болып ұйымдасқан.

Әрине, Абай шығармаларының, Абай тіл кестесінің Сұлтанмахмұтқа тигізген әсері, берген үлгісі тиіп-қашты көрсетілген бұл фактілермен шектелмейді. Бұл айтқандарымыз да тек барлау, дәлірек айтсақ, Абай поэтикасының жалғануына арналған шолу-экскурс қала. Торайғыров тілі де лингвостилистика бойынша арнайы зерттелетін объект. Ол да қазақ көркем сөзінің тіл өрнегінде із қалдырған, мүмкін тіпті кейбір соны іздерін салған ақын, жазушы деп танимыз.

«Жазғытұры» - қазақ ауылының көктемдегі көрінісі. «Жазғытұры» деген өлеңінде табиғаттың осы табиғаттың осы мерзімге сай бейнелі суретін жасайды, қыстан қысылып шыққан ол қуанышына ортақтас болады. Ақын көктемге күншуақты күн нұрын «ата-анадай елжіреген» деп суреттеу арқылы оқушының жүрегінде махаббат сезімін оятуға тырысады.

Жаздың көркі енеді жыл құсымен,
Жайраңдасып жас күлер құрбысымен.
Көрден жаңа тұрғандай кемпір мен шал,
Жалбаңдасар өзінің тұрғысымен.
Қырдағы ел, ойдағы елмен араласып,
Шаруа қуған жастардың мойны босап,
Сыбырласып, сырласып, мауқын басып,-

деп жадыраған кәрі, жастың көңіл-күйін табиғат бейнесімен байланыстыра суреттей келе, елжіреген күн нұры хайуанаттар мен құстарға, өсімдіктер мен орман тоғайға, өзен көлдерге де тіршілік нышанын ала келгенін әсерлі баяндайды. Ақын адам өмірі мен табиғат құбылыстарының арасындағы жалғастық-үндестікті бар жан-дүниесімен сезінеді. Ақын қазақ даласындағы жазғытұры кездің барлық көркемдігін берумен бірге, бұл кезді қазақ халқының еңбекке ұмтылатын, тіршілік үшін күресетін қайнар мезгілі деп таныды.

«Жаз». Өлеңнің туу тарихы. (Абай мен Көкбай) Табиғатта адам өмір сүрер, тіршілік етер, орта-онсыз өмір сүру мүмкін емес. Өйткені, адам баласы мен табиғат тығыз байланысты. Табиғат - өмір өзегінің қайнар көзі, құпия тылсым дүние. Адамзат баласы табиғатты ауыздықтай алмайды, себебі табиғат адамға бағынбайды, ырқына көнбейді. Дүниеде болып жатқан алапат зілзалалар адамзат өміріне орасан залал әкеліп

жатқаны айдан анық. Дегенмен, адамдар табиғатты аялап, қастерлейді және табиғаттағы көркемдікті өте нәзік сезініп, шебер бейнелеп өлең-жырларына қосады.

«Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» - ескі ауылдағы әлеуметтік теңсіздік, кедей жалшының мүшкіл халі. Шығарманың нақты өмірден алынған деректік көзі. («Абай жолындағы» осыған ұқсас көрініс) Абайдың табиғат лирикасы, әсіресе, жылдың тар мезгілін суреттейтін өлеңдері-күшті ақындық шеберлікпен, зор мәдениетпен, жазылған аса сұлу, сылқым, сырлы жырлар. Оқушылардың көбінесе, Абай өлеңдерінің ішінен сүйіп оқитыны да осы-табиғат лирикасы. Жылдың төрт мезгілінің өзіне тән ерекшелігі мен сипатын беретін «Жаз», «Күз», «Қыс», «Жазғытұры» атты өлеңдерінен барлық оқушылар жатқа біле отыра өзіндік мазмұнын ашып береді. Мысалы, 9 «Ә» сынып оқушысы Анар Бұқтыбаева Абайдың жыл мезгілдерін сипаттайтын өлеңдерін оқыған кезде көз алдына түрлі-түрлі табиғат көріністері келетіндігін айтып сыныпта басқа оқушылармен ой бөліскен болатын. «Жайқалған гүл бәйшешекті», «көкорай шалғыны» мен «күркіреген өзені» бар тамылжыған шыбынсыз жаз да, ақ кірпік бораны мен үскірік аязы бар, қылышын сүйреткен қырау қабақ қытымыр қыс та, аспанын бұлт торлап, гүлі солған сарғыш даласын шық басқан сұрғұлт күз сияқты табиғат көріністері суреттеліп, ізінше сол көрініске бөленген қазақ ауылының тірлік кәсібіне, шаруа жайына көшетіндігін аса шеберлікпен суреттелгеніне бар оқушының назарын аударды.

Абайдың бұл тақырыпқа енгізген жаңалықтары. Қай заманда да болсын ескі мен жаңаның, өткен мен бүгіннің, бүгін мен ертеңнің арасындағы жалғастық, байланыс үзіліп көрген емес. Бұл табиғаттың, қоғамның өмір сүру - эволюциясы заңы. Бұл әдебиетте де бар құбылыс. Қазіргі кемел поэзиямыздың әрбір ұлылы-кішілі өкілдері өздеріне ұлы Абайды ұстаз тұтып, өздерін оған шәкірт санайды. Абай дәстүрінің берік ұстанушысы, жалғастырушысымыз дейді. Иранбекше айтар болсақ:

Бір туатын ғасырда рабайда!

Мен ешкімді теңемен ұлы Абайға,

Тұрғызбасақ бәріміз бір «Абайды»,

Поэзия шаңырағы құламай ма?

деп өзінің шәкірттік борышын сезіне, сездіре отырып Иранбек Абай әлемінің сырлы да қырлы жұмбақтығын былай деп береді:

Жүрегіңнен нұр-шуақ таппаса арай,

Тарих шенін төсіңе тақпас оңай.

Бір мұрагер қалдырған шығар, бәлки

Аруақты арқалы, ақбас Абай!- деп бүгінгі күнге өз тұстастарына үміттеніп көз салады. Иранбек Абайдың шәкірті екен, одан үлгі алады дейік бұл анық. Иранбек – Абай дәстүрін жалғастырушы.

«Көзімнің қарасы», «Айттым сәлем, қаламқас», «Қиыстырып мақтайсыз» өлеңдерінің тәрбиелік мәні. ... Ақындықтың алғы шарты өзіңе дейінгі толғауы тоқсан қызыл тілдің асқаралы асуларынан өту, соларды творчестволық игеру екенін жас ақындар ұмытпағаны жөн» [4, 442 б.] деп көрсетсе, Иранбек өзін таныту жолында жемісті еңбек еткен деп айтуымызға болады. Иранбек - көп ізденетін өзіне талап қоя білетін, тыңнан жол салғанды жақсы көретін ақын. Сағат Әшімбаев жас ақындар турасында «көптеген жас ақындармен әңгімелесіп жүргенде олардың Абай поэзиясын хрестоматиялық дәрежеде ғана білетіні әр сөзінен байқалып тұрады. Абайды оқымаған білмеген адамның басқаларды бас алмай оқи қоюы қиын шығады» [4, 442 б.] деп қынжылса, Иран Ғайыпқа олай кінә таға алмаймыз. Ол тау-кен инженері бола тұра тіл құдіретінің инженеріне айнала білген ізденгіш ақын.

Құдіреті күшті

Тылсымыңа қайранмын

Жетегіңе жіпсіз еріп байландым.

«Сырты-дүрдедей
Іші толған у мен өрт»

Мен өзіңе айналдым- деп өзі жырлағандай

Лириканың қай түрі болсын көшбасында Абай тұр. Абайдың табиғат лирикасы үлгісіндегі ой-сезімі жан дүниесі табиғат құбылыстарымен қоғам тынысы мен терең астасып жатады. Яғни табиғат пейзаждарын адамның тұрмыс кешкен ортасы, мекен-жайы ретінде суреттей отырып, оны әлеуметтік өмір мен қазақ халқының тұрмысын параллельді түрде алып көрсетеді. Оны мазмұн мен пішіннің керемет астасқан эталоны етіп береді:

Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,
Жапырағынан айрылған ағаш-қурай.

Күзгі уақытты өткен кәріліктің символы етіп алады.

Ескі ауылдағы «Қыз ояту», «Қалың мал» әдеттерінің жазғырылуы. Иранбектің «Теңіз-шал» толғауынан үзінді алайықшы:

Көз тіккен жан көркіне бала ғашық,
Қалпы бар, көшпе құм қалар басып.

Кемелердің құс төсін қайыр қажап,

Теңіз қашып барады:

Келіні мен ұлына қарашы алдай.

Осындағы поэтикалық айқындауыштарды былай қойғанда ақынның Теңіз-шалдың қашып бара жатуын үлкен трагедияға, адам трагедиясына, адамзат трагедиясына айналдыра алған. Әр детальға мән беретін ақын теңізді келіні мен ұлына ренжіген қарияға теңеуі біздің ата-баба дәстүрін мансұқ ете бастауымыздың негізінде, Теңіз-шалдың «жаңарған баламен» сыйыспауы нені тұспалдайды? Ақын бұл жерде бүкіл адамзаттық әлемдік проблема, экология мәселесін көтеріп отыр. Табиғат гармониясын бұзып, оны жаңартамыз деп, орынсыз, жөнсіз пайдаланып, бей-берекетсіздікке ұшырату, Теңіз-шалдың шалғайына сүрініп қашуына, былайша айтқанда, Аралдың құруына басты себеп кешегі «табиғаттың бермесін күшпен тартып аламыз» дейтін қызыл империяның әпербақан саясатының салдары екендігі айқындалады. Ақын одан әрі өзінің келешектен үміт күтетінін де сездіріп өтеді.

Әдебиет:

1. Абай. Өлең – сөздің патшасы. – Астана, Жидебай, 2006. – 568 б.
2. Абай. Энциклопедия. Алматы: Атамұра, 1996. – 720 б.
3. Ахметов З. Қазіргі Абайтанудың өзекті мәселелері. – Алматы, Ғылым, 2002. – 274 б.
4. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы, Ана тілі, 1995. – 272 б.

UDC 372.881.111

THE USE BLENDED LEARNING APPROACH IN TEACHING A FOREIGN LANGUAGE

Shatbek A.T.

(*M.Kozybayev NKSU*)

Blended learning refers to a language course which combines a face-to-face classroom component with an appropriate use of technology. The term technology covers a wide range

of recent technologies, such as Internet, CD-ROMs and interactive whiteboards. It also includes the use of computers as a means of communication, such as chat and email [1, p. 7].

The term blended learning has been used for a long time in the business world. There, it refers to a situation where an employee can continue working full time and simultaneously take a training course. Such a training course may use web-based platform. Many companies are attracted by the potential of blended learning as a way of saving costs; employees do not need to take time out of work to attend a seminar; they can work on their course in their own time, at their own convenience and at their own pace.

The term blended learning has a range of meanings. This is not a new phenomenon in teaching, where many terms have several interpretations – task and authentic materials [1, p. 8].

Blended learning is an approach to education that combines online educational materials and opportunities for interaction online with traditional place-based classroom methods. It requires the physical presence of both teacher and student, with some elements of student control over time, path, or place. While students still attend “brick and mortar” schools with a teacher present, face-to-face classroom practices are combined with computer-mediated activities regarding content and delivery. Blended learning is also used in professional development and training settings. Blended learning is the most successful to plan any teacher’s time and an individual student, on the other hand, it can also make language learning process fascinating and accessible. It is considered as one of the most sought and effective technologies in learning a foreign language. Today, blended learning is one of the advantages of a higher education.

